Пайғамбар кәсібі

Рухани Тәлім - тәрбие

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алматы, 2014

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)
Т 59

Қазақстан Республикасы Дін Істері Агенттігінің дінтану сараптамасы жүргізілген

Аударған: Хайреттин Өзтүрк
Редактор: Әсет Ануарбек
Закия Махитжанқызы

Топбаш О.Н.
Т 59
Пайғамбар кәсібі - рухани тәлім-тәрбие / ауд. Х. Өзтүрк; ред. Ә. Ануарбек, З. Махитжанқызы. - Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2014. - 534 б.

ISBN: 978-601-7094-86-7

Исламтанушы ғалым Осман Нұри ТОПБАШ ұстаздың түрік тілінде жазған «Peygamber Mesleği Manevi Eğitim» атты кітабы «Пайғамбар кәсібі – рухани тәлім-тәрбие» деген атпен қазақ тіліне аударылды.

Бұл шығармада тәлімгерлер мен тәрбиешілерге қажет өте маңызды тақырыптарға тоқталған. Тәлім-тәрбиеге мұқтаж адам баласы мен оқушыларына тәлім-тәрбие беруді мақсат тұтқан тұлғаларға назар аударарлық жайттар, ерекше тұстар ұсынылған. Құран мен Сүннеттен керемет мысалдар келтіре отырып, тәлім-тәрбиеде көңіл бөлетін мәселелер алға тартылған.

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)

ISBN: 978-601-7094-86-7

Пайғамбар кәсібі —

Рухани тәлім - тәрбие

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

محمد صلى الله عليه وسلم

«МҰХАММЕД – АЛЛАҺТЫҢ ЕЛШІСІ.

Онымен бірге болғандар

КӘПІРЛЕРГЕ ҚАТАҢ ДА,

ӨЗАРА МЕЙІРІМДІ.

Оларды рүкуғ, сәжде ете отырып,

Аллаһтың мол рахметі мен ризалығын тілегенін көресің.

Олардың жүздерінде сәжде іздерінің нышандары бар.

Бұл –

Олардың Тәураттағы һәм Інжілдегі сипаттары:

КӨКТЕП ӨНІП, ОНАН СОҢ ӘЛДЕНІП, ЖЕТІЛІ, ӨЗ САБАҒЫНДА ТІК ТҰРҒАН, ДИХАНДАРДЫ (ТОЛҒАН ДӘНІ, ЕРЕН ШЫҒЫМЫМЕН) **ТАҢҚАЛДЫРҒАН ЕГІН СИЯҚТЫ.**

Бұл (ұқсату) кәпірлерді ызаландырмаққа.

Аллаһ олардың иман келтіріп, жақсы іс істегендеріне кешірім және ерекше сауап беруді уағда етті» (Фәтх сүресі, 29-аят).

ОҚУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? ТӘРБИЕ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



«Тура жолға жетіп, адасудан алыс болу үшін оқы! Иманыңды кемелдікке жеткізу үшін оқы!»

Барша жаратылыс иесін махаббатпен жаратқан, адамды Өзінің ұлы құдіретінің тамаша көрінісі етіп мағрифатұллаһпен (Өзін танып, білу ерекшелігімен) безендірген, ықылас пен тақуа беріп, Өзінің разылығына жету жолаушысы еткен Аллаһқа хамд-мадақ болсын!

Жаратылысымыздың себепшісі, Аллаһқа махаббат деген шырақты тұтатушы, тура жолдың көсемі, мағрифат жұлдызымыз, ықылас пен тақуа иесі Хазіреті Пайғамбар r *Мырзамызға, жанұясы мен сахабаларына салауат пен сәлем болсын!*

Аллаһ Тағаланың Хазіреті Пайғамбар r Мырзамызға жіберген алғашқы аяттарында, яғни уахидың алғашқы тағлымында адам баласына адам тәрбиесі туралы өте маңызды кеңестер берілген.

Негізінде, ол алғашқы аяттар – Құран мен өмірдің өзегі...

Аллаһ сол өмірдің өзегінде дүниеге не үшін келгенімізді түсіндіреді. Оқу үшін жаратылғандығымызды және осы оқудың кандай болуы керек екенін үйретеді.

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ

«Жаратқан Раббыңның есімімен оқы!»

Мұнда «Оқы!» деген сөз нені ұғындырады?

Көбіне былай түсіндіріледі:

«Оқы! Бәрін оқы! Әлем деген ерекше кітапты оқы! Үнемі оқы!»

«Тура жолмен жүріп, адасудан алыс болу үшін оқы! Иманыңды кемелдікке жеткізу үшін оқы!»

«Аллаһтың атымен оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Адамға бәрін оқып, оқығанын жарыққа шығару, ұғу және саналы түсрде ұққанын орындау мүмкіндіктерін берген ұлы Раббыңның атымен оқы!»

«Адамға оқу нығметін тарту етіп, үлкен сый жасаған Аллаһтың атымен оқы! Раббыңа жақын болу үшін оқы!»

«Оқы» бұйрығы тек сырт көріністегі оқумен емес, сонымен қатар жүр ектің рухани арынуы мен тазаруы нәтижесінде кітап пен хикметті алушы күйге келуіне де байланысты.

«Әлемдегі табиғат құбылыстары арасындағы себептер мен байланыстарға назар сала отырып, оны жаратқанды оқы! Жаратылғанға қарап, оны жасаған ұлы құдіретті оқы! Өнерге қарап, шынайы өнерпазды оқы! Аллаһтың құдірет қаламының бұл әлемге сызып қойған құдірет жолдары мен нақыштарын оқы! Адамға білмегенін үйреткен Аллаһтың атымен оқы!»

Оқи алғанға әр нәрсе бір кітап сияқты. Кішкентай тозаңның өзі жүйелі бір кітап, үлкендер де жүйелі бір кітап. Адам да ұлық бір кітап, барша әлем де бір кітап.

Адамның жан-жағындағы табиғат құбылыстары мен оқиғаларды осылай оқи білетін деңгейге жетуі жоғары деңгейдегі жүрек тағлымының, яғни рухани тәрбиенің арқасында ғана мүмкін болады. Заһирдан (сырт пішіннен) бәтынға (адамның ішкі дүниесіне) қарай терең сүңгумен ғана іске асады. Ол үшін шалалық пен шикілікті жою керек. Осылай шынайы оқу үшін иләһи ғашықтық аясында шынайы ынта-жігермен кемелденген Хазіреті Мәуләнә бұл рухани тағлымды **«Қам-дым** (шикі едім), **пістім**, **жандым**!» деген сөзімен түсіндірген.

Сондықтан **«Оқы»** деген бұйрық тек жалпы оқумен ғана емес, сонымен қатар жүректің рухани арылып, саф халге жетуімен Кітап пен хикметтің ішкі мағынасын сезе алатын күйге келуіне де байланысты.

Бұны барлық нәрсені иләһи құдірет пен өнердің көрініс арнасы ретіндегі жүрекпен оқи білу деп түсіну керек. Өйткені оқи білгенге әр нәрсе өзі бір кітап сияқты. Кішкентай тозаңның өзі жүйелі бір кітап, алып денелердің өзі жүйелі бір кітап. Адам да ерекше бір кітап, барша әлем де бір кітап. Сондықтан адамның жүрегі мен санасы айналасындағы үлкен-кіші әлемнің әр парағын даналықпен иләһи сырларды аша оқуға тырысуы қажет. Яғни **«Оқы!»** деген бұйрықтың шеңберінде адам

– Әлемді,

– Өзін,

– Құранды оқуы керек, ұғып-ұғынуы керек және ұққанын өмірінде орындап отыруы керек. Сондықтан да адамға **«Раббыңның атымен оқы!»** деп әмір етілген.

Оқуды осылай жүрек байланысымен іске асырудың сыры – Аллаһқа деген жақындықты қамтамасыз ету. Өйткені адам аты аталған нәрсені өзіне тартады. Адам сүйіктісін жиі және әсем түрде, ал ұнатпағанын тек ренішпен есіне алады. Адам біреудің атын жай ғана тілге тиек етіп, атай берсе, оны атаған тұлғасына жақындатады. Яғни, Аллаһтың атын еске алу уақыт өте келе адамды Аллаһқа жақындатады. Өйткені тілмен еске алу бірте-бірте жүрекпен еске алуға үйретеді.

«Себептерге назар сала отырып, оны тудырғанды оқы! Әсерге қарап, иләһи әсер етушіні оқы! Өнерге қарап, шынайы өнерпазды оқы! Құдірет қаламының бұл әлемге сызған әр жолын оқы! Адамға білмегенін үйреткен Аллаһтың есімімен оқы!»

Раб Тағаланың есімімен, яғни «Бисмилләһ»-пен оқу — ұғу мен оқығанды пайдаланудың ең үлкен сыры.

Ақыры жүректе лайықтыға сүйіспеншілік, ал тиістіге жиіркеніш сезімі орнығады. Яғни, бір жағынан Рахман Аллаһқа және Оған деген махаббат пен сүйіспеншіліктер адам жүрегінен орын алып жатса, екінші жағынан **Тәббәт** сүресінде айтылғандай, Әбу Ләһәб сияқты адамдарға жиіркеніш сезімі орын ала бастайды.

Аллаһ **үмми** (сауатсыз болған) Хазіреті Пайғамбарды r бұл ақиқаттар аясында әлемге тәрбиеші етіп жіберген. Ұстаз етіп ұсынған.

Оның ұстазы Өзі болған. Яғни Аллаһ «اقْرَأْ / оқы!» әмірімен өте ерекше бір мұғжизаны іске асырып, бұрын оқу-жазу білмеген Хазіреті Пайғамбар Мырзамызға r Құранды оқытқан. Күмәнсіз, жаратуға құдіреті жететін Аллаһтың еш нәрсе білмейтін құлын оқытуға да құдіреті жеткен.

Сонда Хазіреті Пайғамбарға r жай ғана **«Оқы!»** делінгенде Ол ешнәрсе оқи алмай, *«Мен оқу білмеймін»* деген. Ал **«Раббыңның атымен оқы!»** деп бұйрылғанда, барша әлем көз алдына жайылылып, оқи бастаған.

Демек, Аллаһ Тағаланың атымен, яғни

«Бисмилләһ»

-пен оқу – ұғу мен ұққанын іске асырудың ең үлкен сыры мен кілті болып табылады екен.

Сондықтан Бисмилләһтың мән-маңызы мен құны ерекше. Өйткені жер бетіне түсірілген алғашқы аят

بِسْمِ اللهِ الرَّحْمنِ الرَّحِيمِ

«Бисмилләһир рахмәнир рахим» болған.

Бисмилләһ түскенде Адам U :

«Енді ұқтым, ұрпағым Бисмилләһпен өмір сүрсе, тозақ азабына ұшырамайды» – деді.

Кейін Бисмилләһ от үстінде тұрғанда Хазіреті **Ибраһимге** U түсті де, Аллаһ Бисмилләһпен оны оттан құтқарды.

Кейін Бисмилләһ Хазіреті **Мұсаға** U түсті. Ол да Бисмилләһпен Перғауын мен әскерлерінен үстем болды.

Кейін Хазіреті **Сүлейменге** U түсті. Періштелер оған:

«Аллаһқа ант етеміз, енді салтанатың кемеліне жетті. Ол мейірім аяты, пайғамбарлар мен олардың үмметтеріне берілген амандық пен қауіпсіздіктің кепілі» деген.

Аллаһтың есімін еске алу уақыт өте келе адамды Аллаһқа жақындатады. Өйткені тілмен еске алу бірте-бірте жүрекпен еске алуға үйретеді.

Ең басты тәлім — нені көрсең — көргін, иләһи құдірет пен ұлылық ағыстарының жүрегінде орнығуы.

Бисмилләһ Нәмл сүресінің 30-аяты Расулұллаһ r Мырзамызға түскенде, үлкен жеңістердің есігі ашылды. Сонда Аллаһ Елшісінің бұйрығымен Бисмилләһ барлық сүрелердің бастарына жазылды. Онан соң Оны үлгі тұтқан үмметі жазған хаттары мен кітаптардың, дәптерлердің ішкі мұқабасына жазды.

Аллаһ Өз ұлылығына ант ете отырып, мүмин құл бір іс бастағанда Бисмилләһ деп айтса, ол істі табысты да берекелі аяқтайтынына уәде берді.

Екі дүниеде барша болмыстың бастауы,
Ей, көңіл, Бисмилләһ әр мұғжизаның мұғжизасы.
Ол сондай сөз – сөздің тәжі, негіз сыры,
Ең шешілмес баудың Бисмилләһ тек шарасы...

(Сейри)

Өйткені **Бисмилләһ әр жақсылықтың бастауы.**

Бисмилләһ оқыған жан үшін тозаққа перде болады. Осылай Бисмилләһ он тоғыз әріппен он тоғыз зәбәниді (жәһәннам періштесін) алыстатады.

Көк пен жер, олардың ішіндегілер таразының бір жағына, Бисмилләһ екінші жағына қойылса, күмәнсіз, Бисмилләһ жағы басым болады (Бұхари, Рухұл-Баян, Аләқ, 1).

Бисмилләһ айтып, Бисмилләһ оқу – істі әу баста рухани тұрғыдан нәзік деңгейде жөнге келтіру деген сөз. Өйткені оқу – оқыған нәрсесін зейінге жинақтау емес, жүректің терең сезінуі мен оқыған нәрселерін іске асыру. Сондықтан бұл ақиқатты түсіне алмаған яһуди ғалымдары ғылымды тек зейінге жинақтап қана қойып, жүрегіне енгізбегені үшін оларды Аллаһ Тағала Құранда кітап тиелген есектерге ұқсатқан.

Сондықтан басты тәлім – не көрсең де көр, иләһи құдірет пен ұлылық ағыстарының жүрегіңде орнығуы. Расында, шынайы ғалым болудың жолы да осыдан, Аллаһқа деген қорқыныштан өтеді. Аят кәримәда былай делінген:

إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاء

«...Құлдарынан тек ғалымдар ғана Аллаһтан (лайықты түрде) **қорқады...»** (Фатыр сүресі, 28-аят).

Бұл аят нұсқап тұрған шындық пен басты тәлім – көрген, тамашалаған әр нәрсемізде иләһи құдірет ағыстары мен иләһи ұлылық үлгілерін сезе білуіміз, сезімімізде терең бойлай білуіміз.

Көк пен жер және бұлардың ішіндегілер таразының бір жағына, Бисмилләһ екінші жағына қойылса, күмәнсіз, Бисмилләһ ауыр басады

(Бұхари, Рухұл-Баян, Аләқ, 1).

Ғылым екі жағы да өткір пышақ іспеттес. Ғылым жүректен орын алса, адамдарды үлкен табыстар мен берекетке жетелейді. Бірақ ғылым жүрекке қонбаса, нәпсінің азғыруына душар болады да, адамды үлкен қауіпке итермелейді. Өйткені адамдарды қан жылатқан қатыгез залымдар ғылымды жамандық жолында қолдана отырып, зұлымдық жасаған. Сондықтан Аллаһ Тағала ғылым мен парасатты арттыратын оқуды негізге алады. Руханиятқа назар аударады, адамға жаратылысын білдіреді, о баста оның не екенін көрсетеді:

«Ей, Адам баласы! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық қылуға сені алдаған нәрсе не? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатыңды түзеді. Өзі қалаған бітімде құрастырды» *(Инфитар, 6-8).*

خَلَقَ الْاِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ

«Ол адамды бір аләқтан (қан түйірінен) **жаратты».**

Жаратылыс...

Бірте-бірте...

Кішкентай түйіршіктен алып денелерге қарай...

Ойланып, түсіне білетін қауым үшін...

Аят кәримәда былай деп айтылған:

«Сендерді (аталарың Адамды) **топырақтан, содан соң** (ұрпақтарын) **мәниден (шәуеттен), сонан соң аләқадан** (қан ұйығынан) **жаратып, одан кейін (аналарыңның ішінен) бөбек етіп шығарған. Одан кейін** (күш-қуаты болған) **кемел шаққа жетіп, онан қаусап-қартаюларың, сондай-ақ белгіленген жасқа**

жетулерің үшін сендерді жасатқан – Ол (Аллаһ)**. Іштеріңнен қартаймай тұрып дүниеден өтетіндерің де бар. Сендер** (Аллаһтың осындай құдіретін) **түсінгейсіңдер»** (Мүмин сүресі, 67-аят).

«Адам баласы біздің өздерін бір тамшы судан (мәниден) **жаратқанымызды білмей ме? Енді олар** (Аллаһқа) **ашық қыңырлық істейтін болды. Ол өзінің жаратылысын да ұмытып, бізге** (адамның тірілуіне қарсы шіріген сүйектерді) **мысалдап көрсетті. Ол: "Мына шіріген сүйектерді кім тірілте алады?" деді.** (Ей, Мұхаммед!) **"Ту баста жаратқан ие тірілтеді ол барша жаратылысты біледі" деп айт!»** (Ясин сүресі, 77-79-аят).

«Ей, Адам баласы! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық қылуға сені итерген не нәрсе? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатты етті. Өзі қалаған бітімде құрастырды» (Инфитар сүресі, 6-8-аят).

Аллаһ Тағала ғылым мен парасатты арттыратын оқуды үнемі негізге алады, яғни, руханиятқа назар аударады, адамға жаратылысын білдіреді де, өткенін көрсетеді:

Шайтанның азғыруы мен нәпсісіне алданған адам тек өз рахаты мен мүддесі үшін, ләззаты үшін өмір сүреді. Алайда, бұлар үшін де құлшылық етуі керек. Өйткені, құлшылық болмаса иләһи азаптан сақтану, һәм құтылу мүмкін емес. Азапта жайлылық та жоқ! Пайда да жоқ! Рахат та жоқ! Осыған орай Аллаһ

Тағала азаптан қорғану жолының құлшылық екенін былай баяндаған:

«Ей, адам баласы! Өздеріңді және өздеріңнен бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер. Әрине, сонда ғана (Аллаһтың азабынан өздеріңді қорғаған) **боларсыңдар»** (Бақара сүресі, 21-аят).

Аллаһ адамның оттан қорғанғанын қалайды. Өйткені Ол құлдарын Жәннатқа кіріп, Өзіне жақын болулары үшін жаратқан. Пенделерінің бұны іске асыра білулері үшін оларға ғылымды тарту еткен. Сондықтан **«жарату»** нығметіне – **«кәрим/жомарт»** сипаты, **«үйрету»** нығметіне – **«әкрам – аса жомарт»** сипаты байланыстырылған.

Аят кәримәда былай деп айтылған:

«Рахман (мейірім иесі Аллаһ) **Құранды үйретті.** (мейірім иесі, мейірім көрінісі ретінде) **адамды жаратты. Оған баянды үйретті»** (Рахман сүресі, 1-4-аят).

Міне, адамның жаратылысындағы нәзік хикметтер, байланыстар, қарым-қатынастар осы.

Негізінде **«Аләқ»** сөзі адамның материалдық жаратылысының бастауын білдіргенімен, **«Рухани байланыс»** мағынасы бойынша жаратылыстың барлық материалдық-рухани сатыларын қамтиды.

«Мен жасырын қазына едім. Мені біліп, танысын деген (ойға) махабатым ауды. Сондықтан (осы) әлемді жараттым» *(Ажлуни, Кәшфул-Хафә, II, 132; Исмайыл Хаккы Бурсәуи, Кәнзі Мәхфи).*

Аяттағы **«Аләқ»** сөзі адамның заттық жаратылысының бастауын білдіргенімен, **«рухани байланыс»** мағынасына сүйенетін болсақ, жаратылыстың заттық һәм рухани кезеңдері мен сатыларының барлығын қамтиды. Өйткені **«аләқ»** сөзі мен **«аләқа/байланыс»** сөзі түбірлес болып келеді де, заттық һәм рухани өмірдің бастауын білдіреді.

Екіншіден, оқып үйрену мен үйретудің рухқа тән сүйіспеншілікпен және сол күйдегі байланыспен іске асатынын білдіреді.

Үшіншіден, «аләқа» сөзі жаратылыстың бастауының көңіл бөлу мен байланыс, махаббат екенін білдіреді. Аллаһ Тағала **«өзгелер Оны танып, білсін деген мақсатқа құмартып, сүйіспеншілік танытып»**, сонымен қатар Хазіреті Пайғамбарға деген ерекше махаббаты себебінен барлық мақлұқатты жаратты. Құдси хадистерде былай делінген:

«Мен жасырын қазына едім. Мені біліп-танысын деген ойға махаббатым ауды. Сондықтан осы әлемді жараттым» (Ажлуни, Кәшфұл-Хафә, ІІ, 132; Исмайыл Хаккы Бұрсәуи, Кәнзі Мәхфи).

«(Ей, Адам, біліп қой!) Егер Мұхаммед болмағанда сені жаратпас едім» (Хакім, Мүстәдрак, ІІ, 672; Бәйхаки, Дәләйл, V, 488-489).

*«**Рахман** (мейірім иесі Аллаһ) **Құранды үйретті.** (мейірім иесі, мейірім көрінісі ретінде) **адамды жаратты. Оған баянды үйретті»*** (Рахман, 1-4).



*«(Ей, Адам, біліп қой!) **Егер Мұхаммед болмағанда сені жаратпас едім»** (Хакім, Мұстәдрак, II, 672; Бәйхаки, Дәләйл, V, 488-489).*

Демек, үйрену мен үйрету сүйіспеншілікке байлынысты екені анық ақиқат. Яғни, иманның алты шартын қамтитын «Әмәнту Билләһи»-дің ақиқаты тек сүйіспеншілікпен ғана іске асады. Перғауынның сиқыршылары тек махаббатқа беріле отырып, Хазіреті Мұса мен оның Раббысына иман келтіріп, ақыры өліммен аяқталған зұлымдық пен азаптарға төзіп, имандарынан бас тартпады. Олардың бұл жағдайын иман-махаббат байланысынан ден түсінуге болады. Хәбиб Нәжжәр мен Асхабүл-Ұхдудтың аңызға айналған жағдайлары, имандарындағы табандылықтары да иман-махаббат байланысынан. Мүһәжірлер мен Әнсарлардың да зорлық-зомбылықтарға шыдап, адам төзгісіз қорлықтардан өтіп, имандарында табанды болулары да Аллаһқа деген махаббатарынан туындаған ерлік болып табылады. Өйткені олардың әрқайсысы «Әмәнту Билләһи» сөйлемінде қамтылған иман шарттарын жүректерінде шыңға шығарған қаһармандар болған.

Олар өмір бойы мағрифатұллаһпен (Аллаһты шынайы танып, біліп) «махаббатұллаһты», махаббатұллаһпен де «мағрифатұллаһты» іске асырған. Өстіп, тарихта өшпес із қалдырып кеткен.

Демек, негізгі тағылым – мағрифатұллаһ. Барлық басқа тағлымдар Аллаһқа жеткізетін құрал іспеттес, ал бұл тағлымға баспалдақ деңгейінде ғана болмақ.

Бұл шындық негізінде Кәләм (ақида) ғалымдары адамға әмір етілген бірінші бұйрық мағрифатұллаһ екеніне, мағрифатұллаһ туралы ойлау, бұндай тәфәккурге бет алу екені турасында бір тұжырымға келген.

Өйткені жаратылыс сыры мен мақсатын түсіну Аллаһты шынайы танып-білу деген мағрифатұллаһпен ғана мүмкін. Онан соң бұл түсінікпен шынайы иманға жетіп, салих амал істеп, мінез-құлықты көркемдеп, ұлық дәстүрлермен өмір сүру мүмкін. Сондықтан Аллаһ Тағала адам баласына алғаш жіберген аяттарында оның жаратылысының қалай болғанын есіне салған.

Екіншіден, әр ісінде ерекше ғылым мен шексіз хикмет иесі Аллаһ мүшріктерге пайғамбар жіберіп, алғаш рет оған: «серігі/теңі/ортағы және ұқсасы жоқ Раббыңның атымен оқы!» десе, бұны мүшріктер түсіне алмайтын еді де, ақыры иман етуден бас тартатындықтары үшін «оқы» әмірін мұндай әдіспен қолданбай, олар мен олар сияқтылар да қарсы келе алмайтын **«жарату»** сипатына тоқталған. Олар жарату ісін мойындаған соң ғана барып **«жарату»** ісінің иесін, яғни Жаратушыны тілге тиек еткен.

Аллаһтың қалауы адамның оттан қорғануы. Өйткені Ол құлдарын жәннатқа кіріп, Өзіне жақын болулары үшін жаратқан. Бұны іске асыру үшін де оларға ғылым тарту еткен.

Өстіп, пұттардың еш нәрсе жарата алмайтынын білген мүшріктер шынайы тәңірдің Аллаһ екенін, асыл мақтау мен хамдқа тек Оның лайық екенін кейін өздері-ақ түсінген.

Бұл түсінік пен ұғымды Аллаһ Тағала мына аяттарымен одан ары нақтылап айтқан:

اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ ﴿٣﴾ الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ﴿٤﴾
عَلَّمَ الْإِنسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ ﴿٥﴾

«Оқы! Қаламмен (жазуды) **үйреткен, адамға білмеген нәрселерді үйреткен Раббың – ең үлкен жомарттық иесі»** (Аләқ сүресі, 3-5-аят).

Білмегендерімізді үйрететін жол – ғылым. Алайда, білмегенімізді тікелей Аллаһ тәлім ететін бірегей жол – тақуа. Аят кәримәда былай делінген:

وَاتَّقُوا اللَّهَ وَيُعَلِّمُكُمُ اللَّهُ

«Аллаһтан қорқыңдар! (Тақуалы болыңдар!.. Естеріңде болсын! Тақуалы болсаңдар,) **Аллаһ сендерге** (білмегендеріңді) **үйретеді!»** (Бақара сүресі, 282-аят).

Яғни құл тақуалы болса, Аллаһтың өзі үйретеді... Сонда жүрек жақсылық пен жамандықты ашық көреді де, түсінеді. Көңілде илаһи әлемге терезелер ашылады...

«Ей, адам баласы! Өздеріңді және өздеріңнен бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер. Әрине, сонда ғана (Аллаһтың азабынан өздеріңді қорғаған) боларсыңдар» (Бақара, 21).

Міне, адамның білмеген нәрселерін оған Аллаһтың үйретуі осындай кең мағынаны қамтиды. Өйткені Аллаһ адамға онда болмаған қабілеттерді, ептіліктерді, ерекшеліктерді жаратып, дәлелдер-дәйектер келтіріп, аяттар түсіріп, Өз сыйы ретінде үйретті. Ол еңбектену жолымен де үйретті. Сонымен қатар шексіз жомарт Аллаһ Тағала дүниеге еш оқу-жазу білмей келген адам баласына ерекше жомарттығымен тарту жасап, түрлі ғылым берді.

Аллаһ адамға үш ғылым нәсіп еткен:

– Кәсіби ғылым,

– Уәһби ғылым,

– Ләдүнни ғылым.

Демек, үйрену – кәсіби-дүр, уәһби-дүр, ләдүнни-дүр. Үйретуші – Аллаһ. Мұны шынайы істеуші, үйретуші – Аллаһ.

Қазы Байдауи былай дейді:

«Ұлы Аллаһ жоғарыдағы аяттарда адамды ең төмен мәртебеден ең жоғарғы мәртебеге жеткізгенін есіне салады. Ол алдымен Аллаһты тануға ақылмен жетелейтін жаратылысқа ишарат етеді. Екіншіден, есту арқылы жетелейтін оқу-жазуға ишарат етеді. Яғни, ақыл мен нақылға тән ғылымдарды қосады».

«...Пайғамбар сендерге не берген болса, соны алыңдар. Ал неден тыйған болса, одан қашыңдар және Аллаһтан ғана қорқыңдар! Расында, Аллаһтың азабы тым ауыр».

(Хашр, 7).

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бойсұныңдар және Пайғамбарға мойынсұныңдар! Байқаңдар, амалдарыңды зая қылып алмаңдар» *(Мұхаммед, 33).*

Аллаһ Тағала адам баласын оған жасаған жомарттығы туралы ойлауға шақырады. Өйткені, адам ақыл мен нақылға тән ғылымдарды үйреніп, терең ойлау қабілетіне жеткенде ғана «Мағрифатұллаһ»-қа қол жеткізе алады. Аллаһтың баяндары мен айтқан ұлы ақиқаттары ойлаушы адамдарға ғана үндейді. Аят кәрімәда былай делінген:

«(Ол Аллаһ) **сендердің сұрағандарыңның бәрін бергені сонша – Аллаһтың берген нығметтерін қанша санасаңдар да,** (мүмкін бе?) **сендер** (оларды) **санай алмайсыңдар.** (Және де) **адам баласы, расында, өте залым, тым опасыз»** (Ибраһим сүресі, 34-аят)**.**

Қалай санай аламыз?

Рухынан Хақ Рух үрледі,

Бұл махаббат адам үшін!

Әзелден халифам (өкілім) деді,

Сұхбат етті адам үшін!..

Болады адам Хаққа ерке,

Барша періштелер етті сәжде.

Ұлы құндылық Хақ алдында,

Қанша абырой адам үшін!

Тұнық сулар, таза ауа,

Таулар, тастар, жасыл жазық,

«Аллаһтың қорқыңдар! (Тақуалы болыңдар!.. Біліңдер!) Аллаһ сендерге (білмегендеріңді) үйретеді!» (Бақара сүресі, 282-аят).

Шипа-шипа, дауа-дауа –
Мұнша нығмет адам үшін!
Жерде бұлақтар мен жайлаулар,
Көкте шырақты сарайлар,
Күндер, жұлдыздар, айлар
Қызмет етер адам үшін!
Өлімнің өзі өмір сыры,
Білінбегенде де аян өнер,
Мың бір әлем, мың бір сипат,
Мың бір хикмет адам үшін...
Сейри, оқы есімдерді, есімдерді,
Ашық болар қанша мағына.
Зәрре-үлкен, екі дүние,
Сегіз Жәннат адам үшін... (Сейри)

Аллаһ Тағала адамға деген тамаша сыйын Құранда былай баян етеді:

Аллаһтың Елшісі орамалын бүркенген жас бойжеткен қыздан да ұятты, ибалы болатын.

(Бұхари, әдеп, 77)

Өміріміз бен көңіліміздің төрінде әркез Хазіреті Пайғамбарымыз болуы керек. Оның теңдессіз өнеге тұлғасы мінез-құлқымыздың жалғыз сәулетшісі және өлшемі болуы керек.

«Ол жер мен көктегі барлық нәрсені сендерге бойсұндырып берді. Осының өзінде де ой жүгіртетін ел үшін дәлелдер бар» (Жәсия сүресі, 13-аят).

Ал ойлайтын адамның сипаттары мына аят кәримәда келтірілген:

الّذِينَ يَذْكُرُونَ اللهَ قِيَاماً وَقُعُوداً
وَعَلَى جُنُوبِهِمْ وَيَتَفَكّرُونَ فِي خَلْقِ السّمَاوَاتِ وَالأَرْضِ
رَبّنَا مَا خَلَقْتَ هَذا بَاطِلاً سُبْحَانَكَ فَقِنَا عَذَابَ النّارِ

«Олар (дұрыс ақыл иелері сондай жандар) **отырса да, тұрса да, жатса да Аллаһты еске алады. Көк пен жердің жаратылысы туралы толық ойлайды да,** (былай дейді)**: «Раббымыз! Сен бұларды бекер жаратпадың, Сен** (ондайдан) **пәксің. Бізді оттың** (тозақ) **азабынан сақтағайсың!»** (Әлу Имран сүресі, 191-аят).

Оның шексіз жомарттығымен жаратылған және Оның жомарттығымен өзіне ғылым берілген адам баласы Оның шексіз жомарттығымен тозақ азабынан құтылады. Бірақ Оның бұл ерекше жомарттығына қол жеткізу үшін міндетті түрде құлшылық ету шарт болып табылады.

Құлшылық – Аллаһтың ең үлкен жомарттығы ретіндегі рухани сыйлардың жалғыз көзі. Біз мынаны білуіміз керек:

Әр жомарттық пен сый – құндылық. Бірақ рухани сыйлардың да ерекше мән-маңызы бар. Сондықтан адами байланыстарымыздағы, қарым-қатынастарымыз бен қызметтерімііздегі ең үлкен жомарттық пен жақсылық – адамдарға рухани сый тарту. Бұның да басында шынайы ғылым болған Исламды, «Мағрифатұллаһ»-ты үйрету мен насихаттау болып табылады.

Сондықтан Аллаһ Тағала ұлы тәңірлігі мен тәңірлік салтанатындағы айбындылығын түсініп-білсін деп, оқу-жазу қабілетін тек адамға ғана берген. Бұл – адамға берген нығметтерінің ең маңыздысы.

Ешбір мақлұқат саусағымен жаза алмайды. Бірақ адам нендей керемет жазулар жазады! Яғни бұл нығмет тек адамға ғана берілген жаратылыс ерекшелігі екеніне күмән жоқ. Бәлкім, үйреніп қалғандықтан бізге бұл қарапайым болып көрінер. Егер қолымыз болмағанда ғылымды танып, сақтап ала алар ма едік? Ала алмас едік те, бүгінгі ғылыми жетістіктер де болмас еді. Әрине, қаламсыз



«Аллаһ Тағала жастық шағын Аллаһқа бас ию жолына арнаған жастарды жақсы көреді».

(Суюти, әл-Жәмиғус-сағир, I, 65/1867)

адамның бағыт-бағдары болмайды. Құдай Тағаладан келген иләһи парақтар мен киелі кітаптар қаламмен ғана жазылып отырып, кейінгі ұрпақтарға жеткізілді. Қаламдар әлиф әрпі сияқты тұп-тура, тікесінен тік тұрғанда, адамдардың бағыты да сондай тұп-тура. Алайда, қаламдар үтір сияқты иіле бастағанда, адамдардың бағыты да иіліп, қисая бастады. Кітаптар да солай болды. Ақыры, Хақ Тағала қияметке дейін ешкім килігіп, бұрмалай алмайтын кәләмін (Құранды) Мұхаммед Пайғамбар r арқылы құлдарына жіберіп, һәм оның қорғалуын Өз мойнына алды. Уахи түсе бастаған сәтте оны қаламмен жаздырды.

«Сахабаларым (көктегі) жұлдыздар сияқты. Олардың қай-қайсысына іле сеңдер де, тура жолды табасыңдар».
(Ибн Абдил-бәрр, жәмиғу баянил-ғилм, II 91)

Сондықтан да Аллаһтың ұлы кәләмі (сөзі) өзімен көрініс тапқан әрі оны қияметке дейін жалғастыратын «қалам» деп аталатын үлкен сыйына жай ғана нәрсе деп қарамау керек.

Өкінішке орай, көбіне нәпсіге тән өмірге тиісті нәрселерге өте көп, тіпті, артық көңіл бөлеміз. Бірақ жүрегіміздің бейқамдығынан Аллаһтың руханиятқа байланысты сыйларын көрмейміз, оларға еш мән бермейміз.

Сондықтан мынаны ұмытпайық: бұл сыйларға бейқам қараған адам шөлде жүріп, үнемі елестер көргендей, бос нәрселерге алданады, бос нәрселердің соңынан жүгіреді. Нәпсінің тұзақтары мен арбауына душар болады.

Және де ұмытпайтын жайт – адам дүниеге еш нәрсе білмейтін күйде келеді. Аллаһ оған үйретті, үйретеді де:

«Аллаһ сендерді аналарыңның құрсағынан ешнәрсені білмейтін күйлеріңде шығарды. Шүкірлік етіңдер деп, сендерге құлақ пен көз, ойсана берді» (Нахл сүресі, 78-аят).

Құлақ: Бұл нығметтің хикметі мен мақсаты – әр нәрседен бұрын Хақты есту, Хақты тыңдау. Яғни, өзіне құлақ берілген құл бұл нығметпен, әсіресе, иләһи уахиды естиді, тыңдайды. Адам сонда ғана сол нығметтің қадірін біліп, орынды қолданған, шүкірлігін өтеген болады.

Ардақты Пайғамбарымыз былай дейді: «Аллаһ балаша қылықтары жоқ, қайырға беттеп, қиялы мен әуесін жеңген салмақты жастарды жақсы көреді».

(Ахмет, IV, 151)

Көз: Адамға әлем мен өз жаратылысындағы иләһи құдірет пен сол ұлық құдірет ағыстары мен нақыштарын тамашалау үшін, сол түсінік пен сананы рухани деңгейге жеткізу үшін берілген. Яғни, адамға тарту етілген көздер

рухани ой жүгіртуге жетелеуі тиіс. Адам көзімен әр нәрсеге ғибрат пен хикмет назарымен қарай білуі тиіс. Ақыры ол көздерді Аллаһтың дидарын көруге лайық деңгейге жету керек. Бұл үшін ол хараммен ластанбауы керек. Құл сонда ғана «көз» деген нығметті жаратылыс мақсатына сай қолданған, сөйтіп, ол нығметтің шүкірін өтеген болады.

Сахабалар пікір мен ойдың төріне тәухидті орнықтырып, жүректен нәпсінің ғана пайдасына болатын артық нәрселерді шығарып тастай білді.

Көңіл: Барлық іс-әрекеттердің дұрыс не бұрыс болатынын бекітетін орталық – жүрек. Сол жерден тақуаға сай жақсы сезімдер шығып, күшті іс-амалмен көрініс табуы үшін жүректің иләһи құдірет ағыстарына толы сезім мен махаббатұллаһ орталығына айналуы керек. Жүректің сезімталдығы өте жоғары болуы тиіс. Робот сияқты сезімсіз болмауы керек. Әсіресе, тәңірлік құдірет көрсетілген құбылыстарға бейқам қарайтын емес, керісінше жан-жақты сергек, көкірек көзіміз ашық, көңіліміз ояу болуы керек. Сонда ғана «жүрек» деген ұлы нығметтің шүкірлігін толық өтей аламыз.

Мұндай көңіл-күйге жету үшін адам баласы тәлім-тәрбие деген ерекше міндетін мағрифатұллаһ пен махаббатұллаһ аясында іске асыруы керек. Яғни тәлім-тәрбиедегі адам мағрифатұллаһқа жететіндей дәрежеде шынайы жүрекке тән тәлімнен өтуі керек.

Тәлім-тәрбиедегі негізгі мақсат – Құран мен Сүннетті сыртқы һәм ішкі мағыналарын толық

оқып-үйрену, сөйтіп, ішкі сырына үңіліп, «мағрифатұллаһ» деген ерекше дарияға сүңгу. Адамзаттың тәрбиесіне міндеттелген пайғамбарлардың тәлім-тәрбие міндеті пайғамбар дұғасында былай тілге тиек етілген:

Негізінде, үйренудегі мақсат – Құран мен Сүннеттің сырт пішінін оқып, үйрену, сөйтіп, ішкі жағына үңіліп, «мағрифатұллаһ» деген ерекше мәртебеге қарай көтерілу, ұлы ақиқаттарға терең сүңгу.

Сондай-ақ адамзаттың тәрбиесіне міндеттелген пайғамбарлардың тәлім-тәрбие міндеті бір пайғамбар дұғасында былай тілге тиек етілген:

رَبَّنَا وَابْعَثْ فِيهِمْ رَسُولاً مِّنْهُمْ يَتْلُو عَلَيْهِمْ آيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ وَيُزَكِّيهِمْ إِنَّكَ أَنتَ العَزِيزُ الحَكِيمُ

«Уа, Раббымыз! Олардың (мұсылман болған әулетіміздің) **ішінен өздеріне сенің аяттарыңды оқып беретін, оларға Кітапты** (Құранды)**, хикметті үйрететін, оларды** (серік қосудан) **толық тазартатын елші жібергейсің. Шынында, әзиз де**

Балаларыңды өздерің өмір суретін шаққа емес, олар өмір суретін заманға қарай тәрбиелеңдер».

(Хазіреті Әли)

(барлық нәрседен үстем, тым құдіретті), (ең көркем жаратуыңмен) **нағыз хаким де** (асқан дана) **бір Өзіңсің»** (Бақара сүресі, 129-аят).

Аят кәримәда пайғамбар арқылы Аллаһтан сұралған мәселе, негізінде, Аллаһтың оларға жүктеген мына үш міндетті білдіреді:

– Аллаһтың аяттарын үйрету,
– Ішкі дүниені тазарту,
– Кітап (Құран) пен хикметті үйрету.

Хазіреті Әли Исламды даналы оймен, түсіне отырып қабылдаған кезінде небәрі он жастағы бала еді.

Демек, Аллаһқа жетелемейтін ғылым тек жүректің бұзылуын арттырады. Адамның сезімсіздігін арттырады. Жүйкенің тозып, рухтың бұзылуына себеп болады. Бұл жағдайдағы құл сезімсіз жаратылыс, қу сүйек екенін көрсетеді де, әсте Аллаһқа жете алмайды. Томдап саналатын мағлұматты жұтып жатса да, надандардың қатарында болудан құтыла алмайды. Аяттағы:

«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» (Зүмәр сүресі, 9-аят) сұрағымен меңзелген «білмегендер» тобына, әсіресе, осындайлар жатады.

Сонда «білгендер» кімдер?

Осы аятта айтылғандай,

«(Ахірет азабынан қорқып, шынайы мүмин ретінде) **Аллаһтың рахметінен үміттеніп, түн ішінде сәжде қылып, тікесінен тік тұрып, бой-сұнған адам...»** (Зүмәр сүресі, 9-аят).

Міне, мәселенің тоқетері – осы. Мұндағы негізгі мәселе – аят кәримәда айтылғандай, «білгендер» қатарында бола білу. Ғылымды да, парасаттылықты да соған сай меңгере білу. Әйтпесе, «Оқы!» деп келген алғашқы тәңірлік бұйрық орындалмаған болады. Ал бұл бұйрықты орындамаған адам ғылым-білім алып жүргеннің өзінде де надандықтан надандыққа сүйретіліп жүре береді. Аллаһ Тағаланың «жарату», «ғылым үйрету» деген ең маңызды сыйларын ұмытып кетеді. Соның салдарынан Раббысын да ұмытады. Кейін ие болғандарына өзім жеттім деп ойлайды. Тәкаппарлық пен өркөкіректікке бой алдырып, азғындық жасай бастайды. Құдды Ібіліс, Қарун, Бәлғәм, Сәғләбә сияқты «Дүние-мүлкімді, шенім мен ғылымымды өзім тырысып таптым» деген бетпақтардай тығырыққа тірелген кері оралмас көшелерде құрып кетеді.

Расында, қан ұйығынан ғана жаратылып, ең әсем пішінге келтірілген адам иләһи құдірет алдындағы **«ештік»** пен **«әлсіздігін»** ешбір сәт ұмытпауы тиіс. Өйткені:

«Күмәнсіз, ақыры Раббыңа қайтасың» (Аләқ сүресі, 8-аят).

«Бүкіл әдептердің басы — кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мұқият болып, тыйым салғандарынан сақтануда».

Пайғамбарымыздың азаттық берген құлы Зәйд бин Хариса иманға тілін келтіргенде он бес жаста болатын.

Бәріміз сол соңғы қайту жолының, яғни Раббымызға қайтудың жолаушысымыз. Маңыздысы – иләһи құзырға қай сипатпен қайтатынымыз?

Міне, осыған орай, тәлім алу – өте маңызды жағдай. Тәлім ісін пайғамбарлардың жолы мен мамандығы деп бағалап, бұл маңызды мәселені

– жеке тұлға тұрғысынан,

– қоғамдық тұрғыдан және

– діни тұрғыдан деген сезіммен міндетіміз бен жауапкершілігіміз деп білуіміз керек. Және оны үлкен сезімталдығымызбен орындауымыз керек.

Ол үшін тақуаға негізделген құлшылықтар мен қарым-қатынастарға мән беріп, харамдардан аулақ болып, ішкі дүниемізді тазартып, ұлы мәртебелерге жетуге тырысуымыз керек. Яғни, киелі тәлім болып табылатын тасаувуф (сопылық жол) бағында Жәннаттың мәңгілік ағашындай өсуіміз қажет.

Сол себепті ақыреттік көзқарасымызды әрқашан өлім мен қияметті ойлаумен өз-өзімізді ұстай білуіміз керек. Үнемі дұға етіп, жалынып-жалбарынуда болуымыз керек. Бұл тұрғыда ғылымның маңыздылығын жақсы түсінуіміз керек. Ақидамыз бен сенімімізді, фиқһымыз бен іс-әрекеттерімізді, құлшылықтарымызды Құран мен Сүннеттің

аясында нық орнатуымыз керек. Жан дүниемізді Хазіреті Пайғамбарымыздың r өмірбаяны деген «сияр» және өзге де пайғамбарлардың қиссаларымен қалыптастыруымыз керек. Шынайы білушілерден болып, тәфәккур күйінде өмір сүруіміз керек. Тәфәккурді де рухани қасиетте іске асыру үшін **«Оқы!»** деген тәңірлік бұйрықты дұрыс ұстануы-мыз керек.

Сөйтіп, Аллаһ разы болатындай, адамдар ұнататын сүйікті тәлімгер болуға тырысуымыз керек. Бұған жеткізетін құрал ретінде қажет қасиет-сипаттарды Хазіреті Пайғамбарымыздың r теңдесі жоқ үлгілі тұлғасынан алып, өз бойымызға дарытуымыз керек. Ардақты сахабалар сияқты Оның ерекшеліктері аясында жарыққа ынтық паруана көбелектеріндей өмірімізді паш етуіміз керек. Шынайылық, жұмсақтық пен мейірімділік, қамқорлық пен көркем мінез – біздің ең айқын ерекшеліктеріміз болуы керек. Ынталығымызбен, сабырлылығымызбен, толыққандығымызбен жан-жақты да мықты тұлғалылықты паш етуіміз керек. Үнемі жайдары жүзді күн кешіп, жан дүниемізбен Хазіреті Пайғамбар r Мырзамыздың тәлімгерлік әдістері туралы «Ол қалай үйрететін?» деген сұрақтың жауабына сай болуымыз керек. Өзімізді де, алдымыздағы адамымызды да жақсы түсінуіміз, парасатты болуымыз керек. Сөйтіп, адамдардың ынтасы мен қабілеттерін дұрыс бағыттай

«Ғибадат адамды Жәннатқа апарады, ал ғибадаттағы әдеп пен тағзым Аллаһқа апарады, Хаққа жақындатады».

білуіміз, өзгеге тура жол сілтеуіміз және бәрінен де маңыздысы – бәрінен бұрын өзіміз іске асырып, үлгі бола білуіміз керек. Дұрыс пен бұрысты, хақ пен терісті ажырата біліп, үнемі ақиқатты жақтап жүруіміз керек. Көңіліміз тірі, байланысымыз жанды және қызметіміз жалғасымды болуы керек.

Яғни, Исламға сай болу шартымен барлық тәлімгерлік әдістер мен ерекшеліктерге ие болуымыз керек.

«Ақылым жүрегіме жүгініп: "Иман деген не?",— деп сұрады. Ал жүрегім ақылымның құлағына сыбырлап: "Иман әдептен тұрады", деді».
(Хазіреті Мәулана)

Міне, қолыңыздағы осы қарапайым еңбек бұл мақсат пен дәстүрлер шеңберінде тәлімгерлік бағдар ретінде жазылған. Бұл еңбек тәлім-тәрбие мен ағартушылық саласында қызмет атқаратын барлық тәлімгерлер мен шәкірттерге арналып жазылды.

Бұл шығармамыздағы мақалалар түрлі тәлім-тәрбие сұхбаттарымызда тілге тиек еткен тақырыптардың үзіндісі ретінде кітап жолдарына жазылған шағын тақырыптар болып табылады.

Бұл шығармамызбен Аллаһтың **«Оқы!»** әмірін Оның ризалығына жетелейтін аяда іске асыра білу және пайғамбарлардың кәсібі болып табылған тәлім-тәрбие міндетін алдымен өзіміз орындап, кейін өз жанұямызда, сонан соң айналамыз бен шәкірттерімізді тәрбиелеуде тиімді орындай білу бағытында құрметті оқырмандарымыздың

жүрегіне Хазіреті Пайғамбарымыздың r **«Тәлім-Тәрбие Күнінен»** шағылысқан кішкене бір сәулесі ретінде бағдар ұшқыны бола білсек, өзімізді бақыттымыз дей аламыз!

О, Раббым!

Перзентімізді салихалы жандардың қатарына қоса гөр! Оларды бұл қасиеттерге тәрбиелеуді біздерге жеңіл еткін! Баршамызды артынан қайырлы ұрпақ тастап кете білген бақытты жандардан еткін!

Жәннат Отанымызда перзенттерімізді болашағымыздың Күні мен көзіміздің нұры болатын сипатта әсемдіктермен, жақсылықтармен, абзалдықтармен безендір! Біздерді де тақуамен, толымдықпен әшекейлеп, бұл мақсатқа жету үшін осы ынталық пен қызметтерді атқаруға мүмкіндік бергін! Қиямет күнінде бір-бірінен қашушы емес, бір-біріне асыққан сүйікті құлдарыңның арасына кіргіз!

Әмин!..

Хадисте былай делінеді: «Мұмин адам соңында баратын жері Жәннат болғанға дейін қандай да қайырымдылық істі істеуден жалықпайды» *(Термези, ілім, 19/2686).*

ТӘЛІМ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

«Жастық шағын күліп-ойнаумен өткізген қартайғанда жылаумен өткізер күнін».

Аллаһ Тағала Құранда ерекше назар аудартқан мәселелер бар. Жоқтан бар етуші Ұлы Жаратушы түрлі себептермен адам баласына былай дейді:

– Ей, адам баласы! Жаратылыс хикметіңді біл де, жақсылап ұғып ал!

– Ей, адам баласы! Кімнің мүлкімен өмір сүріп жатқаныңды ойла да, өзіңді жөнге сал!

– Ей, адам баласы! Өміріңді ұлы мақсаттармен өткіз!

– Ей, адам баласы! Бұл дүниеге не үшін келіп-кетпексің? Соңғы барар жерің қайда?

– Ей, адам баласы! Әлемдегі, өзіңдегі, Құрандағы үнді-үнсіз барлық аяттарды терең, жан-жақты ойланып оқы!

– Ей, адам баласы! Әсіресе мына иләһи ескертулерге шын жүрекпен құлақ сал:

«Көкті, жерді және екеуінің арасындағыларды ойыншық үшін жаратқанымыз жоқ» (Дұхан сүресі, 38-аят).

«(Ей, адам баласы!) **Сендер "Біз өздеріңді бекерден бекер жаратты, Біздің алдымызға қайтарылмаймыз!" деп ойлайсыңдар ма?»** (Мүминун сүресі, 115-аят).

«Адамдар "иман келтірдік" деп қана сыналмай қала береміз деп ойлай ма?» (Анкәбут сүресі, 2-аят).

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар! Әркім ертеңге (қиямет күніне) **не дайындағандарына қарап көрсін. Аллаһтан қорқыңдар! Аллаһ барлық істеген істеріңнен толық хабардар»** (Хашр сүресі, 18-аят).

Демек, ақыл иесі адам мынаны толық түсінуі керек: Адам бұл жаһанға емін-еркін, рахаттанып, өз қалауынша уақыт өткізу үшін келмеген. Оның иләһи жауапкершіліктері мен міндеттері бар.

«(Исламға қызмет етуде барлығын) ***озып кеткен мүһәжірлер мен әнсарлар және оларға көркем ілескендер*** *(бар ғой!)* ***Аллаһ оларға разы болды. Олар да Аллаһқа разы болды.*** *(Аллаһ)* ***оларға ішінде мәңгі тұратын, іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатқан Жәннаттарды әзірледі. Міне, бұл — ең зор бақыт»*** *(Тәубе, 100).*

Қайткенде де өмір қорын салмақты мақсатпен, иләһи өлшемдер аясында өткізуге міндетті. Адам бұл міндеті мен жауапкершілігін толық сезініп, Аллаһ пен Пайғамбары бұйырғандай тура, адал өмір сүріп қана орындай алады.

Бұл дүниеден кеткендер мейлі құл, мейлі падишах болсын, ол жердегі барлық байлық-қазыналары не апарса, сол болады.

Әрине, бұл сезім мен түсініктің қалыптасуы да күшті тәлім-тәрбиені қажет етеді. Өмірге келген әр адам өңдірілуі керек шикізат сияқты. Кемшіліктерінен арылып, өзегіндегі жауһарды жаратылыс хикметіне сай ортаға шығара алуы үшін **тәлім-тәрбиеге** мұқтаж. Өйткені Аллаһ адамның әлемде көрініс тапқан иләһи құдірет ағыстарына куә болуын, сыйлаған нығметтерінің қадірін біліп, шүкіршілігін өтеуін, яғни, адамның Раббысын танып, Оған көркем құлшылық жасауын мақсат етеді.

Бұл үшін Аллаһ өз тарапынан кітаптар жіберген, Құранды үйреткен, адамға баянды тәлім еткен. Пенделерінен қалаған құлшылықтың үлгісін де жіберген пайғамбарлары арқылы адамзатқа көрсеткен. Сондықтан ең үлкен, ең шебери адам тәрбиешілері – пайғамбарлар, әрі адамның тәлімі де киелі пайғамбар кәсібі болып табылады.

Неге тәлім қажет? Өйткені адам баласына берілген барлық қабілеттер тәлім-тәрбие зауытынан өтуі үшін берілген шикізаттар сияқты. Егер олар жақсы өңделмесе, зиянын тигізеді. Тәрбиеленіп, жақсы өңделсе, адам баласы періштелерден де ардақты болмыс күйіне келеді. Тәлім-тәрбиедегі негізгі мақсат та, хикмет те – осы. Сондықтан адам деген жаратылыстың құрамындағы шынайылылықты, өзегіндегі асылдықты ортаға шығарып, оны ұлық мәртебелерге көтеру үшін жасалған тәлім-тәрбие қызметі мен бұл жолдағы қиындықтар, қайраттар мен еңбектер титтей болса да, пайдасыз емес.

Онсыз да сыр мен хикмет көзімен қарасақ, бұл әлемдегі барлық нәрсенің еш себепсіз, бекер жаратылмағанын түсінеміз.

Адамның күллі жаратылыстың **«көзінің қарашығы»** ретінде жаратылуы да, барлық болмыстың оның әмірі мен қол астына берілуі де бекер емес! Бұл жағдайларды ойлаған сайын жаратылыстың ғибраттарға толы екенін байқаймыз. Аят кәримәда былай делінген:

«Ол өз тарапынан жер мен көктегі барлық нәрсені сендерге бойсұндырып берді. Ой жүгіртетін ел үшін осының өзінде де дәлелдер бар» (Жәсия сүресі, 13-аят).

Ахірет бидай сабынынан ажыратылатын, қаншама мақрұмдар қазыналарына қауышып, қаншама ғапыл байлар мәңгілік пақырлыққа және махшар қайыршысына айналатын жер.

Яғни, Аллаһ барлық жаратылысты адамның әміріне бағындырып қойған. Адам баласы таулар мен көктер көтере алмай, бас тартқан құлшылық пен Аллаһтың халифасы болу міндетін арқалаған. Сондықтан ол өзіне берілген әр нығметті мақсатты қолдануға жауапты.

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу, оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс...

Раббымыз былай деген:

«(Ол Аллаһ) **сендердің сұрағандарыңның бәрін бергені сонша – Аллаһтың берген нығметтерін санауға тырыссаңдар да,** (мүмкін бе?) **сендер** (оларды) **санай алмайсыңдар.** (Сонымен қатар) **адам баласы, расында, өте залым, тым опасыз»** (Ибраһим сүресі, 8-аят).

«Ең соңында сол күні (қиямет күні пайдаланған) **нығметтерің үшін міндетті түрде есеп бересіңдер»** (Тәкәсур сүресі, 8-аят).

Міне, бұл – адамның мойнындағы үлкен жауапкершіліктің біреуі ғана! Бұдан басқа талай жауапкершіліктеріміз тағы бар. Бұларды дұрыс ұғынып, толық орындай білуіміз үшін сана-сезіміміз артып, рухани өсуіміз, сондай-ақ барынша күш-жігер жұмсауымыз керек. Бізді оған жетелейтін бірегей жол – тәлім. Әсіресе, рухани тәлім...

Адам үнемі Аллаһтың өзіне берген нығметтерінің шүкірлігін қаншалықты өтей алатынын үнемі таразылап отыруы тиіс. Барлық сана-сезімімен, қабілеттерімен бірге денелік күш-қуатын, сонымен қатар басқа да материалдық күш пен

мүмкүндіктерін Аллаһ бұйырғандай қолдануға тырысуы керек.

Әлбетте, бұл сана мен сезімталдық қасиеттер мықты тәлім-тәрбиеден өтпей орындалмайды.

Аллаһ жолында жиһадтың мақсаты — тек қылыш соғысы ғана емес. Қылыш тек зұлымдыққа тосқауыл болып, хақты жаю үшін қолданылатын темір ғана. Нағыз жиһад жүректерді баурап алу.

А) ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІМІЗ

АДАМНЫҢ АЛЛАҺ АЛДЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аллаһ досы марқұм Сами мырза сұхбаттарында:

وَلَقَدْ كَرَّمْنَا بَنِي آدَمَ وَحَمَلْنَاهُمْ فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَرَزَقْنَاهُم مِّنَ الطَّيِّبَاتِ وَفَضَّلْنَاهُمْ عَلَى كَثِيرٍ مِّمَّنْ خَلَقْنَا تَفْضِيلاً

«Ант етемін, Біз Адам ұрпақтарын ардақты етіп (жараттық)**. Олардың құрлық пен теңіздегі** (көлікпен) **байланыстарын қамтамасыз еттік. Оларды тамаша тамақтармен ризықтандырдық және оларды жаратқандарымыздың көбінен әлдеқайда артық етіп** (жараттық)**»** (Исра сүресі, 70-аят) аятын жиі тілге тиек етіп, адамды Аллаһ құзырында ардақты еткен сипаттарға зор маңыз беретін.

Ал, бұл ардақтылық неде? Адамның ардақтылығы, абзалдылығы қайдан келеді?

Раббымыз мұны былай түсіндіреді:

إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِندَ اللهِ أَتْقَاكُمْ

«Күмән жоқ, Аллаһтың алдында ең ардақтыларың – (бұл жалғанда) **тақуа болғандарың...»** (Хұжурат сүресі, 13-аят).

Олай болса, тақуа дегеніміз не?

Тақуа – Аллаһтың ризалығы мен сүйіспеншілігінен айрылып қаламын деп қорыққан жүректің дірілі...

Тақуа – харам мен күмәнді нәрселерден алыс болып, Аллаһтың әмірлеріне ықыласпен, шын жүректен мойынсұна жүріп өмір сүру өнері...

Тақуа – нәпсіге тән қалауларды тізгіндеп, рухани талпыныс пен қабілеттерді дамытып, Аллаһқа дос бола білу талпынысы...

Өйткені Аллаһ құлының өзімен дос болғанын қалайды.

Ал Аллаһқа дос бола білу қандай тәлім-тәрбиеден өтеді?

Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«Сені қайырымдылық жасауға бағыттағаны үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ет! Өйткені Аллаһ сені өз кеңшілігімен бос отырғызбады. Падишаға қызмет еткен адам қызметін оған міндет ете алмайды. Керісінше, сені қызметіне алғаны үшін сен оған қарыздарсың!».

فَإِذَا سَوَّيْتُهُ وَنَفَخْتُ فِيهِ مِن رُّوحِي

فَقَعُوا لَهُ سَاجِدِينَ

«Мен адамның жаратылысын тәмамдап, оған Өз рухымнан үрлеп, жан салған сәтте дереу сендер оған сәждеге жығылыңдар!» дейді (Хижр сүресі, 9-аят).

Аллаһ Тағала бұл аятында Өзімен дос болу жолының адамға Өз болмысынан жан бітіріп, үрлеп берген рухтың өсіп-өнуінен, дамытылуынан өткеніне ишарат етеді.

Сондықтан мүмин жан үшін ең үлкен мақсат – рухани тәрбие арқылы Аллаһқа дос, жақын құл болу. Раббымыз бұл ерекше мәртебеге қол жеткізгендерді Дарус-Сәламға, яғни Жәннатқа шақырады. Азабы мен қорқынышы ауыр, үрей-ге толы қиямет күнінде олардың аман-есен болатындарын былай сүйіншілейді:

«"Раббымыз Аллаһ!" деп, онан соң тура жолмен жүр-гендерге аспаннан періштелер түсіп: "Қорықпаңдар, қайғыр-маңдар!" дейді. "Сендерге уағ-да етілген жұмаққа қуанып, мәз болыңдар. Біз дүние де, ахірет-те де достарыңбыз. Жәннатта

Расулұллаһ былай дейді:

«Сондай бір заман туады, ол кезде мына үш нәрседен бағалы ештеңе қалмайды:

Адал ақша, шын көңілден жолдас болатын бауыр және амал ететін сүннет»

(Һәйсәми, I, 172).

сендердің қалаған нәрселеріңнің бәрі бар". Бұл – аса жарылқаушы, өте рахымды Аллаһтың сыйы» (Фұссиләт сүресі, 30-32-аят).

Аллаһтың бұл сүйіншісіне қол жеткізу адамның өзін тануына және Аллаһ берген атақ пен абыройды лайықты түрде ұғуына байланысыты.

«Аллаһ мүминдерден малдары мен жандарын оларға Жәннат уәдесімен сатып алды» (Тәубе, 111).

АДАМНЫҢ УАЙЫМДАРЫ

Адам өз жаратылысы мен ішкі дүниесін ең жақсы үлгіде тек Аллаһ берген мәліметтермен ғана тани алады. Өйткені бізді жоқтан бар еткен және бізді өзімізден жақсы білетін – Аллаһ.

Раббымыз адамның ішкі дүниесін қысқа да нұсқа былай баяндаған:



«Нәпсіге ант етемін. Оған барша қабілеттер беріп, жамандық пен тақуалықты аян еткенге ант етемін – нәпсісін жамандықтардан тазартқан құтылды, оны жамандыққа итерген қор болды» (Шәмс сүресі, 7-10-аят).

Дүниедегі сынақ хикметі бойынша Аллаһ Тағала адамның жаратылысына жаман, жақсы қасиеттерін берген. Сондықтан балалық шағынан бастап-ақ адамда бір-біріне қарама-қайшы бұл екі бейімдердің көріністері байқала бастайды. Бірақ, ақылды адам бақытқа кенелудің жолы тек жақсылыққа деген бейімнің күшейтілуімен, жамандық пен күнәға деген бейімнің шектелуі арқылы ғана мүмкін екенін түсініп-біледі. Және де бұның жолы рухани тәлім-тәрбие екенін де біледі, түсінеді. Өйткені тәрбиеленбеген нәпсі адамды тек жамандыққа итереді. Нәпсі деген құбылыстың жамандығы соншалық – ең жабайы деген аңдарды үйрету нәпсіқұмар адамды тәрбиелеуден гөрі жеңіл, оңай болып табылады.

Екіншіден, адам денесі топыраққа тән, топырақтан жаратылған. Сондықтан басқа мақлұқаттардан айтарлықтай еш айырмашылығы жоқ. Барлық жан иелеріндей, ол да топырақтан жаратылған, топырақтың айналымымен пайда болған азықтармен қоректенеді. Ақыры сол топыраққа қайтарылып, топыраққа айналады.

Бірақ адам жан дүниесі тұрғысынан аспанға, жоғары әлемге тән. Оны тіршіліктің ең абзалы, ең кереметі еткен ерекшелігі де осы. Тіпті, оның рухын Аллаһ тікелей Өз рухынан үрлеп жаратқаны үшін ол тікелей Аллаһқа тән.

«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және ешбір әке баласы атынан бодау төлемейтін, сондай-ақ ешбір бала да әкесі атынан төлем бермейтін күннен қорқыңдар. Күдіксіз, Аллаһтың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ Шайтан Аллаһтың кешірімімен сендерді алдамасын».
(Луқман, 33)

Аят кәримәдағы:

«...Оған рухымнан үрлегенімде...» сөзі де осыны дәлелдейді (Хижр сүресі, 29-аят; Сад сүресі, 72-аят).

Сондықтан адам тәрбиесінде екі жақтың да, яғни, денесінің һәм рухының тәрбиесі негізгі мәселе болып табылады.

Хазіреті Мәуләнә адамның бұл екі тұсының қалай тәрбиеленуі керектігін тамаша баяндаған:

«Денеңді шегінен артық азықтандырып, өсіруге әуестенбе! Өйткені ол топыраққа берілетін құрбандық. Негізінде, сен көңіліңді азықтандырып, өсір! Ұлық мәртебелерге көтеріліп, абыройға бөленетін де сол көңіл».

«Денеңе бал-қаймақты нәрселерді аз бер. Өйткені оны қажетінен көп азықтандырған кісі нәпсіқұмарлыққа бой алдырады да, ақыры қор болып кетеді».

«Рухқа рухани азықтар бер. Пайымды түсінік, нәзік түйсік және рухқа тән азықтар ұсын да, баратын жеріне мәңгіліктің жолаушысы ретінде күш-қуатты бара білсін».

Шәйх Сағди Ширази сол ахіреттік мәңгілік сапардың фәнилік аялдамасы ретіндегі мына жалғандағы адамның ішкі-сыртқы дүниесін былай түсіндіреді:

Парасатты мүмин қандай жағдайға түспесін ешуақытта үмітсіздікке малынбай, әрқашан да дін жолында бір қызметтің жолын тауып алады. Өйткені шарасыздардың шарасы Аллаһ Тағаланың өзі.

Інсан йек қатра хонест,
Сад һезеран әндишест
Адам бір тамшы қан,
Мың бір түрлі қайғы-мұң

Адам баласы көңіл тыныштығы үшін өзінің жан дүниесін жейтін осындай дүниелік уайым-қайғылардан арылуы керек. Мұның жалғыз ғана жолы – Аллаһтың **«Біліп қойыңдар! Жүректер тек Аллаһты еске алса ғана жай табады»** (Ра'д сүресі, 28-аят) деген ескертуіне ден қою. Өйткені жүрек тек Аллаһпен бірге болғанда ғана ешқандай фәни уайым-қайғылар болмайды. Жүректе ерекше ләззат пайда болады. Аллаһ Тағаланың қандай да бір көркем, жамал есімі адамның ішкі дүниесіне ерекше бақыт пен қуаныш сыйлайды.

«Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана жай табады». *(Ра'ғд, 28).*

Демек, барлық іс нәпсінің азғындығын тізгіндеп, жаман қалаулардың тұтқыны болудан құтылып, жүректі Аллаһқа бере білу... Аллаһқа берілу мен Оның барлық ісіне разы болу жолында нәпсімізге қарсы табан тіреп, жоғары мәртебелерге қарай жол тарта білу... Бұл күйдің тәлімін жасай білу...



АДАМНЫҢ ҮШ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Адам үш қажеттілікпен дүниеге келеді:

1) Азық қажеттілігі.

Адам ана құрсағында жатқанда ананың қанымен қоректенеді. Дүниеге келгенде сүтімен қоректенеді. Кейін сырттан азық ала бастайды. Бұл сыртқа тән азықтардың халал болуы рухани өмірге әсерін тигізеді. Сондықтан халал азық көркем Ислам тұлғалылығының қалыптасуында өте маңызды орын алады дпе айтуға болады.

«..Өздеріңе жол азығын әзірлеңдер. Шүбәсіз, азықтың ең қайырлысы — тақуалық..». (Бақара, 197).

Денемізге зиян тигізетін азықтардан қалай аулақ болып жүрсек, рухани өмірімізге зиянын тигізетін харам мен күмәнді қоректік заттардаң да солай санамызбен де аулақ болуымыз керек. Денеге харам мен күмәнді заттардың кіруі ағашқа түскен шіріктен тең.

2) Ғылым үйрену қажеттілігі.

Бұл қажеттілік азықтан да маңызды. Сондықтан бала әлі тілі шықпай, сөйлей алмай жатқанда көздерімен оқи бастайды. Яғни алдымен көру

арқылы үйренеді. Құсқа, мысыққа, итке, әрбір болмысқа таңырқай қарайды, олармен іштей байланыс құрады. Тілі шыққанда «Бұның аты не? Оның аты не?» деп сұрай бастайды. Сонан соң жаратылысындағы ақиқаттарды сөздік қорындағы санаулы әрі белгілі сөздермен жеткізе бастайды. Дүние мен өмір туралы сұрай бастайды. Әр нәрсеге, құбылысқа қызыға қарап, қалай пайда болғанын сұрайды. Айналасынан алған белгілі әсерлер шеңберінде Аллаһ жайында да түрлі сұрақтар қояды. Бұлардың кейбіреуі қисынсыз болса да, сұрақтарына жауап іздейді.

Демек, ғылым үйрену қажеттілігі – жаратылысымыздағы қажеттілік. Сондықтан ғылымның соңғы шегі – мағрифатұллаһ, яғни бізді жоқтан бар еткен Аллаһты жүрекпен тану. Сонымен қатар назар аударуымызды қажет ететін тағы бір маңызды жайт – адамның мағрифатұллаһ деген негізгі де шынайы ғылымды шариғат шеңберінен шықпай меңгеруі.

Мағрифатұллаһ – Аллаһ Тағала туралы ғылым... Аллаһты танып, Оған жақсы құл бола білу...

Міне, осы ғылым мен мағлұмат нақты үйретілгенде ғана онымен бірге жүрген барлық мағлұматтар да нақты болады. Олай болмаған жағдайда мағлұматпен сусындамаған жүрек теріс жолға түседі. Теріс тәрбие жүйелеріне еліктеуден өзін құтқара алмайды.

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, оған жақындауға уәсиле іздеңдер және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер».

(Мәидә, 35)

Ардақты Расулұллаһ Луқман Хаким жайында былай мәлімдейді: «Луқман ұлына: "Аллаһ Тағала өзіне аманат етілген нәрсені қорғайды! Мен сені, малыңды, дініңді және амалыңның соңын Аллаһ Тағалаға аманат етемін!",— деді». (Ибн Ханбел, II, 87).

Екіншіден, әр адамның жан дүниесінде өмірі мен өлімін және әлемнің болмыс хикметін ұғыну үшін үнемі ақиқат ізденісі мен қызығушылық болады. Берік атеист адамның өзі әлемді басқарып отырған бір күш иесінің бар екенін өз санасымен мойындайды. Өйткені дін адамның жаратылысында бар құбылыс. Сондықтан, шын мәнінде, атеист адам жоқ. Өйткені бұл әлемде Аллаһты жоққа шығаратын еш қандай да бір себеп жоқ. Сенімі жоқ адамның өзі де әйтеуір бір қуаттың бар екенін, әйтеуір бір күштің барша әлемді реттеп отырғанын біледі. Бірақ сенімі санасында қамаулы. Бұл мынаған ұқсайды:

Егер тор ішінде бір балапанның құсын ұзақ уақыт ұстап, шығармаса, оның ұшу мүмкіндігі болмағандықтан қанаттары қатая бастайды. Біраз уақыттан кейін торды ашсаңыз, құстың ұшу қабілеті төмен болады. Тіпті, ұша алмай да қалады. Атеисттердің жағдайы да осындай. Дін ұғымы оның санасында жасырын қалған. Ал иман – бұның сана-сезімде көрініс тауып, іске асуы.

Аллаһ Тағала адам баласына пайдасы бар шынайы білімді меңгеруіміз үшін сынақ орны болып табылатын бұл әлем туралы терең ойлап, ол туралы сана-сезіміміздің күшті болуын бұйырған. Жоғары сезім ерекшеліктерін бойына сіңірген адамның күн мен аспанға, топырақ пен гүлге, т.б. жаратылысқа қандай да бір есі жоқ мақлұқтың,

не малдың қарағанындай, ойсыз қарағанын қаламайды. Кішкентайдан үлкенге, алып денелерге, микроәлемнен макроәлемге дейін әр нәрседе иләһи ұлылығы мен айбынды салтанатын тамашалағанымызды қалайды.

Ғылымның соңғы шегі мен мақсаты – мағрифатұллаһ. Яғни, Аллаһты жүрекпен тану. Жүректен иләһи әлемге терезе ашылуы. Бұл әлемдегі бар-лық нәрсе өзін бар етушінің дәлелі болғандықтан, пән ғылымдары Аллаһтың әлемге орнатқан заңдарын зерттегендіктен мағрифатұллаһ жолында басылған қадам іспеттес. Адам бұл жолда қадам басқан сайын Аллаһтың иләһи ұлылығы мен құдіретін жақсы түсінеді. Тіпті, өзінің иләһи ұлылық көріністері алдындағы әлсіздігі мен құлдық міндетін аңғарады. Санасы мен қабілетіне қарай сыр мен хикметтерге қанығады.

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер. Қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер». (*Мунәуи, фәйзулқадир, V, 663*).

3) Тәлімгерге қажеттілік.

Адамнан басқа тіршілік иелерінде тәлімгерге деген қажеттілік болмайды. Өйткені олар бұл әлемде ешқандай сынаққа түспейтіндіктен жаратылыстарында бейне бір құпия бағдарлама бардай еріксіз қозғалыспен өмір

сүреді. Әр мақлұқтың жеке ерекшеліктері болғанымен, Аллаһ қалай реттесе, сол ретпен өмір сүреді. Қой да, піл де, жауын құрты да Аллаһ белгілеген ретімен өмір сүреді.

Расулұллаһ Хазіреті Мәриәм жайында былай дейді: «Имранның қызы Мәриәм өз дәуіріндегі әйелдердің ішіндегі ең қайырлысы..». *(Муслим, фәдаилус-сахаба, 69)*

Бірақ, адам – ерекше жаратылыс. Адам **ахсәну тақуим** (ең көркем де керемет кейіпте) мен **әсфәлу сәфилин** (төмендердің төменінде) арасында. Яғни періштелерден де жоғары дәрежеге жеткізетін қабілет пен сезімдер оның жаратылысында бар құбылыс. Сонымен қатар хайуандардан да төмен азғындыққа түсетіндей кемшіліктері бар.

Міне, сондықтан адам баласының өзін үстем етіп, абзал мәртебеге жетелеп, адамгершілік пен руханиятқа тәрбиелейтін, оны нәпсіқұмарлық шырмауына түсуден қорғайтын тәлімгерлер мен тәрбиешілерге мұқтаж.

Аллаһ Тағала адам баласының тұңғыш ұстазы һәм тәрбиешісі ретінде оған ата-ана берген. Баланы бейкүнә күйінде әке-шешеге аманат етіп, жауапкершілігін олардың мойындарына артқан

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Әр туған бала Ислам жаратылысымен (таза және

күнәсіз күйде, тәухидқа бейімді болып) туады. Кейін әке-шешесі оны (өз сенімдеріне қарай) не христиан, не яхуди немесе мәжуси (отқа табынушы) қылып тәрбиелейді» (Мүслим, Қадәр, 22; Бұхари, Жәнәйз, 92).

Яғни, бала – әке-шешеге тарту етілген иләһи аманат. Ислам жаратылысы бойынша ата-анаға берілген балалардың пәк, таза жүректері құнарлы жердей өңделуге дайын шикізаттай. Болашақта олардың тікен немес гүл болуы, ащы немесе тәтті жеміс беруі егілген дән мен ұрықтың сапасына байланысты.

Сондықтан да әке-шеше Ислами сана-сезім мен пейілге ие болуы керек. Өкінішке орай, бүгінгі қоғамда қатты рухани сырқаттан әке-шешенің көбісінің рухани тағлым деңгейі жеткіліксіз болып тұр. Сондықтан әке-шешенің өзін жетілдіру үшін рухани тағлымдар алып, діни-рухани сұхбаттарға қатысып отыруы өте маңызды жағдай болып табылады.

Баланың тәлім-тәрбиесі ұядан басталады. Әсіресе, бір мен алты жас арасы өте маңызды. Шешесі бір тіл, әкесі бір тіл қолданса, ал қоғам бір тіл қолданса, бала үш тілді де ұғады... Бұл кезеңдегі баланың зейіні бос болады да, көрген барлық нәрсесін жадында жақсы сақтайды. Сондықтан тәлім басталатын ең маңызды кезең – бір мен алты жас арасы. Бұл кезеңде баланы «Бисмиллаһ» деп, «Әлһамдулиллаһ» деп үйретіп, Аллаһтың

Өмірде алдымыздан шығатын қиындықтар мен сынақтар кезінде шапағатын үміт етуіміз үшін және сол амалдарымызды тәуәссул етумен Хақ-тан жәрдем тілеуге жүзіміз болсын десек, осы жастар секілді осындай ізгі амалдарға жармасуымыз керек.

Кітабымен таныстыру аса қажет.

Имам Мәлік әке-шешеге үлгі болатын тәрбие әдістерінің бірін былай баян еткен:

«Әкем маған хадис жаттаған сайын сыйлық беретін. Сосын әкем сыйлық бермейтін уақыт келді. Сонда да хадис жаттаудан үлкен ләззат алатынмын».

Пайғамбарымыздың бір хадисінде былай делінеді:

«Сахабаларым (көктегі) жұлдыздар секілді. Олардың қайқайсысына ілессеңдер де, тура жолды табасыңдар» (Ибн Абдил-бәрр, жәмиғу баянил-ғилм, II 91).

Сондықтан «Мағрифат ілтипатқа тәуелді» үрдісі бойынша балалар жақсы нәрсе жасағанда марапаттап отырып, сол іс-әрекетін тұрақты іске айналдыруына тырысу керек. Керісінше, қате әрекет жасағанда, көзден таса қалдырмай, тиісті ескертулер жасалып, тұлғаның дұрыс қалыптасуына үлкен мән берілуі керек.

Сонымен қатар балалар үшін діни әңгіме-сұхбаттар да қажет. «Әзірше ерте» деп, оларды рухани сұхбаттардан мақрұм ету – рухани тәлім-тәрбие беруге немқұрайды қарағандықтан істеліп келе жатқан ең үлкен қателіктердің бірі. Әлбетте, баламен сұхбаттасатын адам бала психологиясын жетік білуі керек. Бұл мәселедегі ең көркем үлгіміз – Хазіреті Пайғамбар r Мырзамыз.

Ол өзіне бала жасында аманат етілген Хазіреті Әлиді, Хазіреті Әнәс бин Мәлікті қалай өсірді? Олардың көңілдеріне баратын тамырларды қалай тапты? Қандай тәлім әдісін қолданды? Бұл сұрақтардың жауабын Сияр Нәбиден (Хазіреті Пайғамбардың өмірбаяны) үйреніп, іске асыруымыз керек.

Қорыта айтсақ, адам баласы өзін тәрбиелеп, тура жолға салатын тәлімгерлерге мұқтаждығының маңызы соншалық, Аллаһ Тағала жүз жиырма төрт мың пайғамбар жіберіп, олар арқылы адамзатты тура жолға бағыттап, үлгілі тәрбие берген.

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ҮШ МІНДЕТІ

Аллаһ Тағала құлдарына һидаят беріп, тура жолға салу үшін өздеріне тарту еткен бірқатар жоғары қасиет-сипаттармен бірге, оларға өз іштерінен шыққан ерекше жаратылысқа ие салих адамдарды жол сілтеуші көсемдер ретінде жіберіп, ерекше жәрдем берді. Мұндай салих адамдардың ішіндегі Аллаһ уахи жіберіп, қолдағаны – пайғамбар. Адамзатқа үлгілі тұлға ретінде жіберілген бұл мүбәрак елшілер мына үш міндетті орындауға міндеттелген:

1) Аллаһтың аяттарын адамдарға оқып, жеткізу.

2) Нәпсілерді тазартып, жөнге келтіру.

3) Кітап пен хикметті үйрету.

Хазіреті Омар (р.а.) айтады:

«Төрт нәрсе ешуақытта қайта айналып келмейді:

1. Айтылған сөз,

2. Атылған оқ,

3. Өткен өмір,

4. Жіберіп алған мүмкіншілік».

Хазіреті Әли (р.а.) Исламды даналы оймен, түсіне отырып қабылдаған кезінде небәрі он жастағы бала еді.

Аллаһтың аяттарын өзгелерге тәлім беріп, жеткізуден кейінгі саты – ішкі әлемнің тазартылуы. Бұның маңыздылығы сонша, нәпсіні тыйғанда ғана илаһи бұйрықтардың хикметтеріне қанық бола аламыз.

Ақыл шексіз илаһи ақиқаттар алдында әлсіз екенін түсінгенде ғана хикмет пен парасат ашыла бастайды. Сондықтан тәрбиеленбеген, құмарлықтарынан арылмаған нәпсінің тұтқынындағы ақыл хикметке жете алмайды.

Мүминнің ішімдік ішуі — қандай жаман нәрсе. Алайда, өсім — одан бетер ауыр күнә.

Бүгінгі таңда жер бетіндегі барлық институттар бірігіп, барлық ғылым адамдары, психологтар мен педагогтар жиналып, бас қосса да, Хазіреті Мәуләнәнің Мәснәуиі сияқты көңіл туындысы еңбегін шығара алар ма екен?! Мәуләнәнің көкірек көзін ашып, оны сырлар мен хикметтер әлемінің саяхатшысы еткен рухани азыққа бүгін барша адамзат мұқтаж.

ІНСАН (адам) – НИСЯН (ұмыту) мен ҮНСИЯТ (жақындық пен сүйіспеншілік)

Қандай да бір болмыстың есімі мен атауы сол болмыстың азды-көпті ерекшеліктерін қамтып, қасиеттерін бейнелеп тұрады. Аллаһ Тағаланың адам баласын **«інсан»** деп атауы бұл ақиқаттың бір көрінісі. Өйткені **«інсан»** сөзінің екі дара түбірден тұратыны айтылған:

Біріншісі – ұмыту мағынасындағы **«нисян»**. Аятта баяндалғандай Хазіреті Адам Аллаһпен жасаған келісімін ұмытып кеткен.

Екіншісі, **«үнсият»** – адам тұрған жеріне тез үйреніп, бауыр басады және сол жердің реңіне боялғандай болады.

НИСЯН (ұмыту)

Адам – нисян иесі, яғни ұмытшақ жаратылыс. Даналар ***«Адам ақылы нисянмен*** *(ұмытшақтықпен)* ***індетті»*** деген. Бұл қасиетін аңғарған мүмин әр нәрседегідей бұл ерекшелігін тек жақсылыққа ғана пайдалануы керек. Аллаһты ұмытып, мәсиуаға берілу – ең үлкен азғындық. Раббымыз бізді былай ескертеді:

«Ей, інсан! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық қылуға сені алдаған нәрсе не? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатыңды түзеді. Өзі қалаған бітімде құрастырды» (Инфитар, 6-8).

«Ей, адам! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық көрсетуге сені итерген не? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатыңды түзеді. Өзі қалаған бітімде құрастырды» (Инфитар сүресі, 6-8-аят).

«Сендер Аллаһты ұмытқан, Аллаһ (сондықтан) **оларға өздерін ұмыттырған адамдар сияқты болмаңдар. Олар пасық адамдар»** (Хашр сүресі, 19-аят).

Әр жан иесі өмірін жалғастыра алатын ыңғайлы да қолайлы ортада өмір сүреді. Балықтар суда, құрлықтағылар ауа бар жерде өмір сүреді. Ал мүмин адам Раббысын ұмытпау үшін, рухани өмірін жалғастыра алуы үшін рухының Құран аясында өмір сүруі керек.

Және де нисянның, яғни ұмытшақтықтың кесірінен сақтану үшін зікірді ұстану қажет. Аллаһ Тағала:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһты естеріңе көбірек алыңдар!» дейді (Ахзаб сүресі, 41-аят).

Адам **«Аллаһ»**, **«О, Раббым»** дегенде, яғни Раббысын есіне алып, зікір еткенде ешкімге айып таға алмайды, ешкімді ғайбаттай алмайды. Құл ақысын жей алмайды, харамға қол соза алмайды. Ал Аллаһты ұмытып кетсе, күнәға батады. Тіпті, уақыт өте келе бұл күнә істері оның табиғи күйіне енеді де, ойланбай, уайымдамай, күнәларын оп-оңай жасай бастайды.

Әбу Һурайра ؓ айтады:

(Сахабалар арасында мына ақиқатты) еститінбіз: Қиямет күнінде бір кісінің жағасына еш танымайтын біреу келіп жармасады: Әлгі адам таң болып:

«Менен не сұрайсың? Мен сені танымаймын!», дейді. Жағасына жабысқан адам болса:

«Дүниеде мені қателіктер мен күнәлардың ішінде жүргенімді көрсең де, ескертпейтін, мені ол жамандықтардан тыймайтынсың!», деп онымен дауласады.

Бүгінгі таңда ең көп кездесетін мұндай күнә істердің бірі – өсім бәлесі. Өкінішке орай, адамдардың **«мен несие картасын алдым, мұншама өсім бар, не істеймін?»** немесе **«саудамен айналысамын, өсіммен несие алдым, бұл соңғы рет деп алдым, бірақ еш құтыла алар емеспін!»** деген аянышты сөздерін естиміз. Соңғы кездері мұндай жағымысз көріністер күннен күнге арта түсуде.

Мүминнің ішімдік ішуі –жаман нәрсе. Алайда, өсім – одан бетер ауыр күнә. Бұл жайтты ойлануымыз керек. Құран өсім жегендерді:

فَأْذَنُوا بِحَرْبٍ مِّنَ اللهِ وَرَسُولِهِ

«Аллаһ пен Елшісіне соғыс ашқандар» деп атайды (Бақара сүресі, 279-аят).

Адам бейқам жүріп, ұмытшақтыққа салынып, Раббысын ұмытқанда ең ауыр күнәлардың өзі ән ырғағы сияқты сол адамға рахат келе бастайды да, күнә іске деген жауапкершілігі өз мәнін жолғалтады.

Қысқасы, нисянға (ұмытшақтыққа) салынған адам өзін ұмытады, бала-шағасын

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу, оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс...

ұмытады, бала-шағасына Алланы үйретуді ұмытады. **«Мына колледжді бітірсін, кейін жасайды, істейді. Жазғы демалыста бір ай мешітке жіберемін, бұл істі де шешемін...»** – дейді. Сөйтіп, рухани тәлім-тәрбиеге немқұрайды қараймыз да, уақыт өте келе баламыз теледидар мен ғаламтордың жағымсыз бағдарламаларының тұтқыны, солардың баласы болып шыға келеді. Сондықтан адам өзінің ахірет әлемінің жолаушысы екенін ұмытпай, аялдамада ұйықтап қалып, көліктен қалып қойған адамның немқұрайдылығын танытпауы керек.

Сондықтан адам өзінің бұл дүниедегі мәңгіліктің жолаушысы екенін ұмытпай, аялдамада ұйықтап қалу немқұрайдылығына түспеуі керек.

ҮНСИЯТ (сүйіспеншілік пен жақындық)

Адамның сипаты – үнсият. Яғни өзге адамдармен өмір сүріп, олармен достық құруы, бауыр басуы және олардың күйлерімен күй кешуі.

Мүмин бұл қасиетін илаһи өлшемдер аясында былай қолдануы керек.

«Зинаның маңына жуымаңдар! Өйткені ол — ашық ұятсыздық және тым жаман жүріс жолы» (Исра, 32).

Жардың шетінде ойнақтаған адам құрдымға құлаудан құтыла алмас. Зина да сол секілді қоғамға, жанұя өміріне және ұрпаққа шашылған у...

АЛЛАҺПЕН ҮНСИЯТ (жақын болу)

Үнсият (жақындық) екі ұшты пышақ сияқты. Адам қандай нәрсеге жақындық танытса, соның жолына түседі. Ол мейлі жақсылық болсын, мейлі жамандық болсын, бәрі бір. Егер жақындығы Аллаһқа болса, мәңгі бақытқа кенеледі. Керісінше, жамандыққа болса, яғни Аллаһтан алыстататын нәрселерге жақындаса, тозақтың мәңгілік азабына душар болады.

Сондықтан Раббымыз құлдарының үнемі зікір етуі арқылы Өзіне жақын болуын, Өзін ұмыттыратын нәрселердлен алыс болуын, жүректің Өз зікірімен саф жүрек халіне келуін қалайды.

Аллаһ Тағала мүмин құлдарының бойында болуы керек жақындықтың мысалын былай келтірген:

«Олар (дұрыс ақыл иелері сондай жандар) **отырса да, тұрса да, жатса да Аллаһты еске алады. Көк пен жердің жаратылысына толық ой жүгіртеді де,** (былай дейді)**: «Раббымыз! Сен бұларды бекер жаратпадың, Сен** (бекер істеуден) **пәксің. Бізді оттың** (тозақ) **азабынан сақтағайсың!»** (Әлү Имран сүресі, 191-аят).

Міне, Аллаһ Тағала құлдарының сана-сезімдері ашылып,

Парасатты мүмин қандай жағдайға түспесін ешуақытта үмітсіздікке малынбай, әрқашан да дін жолында бір қызметтің жолын тауып алады. Өйткені шарасыздардың шарасы Аллаһ Тағаланың өзі.



Өзімен ерекше күйде жақын болуларын және осындай достық жолында алға қарай қадам басуларын қалайды.

«..Өздеріңе жол азығын әзірлеңдер. Шүбәсіз, азықтың ең қайырлысы — тақуалық..». *(Бақара, 197).*

АЛЛАҺ ТАҒАЛАНЫҢ ЖАМАЛДЫҚ СИПАТТАРЫНА ЖАҚЫН БОЛУ/ҰҚСАУ

Аллаһқа жақын болу, Оның жамалдық сипаттарының жүректе көрініс табуымен өз кемеліне жетеді. Мысалы, Құранда ең көп аталатын Аллаһтың екі сипаты – **Рахман** мен **Рахим**. Мүмин құл Аллаһтың Рахман мен Рахим сипаттарына жақындық танытып, өз бойына дарытуы керек. Сөйтіп, мүминдерді сүйіп, асқан мейірімді болып, қуанышы мен қайғысын бөлісуі керек. Бара-бара бұл жағдай оның ерекше ләззат күйіне айналуы тиіс. Зұлымдыққа ұшырағанның қасынан табылу оның ең бірінші міндеті болып, күллі жаратылыс шеккен зардапты ол өз көңілінде сезініп, олардың қиындығын жою үшін бар күш-жігерін жұмсауы керек.

Бұл иләһи қасиет-сипаттарға өте күшті құлшыныспен жақындық танытып, кәміл түрде бойына дарытқан **Хазіреті Омар** t үнемі өз-өзін есепке тартып отыратын.

Адамдар түнгі қараңғылықта төсектерінде рахаттанып ұйықтап жатқанда, ол ұнды қап-қабымен арқалап, жарлы-жақыбайлардың үйлеріне апарып беретін.

Хазіреті Әлидің немересі **Зейнеләбидин** қайтыс болып, денесі жуылып жатқанда арқасында үлкен жаралар бар екен. Жақындарының бірінен оның себебін сұрағанда, Хазіреттің өмір бойы жасырып жүрген бір үлкен ізгілігі, құпиясы аян болғаны. Сөйтсе, Зейнеләбидин күнде азық-түлік салып дайындап қойған қаптарын арқалап, адамдар ұйықтап жатқан кезде кедейлер тұратын үйлердің есігі алдына апарып, ешкімге көрінбей үйіне қайтып келеді екен. Халық бұл қаптарды кімнің әкеліп қойып кеткенін білмейтін. Хазіреттің денесіндегі жаралар сол қаптарды арқалап тасығаннан пайда болған екен.

Сәри Сақати Хазірет сабағында шәкірттеріне *«Мүминдердің derттерімен дерттенбеген олардан емес»* (Хаким, Мүстәдрәк, IV, 352; Һәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәйд, I, 87) хадисін түсіндіріп жатқанда, бір шәкірті алақжұлақ ішке кіріп:

«Тақсыр, тақсыр! Сіздің ауыл жанып, күл болды. Тек сіздің үй ғана аман қалыпты» – дейді.

Сәри Сақати қуанып, «Әлһамдүлиллаһ!..» дейді. Отыз жылдан кейін бір досына:

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, оған жақындауға уәсиле іздеңдер және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер». *(Мәидә, 35)*

«Ей, иман иелері! Аллаһқа мойынсұныңдар және Пайғамбарға мойынсұның-дар! Амалдарың-ды текке жібермеңдер!» *(Мұхаммед, 33).*

«Мен сол кезде "Әлһамдулиллаһ!.." деп, сол сәт тек өзімді ғана ойлап, қайғыға душар болған басқалардың қайғысын ойламадым. Міне, отыз жыл бойы сол күйім үшін тәубе етіп келе жатырмын!..» дейді.

Міне, осындай ізгілік көріністерінің барлығы Рахман мен Рахим сипаттарына жақын болып, мейірімділікке жүректерінің төрінен орын берген салих құлдарының тамаша көрінісі.

Әр мұсылман Аллаһтың **«Мүмин»** деген сипатымен де үнсият/жақын күйде болуы керек. Аллаһтың «Мүмин» сипаты көңілдерді иман нұрымен шуақтандырған, өзін panaлағандарға амандық беріп, сенім артылған, берген уәдесіне сенім артылған мағыналарына келеді. Аллаһтың құлдарына берген бұл сипатын өз бойына дарытқан мүмин жан бұл иләһи есімнің мағынасына сай мінез-құлық иесі болуы керек. Құдайға шүкір, мүмин деп аталамыз. Бірақ, ең маңыздысы – біздің бойымызда «Мүмин» сипатының қандай түрлерінің бар екені...

Шынайы мүмин болу үшін ең айқын белгілерінің бірі – көңілінде жарқыраған иман нұрымен өзін паналағандарға пана болу, тұрақ болу, олардың сенімін ақтай білу.

Мұхиддин Араби Хазірет жеткізген мына қисса Аллаһ Тағаланың «Мүмин» сипатымен үнсият/

жақындық құрған кезде абай болуымыз керек екенін көрсетеді.

Аллаһ Тағала **Хазіреті Мұса**ға U мыналарды орындауды бұйырды:

1) Саған үміттеніп келгенді нәсіпсіз қалдырма!

2) Сенен пана тілеп келгенді қорға!

Хазіреті Мұса U сапарға шыққанында жолда бір сұңқардың көгершінді қуып жүргенін көреді. Көгершін Мұсаны көргенде, оны паналап, иығына қонады. Сұңқар келіп, екінші иығына қонады. Сұңқар көгершінге атылмақ болған кезде, көгершін Мұсаның ішіне кіріп кетеді.

«Мені қорға, ей, Мұса! Әйтпесе сұңқар мені тас талқан етеді» – деді.

Бұған сұңқар Мұсаға:

«Ей, Имранұлы! Мен де сенің жәрдеміңе мұқтаж болып келдім. Үмітімді ақтағын! Рызығым мен менің арамызға түспе!» деп үн қатты. Көгершін:

«Ей, Имранұлы Мұса! Мені қорғауыңды сұраймын, сені паналаймын. Мені қорға, маған қауіпсіздік бер!» – деді. Мұса өз өзіне:

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер. Қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер».

(Мүнәуи, фәйзул-қадир, V, 663).



«О, Раббым! Қалай да тез арада ауыр сынаққа тап болдым!» деп, шарасыз қалғанын айтады.

Сосын көгершінді қорғап, сұңқардың да талабын орындап, Аллаһтың әміріне берік болу үшін соңғы шара ретінде өз балтырынан бір бөлік ет жұлып, сұңқарға берейін деп ойлайды. Көгершін мен сұңқар Хазіреті Мұсаның бұл пидашыл сезімін байқады да, дереу:

«Кімде-кім Елшіге мойынсұнса, Аллаһқа мойынсұнған болады...» (Ниса, 80).

«Ей, Мұса! Біз Аллаһтың екі елшісіміз. Мақсатымыз – сенің Аллаһқа берген сөзіңнің беріктігін сынау болатын» – дейді (Қараңыз: әл-Футұхатұл-Мәккия, Өсиеттер бөлімі).

Қысқасы, Аллаһтың барлық жамал сипаттары біздің іс-әрекеттерімізде қаншалықты орын тапса, біздің Онымен үнсиятымыз бен жақындығымыз, достығымыз да соншалықты болады. Сондықтан да әрқашан өз өзімізді есепке алып отыруымыз керек.



ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАР ﷺ МЫРЗАМЫЗҒА ЖАҚЫН БОЛУ

Аллаһтың ең сүйікті құлы – Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз r. Әлемді жаратушы – Аллаһ, жаратуына себеп – Хазіреті Пайғамбар Мырзамыз r.

Аллаһ біздерге жіберген аяттарында Хазіреті Пайғамбарды танытады. Оған мойынсұнуды және әдептілік көрсетуді бұйырады.

«Кімде-кім пайғамбарға бойсұнса, оның анық Аллаһқа бойсұнғаны...» (Ниса сүресі, 80-аят).

«Ей, иман иелері! Аллаһқа мойынсұныңдар! Пайғамбарға мойынсұныңдар! Амалдарыңды текке жібермеңдер!» (Мұхаммед сүресі, 33-аят).

«Ей, иман иелері! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан асырмаңдар (Оның берген шешімдеріне кереғар шешімдер шығармаңдар!) **Бір-біріңе айқайлағандарыңдай, Пайғамбармен көтеріңкі дауыспен сөйлеспеңдер. Әйтпесе амалдарың босқа кеткенін байқамай да қаласыңдар»** (Хұжурат сүресі, 2-аят).

Аса үлкен махаббатпен сүюіміз керек ететін Хазіреті Пайғамбарымыз өмір бойы «Үмметім, үмметім!..»

Хикмет пен даналық иесі Хазіреті Лұқман ұлына насихат еткен кезінде ең әуелі Аллаһқа серік қоспауын, себебі ширктің ең үлкен зұлымдық пен қате іс екендігін баса айтқан.

Парасат иесі кемел мүминдер иман арқылы ашылған дүниетаным кеңдігінің арқасында дүниеге ахірет тұрғысынан қарай біледі. Сол себепті әрдайым осы тұрғыдан артық-кем, пайда-зиян мәселесін терең ойланады. Сондықтан да олардың имандары тұрғанда ешқандай азап пен тауқыметтің шыбын шаққан құрлы маңызы болмайды...

деп ғұмыр кешті. Оның үмметіне деген сүйіспеншілігі, мейірімі мен ынтықтығы «бүлдіршіндерім» деп дірдір еткен, балапандарына қолқанат жайған мейірімді ананың сүйіспеншілігінен әлдеқайда күшті, артық болатын. Ол қадірменді сахабаларына былай дейтін:

«Назар аударыңдар! Мен өмірімде сендер үшін қауіпсіздік кепілімін. Қайтыс болғанымда қабірімде: «О, Раббым! Үмметім, үмметім!» деп, алғашқы Сур үрлегенше жалбарынып жатамын...» (Әли әл-Муттақи, Кәнзүл-ұммал, 14/414).

Оның үмметіне деген сүйіспеншілігін бағалап, опагершілік таныту әр мүминнің ең басты ұждан борышы болып табылады. *«Адам сүйгенімен бірге»* (Бұхари, Әдеп, 96) хадисі бойынша Оны жанымыздан артық сүюіміз керек. Оның сүннетін ұстанып, көркем ахлақын бойымызға дарытуымыз керек. Өйткені бұл Оған деген сүйіспеншілігіміздің ең нәзік өлшемі мен көрінісі.

Шынында, Хазіреті Пайғамбарымызға деген жақындығымыз Оның Сүннетін қаншалықты орындай алғанымызға байланысты. Мұхаммед үмметі ретінде бұл мәселені де терең ойлап, есепке алуымыз керек.

Өміріміз қаншалықты Сүннетке сай? Тек намаздағы сүннеттерде емес, тек тәһәжжуд, әууәбин,

духа намаздарында емес, адамдарға жасаған мәмілемізде, қарым-қатынастарымызда қаншалықты сүннетке сай күн кешудеміз? Отбасылық өмірде, сауда-саттық өмірде, шәкірттік өміріміз-де – қысқасы, Аллаһ Елшісімен, ардақты сахабалармен өмірдің әр кезеңіндегі үйлесімділігіміз қаншалықты?

Аллаһ баршамызға Хазіреті Пайғамбарымызды r лайықты түрде сүюді, қиямет күні Онымен көрші бола алуды нәсіп етсін! Әлбетте, бұл көп күш-қайратты талап етеді. Жақсылықты насихаттап, жамандықтан қайтаруды талап етеді. Хазіреті Пайғамбарымызға тән мінез-құлықпен мінезденіп, Исламның күлімсіреген шырайын бейнелеуші, таза және сезімтал Ислам тұлғасы болуды талап етеді.

Парасат иесі кемел мүминдер иман арқылы ашылған дүниетаным кеңдігінің арқасында дүниеге ахірет тұрғысынан қарай біледі.

МҮМИН БАУЫРЫНА ЖАҚЫН БОЛУ

Хазіреті Пайғамбар r былай деген:

«Мүмин басқалармен жақсы қарым-қатынаста болады (сүйеді) және өзгелер де онымен жақсы қатынасады (сүйіледі). Ал ешкіммен қатынасы жоқ және өзімен де қатынас болмаған адамнан қайыр жоқ» (Ахмет, II, 400, V, 335; Хаким, I, 73/59).



Дін бауырын сүйіп, оған жақын болудың негізгі шарты – салмақ болмау. Яғни, бауырына орынсыз салмақ болмау, керісінше, оның жүгін жеңілдетуге тырысу. Ауыртпалығы жоқ достық пен әуреге салмайтын сүйіспеншілік мәңгі болады.

Аллаһ Тағаланың мүминдер арасына орнатқан бауырластық құқығының маңыздылығы сонша, мүмин мүминнің еншісінде, оның әр жағдайына жауапты. Дін бауырының дертіне бейқам қалу иманды қауіпке тігетіндей маңызды мәселе.

Балалық шақта ойын, жастық шақта шәһуат, есейгенде ғапылдық, қартайғанда уыстан кеткендерге өкініш пен қасіреттен ғана тұратын өмір — босқа өткен өмір.

Сондықтан Аллаһ Тағала дін бауырластығының әлсіреуін қаламайды. Бауырластықты әлсірететін ғайбат, алып-қашты әңгіме, мазақ ету, қорлау, сөз тасып, ара бұзу сияқты іс-әрекеттерге қатаң түрде тыйым салған.

ӨЗАРА ТАТУ-ТӘТТІ БОЛЫҢДАР!

Әнфәл сүресінің алғашқы аятында:

«...(Шын) **сенген болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар да,** (таласқа түспей) **араларыңды түзетіңдер, Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар!»»** делінген.

Сондықтан мүмин бауыры екеуінің арасында суықтық пен араздық бар адам: **«Мен айыпсыз едім, ол айыпты еді!»** деп сөз таластырмай, нағыз мүминдерден екенін дәлелдеу үшін дін бауырымен тату-тәтті болудың алғашқы қадамын басуы керек.

Яхия ибн Әби Кәсир:

«Сүлеймен u ұлына былай деп өсиет айтқан:

«Ерегісуді, тартысуды доғар! Өйткені оның пайдасы жоқ. Және де ол ол бауырлар арасында дұшпандықты оятады» (Дәрими, Мұқаддимә, 29/309).

Мүслим ибн Ясәр t былай деген:

«Талас-тартыстан сақ болыңдар! Өйткені ол ғалымның надандығы. Мұнымен ғалымның аяғын шайтан тайдыруға тырысады» (Дәрими, Мұқаддимә, 35/402).

Олай болса, біздер, мүминдер, арамыздағы бауырластықтың құқығы мен бауын қорғау үшін үлкен сезімталдық көрсетіп, арамызға шайтанның кіруіне мүмкіндік бермеуіміз керек. Бүгін Ислам әлеміндегі шым-шытырық жағдайлар мен жанжалдың, алауыздықтың басты себебі де, әрине, Исламдағы бауырластық рухының ұмыт болғаны. Алайда, Хазіреті Пайғамбарымыз насихаттаған бауырластық жүйесі мүмин көңілдерге адамзат көрмеген тамаша ізгілік көкжиегін ұсынған. Әз

Бір Хақ досы былай деген екен:

«Бұл жаһан ақыл егелері үшін таң-тамаша, яғни әрбірі Аллаһтың құдірет шеберлігін паш етіп тұрған махлұқаттарды ғибратпен тамашалау. Ал ақымақтар үшін бұл жаһан бар болғаны ішіп-жеу мен шәһуаттан ғана тұрады».

Пайғамбарымыздың дәуірінде болған әнсар-мүһәжір бауырластығы – мұның ең үлкен дәлелі екені соншалық – әнсарлық мұсылмандар бар дүние-мүліктерін тізбектеп, жария еткендей, қолдарындағы барын ортаға салып, мүһәжір бауырларымен тең бөлісуге дайын болды. Бұған көңілдері қанағат қазынасы болған мүһәжірлер көңіл тоқтығымен:

«Нәпсіқұмарлығыңа қарсы сенімен бірге жиһад етіп, саған қол ұшын бергенмен жолдас бол. Әйтпесе, босқа шаршап-шалдығасың»

«Дүние-мүлкің өзіңе құт болсын, бауырым. Сен маған базардың жолын көрсетіп жібер, жетеді!» деп, қанағаттылық танытқан.

Ибн Омар V былай деп түсіндіреді:

«Жеті үй бар еді, барлығы да кедей болатын. Біреу осы үйлердің біріне бір қойдың басын жібереді. Үй иесі көршісінің мұқтаждықта екенін біліп, басты сол көршісіне жібереді. Екінші көрші де сондай оймен басты үшінші көршісіне жібереді. Осылай бас жеті үйді айналып шыққаннан кейін қайтадан алғашқы тарту етілген үйге жіберіледі» (Хаким, II, 526).



Мумин бауырларымызға жақындығымыз бен сүйіспеншілігіміздің қандай жағдайда екенін салыстырсақ, Ислам тарихынан шексіз ізгілік үлгілері сан жетпейтіндей

көп. Барлық осы ізгілік үлгідегі руханият пен достыққа, жақындыққа ие рух **«алдымен мүмин бауырым»** деп, оның қамын өзінікінен бұрын ойлайды. Өйткені Аллаһ үшін деген шынайы бауырластық бейне бір түрлі денелердің бір жүрекпен өмір сүргені сияқты. Аллаһ Елшісі r бір күні:

«Мүмин адам өзге мүминге бөлшектері бір-бірін мықтап ұстап тұрған ғимарат іспеттес» деген. Сосын бұны түсіндіру үшін саусақтарын бір-біріне айқастырып көрсеткен (Бұхари, Мәзалим, 5).

«Мүмин адам өзге мүминге бөлшектері бір-бірін мықтап ұстап тұрған ғимарат іспеттес» (Бұхари, Мәзалим, 5).

МҮМИН БАУЫРЫНЫҢ АҚЫРЕТТІК ДЕРТІНЕ ОРТАҚ БОЛУ

Ислам бауырластығының мақсаты – тек рахат кездер мен шай үстіндегі сұхбаттардағы достық пен жақындығы емес, дін бауырының қиын-қыстау күнінде, мұқтаж болып тұрған кезінде көрсетілген жақындық пен дерт ортақтастығы болып табылады.

Абдүлқадир Гәйләни құддусә сирруһ:

«Нәпсіқұмарлыққа қарсы сенімен бірге күресіп, саған қол ұшын бергенмен дос бол. Әйтпесе, босқа шаршапшалдығасың» деген. Яғни, дін бауырлас-

тығының мақсаты – саналы достық пен жақындық болу. Бұл Аллаһпен дос болу жолында алға қарай ілгерілеумен ғана мүмкін.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ей, дәруіш! Айнадағы соңғы нақышқа қара! Сұлулықтың көріліктегі ұсқынсыздығы мен әсем үйдің қоқыс үйіндісіне айналатынын ойла да, айнадағы бейнеге алданба!..».

Муминнің өмірдегі ең үлкен мақсаты – ақыреттік табысқа қол жеткізу болуы керек. Сондықтан муминнің дін бауырына көрсете алатын ең үлкен жәрдемі – оның ақыреттік өміріне байланысты қайғысына ықпал етіп, қол ұшын бере алу.

Бұл үшін мумин **«...Жақсылық пен тақуалықта жәрдемдесіңдер...»** (Мәидә сүресі, 2-аят) иләһи әміріне бағынып, дін бауырын үнемі ақыреттік бақытқа шақырып отыруы керек. Өмірдің армандары мен күйбең тіршілігінен жүректердің бейқамдыққа түсуіне қарсы негізгі өмір – ақырет өмірі екені есте сақталуы керек. Дін бауыры қандай да бір қателік жасағанда, Аллаһ үшін әсем түрде ескертіліп, жағдайын туралауға жәрдемші болу керек. Діни және рухани жайттардағы мағлұмат кемшіліктерін толықтыруға тырысып, қателерін сыпайы ғана түзету керек. Өз қателері мен кемшіліктеріне қатысты бауырынан шын көңілден ескерту алса, бұған нәпсісін араластырмай, үлкен түсіністікпен, алғыспен қабыл алу керек.

САДЫҚ-ШЫНШЫЛДАРҒА, САЛИҚАЛЫ ЖАНДАРҒА ЖАҚЫН БОЛУ

Егер бір заттан түрлі құнды қуат немесе жарық жайылса, адамның жүрегінен де сондай көзге көрінбейтін, бірақ көреген мүминдерге ғана сезілетін рухани қуат жайылады.

Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың бұйрықтарына сай өмір сүріңдер/Оған жат ұстанымнан сақтаныңдар да, шыншылдармен бірге болыңар (жеке бастарыңмен қалмаңдар)**!»** дейді (Тәубе сүресі, 119-аят). Осылай жүрегіміздің болымды әсерлерге қарық болуын ескертеді.

Иләһи нұрдан маҳрұм саналар майсыз шамдар мен тоқсыз электр лампалары секілді. Ондай сана адамның жолына жарық беруі және хаққа, қайырға жеткізуі мүмкін емес.

Еркі өз билігінде жоқ жүрегіміздің ең үлкен иләһи қоры – сүйіспеншілік. Сондықтан мүмин сүйіспеншілігін қайда және қалай қолданатынын жақсы біліп, Аллаһтың бұл сыйын қауіпке ұшыратпауы керек. Сүйіспеншіліктің ең табиғи нәтижесі – жақындық пен достықты Аллаһтың салих және садық құлдарына арнау Аллаһтың ризалығы мен жақындығына жетелейді

Расул Әкрәм ﷺ Мырзамыз дін бауырын Аллаһ үшін сүйіп, Аллаһ үшін барып келудің орасан мол сауабы болғанына мына оқиғаны тілге тиек етіп тоқталған:

Ақылдың шешімі жоқ шырмалулардан құтылуының жолы уахимен тәрбиеленіп, өз шегінен асатын ақиқаттар турасында илаһи баянға жүрекпен тәсілім болу керектігін түсінуіне байланысты.

«Біреу басқа ауылдағы (дін) бауырын зиярат ету үшін жолға шықты. Аллаһ адамды сынау үшін оның жолына бір періштені міндеттеп қойды. Адам періштенің жанына келгенде, періште:

«Қайда бара жатырсың?» – деді. Ол адам:

«Мына ауылда дін бауырым бар еді, соны көріп-қайтуға бара жатырмын» – деді. Періште:

«Ол бауырыңнан түсетін пайда бар ма?» – деп сұрады. Адам:

«Жоқ, мен оны тек Аллаһ ризалығы үшін сүйемін, сол үшін зиярати бара жатырмын» – деді. Бұған періште:

«Сен оны қалай сүйсең, Аллаһ та сені солай сүйеді. Мен осы сүйіншіні жеткізу үшін Аллаһтың саған жіберген елшісімін» – дейді (Мүслим, Бирр, 38; Ахмет, II, 292).

Сондықтан үнемі муминнің көңілі **«О, Раббым! Маған сүйгендеріңді сүйдір, сүймегендеріңді сүйдірме, жүрегімді қорға!»** деген жалбарыныш сезіміне толы болуы керек. Өйткені адам сүйгенінің жолымен жүреді.

Салих, садық адамдармен тек сырт пішінде ғана бірге болудың жақындық емес екенін есте сақтау керек. Салих пен садықтардың жағымды қуаттары мен ұшқындарынан, руханияттарынан пайдалану

үшін олармен зейінмен де, жүрекпен де бір болу керек.

Хасан Басри Хазірет бір шәкіртіне былай деген:

«Салихтарды көріп, әңгімелесіп, олармен бірге болдым деп, өз-өзіңді алдама! Мәртебесі Хазіреті Пайғамбардан биік пайғамбар, жоғары тұлға жоқ. Бірақ Онымен бірге өмір сүріп, Оның артында намаз оқыса да Сәғләбәнің қандай күйге түскенін ұмытпа!».

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай дейді:

«Кім Аллаһты Раббысы деп, Исламды діні деп, Мұхаммедті пайғамбары деп біліп, разы болса, Жәннат оған уәжіп болады».(Әбу Дәуіт, Саләт, 36; Термези, Саләт, 42)

ҒАПЫЛ МЕН ПАСЫҚТАРҒА ЖАҚЫН БОЛУДЫҢ ЗИЯНЫ

Аллаһ Тағала аятта:

Аллаһ Тағала аят кәримәда **«...Залымдар тобымен отырма!»** (Әнʼам сүресі, 68-аят) дей келе, сезім ошағы болып табылатын жүректі жағымсыз әсерлерден қорғауды бұйырады. Ғапылдар мен пасықтарға жақын болудың кесірінен жамандыққа бет алып, ақыры

олардың қатарындағы адамдардың аянышты мысалдары өте көп.

Хазіреті Луттың әйелі, Хазіреті Нухтың әйелі мен ұлы Кенан пасықтар мен залымдарға жақын тұрғандары үшін иләһи қаһарға душар болған.

Хазіреті Луттың әйелі, Хазіреті Нухтың әйелі мен ұлы Кенан пасық және залымдармен ұнсияттары нәтижесінде иләһи қаһарға душар болған.

Имам Ғаззали бейқам адамдармен, пасықтармен қоян-қолтық араласу алдымен ой-санасымен жақын болуға, уақыт өте келе жүректегі сенім мен сезімдері бірдей болатынын айтқан. Бұл адамның бірте-бірте құрдымға кетуі деген сөз.

Шәһр ибн Хәушәб t дейді:

«Маған жеткен риуаятқа қарағанда, Лұқман Хаким ұлына былай деп өсиет айтқан екен:

«...Құлыным! Адамдар құрған сұхбат мәжілістерін мән бере таңда! Аллаһты еске алатын топты көрсең, лезде олардың жанына барып отыр. Өйткені сен ғалым кісі болсаң, ғылымың (оларға бір нәрселер үйретіп, сауап алу арқылы) саған пайдасын береді. Ал надан болсаң, олар саған үйретеді. Сонымен қатар, бәлкім, Аллаһ оларға мейірім назарын салады, сонда олармен бірге сен де өз үлесіңді аласың.



Аллаһты еске алмаған топ көрсең, олардың жанына отырма! Өйткені сен

ғалым болсаң, (бұл жағдайда) ғылымың саған пайда бермейді. Надан болсаң, олар сенің азғындығың мен надандығыңды арттырады. Және де Аллаһ оларға ашумен қарайды да, олармен бірге сен де күйіп кетесің» (Дәрими, Мұқаддимә, 34/383).).

Жағфар Садық Хазірет былай дейді:

«Бес түрлі адам сұхбатынан сақ бол:

1) Өтірікші: Онымен бірге болсаң, алданып қаласың.

2) Ақымақ: Саған пайдалы боламын деп, зиянын тигізеді. Ол бұнысын өзі байқамай қалады да.

3) Сараң: Ең қымбат уақытыңды босқа жібереді.

4) Арам ниетті адам: Басыңа іс түскен кезде саған қол ұшын бермейді.

5) Пасық: Пайдасыз нәрсеге беріліп, сені бір үзім нәрсеге сатып кетеді» (Фәридүддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, I, 56).

Тоқсан ауыз сөздің түйіні – адамның материалдық-рухани тәлімінде жақындық пен достық деген құбылысты тура, дұрыс қолдану өмірлік мәні бар мәселе. Адам үнемі ібіліс пен

Аллаһ қорқынышынан туындайтын рухани күш ешқандай физикалық күшпен теңестіруге келмейтін күш. Сондықтан да ар мен ожданның ең жақсы күзетшісі – Аллаһ қорқынышы.

нәпсі сияқты екі оттың ортасында болады. Тіпті, бүгінгі таңда болымсыз қуат жаятын ошақтардың қоғамның әр сатысында көбеюі өзіміз бен бала-шағамызды, айналамызды бұл оттардан қорғауға деген жауапкершілігіміздің одан да маңыздылығын көрсетеді. Бұл үшін салиқалы, адал, шыншыл жандардың жүрек әлемінен әсер ала алатындай, олармен бірге болуымыз, сондай-ақ рухани тәлім тұрғысындағы күш-жігерімізді одан да көбірек арттыруымыз керек.

«Исраил әулетінен кәпір болғандар Дәуіттің де, Мәриям ұлы Исаның да тілімен қарғысқа ұшыратылды. Бұл олардың қарсыласқандығынан және шектен шыққандықтарынан болды» *(Мәидә, 78-81)*

Ә) ҚОҒАМДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІМІЗ

НАСИХАТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде Мұхаммед үмметінің ерекшеліктерінің бірін былай баян еткен:

«Сендер адамзат үшін жарыққа шығарылған бір хайырлы үмметісіңдер. Жақсылыққа бұйырып, жамандықтан қайтарасыңдар. (Өйткені) **Аллаһқа сенесіңдер. Егер Кітап иелері** (яһудилер мен христиандар) **иман келтірген жағдайда өздеріне жақсы болар еді.** (Негізінде) **олардың ішінде иман келтіргендер болғанымен, олардың көбі** (хақ діннен шыққан) **пасықтар»** (Әлу Имран сүресі, 110-аят).

Жақсылықты әмір ету мен жамандықтан қайтару, насихаттау және де Аллаһтың атын ұлықтау үшін

бар күш-жігерін жұмсау – мүмин адамның қоғам алдындағы міндеттерінің ең маңыздыларының бірі болып табылады.

Хадис шәрифте былай айтылған:

«Кімде-кім бір жамандық көретін болса, оны өзі түзетсін. Егер күші жетпесе, тілімен, бұған да күші жетпесе, жүрегімен (түзетсін). Бұл (соңғысы) – иманның ең әлсіз күйі» (Мүслим, Иман, 78).

Бұл хадиске назар аударатын болсақ, Хазіреті Пайғамбарымыз r жақсылыққа шақырмаған адамдардың иманы ең әлсіз болатынын ескертіп отыр. Ал иман әлсіздігі дүниеде де, ақыретте де мұсылмандардың құт-берекесін кетіретін кемшілік болып табылады. Бір қоғамда өмір сүрген адамдар теңізде жүзіп бара жатқан бір кемедегі жолаушылар сияқты бір бағытқа қарай бет алған. Алған беттері, қаласа да, қаламаса да, ахірет әлемі. Сондықтан барлығымыз сол кеменің аман-есен жүзуіне жауаптымыз.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар r былай дейді:

«Аллаһ белгілеп қойған шекті сақтап, қорғағандар мен бұл шекті бұзғандар бір кемеге міну

Дін, хайуандарға да мейіріммен қарап, бұл әлемді құлпыртып, жамандықтарға кедергі болуды, қажет болған жағдайда бұл жолда жанын пида етуді үйретеді.

үшін жеребе тастаған топқа ұқсайды. Олардың бір бөлігі кеменің үстінде, бір бөлігі төменгі жағында орналасқан. Төменде орналасқандар су алғылары келгенде жоғары жақтағылардың жанынан өтетін. Олар:

«Өз жерімізден бір тесік ашсақ жоғарыдағыларды мазаламас едік» – дейді.

Егер жоғарыда орналасқандар төмендегілердің бұл ойлары мен істеріне қарсы болмаған жағдайда барлығы бірге суға батып, жоқ болады. Егер қарсы болса, әрі өздері құтылады, әрі оларды құтқарады» (Бұхари, Ширкет, 6; Термези, Фитән, 12).

Дін адамға мархаматты, дұрыстықты, әділеттілікті, кісі ақысын жемеуді, адамдарға үнемі жақсылық жасауды және жамандықтан сақтануды бұйырады.

Кеменің астын тескендерге яғни, жамандықты әмір етіп, жақсылықты қолдамағандарға кедергі болмаса, кеме суға батқанда тек олар ғана батпайды. Оларды ескертпегендерді де бірге алып кетеді. Бүгінгі күнде қоғамда лаңкестік, арсыздық пен ұятсыздық, көптеген жамандықтар етек жайып, жаңа ұрпақтарды жалмап, өз ішіне тартып жатыр. Ал жамандық атаулысын тек жүректерімен ғана жек көрген отбасылардың балалары бұл қырсықтан сақтана алмайды.

Насихат жауапкершілігіне немқұрайды қарау

Асхабүс-Сәбттің басына түскен ауыр істей, иләһи қатердің төнуіне себеп болады.

Асхабүс-Сәбт

Асхабүс-сәбт сенбі күні балық аулауға тыйым салынған яһуди қауымы болатын. Бірақ қауымның азғындары бұл күні бұл тыйымға бағынбайтын. Сонда Аллаһтың әміріне мойынсұнғандар арасында мынандай бір тартыс орын алады:

«Сонда олардан бір топ адам: "Аллаһ (дүниеде) **типыл қылатын немесе** (ахіретте) **бек қатты жазалайтын қауымға не үшін насихат айтасыңдар?» – дегенде,** (үгіт айтушылар да «Міндетімізді орындап) **Раббыларыңа** (айтар) **себеп-сылтауымыз** (бен кешірім тілеуге бетіміз) **болсын және, бәлкім, олар Аллаһтың әміріне сай өмір сүріп, қарсы келуден сақтанар деп** (үгіт айтамыз)" **– деді»** (А'раф сүресі, 164-аят).

Олар берген жауап – пайдасы жоқ деген сылтаумен насихат айтудан бас тартудың дұрыс емес екенінің, сондай-ақ тыңдаушыға әсер ете алатын тамыр тапқанша сабырмен, табандылықпен жақсылық пен әсемдіктерді түсіндіріп, жамандықтан алыстату ісін жалғастыру керектігінің Құрандағы дәлелі болып табылады.

Асхабүс-Сәбтке үгіт айтып, дұрыс жолға шақырмағандар, ақыры, иләһи азап келгенде

Бүгінде адамзаттың жалғыз табысқа апарар жолы Ислам ғана. Басқа діндердің үкімдері тоқтаған. Өйткені кейін келген нәрсенің барлығы өзінен бұрынғына қарағанда толығырақ, кемелірек болатындығында шәк жоқ.

күнәһарлармен бірге азапқа душар болды. Тек адамдарды жамандықтан қайтарғандар ғана иләһи қорғауға қарық болды. Бұл мәселе аятта былай тілге тиек етілген:

«Олар өздеріне айтылған үгіт-насихатты ұмытқан бойда, Біз де табандылықпен жамандықтан қайтарғандарды құтқардық. (Аллаһтың әміріне бағынбай) **зұлымдық істегендерді пасық істері үшін қатты азаппен ұстап алдық»** (А’раф сүресі, 165-аят).

Хазіреті Расулұллаһ r насихат пен дағуат міндетіне немқұрайды қарап, сондай маңызды істен бас тартумен қоғамдағы бұзықтықтың етек жаятынын, соның салдарынан қоғамды иләһи жазаға душар ететінін Исраил ұлдарын мысал келтіре отырып, былай түсіндіреді:

«Исраил ұлдарының алғашқы бұзылулары былай басталды. Бір адам жамандық жасаған біреуді көргенде «Қара, бауырым! Аллаһтан қорық және бұл ісіңнен бас тарт! Өйткені бұны жасау саған халал емес!» деп ескертетін. Келесі күні сол адамды сол күйінде көргенде, онымен бірге ішіп-жеп, бірге отыру үшін оған ескерту жасамайтын. Міне, сол кезде Аллаһ олардың жүректерін бір-біріне ұқсатты».

Кейін Аллаһ Елшісі r мына аяттарды оқыды:

Ислам және иман нығметінің біздерге дейін жетуі үшін Аллаһ және Оның Елшісі, оның ардақты сахабалары және олардың ізінен келген салиқалы нәсіл қалай күш-қайрат жұмсаған болса, біздер де бұл киелі аманатты келешек нәсілдерге дәл сол рухи тебіреністі сақтай отырып жеткізуге міндеттіміз.

«Исраил әулетінен кәпір болғандар Дәуіттің де, Мәриям ұлы Исаның да тілімен қарғысқа ұшыратылды. Бұл олардың қарсыласқандығы мен шектен шыққандықтарынан болды.

Олар істеген қандайда бір жамандықтан бірін-бірі тыймайтын. Олардың істеп келе жатқандары неткен жаман еді!

Олардан бірсыпырасының (мүминдерге қарсы) **кәпірлермен дос болғанын көресің. Нәпсілерінің өздеріне** (ахіреттегі өмірлері үшін) **алдын-ала даярлаған істері тым жаман. Өйткені олар Аллаһтың қаһарына ұшырады,** (сондықтан да) **мәңгілік азапта қалады.**

Егер олар Аллаһқа, пайғамбарға және оған түсірілгенге сенген болса, оларды (мүшріктер мен кәпірлерді) **уәлі** (дос, сырлас, басқарушы) **тұтпас еді. Бірақ, олардың көбі – пасық»** (Мәидә сүресі, 78-81-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұдан кейін сөздерін былай тамамдады:

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұдан кейін сөздерін былай тамамдады:

«...Оларға үгіт айт және өздері жайында әсерлі сөз сөйле!»

(Ниса, 63).

«Сендер бір-біріңе жақсылықты өсиет етіп, жамандықтардан қайтарыңдар, залымның зұлымдығына тосқауыл болыңдар. Не болмаса Аллаһ жүректеріңді бір-біріңе ұқсатады. Исрайл ұлдарын лағынеттегендей, сендерді де лағынеттейді» (Әбу Дәуіт, Мәләһим, 17, 4336; Термези, Тәфсир, 5/6, 7; Бәйхәқи, Сүнәнул-күбрә, X, 93).

«Сенімдеріңе сай амал қылмасаңдар, сол амалдарыңа сене бастайсыңдар».

(Хазіреті Омар)

Насихат жауапкершілігіне немқұрайды қараудың ахіреттегі нәтижесі де өте аянышты болмақ. Әбу Һурайра t: «Сахабаларға үрей ұялатқан» мына ақиқатты жеткізеді:

«Қиямет күнінде адамның жағасына танымайтын біреу келіп жармасады. Адам сасып:

«Менен не қалайсың? Мен сені танымаймын ғой?» – дейді.

Жағасына жармасқан адам:

«Дүниеде мені қателік жасап, жаман істер істегенімді көргеніңде ескертпеп едің. Мені сол жамандықтардан қайтармаған едің» деп, (Аллаһтың құзырында) шағымданады» (Мүнзири, әт-Тәрғиб уәт-Тәрһиб, Бейрут 1417, III, 164/3506; Рудәни, Жәмул-Фәуәйд, Ауд: Найым Ердоған, Ыстанбұл, V, 384).

Насихат жауапкершілігін орындағандарды өте жақсы сыйлар күтеді.

Аллаһ Елшісі r бір күні былай дейді:

«– Сендерге кейбір адамдар туралы айтып берейін бе? Бұлар пайғамбар да, шәһид те емес. Бірақ, қиямет күнінде пайғамбарлар мен шәһидтер олардың Аллаһ құзырындағы мәртебелеріне қызығады. Олар нұрдан жасалған мінбелер үстіне отырғандар және оларды бәрі таниды»

Қадірменді сахабалар:

«– Олар кімдер, ей, Аллаһ Елшісі?» – деп сұрады.

Аллаһ Елшісі r :

«– Олар құлдарын Аллаһқа, Аллаһты құлдарына сүйдіргендер. Жер бетінде насихат етіп, үгіттеушілер ретінде жүреді» деді.

Мен:

«– Ей, Аллаһ Елшісі! Аллаһты құлдарына сүйдіруді түсіндік. Жарайды, құлдарын Аллаһқа сүйдіру дегеніңіз қалай?» – деп сұрадым.

Ол былай деді:

«– Адамдарға Аллаһ сүйген нәрселерін әмір етеді, сүймеген нәрселерінен қайтарады. Адамдар бұған мойынсұнғанда, Аллаһ оларды сүйеді» (Әли әл-Мұттақи, III, 685-686; Бәйхақи, Шуабул-Иман, I, 367).

Хазіреті Омар әңгімелейді:

«Ансарлық бір көршіммен бірге Мәдинаның жоғарғы жағындағы Умәййа бин Зәйд ұлдарының ауылында тұратын кезімізде ілім үйрену үшін Расулуллаһтың жанына кезекпен баратынбыз. Мен барған уақытымды сол күні түскен уахи немесе басқа да бір хабар естісем, оны көршіме айтамын, ол барған уақытында ол айтып келетін»(Бұхари, китабул-ғилм, 27).

ҮЛГІЛІ ҰРПАҚ ӨСІРУДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Қоғам өсіріп-өндірген адамдары мен әулеттерінің арқасында өмірлерін жалғастырады. Сондықтан дарынды адам өспей қалса, қоғам да өспейді. Тіпті, жойылып кетеді. Сондықтан үстем де өктем халықтар мен отар халықтар арасындағы бір ғана айырмашылық – бір топ дарынды адам.

Хазіреті Омар t бір күні достарымен отырған болатын. Олардың Аллаһтан сұрайтын қандай талаптары мен тілектері бар екенін сұрады. Ондағылардың бір бөлігі:

«Ішінде отырған мына үй толатындай ақшам болса, Аллаһ жолында жұмсаймын!..» деп, ниеттерін айтты.

Бір бөлігі:

«Ішінде отырған мына үй толатындай алтыным болсын, соны Аллаһ үшін жұмсаймын!..» деген тілегін білдірді.

Кейбіреулері:

«Ішінде отырған мына үй толатындай асыл тастарға ие болайын, оларды Аллаһ жолында жұмсаймын!..» – деп, тілек білдірді.

Кімде-кім ішіп-жейтін және барып-қайтуына қаржысы болып, Бәйтуллаһқа баруы мүмкін бола тұра қажылығын өтемесе, оның яһуди немесе христиан болып өлуіне ешқандай кедергі жоқ!».

(Термези, хажж, 3)

Хазіреті Омар t :

«Тағы, тағы да көбірек сұраңдар!» – деді.

Олар:

«Аллаһтан басқа тағы не сұрай аламыз?» – деп, танырқай жауап берді.

Бұған Хазіреті Омар t :

«Мен болсам, ішінде отырған мына үйдің Әбу Ұбайда бин Жәрраһ, Мұаз бин Жәбәл және Хұзәйфәтұл-Йемени сияқты (ерекше, тандаулы, жан-жақты кәміл) адамдарға толы болуын және бұларды Аллаһқа бағыну жолына, яғни насихат пен туралау қызметтеріне жұмсасам деп қалаймын...» – деді (Бұхари, Тарихус-Сағир, I, 54).

Хазіреті Мәуләнә Хазіреті Омардың осы қалауындай жақсы, сапалы, саналы адам ізденісінде, тіпті, ондай адамның қасіретін шегіп жүргенін былай тілге тиек етеді:

«Түн уақыты еді. Үйімнен сыртқа шығып, қырда жүр едім. Қолында шамы бар бір адамның жүгіргенін көрдім де,

«– Бұл түн ортасында не іздеп жүрсің?» – деп сұрадым. Әлгі адам:

«– Адам іздеп жүрмін» – деді.

Ғибадаттар иман ағашын қоректендіретін топырақ іспеттес. Ағаш өзіне нәр беріп тұрған топырақтан бөлек тұра алмайтыны секілді, иман да ғибадаттардан бөлек тұра алады деп ойлау мүмкін емес. Сол өмірлік маңызы бар құлшылықтардың ең басында шүбәсіз, намаз тұрады. Сондықтан да құлшылықтардың арасынан ең әуелі намаз парыз етілген.

«Тек мына екі адамға құмартуға болады: Біріншісі – Аллаһ өзіне Құран білімін беріп, сол Құранмен күні-түні бірге болып, онымен амал ететін адам. Екіншісі – Аллаһ өзіне дәулет беріп, күні-түні сол дәулетін жақсылыққа инфәқ еткен адам»

(Муслим, мусәфирун, 266, 267).

Оған былай дедім:

«– Өкінішті-ақ! Босқа шаршап жүрген екенсің... Мен ондай адамды табу үшін елім мен жұртымнан алысқа барып қайттым. Соның өзінде оны таба алмадым. Бар үйіңе... Жат, тынық! Босқа іздеп жүрсің, оны ешқайдан таба алмайсың!».

Сонда әлгі кісі мұңайып, маған:

«– Таба алмайтынымды мен де білемін. Бірақ, сонда да оны іздегеннен ләззат аламын!» деді.

Бұл іздеу адамды өкініште қалдырмайды. Өйткені Хазіреті Омарлар да, Мәуләнәлар да Әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыздың **«жолының тозаңы»** болумен өздерін абыройлымыз деп санап, Оған беріле еріп, ұрпақтың болашақ қайғысын ұждандарында сезініп, оларды өсіру жауапкершілігін шын жүректерінен сезінген және бұл жауапкершілікпен шаршау дегеннің не нәрсе екенін білмей, бар күш-жігерлерін жұмсаған. Өйткені Хазіреті Пайғамбар r үнемі бұл уайыммен күн кешкен болатын. Ол бұл уайымымен Тайфқа барды. Ол жерге барғанда қалың тастың астында қалды, сонда да бораған тасқа шыдады. Үстіне түйенің ішек-қарны төгілді, оған да шыдады. Жаһилия қажылары Меккеге келгенде оларға барып:

«Мархабат, өтінемін. Мені өз елдеріңе алып барсаңдар, білмейтін нәрселеріңді айтып беремін» – деген.

Ол шаршамады, жалықпады. Бірақ бұл орасан зор жігерінің арқасында бүкіл пайғамбарлық өмірінде мыңдаған адамға насихат айтып, әлемнің басқа аймақтарына Ислам шақыруын жеткізді. Ислам туын көтеретін сенімді ұрпақ өсірді. Қоштасу хұтбасының соңында:

«– Дінді жеткізіп, насихат еттім бе?» – деп сұрады. Сахабалардың:

«– Иә, насихат еттің!» деген қолдау мен құптауды естігенде, қолын аспанға көтеріп:

«Куә бол, Раббым! Куә бол, Раббым! Куә бол, Раббым!» – деді.

Насихат міндетін толық, ең көркем түрде орындаған қуанышымен Раббысына қауышты. Хазіреті Айша анамыздың Пайғамбарымыздың соңғы күндері туралы айтқан мына естелігі бұны растайды:

Ардақты Пайғамбарымыз:

«Һидаят Аллаһ Тағаланың қолында. Аллаһ қайыр қалаған құлының жүрегін иманға ашады!», деді.

«Аллаһ Елшісі r өзін кішкене жақсы сезінгенде екі адамның қолына сүйеніп, бесін намазына бармақ болып, мешітке шықты. (Жүргенде мүбәрак әлсіз аяқтарының жерде сүйретіліп бара жатқаны әлі көз алдымда). Хазіреті Әбу Бәкір бесін намазын оқытып жатты. Хазіреті Пайғамбарымыздың келгенін көргенде, кейін шегінгісі келгенде, Аллаһ Елшісі r оған:

“Орныңнан қозғалма!” деп ымдады. Өзі келіп, Хазіреті Әбу Бәкірдің жанына отырды...» (Бұхари, Азан, 51).

«Сендердің ең қайырлыларың — Құранды үйреніп, сосын оны басқаға үйреткендерің» *(Бұхари, фәдаилул-Құран, 21).*

Айша анамыз бұл оқиғаны айтып болған соң сөзін былай жалғастырды:

«Пайғамбарымыз сәлем беріп, намаздан шыққан соң артына қарады, сонда әдептілік сақтап отырған сахабаларын көрді де, қатты қуанды. Өмірімде Оны соншалықты бақытты болғанын көрмеп едім».

Осыған орай біз бүгінгі таңда болашағы тас түнекке айналған ұрпақтың қайғысын өз ұждандарымызда сезінуіміз керек. Ұрпақтың жағдайына, болашағына өзімізді жауапты екенімізді сезінуіміз керек.

Дәуірдің ағысына да өзімізді жауапты сезінуіміз керек.

Өйткені мүмин кісі қоғамның беталысына жауапты болып табылады. Ол халқының дерт-теріне, күйзелістеріне, барлық жағдайына назар аударуы тиіс. Өйткені адамды тәрбиелеп, өсіру жауапкершілігіне немқұрайды қарағанымыз үшін қаншама дарындар, қаншама қабілеттер, қаншама жаратылысы тап-таза ұрпақтар жоқ болып жатыр.

ДАРЫНДЫЛАРДЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Тәлім – ерекше өнер. Өнерпаз тәлімгердің еңбегі тәрбиелеген, өсірген, қабілетін ашқан адамдарынан көрінеді.

Адамзат тарихында жетілген шың тұлғалардың басым көпшілігі ұрпақтар мен мүминдер алдындағы жауапкершілігін сезінген тәлімгерлер-дің шынайы еңбектерінің арқасында жетілген. Тарихымыздағы қаһарман бабаларымыз бен батырларымыз ғалым-ғұламалардың нәзік іскерлігімен жарқылдаған асыл тастар болып табылады. Егер сол тұлғалар-дың тәлім-тәрбие тұрғысындағы жанкештіктері болмағанда, алдымызға әлемді билеген әмірші орнына нәпсісінен жеңілген қатардағы бір әмірші болып шығуы әбден мүмкін еді.

Сақифтан келген топ намаздан босатылу шартымен иманға келіп, бас ию етуге келісетінін айтады. Хазіреті Пайғамбар *:*

«Рукуғсыз (намазсыз) діннен қайыр жоқ», деп бұл ұсыныстарын қабылдамады.

(Әбу Дәуіт, хараж, 25-26/3026)

Ғибадаттар құлдың әл-мисақта Раббысына берген сөзіне берік екендігін көрсететін опалылық нышаны. Олар мүминді Раббысына жақындата түсетін ұлы қауыштудың ұшқындары. Сонымен қатар құлшылық адам баласын өлім және оның арғы бетінің қайғысы мен уайымдарынан азат ете алатын ең пайдалы шипа және жан тынышты-ғының кепілі.

Түркілер тарихындағы Абылайхандар, Абайлар, Шәкерімдер, Мәшһүр Жүсіптер, Мәуләнәлар, Юнус Әмрелер, Фузулилар, Явузлар, Қанунилар – шәкіртінің өсіп-өніп, толық жетілуін мақсат тұтқан ата-аналар мен ұстаздардың, тәрбиешілердің қамқорлығы мен еңбектері арқасында жетілді.

Ал, өкінішке орай, бүгінгі таңда көптеген қабілеттер мен дарындар қолына аманат деп тапсырылған ағартушылар мен мұғалімдердің, ұстаздардың немқұрайды пиғылдары мен жігерсіздіктерінен жойылып та бара жатыр.

Тәрбиелеп жатқан жастарымыз бен қарамағымыздағы адамдардың дарындарының болашағы біздің мойнымыздағы жауапкершілік. Үлкен қайын ағашы болатындай дарынды шәкіртін бойы бір метр терекке айналдырған тәлімгер Аллаһ алдында жауапты болады, үлкен күнәһар болады.

Дарындар тәлімгердің жарамдылығы, шынайылығы, ықыласы, тақуасы, сыпайылылығы, жұмсақ-тығы, қарым-қатынасы, жігеріне қарай ашылады. Жай ғана жұмысқа келіп, тексеру мен түгелдеу кітапшасына қол қойып, немесе ертелі-кеш жұмысқа келу картасын жабдықтарға сұғып, сырттай ғана жұмыс істеген қызметкер сияқты тәлімгердің тәрбиелеген адамына ешбір әсері де, пайдасы да, ықпалы да болмайды. Тәлімгер пысық, жігерлі, зерек болуы керек. Сонымен қатар тек қайың ағашы болатындай дарыны бар шәкіртін

тәрбиелеумен шектеліп қана қоймай, дарыны кішкентай ағаштай болғандарды да ашуға тырысуы керек.

Дін — жүректің есендікке қауышып, құлдың Раббысына құны болуы үшін қажетті рухани нәр көзі.

Болашақ үшін жасалатын ең күшті, дұрыс жоспар – сапалы, жақсы адам тәрбиелеу. Болашақтың есебін жасай алмаған қоғамды қиын-қыстау заман күтеді. Өкінішке орай, бүгін сондай бір замандамыз, адамдар селде аққан шыбықтар сияқты, кетіп барады. Топыраққа жан сыйлап, құнарлы ететін қаншама ағын сулар теңізге жететін жер таба алмай, Аллаһ сақтасын, жаман су жиналған жерлерге ағып жатыр. Бұның жауапкершілігі оларға жол сілтеуге міндетті тәлімгер мен ұстазда...

Бұл жауапкершілік орындалып, қабілеттер ашылған жағдайда жаратылыстағы дарындар іске асқанда, ортаға көздің қарашығындай жарқыраған ұрпақ шыға бастағанда, бұған ең бірінші болып қуанатын, лайықты мақтаныш сезінетін де сол қайыңды өсірген тәлімгердің өзі болады.

Аят кәримәда Аллаһ Елшісімен бірге болған ардақты сахабалар туралы айтылғандарға назар аударайық.

«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал болып, өзара (діндестер ара) **мейірімді, оларды рүкуғ, сәжде ете отырып, Аллаһтың мол рахметі мен ризалығын тілегенін көресің. Олардың жүздерінде сәжде іздерінің нышандары бар. Бұл олардың Тәураттағы сипаттары. Ал Інжілдегі сипаттары: Көктеп-өніп, онан соң әлденіп, жетіліп, өз сабағында тік тұрған, диқандарды** (толған дәні, ерен шығымымен) **таңқалдырған егін сияқты. Бұл** (ұқсату) **кәпірлерді ызаландырмаққа. Аллаһ олардың иман келтіріп, жақсы іс істегендеріне кешірім етіп, ерекше сауап беруді уағда етті»** (Фәтх сүресі, 29-аят).

Міне, мүминдердің жүзін күлімсіретіп, Аллаһ дұшпандарын қызғандыратын ұрпақ өсірудің берекеті...

«Барлық нәрсенің жанының жаны Аллаһ екен. Олай болса, жанның жанынан айрылып қалудан қорық! Оның әмірлеріне бағын!».

(Хазіреті Мәуләнә)

ЖАСТАР АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Жастық – өмірдің бір рет қана келетін көктем маусымы. Егер жастық руханиятпен безендірілсе, бізге мәңгілікке дейін пайдасын тигізетін берекеттің көзі болады. Күзге қарағанда көктем жауындары қалай пайдалы болса, жастық шақтағы руханият та сондай берекелі болады. Қанша надан мен ақымақ адам бұл құнды да, берекелі жастық шақты ең көркем пайдалануға насихаттаудың орнына **«Ой, ұлым/қызым не болады дейсің, жастық қой. Әйтеуір, тәубе етерсің...»** деген сияқты болымсыз үндеулермен жас ұрпақтың бұзылуына себеп болады. Алайда, жастық шақ берекелі көктем күндеріндей, бір сәтте өтеді де кетеді. Адам оған алданып қалады. Артта өкінішті естелік пен ұждан азабы қалады. Ешқандай тәубе мен өкініш жастық шақта қол жеткізілетін табыстардың орнын толтыра алмайды.

Хазіреті Пайғамбар r үгіт берген адамына былай деген:

«Бес нәрсе келмей тұрып, бес нәрсені олжа деп біл! Карттығыңнан бұрын жастық шағыңды, науқастығыңнан бұрын денсаулығыңды, кедейлігіңнен бұрын байлығыңды, бос емес кезіңнен бұрын бос уақыттарыңды, өліміңнен бұрын өміріңді» (Хаким, IV, 341/7846).

Әбу Умама (р.а.) Пайғамбарымызға:

«Маған Аллаһ Тағала мені онымен сыйға бөлейтіндей бір амал өсиет етіңізші!», деп өтінген болатын. Расулуллаһ (с.ә.с.):

«Саған ораза ұстауды насихат етемін, өйт-кені оған ұқсас басқа ғибадат жоқ», деді (Нәсәи, сыйям, 43).

Әрі байлықпен, әрі денемен орындалатын бір құлшылық тағы бар, ол — қажылық. Қажылық көңілдердегі иманды кемелдікке жетелейді. Махшардың бір көрінісін осы дүниеде көз алдымызға әкеліп, «Өлмей тұрып өліп көр»-дің сырына жетуімізге себеп болады.

Дүниенің көктемі қайта келеді, бірақ өмірдің көктемі әсте кері оралмайды. Қолда тек «ах, ух» қалады.

Харун Рашидтің рухани бауыры, парасат бұлбұлы Беһлул Дана бұл туралы қандай ерекше түрде тілге тиек еткен:

Харун Рашид бір айт күні әдемі, жаңа киімдерін киіп, Беһлул Дананың қасына барады. Беһлул біраз уақыт әңгімелескеннен кейін Харун Рашидтен:

1) Жер бетінде.

2) Жер астында және

3) Аспанда ең көп не бар, қане, айтшы?» – деп сұрайды. Харун Рашид:

«Жер бетінде ең көп – жан иелері, жер астында ең көп – өлілер, аспанда ең көп құстар, көбелектер сияқты ұшатын мақлұқаттар бар» деді. Беһлул Дана:

«Бұл айтқандарың дүниелік көріністер ғана... Мен сенен хикмет жағын сұрадым. Бұл сұрақтардың шын мәніндегі жауабы мынау:

"Жер бетінде ең көп – нәпсілерге жеңілу, қызғану, көре алмаушылық, құмарту, менмендік, тойымсыздық. Жер астында ең көп – өлілердің «ах, ух» айқайлары, аспанда ең көп – Аллаһқа, ұлық Аршқа шығатын салих амалдар мен құлшылықтар.

Ей, Харун Рашид! Дүниеге құмартушы болма, топырақтың астын ойла, ертең саған жәрдемі тиетін, ұлық Аршқа шығатын құлшылықтарға мән бер!”»

Жастық шақты «құнарлы салих амал жеріне» бір дән тәрізді егудің орнына оны нәпсіге тән, фәнилік балшығына көму нендей өкінішті десеңіз ше! Ал бұған көз жұма қарап, немқұрайды пиғыл таныту нендей ауыр жауапкершілік!

Сондықтан тәлімгер, әсіресе, жастармен айналысудың өте маңызды екенін білуі керек. Жастар – бір қазына, өмір қазынасы. Жастар – болашағымыз. Бір ұлттың болашағын көру керемет емес, ол үшін жастарға қарау жеткілікті болады. Егер елдің жастары ғылымдарын, еңбектері мен күштерін жақсылыққа, Аллаһ ризалығы үшін жұмсап жүрсе, онда ол елде болашақ бар деген сөз.

Махаббат — рухани көктеудің бастауы. Ол — негізінде, барлық нәрсенің бастауы. Жүрек тек шынайы махаббатты татқаннан кейін рухани алға басып, әсемдіктерін сыртқа жая бастайды.

ШЫНАЙЫ БОЛАШАҚ

Жастардың болашағына жауапты ата-аналар мен тәлімгерлер құлшылық пен ахіретке байланысты мәселелерде «әлі жассыңдар ғой!» деп, оларды селқостыққа итермелейді. Ал дүниеге бай-

«Саудасаттық істері өздерін Аллаһты еске алудан, намаз өтеуден зекет беруден тоспайтын кейбір адамдар бар. Олар жүрек тулап, көз алаятын күннен (қиямет күнінен) қорқады» *(Нұр, 37).*

ланысты болашақ мәселесінде бар күштерімен оларды еш демалмай еңбектенуге, күні-түні тырысуға бағыттайды. «Әй, балам! Оқу – маңызды, саған болашақ, диплом, атақ-абырой, мамандық керек» дейді. Алайда, тағдыр беймәлім... Болашақта адамның не болатынын, оны қай мамандықтың, қай міндеттің күтіп тұрғанын ешкім білмейді.

Бірақ беймәлім емес ақиқат бар. Ол – дүние өмірі фәни және негізгі өмір – ахірет өмірі. Хазіреті Пайғамбарымыз r Һәндәк шайқасының жан алқымға тақалған шағында да, Меккені мүшріктерден алған ұлы жеңіс күнінде де жеңістің шаттығы мен қуанышына көңіл аудармай, сахабаларына ***«Шынайы өмір – ахірет өмірі»*** деп ескерту жасаған болатын.

Сондықтан жастық деген аса құнды қорды фәни әлемнің өткінші істеріне жұмсамау үшін тәлімгерге де, шәкіртке де шынайы болашақтың ахірет болашағы екенін еш ұмыттырмайтын ахіреттік таным қалыптастыру қажет.

Балаларының шектеулі де белгісіз дүние өмірінде рахат және жайлы болулары үшін кез-келген қиындыққа төзетін ата-аналар балаларының ахіреттің еш таусылмайтын, мәңгілік болашығында бақыт пен қуанышқа бөленуіне бәрінен көп мән беруі керек емес пе?

Ойланып көрелік ше! Фәни дүниеге қаншалықты, мәңгі ахіретке қанша уақыт бөліп жүрміз? Өткінші болашақ үшін қанша, мәңгі болашақ үшін қаншалықты күш жұмсауымыз керек? Тіпті, екі болашақ тоғысқанда, қай болашақты таңдауымыз керек?

Дүниеде бір миллион шен, бір миллион диплом алсаң да – барлығы осында қалады. Өлімнен ары қарай өте алмайды...

Мәселеге ахіреттік көзқараспен қарасақ, өлімнен ары қарай өте алмайтын мына жалғандағы болашақ үшін мәңгілік ахіреттің болашағын қара түнекке айналдырудың нендей үлкен бақытсыздық пен санасыздық екенін көреміз.

Мына өткінші фәни дүниенің өзінде болашақтың кепілі пайғамбарлар болып табылады. Адами жүйелер келіп-кетеді, пайғамбарлардың жолы үнемі жалғасып тұрады. Дүниеге қараңдаршы – бұрмаланып, шындығы бұзылып, жолынан адасқан болса, Хазіреті Мұсаға ергендер күні бүгінге дейін әлі де жалғасуда. Хазіреті Исаға ергендер де әлі бар. Ал мұсылман қоғамында барлық пайғамбарлар шынайы үндеулерімен жалғасуда.

Құлды Аллаһтың махаббат дариясына апаратын жалғыз мейірім мен махаббат бұлағы – Хазіреті Пайғамбар ﷺ.

Пәлсафашылардың, диктаторлардың жүйелері тоқырауға ұшырап, ақыры жойылады. Демек, мына өткінші дүниеде де болашақтың кепілі сол, баяғы дін екен...

«Айт: "Егер Алланы сүйген болсаңдар, маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді де сүйіп, күнәларыңды кешеді..."» (Әлу Имран, 31).

Екіншіден, фәни әлем фәни болуымен қатар сынақ орны... Шынайы болашақ – ахіреттің дипломын оң қолмен ала білудің ұмтылысы көрсетілетін орын... Ал сынақ – мехнат. Машақат пен қиындықтарға төзу деген сөз. Сондықтан тәлімгер де, шәкірт те, ересектер де, жастар да, әке-шеше де, балалар да бұл дүниенің жайлылығынан гөрі ол жақтың қуанышына талаптануы керек. Әсіресе, бұған тәлімгерлер талапты болуы керек. Бүгінгі күнде жігерлі азаматтарға көп мұқтаждық бар. Тәлімгерлер дәрігер іспеттес болса, күніміздегі дүние – шөл ауруханасы...

ШӨЛ АУРУХАНАСЫ

Бүкіл әлем бүгінгі күнде капитализм мен материализмнің, сондай-ақ ахірет болашағын ұмытудың салда-рынан шөл ауруханасына айналған жағдайда. Адамдарға ахіреттік көзқараспен үңіліп қарағандар дүниенің шар тарапынан:

«Мархамат! Бізге жанашырлық танытыңдар!» деген рухани жан айқайлары естіліп жатқанын байқайды.

Қазіргі таңдағы «мәдениет» басқыншылығы жаһандану саясаты арқылы көгілдір арнамен, ғаламтормен, ұялы телефондармен, кинолармен, музыкамен жан-жақтан шабуыл жасап, бала шағаны әке-шешенің, елдің, діни және ұлттық құндылықтардың бақылауы мен ықпалынан шығару үшін тырысып бағуда.

Бұрынғы уақытта мүмкіндіктер шектеулі болғандықтан барушылар тек аптасына немесе он бес күнде бір рет кинотеатрға бара алатын. Ал бүгінгі күнде әр үйде спутниковая антеннамен, кабилный желілермен әр түрлі масқаралықтарды ұсынып жатыр.

Ал нәтижесі қандай?

Міне, психиатр әйел былай дабыл қағуда:

«Өкінішке орай, ғаламтор мен кинолар арқылы балалар қырсық болды, нәпсіқұмарлыққа салынды. Адам тонау мен өлтіру көбейді, күш көрсету мейілінше артты. Жыныстық адасушылық, әсіресе, Еуропа мен Америкада шырқау шегіне жетті... Бұл біз сияқты жанұялық құндылықтары жоғары қоғамымызға да келе бастады. Жасөспірім аналар пайда бола бастады».

Шүбәсіз, мүмин Расулуллаһ ﷺ деген кезде рухани үрпиіп, жақсы сезімдердің уәждіне батып, истиғраққа бөленген кезде, рухын нәпсіге тиісті ерекшеліктерден арындырған кезінде Онымен, яғни Жаһан мақтанышы Пайғамбарымызбен бір бүтін болу, Оның халі мен махаббатынан үлес алу жолында болғаны.

Енді әке-шешенің биологиялық қатынасы пайда бермей келеді. Бала әке-шешеден алыстауда. Басқалардың меншігі, басқалардың адамы болуда.

Адамдар ең жоғарғы құндылықты өз махаббаттарының жолына өтейді. Өйткені сүйіктісі үшін махаббатының мөлшерінше пидагершілік жасайды. Ғашықтық кемеліне толғанда пида және оның нәтижесінің сорына төзім өз шыңына жетеді.

Бала-шағасының шынайы болашағын ұмытқан, жазда бір ай ғана мешітке жібергенімен, барлық міндетін атқардым деп ойлаған әке-шеше балаларының жан айқайын естуі керек. Шәкірттеріне жай ғана сырттай мағлұмат берумен шектелген жігерсіз тәлімгерлер жастардың жауапкершілігін өз ұждандарында сезінулері керек. Бүгін миллиондаған жас-қарт адам нәпсіліққұмарлықпен ауырып, өзіне мейірімділікпен қол ұшын беретін рухани дәрігерлер күтуде...

Ата-аналар мен тәлімгерлер, сондай-ақ насихат айту жауапкершілігі мен міндетін орындай алатын барлық мүминдер шебер дәрігер болуға тырысуы керек және бұл шөл ауруханасында ем іздеп жүгіруі керек.

Бөгде ел мен бөгде мәдениетке еліктеу қаупіне қарсы бала-шағымызға «лайықтыға сүйіспеншілікпен, ал лайықсызға жиіркенішпен қарау керек» деген үрдісті қалыптастыруымыз керек. Тәббәт сүресінің неліктен түскенін үйретуіміз керек. Перғауынның Хазіреті Мұсаға иман еткен сиқыршыларының тұрақтылығын түсіндіруге міндеттіміз. Өйткені мүмин адам жиіркенішке лайықтыдан жиіркенбесе, иманына дақ түсірген болып есептеледі.

Хазіреті Омар t Әзірбайжан мен Дағыстанға жіберген әскерлеріне былай деген:

«Мыналарға назар аударып, сақтық жасаңдар! Пұтқа табынушылар сияқты киінбеңдер. Пұтқа табынушылардың жегенінен жемеңдер. Ол жерде Ислам тұлғалылығын сақтаңдар».

Бала-шағамыз бен шәкірттерімізге басып аттамайтын өлшемдеріміздің бар екенін түсіндіруіміз керек. Елімізге, дінімізге жат, бөгде адамдардың дәстүрлерін, олардың киім-кешек үлгілеріне еліктеудің алдын алуымыз керек. Әсіресе, қыз балаларымызға, жамылғыға мән бермейтін сәндерге берілудің дұрыс емес екенін түсіндіруіміз керек.

Бұл шөл ауруханасында шипаның көзі бола алсақ, бір дертке дауа бола алсақ, біз үшін ахіретте алдымыздан шығатын үлкен сый, сауап болмақ. Бұл адамзат алдындағы жауапкершілігімізді орындау жолындағы бір қадам болып табылады.

Ардақты сахабалар өмір бойы Пайғамбарымыздың түймедей қалауына да «Әке-шешем, малым мен жаным саған пида болсын, уа, Расулаллаһ», деп жүгірген.

ҚОЛ АСТЫМЫЗДАҒЫЛАРҒА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІМІЗ

Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Жетімді қорғап-қолдаған адаммен мен Жәннатта мына екеуі сияқтымыз» деп, сұқ пен орта саусағын тиістірген (Бұхари, Әдеп, 24).

Жауапкершіліктеріміздің ең үлкенінің бірі – құл ақысы. Яғни, бір-біріміз алдындағы ақыларымыз. Өйткені құл ақысы бұл дүниеден өтпей тұрып, ақысын жеген адамымыздың ақысын өтемесек, кешірім сұрап, разылық алмасақ, ол иесіне қияметте қайтарылатын болады. Аллаһ Тағала ширктен басқа кез-келген күнәні кешіретінін, бірақ құл ақысымен Өз құзырына келмеуімізді бұйырады.

Тәблиғ/насихат жауапкершілігін толық сезінген күйде пайғамбарлық өмірін адамдарға Аллаһ пен ақиқатты түсіндірумен өткізген Хазіреті Пайғамбарымыз r ақтық сапарына шығар кезде де сахабаларына өсиет ретінде құл ақысына абай болуды әмір еткен:

«Қол астындағыларың мен жауапкершілігі мойындарыңда болғандардың ақысына абай болыңдар!»



Сонда жауапкершіліктері мойнымызда болғандар кімдер?

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Барлықтарың шопансыңдар. Барлықтарың бағып жүрген отарларыңа жауаптысыңдар» (Бұхари, Жұма, 11; Мүслим, Имәрә, 20).

Әке-шеше балаларына, ұстаздар оқушыларына, оқу орындарының басшылары оқу орындарына, басшылар жұмысшыларына, ұжымдағы әр адамға жауапты. Өйткені Аллаһ бізді бір-бірімізге кепіл етіп, жауапкершіліктерімізді мойнымызға артты.

Ислам халифасы Харун Рашидқа Аллаһ досы Шақиқ Бәлхидің мына насихаты қандай ғибратты:

«Ақылды бол, есіңді жина! Хазіреті Әбу Бәкір Сыддықтың орнына отырғаның үшін Аллаһ сенен туралық талап етеді. Омар Фаруқтың орнына отырғаның үшін сенен ақиқат пен жалған арасын ажыратуды талап етеді. Осман Зиннұрайнның орнына отырғаның үшін сенен ұят пен жомарттық талап етеді. Әли Мұртазаның орнына отырғаның үшін сенен ғылым мен әділет талап етеді...»

Харун Рашид «Тағы да айтшы...» деді. Сонда Шақиқ:

«Сен судың бастауысың. Әкімдер бұл судың арықтары. Егер су басы таза және тұнық болса,арықтар да сол сияқты таза және тұнық болады» деді (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, ауд: Проф. Док. Сүлеймен Ұлудағ, Ыстанбұл, 2002, I, 236).

Шүбәсіз, мүмин Расулуллаһ ﷺ деген кезде рухани үрпиіп, жақсы сезімдердің уәждіне батып, истиғраққа бөленген кезде, рухын нәпсіге тиісті ерекшеліктерден арындырған кезінде Онымен, яғни Жаһан мақтанышы Пайғамбарымызбен бір бүтін болу, Оның халі мен махаббатынан үлес алу жолында болғаны.

Аллаһ Расулы *:*

«Жындар мен адамдардың арасындағы Аллаһқа бас көтергендерден басқа жер мен көктегінің барлығы менің Аллаһтың Расулы екендігімді біледі»

(Ахмад бин Ханбәл, Мүснәд III, 310)

Бізге аманат етілген жастарды, шәкірттерді дұрыс тәрбиелеп жатырмыз ба? Олардың бойында көрініс тапқан қылықтар, негізінде, біздің рухани күйіміз емес пе?

Фұдайл бин Ияд былай дейді:

«Маған: "Сенің дұғаң қабыл етіледі, не қаласаң, соны тіле!" делінсе, мен патшаның әділ болуын тілер едім. Өйткені өз жақсылығым үшін дұға етіп, сонымен жақсылыққа қол жеткізсем, ол тек мен үшін ғана. Ал әміршілердің жақсылығы мен әділдігі – барша адамдардың жақсылығы» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратұл-Әулия, I, 120).

Негізінде, тарих бұған куә. Дүниеқұмар халифалар кезінде олардың халқы да дүниелік пайдаларын көздеп, үнемі сол туралы сөйлесетін. Ал Омар бин Абдуләзиз сияқты адал да әділ халифалардың кезінде барлық халық құлшылық пен қайырымдылық, намаз бен ораза сияқты ізгіліктерге негізделіп, үнемі Аллаһқа құл болу туралы әңгіме қозғайтын.

Сондықтан адам тек өз ісі мен тірлігі үшін күш-жігер жұмсаумен шектелмей, кең ауқымда ойлап, өз қарамағындағы адамдардың дұрысталуы үшін де еңбек етуі, тіпті, бұл туралы жанталаса еңбектенуі керек. Барша үмметтің дертіне ортақтасып, бейне-бір өз жеке басының қайғысын ұмытқан кісі сияқты, Ислам тарихының бесінші адал халифасы

деп аталған Омар бин Абдуләзиздің жанын алып тырысқаны сияқты адал басшы болулары керек.

Әйелі Фатима былай деп есіне алады:

«Бір күні Омар бин Абдуләзиздің жанына келдім. Намаз оқитын жерінде отыр, қолын маңдайына қойып, тоқтаусыз жылап, көз жасы иектерінен сүзіліп жатты. Одан:

«Не болды?» деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді:

«Ей, Фатима! Бұл үмметің ең ауыр жүгін арқалап жүрмін. Халқымның ішіндегі аш пен кедейлер, науқастар дәрі-дәрмек таба алмай, жесір әйелдер, ақысын ала алмай жүрген байқұстар, кәпірлердің қолына түскен мұсылман тұтқындар, қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтын мұқтаж қарттар мен көп балалы кедей отбасылар мені қайғыға батырады. Жақындағы, алыстағы мұсылман бауырларымды ойлап, осыны уайымдап езіліп тұрамын. Ертең есеп күні Раббым бұлар үшін мені жауапқа тартса, Аллаһ Елшісі r бұлар үшін маған сөгіс пен өкініш білдірсе, мен не деп жауап беремін?!» (Ибн Кәсир, әл-Бидәя, IX, 208).

Оны Ұхуд таныды, құрма шөркесі танып, қасіретінен егіліп жылады. Жан-жануардың өзі одан пана тауып, дерттерін ашты.. Ләкин Әбу Жәһіл мен сол іспеттес адамдар кеше де, бүгін де Оны тани алмай келеді...

Әйелі Фатима былай деп жалғастырды:

«Оның құлшылығы сендердікі сияқты еді. Бірақ түнде төсекте Аллаһ қорқынышы мен қиямет есебін ойлап, сондай бір күйге келетін. Аллаһ қорқынышымен жүрегі соға бастайтын. Бейне бір суға немесе қолға түскен құс сияқты тырысатын. Мен де оның бұл күйіне шыдай алмай, көрпені үстіне жауып, өз-өзіме:

"Әттең, басшының жауапкершілігі бізге жүктелмегенде ғой. Әттең, осы міндетпен арамыздағы қашықтық Күн мен дүние арасындығы қашықтықтай болса ғой..." дейтінмін».

«Сендерге өз араларыңнан сондай ардақты бір пайғамбар келді, сендердің қайғыларыңа қиналады, сендерге мейірі ауғыш, мүміндерге өте рақымды әрі жұмсақ».

(Тәубе, 128)

Мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын, мойнымыздағы басшылық жауапкершілігін дұрыс ұғынып, жіберіп алған қателіктеріміздің қияметте жағамызға жармасатынын, әсіресе, бүкіл қоғамның қарамағындағы жетімдерге деген жауапкершілігімізді ешқашан ұмытпауымыз керек.



ЖЕТІМДЕРГЕ ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Аллаһ Тағала түрлі хикметтер негізінде Хазіреті Пайғамбар r Мырзамыздың жетім болып дүниеге келуін

қалаған. Сол көп хикметтің бірі – Хазіреті Пайғамбарымыздың жетімдерді ең жақсы түсіне алуын қамтамасыз ету. Әрине, бұл туралы ең дұрысын Аллаһ біледі.

Аллаһ Тағала Духа сүресінде Хазіреті Пайғамбар r Мырзамызға жетім екенін есіне салып, **«Жетімді әсте қорлама»** (Духа сүресі, 9-аят) деп, Хазіреті Пайғамбар арқылы бізге тағылым берген. Ал бұл тағлымға мойынсұнудың ұлық сыйы – төмендегі хадисте баяндалғандай, ахіретте Хазіреті Пайғамбарымызбен бірге болу.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жетімді қорғап-қолдаған адаммен мен Жәннатта мына екеуіндейміз» деп, сұқ саусағы мен орта саусағын тиістірген (Бұхари, Әдеп, 24).

Хазіреті Пайғамбарымыз r үш жетімнің мұқтаждығын қамтамасыз еткен адамның түнді құлшылық, күндізді оразалы өткізген және қылышын суырып, Аллаһ жолында шайқасқан адаммен тең сауапқа ие болатынын айтқан (Ибн Мәжа, Әдеп, 6).

Әрине, жетімдердің мұқтаждықтары азық-түлік пен киім-кешектен, баспанадан ғана тұрмайды. Хазіреті Пайғамбарымыз *«Жетімге мейірімді әкедей бол!»* (Һәйсәми,VIII, 163) деп, балаларымызға деген мархабат пен жауапкершілік сезімімізді қоғамдағы жетімдер үшін де сезінуімізді бұйырған.

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Өмір сүргенім сендер үшін қайырлы. Сендер менімен сөйлесесіңдер, мен де сендермен тілдесемін. Қайтыс болуым да сендер үшін қайырлы. Амалдарың маған көрсетіледі, қайырлы амалдарыңды көргенімде ол үшін Аллаһқа хамд айтамын. Ал жаман амалдарыңды көргенімде сендер үшін Аллаһтан мағфират/кешірім тілеймін»

(Һәйсәми, IX,24).

«Алайда, Сен олардың арасында тұрғанда (ей, Расулым!), Аллаһ оларды азаптамайды. Олар кешірім тілеп тұрғанда да Аллаһ оларды азапқа салмайды» (Әнфәл, 33).

Ислам дінінде бала асырап алу деген жоқ. Бала асырап алса да, алған баласына үйлену тыйымы (махрамият) жүрмейді. Және де асырап алған баласына мирастан үлес бөлінбейді. Сонымен қатар махрамиятқа, яғни, үйлену заңына сай халал-харам шегіне мән бере отырып, жетімдерді бағу, өсіру өте маңызды ұждан борышы болып табылады. Ислам дінін тарату жолында қанша сарбаздар шәһид болды, олардан қалған жетім балалары ең әсем түрде қорғалды. Бұл мәселедегі ең тамаша үлгіміз – Аллаһ Расулы. Ол Хазіреті Хамза шәһид болғанда, баласына:

«Енді сенің әкең мен болайын, қалайсың ба?» деген еді.

Мұсылмандар жетімдерге деген жауапкершілігін орындау үшін жетім балалар үйін құрған. Бұл ұялар тек пана ғана емес, тәлім-тәрбие ошағы міндетін де атқарады. Тіпті, бұл мәселеде Османлы мемлекеті жетімдерді өсіріп, тәриелеу ісінде бел-гілі талаптар қойылып, арнайы мектептер ашқан. Бұл мектептерден сарай ханшайымдары мен уәзірлер сияқты талай дарынды мемлекет адамдары шыққан.

«Ендерун мектебі» деп аталатын бұл мектептерде жетім, ғаріп балаларды өз саласында толық жетілген он маман кісі өсіретін. Оларға барлық ғылымдар үйретілетін. Тасаувуф (сопылық) ғылымы оқытылып, тақуалыққа бағытталатын.

Осылай тәрбиеленген ханшайымдар мен сарай қызметкері әйелдер қоғамның ең ақылды, ең зерек, ең тақуалы әйелдері болып, өмірлерін қайырымдылықпен өткізген. Стамбул қаласын аралап шықсаңыз, екі мұнаралы үлкен мешіттердің көбін халықтың қызметшілері болып жүрген сұлтан аналар мен патша қыздары салдырған мешіттер екенін байқайсыз. Ал, бүгін ше?

Бүгінгі күнде қамқорсыз қалған балалардың жанашырлық күйлері күнделікті көз алдымызда. Жаман қылық пен бет қызартатын қылмыстардың ықпалына түскен бұл бейшаралар үшін жауапкершілік біздің мойнымызда емес пе?

Демек, жетімге бір шоколад беріп қою жеткілікті емес. Оған жатын орын беріп, қарнын тойдыру да жеткілікті емес. Маңызды іс – оның дүние мен ахірет өмірін реттеу. Оны реттеу жауапкершілігі – біздің мойнымызда...

«Әй, мүміндер! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Аллаһтың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Аллаһтың, адам мен оның жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Әрі шәксіз Аллаһтың алдына жиналасыңдар». (Әнфәл, 24)

МАҚЛҰҚАТҚА ДЕГЕН АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ

Жоғарыда тілге тиек етілген жауапкершіліктерден басқа Аллаһтың жер бетіндегі халифасы (өкілі) және Оның жер бетіндегі куәгерлері

«Ақылыңды Хазіреті Мұстафаның жолында құрбан ет!..»

(Хазіреті Мәуләнә)

ретінде жаратылғанымыз үшін барлық жан иелеріне, бүкіл әлемге деген жауапкершілігіміз де бар. Өйткені барлық тіршілік әлемі адам үшін жаратылды. Аллаһ Тағала былай деген:

«Ол Өз тарапынан жер мен көктегі барлық нәрсені сендерге бойсұндырып берді. Ой жүгіртетін ел үшін осының өзінде де дәлелдер бар» (Жәсия сүресі, 13-аят).

Бұл ақиқатты ойлаған адам барлық жан иесі үшін жауапкершіліктің өз мойнында екенін толық сезінуі керек. Өзіміз, бала-шағамыз, туыстарымыз, бүкіл қоғам, барлық адамзат – адамға аманат...

Есігіміз алдындағы ит-мысық та бізге аманат... Жасыл ағаш та бізге аманат... Гүл де бізге аманат... Аллаһ оларды біз үшін жаратты.

Пайғамбар Мырзамыз r мысығын аш қалдырған әйелдің Аллаһтың кәріне ұшырағанын, ал шөлдеген итке су берген жаман жолдағы әйелдің Аллаһтың мейіріміне бөленгенін тілге тиек етіп, барлық тіршілік иелеріне мейірім назарымен қарауымыз керек екенін ескерткен болатын. Сондықтан Аллаһтың мейірімінің ең кішкентай көрінісіне

бөленуге, сондай-ақ қаһарының ең кішкене көрінісіне ұшырамауға бар күшімізбен тырысуымыз керек. Өйткені адамның құны өте жоғары бағаланады. Жауапкершілігі де, міндеті де үлкен...

«Адамдардың істеген қылмыстары кесірінен құрлық пен теңізде апат туылды. Аллаһ оларды райынан қайтар деп, кейбір қылықтарының сазайын тартқызды» (Рум сүресі, 41-аят) аятында баян етілгендей, бүгінгі таңда бүкіл әлемге деген жауапкершілігін сезінбеген адамзат мұхиттардың ластанып, ауаның кірленуіне, әлемдік жүйенің бұзылуына дейін баратын азғындықтар жасады. Қоршаған ортаның ластануынан барлық жан иесі зардап шегіп жүр. Алайда бұлар үшін де жауапкершілік адам мойнында.

Мейрімнен еш несібесі жоқ адамдар егістіктегі егінді жинағаннан кейін машақат тартпау үшін жерді егіннің қалдықтарымен бірге өртеп жібереді. Бұл қандай аянышты ахуал десеңіз ше! Кейін сол адамнан адам өміріне құрмет көсетуін күтеміз. Неткен бос үміт! Сонан соң мейірімділік тәлімінен өтпеген әлгі адамның жасаған жауыздықтарына таң қаламыз. Неткен жалған таңырқау!

Міне, барлық бұл жауапкершіліктерді сезініп, қажетін тиісінше орындай білу үшін керек тәлім – адам болудың қажеттілігі... Лайықты құл болудың қажеттілігі...

«Ей, иман келітргендер! Аллаһтың және Елшісінің алдына шықпаңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Шүбәсіз, Аллаһ Естуші, Білуші!».
(Хұжурат, 1)

Қиямет күнін көрген кездерінде дүниеде бар болғаны кештің бір мезгіліндей ғана немесе сәске уақытындай ғана болдық деп ойлайды».

(Назиғат, 46)

Тәлім-тәрбие ісін жалғастырып, тәрбиелеу неғұрлым маңызды болса, тәлім деген өнерді ең әсем түрде іске асыру үшін әр түрлі мүмкіндік пен шартты дайындау да солғұрлым маңызды. Әркімнің жауапкершілігі мүмкіндіктері мен қабілеттері мөлшерінде. Олай болса, білімді білімімен, дүние-мүлкі бар қаржысымен, күш-қуаты бар күшімен, уақыты бар уақытымен, абыройы бар адам сол мүмкіндігімен кызмет керуенінен орын алуы керек. Өйткені, бұл жауапкершіліктер кей кездері мемлекет алдында жарияланатын кешірім емес, Аллаһ алдындағы құлдық борышымыз болып табылады.

Б) ДІНИ ЖАУАКЕРШІЛІКТЕРІМІЗ

АЛЛАҺҚА ЖӘРДЕМ БЕРУ

Аллаһ бізді бар етті. Бар болуымыз Оның сыйілтипаты... Біздерді адамнан төмен басқа бір жаратылыс иесі ретінде де жарата алар еді. Мысалы, жаңбыр құрты болып та дүниеге келуіміз мүмкін еді. Бірақ, адам болып жаратылдық. Бұл Аллаһтың сыйы...

Адам болып жаратылғанымыз үшін барша мақлұқат бізге тәуелді етілді. Бұл да шексіз иләһи сый...

Бұл барша нығметтермен бірге Аллаһ бізді иман нығметімен безендерді. Мұсылман қоғамда, мүмин жанұяда дүниеге келдік. Кәпірлер арасындағы имансыз бір әкенің ошағында, ар-намыстан бейхабар бір шешенің құшағында өсуіміз мүмкін еді. Иман нығметіне осыншалықты қол жеткізуіміз де Аллаһтың тартуы...

Хазіреті Адам атамыздан бері жалғасып келе жатқан мүминдер тобы ішінен **«Жаратылыс Нұры, Әлемнің Мәңгілік Мақтанышы»** Хазіреті Пайғамбардың r үмметі болдық. Ол да нығметтердің шыңы...

Бұлар саралай алғандарымыздың ең үлкендері, ең ашық байқалған тәңірлік сыйлар. Алайда Аллаһ айтады:

«(Аллаһ) **сендердің сұрағандарыңның бәрін бергені сонша – Аллаһтың берген нығметтерін бір-бірден санамақ болсаңдар,** (мүмкін бе?) **сендер** (оларды) **санай алмайсыңдар.** (Сонымен қатар) **адам баласы, расында, өте залым, тым опасыз!»** (Ибраһим сүресі, 34-аят).

Бұл нығметтердің барлығына ешқандай төлемақы төлемей, тегін қол жеткіздік.

Әй, ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыртпашылыққа сабыр ет.

(Лұқман, 17).

Бірақ бұл нығметтер үшін шүкірлік ету борышымыз бар. Аллаһтың **«өте залым, тым опасыз»** деп сөккен құлдарының қатарынан табылмауымыз үшін күш-жігеріміздің барлығын қолданып, үнемі іс-әрекетімізбен, сөзімізбен шүкірлігімізді айтып жүруіміз керек.

«Егер дүние Аллаһтың алдында шыбынның қанаты құрлы құнға ие болғанда Аллаһ ешбір кәпірге дүниеден бір жұтым су ішкізбес еді». *(Термези, Зуһд 13)*

Ең үлкен нығмет – иман нығметі. Сондықтан ең үлкен борышымыз бұл нығметтің төлемін Аллаһқа өтеу болып табылады. Ал иман нығметінің төлемі – Аллаһқа жәрдем беру. Ал құл Аллаһқа қалай жәрдем бере алады?

Аллаһтың құдіреті қалай? Құлдың күші қалай? Аллаһтың құдіреті алдында құлдың күші теңіздегі бір тамшы да, ғарыштағы бір тозаң да, бір нүкте де емес. Негізі, құлдың сол тозаңдай болмаған күшін берген де Аллаһ. Бірақ Аллаһ Тағала былай дейді:

«Ей, иман келтіргендер! Сендер Аллаһқа жәрдем берсеңдер, Ол да сендерге жәрдем береді, қадамдарыңды мығымдайды» (Мұхаммед сүресі, 7-аят).

Демек, бұл бір сынақ. Аллаһ құлына берген нығметтерін қайда және қалай қолданғанын көруді қалайды. Ол нығметтерді Аллаһтың аты мен дінін үстем

ету жолында қолданып-қолданбайтынын көруді қалайды. Егер құл бұл жәрдемге ұмтылса, негізінде өзіне жәрдем еткен болады. Өйткені Аллаһ дүниеде Оның діні үстем болсын деп күрескен және мүмин бауырын жәһәннәм отынан қорғау үшін тырысқан адамға ахіретте жәрдемін береді.

Аллаһқа жәрдем беру екі тұрғыда іске асады:

1) Тұлғалық.

2) Қоғамдық.

Тұлғалық жағы – мүминнің иманнан ихсанға, яғни, мәлімет ретіндегі иманнан жүрегі сезінетін шынайы иманға көшіп, тақуа өмір кешуі... Исламды өмірінің ешбір кезеңі мен сатысынан тыс қалдырмауы. Қысқасы, дінді толық ұстану...

Қоғамдық жағы – барлық мүмкіндіктерін, яғни жастық шағын, ынта-жігерін, жанын, дүние-мүлкін, уақытын Аллаһ жолына бағыттауы... Шынайы болашағы үшін ұрпақтарға, адамзатқа, мақлұқатқа деген жауапкершіліктерін сезіне отырып, пидакештік жасауы... Мысалы, діни мекемелер мен тәлім-тәрбие ошақтарын қолдап, діни әдебиеттердің көбеюіне үлес қосу... Қысқасы, дінді толық ұстану...

Ал құлдық борышын өтеп, Аллаһқа жәрдем беру деген сынақтан сүрінбей өте алу үшін фәни дүние-мүлікке деген көзқарасын дұрыстау керек. Тіпті, бұл жағдайдың жалғыз ғана шарты болып табылады.

«Кімде-кім ісін бастарда соңын көріп тұрса, табысқа жетіп, бақытты, болады. Ондай жандар іске одан да бекем жармасады, көбірек егіп, молырақ орады. Өйткені бұл егін алқабында дүние махшарға әзірлену, ал ахірет дүниедегі еккеніңді ору үшін арналған»

(Хазіреті Мәуләнә).

ДҮНИЕ-МҮЛІК НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Адам баласы жаратылғалы бері мына сұрақтың жауабы туралы көптеген тартыстар мен қақтығыстар, тіпті, соғыстар өткізді.

Дүние-мүлік кімдікі?

Капиталисттер: «дүние-мүлік адамдардыкі» деді. Турасын айтқанда: «кім үстемдік құрып, қолына кім түсіре алса, дүние-мүлік соныкі, төменде қалғанның жаны шықсын!» деген ұстанымда болды.

Коммунисттер: «дүние-мүлік қоғамдыкі» деді. Теңсіздік пен мейірімсіздікті жою үшін барлық адамдарды қоғам атынан іс жасаушы диктаторлардың құлына айналдырды. Бірақ бұл екі адами жүйе адам мен қоғамның тыныштығы мен бақытын қамтамасыз ете алмады.

Адамзат пен қоғамның бақыты үшін негізгі ақиқатты **Ислам** былай баяндады:

“Дүние-мүлік Аллаһтыкі. Аллаһ өз мүлкін жеке тұлғалар мен қоғам өкілдері пайдалансын деп, сыйға тартқан. Бірақ Аллаһ Тағала сынақ ретінде нығметтерін құлдарына тең бөліп бермеген. Жеке тұлғалардың дүние-мүлік меншіктенуін адал еткенімен, кедейді байдың, науқасты дені саудың, әлсізді күштінің мойнына артқан.”

«Саған уахи етілген Кітапты оқы және намазды орында Расында намаз ұятсыздықтан және жамандықтардан тияды. Аллаһты зікір ету әлбетте ең ұлық ғибадат. Аллаһ істегендеріңді толық біледі». (Анкәбут, 45)

Дүние-мүлік – аманат. Негізінде, дүние-мүлік иелері шынайы мүлік иесі емес, әлемнің жаратушысы, иесі Аллаһтың аманатшылары ғана болып табылады. Сондай-ақ мүлік иесімін деп жүрген құлдарына уақытша қолдану құқын берген. Аллаһ Тағала сол аманатшы құлдарына қолдарындағы мүлікті қолдану үшін мынадай шарттар қойған:

Сараңдық жасауға болмайды. Сұрағанды кері қайтаруға, жетім мен кедейді қорлауға тыйым салынған. Ысырапқа тыйым салынған. Шектен тыс жұмсауға болмайды. Негізінде, ысырап пен сараңдық бір жерден туындайды. Ол нәпсіқұмарлық. Ысырапшы өз нәпсісіне қолданады, ал сараң өз нәпсісіне жинайды. Екеуі де жағсмсыз әрекет. Бұл мәселеде ең дұрысы – мүминге жарасатындай, Құранға негізделген өмірмен күн кешу және артып жатқанды инфәқ ету/өзгелерге беру. Аят кәримәда былай делінген:

«Сенен нені садақа ету керек деп сұрайды. “Қажеттеріңнің артығын (беріңдер!)**”» деп айт!»** (Бақара сүресі, 219-аят).

Аллаһ жолына жұмсалмай жиналған қазыналар малға таңба басқандай қияметте оттан таңбаларға

«Барлық ләззатты жойып, күйрететін өлімді көбірек еске алыңдар!».

(Термези, қиямет 26)

Дүниедегі намаздың мәртебесі ахіретте Хақ Тағаланы көру секілді. Өйткені бұл дүниеде құлдардың Жаратқанға ең жақын болатын сәті сәждедегі кезі. Ең ұлы ләззаттар мен рухани тояттылық намазда ғана.

айналып, иелеріне азап болады. Сондықтан мүмин адам дүние-мүлікті өзін оттан қорғайтын құрал ретінде бағалауы керек.

Хадис шәрифте былай делінген:

«Тозақ отынан жарты құрмамен болса да сақтаныңдар. Оны таба алмаған адам жақсы сөзбен, көркем сөзбен сақтансын» (Бұхари, Әдеп, 34).

Және де мүмин дүние-мүлікті өзін Жәннатқа жетелейтін құрал ретінде бағалауы керек.

Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«Шынында, Аллаһ мүминдердің малдары мен жандарын жәннатқа айырбастап алды. Өйткені олар Аллаһ жолында соғысады, не өлтіреді, не өледі. (Аллаһтың) **Тәуратта, Інжіл мен Құран-да** (баяндаған бұл уәдесі – Ол орындайтын) **шын уәде. Аллаһтан артық уәдесіне опа қылатын кім бар? Олай болса,** (ей, мүминдер!) **Онымен істеген саудаларыңа қуаныңдар. Міне, бұл – үлкен табыс»** (Тәубе сүресі, 11-аят) деп айтқан.

Қысқасы, илаһи дәрісханадамыз. Жан мен дүние-мүлік – бұл дәрісхананың зертханалық материалдары... Сондықтан оларды дұрыс қолдануымыз керек. Оларды тек нәпсіміз үшін қолдансақ, босқа әуреленіп, сондай мүмкіндіктерді қолымыздан шығарып алған боламыз. Олардан айрылып қана қалмай, Жәннатқа қауышу мүмкіндігінен де айрылып қаламыз.

Сақ болуымыз керек. Жанымызды, күш-жігерімізді, уақытымызды қалай, қайда қолданып жүрміз? Күн сайын өзімізге қаншалықты, өзгелерге қаншалықты қолданып жүрміз? Қаншалықты Аллаһ ризалығын іздеп жүрміз? Қаншалықты ысыраптан аулақ болдық? Қаншалықты сараңдығымызды қойдық?

Жақсы ойланайық! Әлде өзімізді қауіп-қатерге итермелеп жүрміз бе?

ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН САҚТАНАЙЫҚ!

Дүниедегі сайыстардың шекті мерзімі болады. Сонда сайыстың жеңімпазы болу үшін соңғы мезетке дейін үстемдікті сақтау керек. Бұл шындық ахірет бақытына кенелтетін немесе мақрұм ететін мына сынақ әлеміндегі сайысымызда да айнымас ақиқат болып табылады.

«Яқин (жақын болған өлім) **саған жеткенше құлдықты жалғастыр!»** бұйрығы бойынша күш-жігер, демеулер мен іс-әрекеттер жалғасуы керек. «Осыншама жасадым, жетер!» деген кезде бәрі босқа кетеді.

«Қиямет күні құлдың алғаш болып есебін беретін амалы-намаз. Егер намазы түзу болса, ісі оңай болып, табыспен шығады. Намазы дұрыс болмаса зиян көріп, шығынмен ығады...».

(Термези, Саләт 188/413)

Аллаһ жолындағы қызметтер мен тәлім-тәрбие шараларының демеушілігі мәселесінде жалығу, жеткілікті деп ойлау – нәпсінің тұзақтарының бірі.

Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Аллаһ Тағала бауырым Абдұллаһ бин Рауахаға рақымын төксін! Намаз уақыты қай жерде кірсе, дереу жануарын тоқтатып, сол жерде намазын оқиды».

(Һәйсәми IX, 316)

Мәдиналық мұсылмандар жұрттары мен үйлерін Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ бен мұһәжір бауырларына ашты. Онымен бірге шайқастарға қатысты. Жандарымен, дүние-мүліктерімен үнемі орасан пидакештіктер көрсетті. Уақыты келіп, қиындықтар бітті. Меккенің фәтхы/жеңісі іске асты. Бейбітшілік орта пайда болды.

Осы кезде әнсарлықтардың кейбір адамдары «Енді баяғы өмірімізге, бау-бақшамызға оралайық. Қалғанын бізден кейінгілер жасасын, жаңа мұсылман болғандар жасасын» деп ойлады. Бірақ Аллаһ мына аят кәриманы түсіріп, босаңсып, рахатқа кенелудің қаупін ескертті:

«Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер. (Әрқашан) **жақсылық істеңдер,** (өйткені) **Аллаһ жақсылық істеушілерді, әрине, жақсы көреді»** (Бақара сүресі, 195-аят).

Бұл аят кәриманы естіген қадірменді сахабалар міндеттерінің бітпегенін,

күш-жігердің тал бесіктен жер бесікке дейін жалғасуы керектігін сезінді. Сөйтіп, дүниенің төрт бұрышына Исламның сыпайылығын, Аллаһтың тура сөзін жеткізу үшін қайта қамданды.

Әнсардың ақсақалдарының бірі Әбу Әйюб әл-Әнсари дінге шақырумен, дін үшін күреспен ғұмыр кешті. Ыстанбұлды жеңіп алу сапарына екі рет қатысты. Екінші сапарында жасы сексеннен асқан болатын.

Әбу Әйюб әл-Әнсари қатысқан екінші шайқас барысында бір оқиға болды. Римдіктер арқаларын қаланың қамалдарына беріп соғысып жатқанда, әнсардың бір адамы атын Бизантиялықтардың ортасына дейін алып барды. Мұны көрген Ислам әскері:

«Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер!» аятын еске алып, таңырқай отырып:

«Лә иләһа иллаллаһ! Мынаған қараңдар! Көзі көре тұра өзін қатерге тігеді!» деді. Сонда Әбу Әйюб әл-Әнсари былай деп үн қатты:

«Ей, мүминдер! Бұл аят, біз, әнсарлар жайында түскен. Аллаһ Пайғамбарына жәрдем етіп, дінін

Расулуллаһ ﷺ намазда сақалымен ойнаған бір адамды көріп былай деді:

«Назар аударыңдар, егер мына кісінің жүрегі хушуғ сезімінде болғанда ағзалары да хушуғ сезімінде болар еді».
(Әли әл-Муттақи VIII, 197/22530)

үстем еткенде, біз «енді дүние-мүлкімізбен айналысайық, сөйтіп, құнарлы да көп өнім алайық» деген болатынбыз. Осыған орай:

Хазіреті Пайғамбарымыздың «Адамдардың ең жаман ұрлықшысы өз намазынан ұрлайтындар» деген (Хаким, әл-Мұстәдрак I, 353)

«Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер. (Әрқашан) **жақсылық істеңдер,** (өйткені) **Аллаһ жақсылық істеушілерді, әрине, жақсы көреді»** (Бақара сүресі, 195-аят) аяты түсті. Аятта әмір етілген: **«Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер»** дегені бау-бақша сияқты дүниелік істермен шұғылданып, Аллаһ жолында еңбектенуге немқұрайды қарауымыз» деді (Әбу Дәуіт, Жиһад, 22/2512;Термези, Тәфсир, 2/2972).

Демек, шынайы болашақ – ахірет үшін дүние-мүлікті жұмсамау – нағыз қауіп... Тамшы үшін дарияны жоқ қылу – нағыз қауіп.... Дүниелік болашақ үшін ахіретті құрдымға итеру – нағыз қауіп...

Сондықтан қайырымдылық пен жақсылық жасау бұйрықтарымен бірге аталған **«Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер»** деген бұйрықты сахабалардай дұрыс түсініп, Аллаһ

берген материалдық-рухани мүмкүндік пен қабілеттерді қайырымдылық жолына жұмсай отырып күн кешу – аса зәру жағдай.

Қадірменді сахабалар Ислам дінінің алғашқы атойшылары болып табылады. Сондықтан олар алдыңғы қатардағы қаһармандардан болып, ерен сауапқа кенелу тебіренісімен ерекше күймен өмір сүрді.

Қысқасы, ақырзаман үмметі біздерге де көрген машақаттарымыз мөлшерінде Аллаһ дініне жәрдем беру мәселесінде өзіндік ерекше сыйлар бар.

МАҚРҰМДЫҚТЫҢ ӨТЕМІ

Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың немесе Римдіктерді жеңіп, Ыстанбұлды Ислам жеріне айналдырған Османлы патшасы Фәтих Сұлтан Мұхаммед хан кезінде өмір сүрген жағдайда, жеке өз басымызға ұстанған мұсылмандық жеткілікті болатын еді. Бірақ, бүгінгі таңда қоғамдық мәселелермен айналыспай, дінді насихаттау жауапкершілігін сезінбей, ұрпағымыздың рухани күйзелісіне немқұрайды қарап, адамдардың рухани жан айқайларына құлақ аспай, оларды жұбата алатындай материалдық-рухани барлық күш-жігерімізді жұмсамай, тек өз-өзімізге ұстанатын діндарлығымыз ахіретте бақытқа кенелуіміз үшін жеткілікті емес.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Есіңді жи да, намаздың тек сыртқы көрінісі емес, рухани жағына да көңіл бөл! Жем шоқыған құстай Аллаһтың ұлылығынан бейхабар түрде тек басыңмен жер сүзе берме!..

Көз алдымыздағы үй өртеніп, ішіндегі адамдар **«бізді құтқарыңдар!»** деп айқай салып жатса, оған шай ішіп отырып, көңіл көтергендей немқұрайдылық таныту қаншалықты адамгершілікке жатады?

Бүгінгі күндегі жағдайымыз өте қиын. Адамзат қоғамының барлық сатыларында өрт шыққан секілді... Адамдар рухани күйзеліске душар болған. Тап-таза өзендер дұрыс бағыт берілмегендіктен лас арықтарға ағып, канализацияның суына айналып бара жатыр. Сондықтан бұл заманда мұсылманның жауапкершілігі өте ауыр, бірақ сауабы да сондай үлкен, мол болмақ.

Мұндай кездерде ел үшін, Отан үшін қызмет етіп, Аллаһ жолында күш-жігер жұмсау қиынға соғады. Бірақ машақатты жұмыстарда, мысалы, шекарада жұмыс істегендер кейбір нәрселерден мақрұм болғандықтан жалақыларына қосымша кейбір мүмкіндіктермен қамтамасыз етілсе, осындай ауыр қызметке бару үшін қаншалықты ауыр талаптар қойылса, Аллаһ та сол ауыр жағдайда Өз жолына қызмет еткендердің еңбектерін **«Қарзан Хасанан»**, яғни, Өзіне берілген жақсы қарыз деп санап, құлдарына былай үндейді:

مَن ذَا الَّذِي يُقْرِضُ اللهَ قَرْضاً حَسَناً

فَيُضَاعِفَهُ لَهُ أَضْعَافاً كَثِيرَةً

وَاللّٰهُ يَقْبِضُ وَيَبْسُطُ وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ

«Аллаһқа жақсылықпен қарыз беретін кім екен? (Аллаһ та ондайлардың) **бергенін еселеп қайтарады. Аллаһ** (кейбіреуін) **тарылтады,** (кейбіреуін) **кеңітеді. Сендер** (бәрің де) **Оның алдына қайтарыласыңдар»** (Бақара сүресі, 245-аят).

Бүгінгі таңда әмру бил-мағруф (жақсылыққа жетелеу), нәһю анил-мүнкәрді (жамандықтан алыстатуды) дұрыс орындағандар басқа уақытқа қарағанда көп есе сауапқа ие болады.

Бүгінгі күнде Аллаһ жолында еңбек етіп, Алллаһтың Кітабы мен Пайғамбарының Сүннетін үйреткен мекемелерді қолдағандар басқа уақытқа қарағанда көп есе сауапқа қол жеткізеді.

Аллаһтың бізге аманат етіп берген мүмкіндіктерін **«өтеушілердің ең абзалы» – Аллаһ**қа қарызға беру әрі ұжданның, әрі ақылдың қажеттілігі. Әйтпесе, бұл мүмкіндіктер мен нығметтердің есебін беру мүмкін емес...

НЫҒМЕТ – ЕКІ ЖҮЗДІ ПЫШАҚ

Мына жалғандағы барлық нәрсе бізге бойсұнады. Бұл дүниедегі сынақтың бір хикметі. Нығметтер сан жетпестей көп. Сонымен қатар бұл нығметтердің барлығы екі жүзді пышақ сияқты.

Мысалы, денемізде екі қуат бар. Нәпсі мен рух... Нәпсіге тән қалаулар үстем болса, құл Аллаһтан алыстайды. Рухқа тән қалаулар үстем болса, құл Аллаһқа жақындайды. Азғындығын жоя алмаған нәпсі бұл нығметтерді тек ләззаттану мен рахаты үшін жұмсағысы келеді. Алайда, бұл нығметтердің барлығы жан дүниеміз үшін, сынақ үшін берілген. Аят кәримәда былай делінген:

وَاعْلَمُواْ أَنَّمَا أَمْوَالُكُمْ وَأَوْلاَدُكُمْ فِتْنَةٌ
وَأَنَّ اللّٰهَ عِندَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ

«Біліп қойыңдар: Мал-мүліктерің де, бала-шағаларың да – (сендерге аманат һәм күнәға итеру тұрғысынан) **бір фитнә** (сынақ)**. Бірақ,** (бұларды Ислами өлшемдер мен міндеттерге сай қолдансаңдар)**, үлкен сый-сияпаттың Аллаһтың алдында екенін де** (біліп қойыңдар!)**»** (Әнфәл сүресі, 28-аят).

Аллаһ Тағала бізді үнемі сынап отырады. Дүние-мүлкімізбен, жанымызбен, бала-шағамызбен

сыналып жүрміз. Сынақтан сүрінбей өтіп, жетістікке қол жеткізу үшін сыналып жатқан нәрселерімізді Аллаһ жолында пайдаланып, Аллаһтың дініне жәрдем беріп, Аллаһқа қарыз ретінде жақсылықтар жасап, сөйтіп Жәннатты сатып алуымыз керек. Бұл нығметтерді ешқашан нәпсімізге беріліп, тек өз мүддеміз үшін ғана қолданбауымыз керек.

Аят кәримәда:

ثُمَّ لَتُسْأَلُنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ

«Ақыры сол күні (дүниеде пайдаланған) **нығметтер үшін, әлбетте, есепке тартыласыңдар»** делінген (Тәкәсүр сүресі, 8-аят).

РУХАНИ ДАЙЫНДЫҚ

Жетістікті көздеген тәлімгер алған білімімен, тәлім негіздері мен әдістері арқылы өзін қалай дамытса, рухани күймен де тәлімге солай дайындалуы керек. Өйткені, тәлім – қастерлі іс-шара. Пайғамбарлардың ерекше кәсібі. Яғни, тәлім ісін олар ғана толық орындай алған.

Адам баласы үнемі жоғары рухты тұлғаларға, абзал, турашыл жандарға тәнті болады. Пайғам-

барлардың айрықша қасиеті адамдарды осындай өздеріне тәнті ететін деңгейде болады. Өткендері де, тектері де, жаратылыстары да таза. Өз елдерінің бұзақылары да пайғамбарларының жоғары рухани сипаттарын жоққа шығара алмаған. Ең шебер адам тәлімгерлері пайғамбарлар күнәдан Аллаһтың қорғауында болғанындай, міндеттеріне қарай белгілі жас пен салмақтылыққа жеткеннен кейін пайғамбарлық міндетімен жауапты етілген.

Хазіреті Мұса Хазіреті Шұғайбтың жанында қызмет еткен. Хазіреті Юсуф құдық пен зынданда, құлдықта көптеген сынақтардан өткен. Хазіреті Пайғамбарымыз да r қамқоршысыз, жетім болып өскен өмірінде ар мен туралық үлгісі болған жастық шағынан кейін рухани қажеттілікпен оңашалануға бағытталды. Пайғамбарлық міндетін көтермей тұрып, Хира үңгірінде Құдайдың құдіретін ойлаумен күн кешті.

Аллаһ достарында да осындай күйлер бар. Ғылымның шырқау шегінде болған Имам Ғаззали Шамда Үмәйя мешітінде оңашаланып, рухани кемелденген. Хазіреті Мәуләнә зәһири (сыртқы, көріністегі) ғылымның шыңындағы күйін **«қам-дым/шикі едім!»** сөзімен түсіндірген.

«Мұнәфиқтар, Аллаһты алдамақшы болды. Негізінен Аллаһ оларды алдауға ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Аллаһты өте аз еске алады» *(Ниса, 142).*

Османлы түріктері де тәлімнің рухани жағына немқұрайды қарамай, мектеп-медреселермен бірге дәргахтар (рухани жетілу орталықтарын) салған. Абыройға толы тарихындағы түркілердің ғалымдарының көпшілігі сыртқы білімдерімен бірге мағрифат пен парасат, махаббатұллаһ жолының ұлы көсемдері болған.

Өйткені тәлім тек ауыздан құлаққа емес, жүректен жүрекке жеткізу арқылы іске асуы керек. Әйтпесе технология дамыған қазіргі таңда компьютерлер мен үнтаспалар, СД/ДВД, т.с.с. сияқты заттарды оқитын жабдықтар мұғалімдердің орнын алар еді. Бірақ олай болмады, бола алмайды да. Өйткені тәлім – адамның жүріс-тұрысымен, назарымен, тіпті, үнсіздігімен ерекше мәнге ие рухани қуаты бар адамға тән өнер болып табылады.

Сондықтан тәлімгер материалдық сатыдағы ғылымы мен лайықтылығын кемелдендіруге міндетті болса да, тіпті, рухани күйін бұдан да артық кемелдендіріп, биік шыңға көтерілуі тиіс. Қателіктері мен кемшіліктері туралы ойлауы керек. Күйдің алмасуы деген тәлім-тәрбие ісінде өз кемшіліктері мен қателіктерін шәкіртінің бұлжытпай өз бойына дарытып алатынын ойлауы, бұның жауапкершілігін сезінуі керек. Мәселеге жай ғана мәлімет алып-беру деген көзқараспен емес, рухани, көкейге тән тұрғыдан қарауы керек. Сондықтан тәлім-тәрбие ісімен айналысқан әрқайсымыз рухани

«Дүниені мен қайтейін! Менің дүниеге қатысым жаздың күні жолаушылап бара жатып, бір ағаштың саясында көлеңкесін паналап, сосын тұрып, әрі қарай жолымен кете барған адам тәріздi»,— деген Пайғамбардың өмірі ғибрат, әр сөзі ғибрат болатын (Термези, Зуһд/2377).

күйімізді талқылап, рухани кемелдену мен тазару жолында барынша еңбеек етіп, «Мен тәлім беруге дайынмын ба?!» – деген сұрақтармен өз-өзімізді есепке тартып отыруымыз керек.

ӨЗГЕГЕ АЙТАТЫНДАРЫМЫЗ ӨЗ БОЙЫМЫЗДА БАР МА?

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде Исраил ұлдарының рабиндерін кітап арқалаған есектерге ұқсатқан. Өйткені олар қолдарымен ұстап, жадында сақтап жүрген Тәуратты адамдарға үйреткенімен жүректері жадындағысы мен қолындағысынан өте алыс болған. Сондықтан Аллаһ оларды есекке ұқсатып, қатты сөккен. Оларға тағы былай үндеп:

«(Ей, ғалымдар!) **Сендер кітапты** (Тәуратты) **оқи тұра, өздеріңді ұмытып, басқаларды жақсылыққа** (шындықты және пайғамбарға иман етуді) **бұйырасыңдар ма** (қандай ғажап)**!? Мұны қалайша түсінбейсіңдер** (әлі де саналарың оянбай ма)**!?»** (Бақара сүресі, 44-аят) деп, қатаң ескерту жасаған.

Әрине, бұл Аллаһтың сөгісі белгілі адамдарға ғана емес, олардың қасиет-сипаттары арқылы барлық

«Құптанды жамағатпен оқыған түннің жартысын, ал таң намазын да жамағатпен оқыған түннің бәрін түгелдей ғибадатпен өткізгендей болады».

(Мұслим, Мәсәжид 260)

адамдарға арналып айтылған. Сондықтан біз де өзімізді есепке тартып отыруымыз керек:

«Өз бойымызда алдымыздағы адамдардан талап ететін қасиеттер бар ма?» Өзімізді есепке тартып, іс-әрекеттерімізді електен өткізуіміз керек. Біз үшін Ислам не? Нені білдіреді? Исламды қаншалықты танимыз? Аллаһтың Елшісін қаншалықты танимыз? Құранды қаншалықты танимыз?

Хақ Тағала Өзіне молық сәжде етуіміз үшін адамның денесін сәждеге ең ыңғайлы түрде жаратқан.

Ислам жайындағы мәдениетіміз қай деңгейде? Исламның дүние танымын қаншалықты білеміз? Исламға жат нәрселер өмірімізде бар ма? Өмірімізде Исламның кірмеген сатысы бар ма? Қаншалықты Исламның рухани өмірінен пайдаланып жатырмыз?

Исламияттың руханияты, ұшқыны бізге қаншалықты қонған? Қаншалықты бақытты, тыныштпыз? Тәлімгер болғанымыз шарттар солай талап еткендіктен бе? Әлде тек күнкөріс қамы үшін тәлімгерлік қызмет істеп жүрміз бе? Өз мамандығымыз бен кәсібімізді сүйеміз бе?

Бұл сұрақтардың жауабын бере білу, ықыласымызды, шынайылығымызды әр сәт жаңартып отыру – өте маңызды. Олай

болмаған жағдайда сахабалар нақыл еткен мына ақырзаман мен қиямет көріністерінде бейшара күйден құтыла алмаймыз:

Әбуд-Дарда t былай дейді:

«Қиямет күнінде Аллаһтың құзырындағы адамдардың ең жаманы – оның білімінен өзгелер пайдалана алмаған адам» (Дәрими, Мұқаддимә, 27).

Абдұллаһ t :

«Қоғамдарыңда бүлік пайда болып, үлкендерді әлсіретіп, кішілерді билікке әкеліп, халық олардың ісін «сүннет» ретінде қабылдап, ол іс өзгертіліп, «Сүннет өзгертілді!» деген кезде жағдайларың не болмақ?» – деп сұрады. Қасындағылар:

«Бұл қашан болады, ей, Әбу Абдұррахман?» – деді. Ол:

«Оқып, біліп үйренгенімен ешқандай амал етпеген қариларың (Құран оқушылары) көбейген, Ислам шариғатымен айналысқан заңгер фақиһтарың жоқтың қасындай азайған, басшыларың көбейген, сенімді адамдарың азайып, дүние мен ахірет амалдары араласып быт-шыт болғанда!» деп жауап берді (Дәрими, Мұқаддимә, 22).

Бұндай жағдайға түспеу үшін мұқабасын қолымызға, мәліметтерін ақылымызға, жауапкершілігін иығымызға жүктеп алған Кітабымыз –

Әнәс бин Мәлік былай дейді:

«Расулұллаһ дін бауырларының бірін үш күн көрмей қалса, оны сұрайтын. Алыста болса, оған дұға жасап, үйінде болса, зиярат етіп, ауырып жатса, шипа тілеп көңілін сұрауға баратын».

(Һәйсәми II, 295)

Құранды көкейімізге де нақыш етудің жолы – тақуа азығымен азықтану.

ТАҚУА

Расулуллаһ ﷺ айтады:

«Біреу бір мұминмен танысып, бауырласқан кезінде оның есімін, әкесінің есімін және тегін сұрасын. Өйткені бұлай істеу арадағы махаббаттың артуына себеп болады».

(Термези, Зуһд 54/2392)

Құран Кәрімде парыз намаздардың қанша рәкәат оқылатыны туралы анықтама берілмеген. Бұл мәселені Пайғамбарымыздың сүннетінен үйренеміз. Бірақ, Құран Кәрімнің 258 жерінде жан дүниемізде болуы тиіс тақуа мәселесі тілге тиек етіліп, біздің тақуа иесі болуымыз бұйрылған. Қысқасы, Аллаһ сенім мен құлшылықта, қарым-қатынаста, яғни өмірдің әр сатысында, тіпті, әр демімізде тақуа иесі болуымызды қалайды.

Сонда, тақуа дегеніміз не?

Тақуа – нәпсіқұмарлықты тыйып, өзімізді нәпсінің азғындығынан қорғай білу, Аллаһ берген қабілеттеріміз арқылы Онымен дос болу жолында ілгері қадам басу. Аллаһ Тағала Құран Кәрімді танытқанда:

«Бұл – өзінде (Аллаһ тарапынан жіберілгендігінде) **ешқандай шәк-шүбә жоқ, тақуалар үшін тура жолдың нақ өзі болған Кітап»** (Бақара сүресі, 2-аят) дейді. Тақуалы жандарға да:

«...Сендер тақуа иесі болыңдар, (сонда) **Аллаһ сендерге** (білмегендеріңді) **үйретеді»** (Бақара сүресі,

282-аят) деп, тақуалы болудың керемет мағынасын білдіреді.

Демек, тақуа нәтижесінде көңіл көзі ашылады. Сонда Аллаһтың айбынды салтанаты мен ұлылық көріністері, құдірет ағыстары жүрекке аян бола бастайды. Осылай құл иләһи ләззаттарға бөленеді. Нәпсіге тән қалаулары еріп, жойылады...

Шәкіртіне ғылым мен парасаттылықты үйретуге жетекші болуды қалаған тәлімгердің ең маңызды міндеті – алдымен өз жан дүниесін тазартуы. Құранның жетегінде тақуа мен рухани тереңдікке қол жеткізе білуі.

Тәлімгер шәкірттеріне осындай ой көкжиегімен тек сыртқы мәліметтерді емес, жан-дүниеге тән, рухани мағлұматтарды да үйрете алады. Нәпсіқұмарлықтан құтылудың жолын білетін адам ретінде бейне бір тікенекке толы, машақаты мол нәпсіні тыю деген рухани тәлім-тәрбие жолында да шәкірттеріне жетекші бола алады. Олай болмаған жағдайда, жүргізілген бүкіл тәлімгерлік іс-шарасы бос, әсерсіз, тіпті, сауапқа кенелтудің орнына обалға қалдыратын пішінге айналады.

«...Сендер (шын) мұмин болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар, араларыңды жарастырыңдар. Аллаһқа және Расулына бас иіңдер». (Әнфәл 1).

Әрине, тақуа жолы жеңіл емес. Міне, екі ұлы сахаба Құранның үнемі қайталап тұрған бұл ақиқатын үйреніп, өмірлерінде ұстану ынтасымен жүргізген әңгімелері:

Хазіреті Омар t бір күні Үбәй ибн Қағбтан t тақуаның не екенін сұраған. Үбәй оған:

«Сен тікен басып кеткен жолда жүріп көрдің бе, ей, Омар?» – деді.

Хазіреті Омар:

«– Иә, жүрдім» деп жауап бергенде,

«– Жарайды, сонда не істедің?» – деп сұрады.

Хазіреті Омар:

«– Киімімді жинап, тікен батып кетпесін деп, бар күшімді салдым» – деп, жауап берді.

Бұған қарап Үбәй ибн Кағб былай деді:

«– Міне, тақуа деген осы» (Ибн Кәсир, Тәфсир, I, 42).

Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Адамдардың бірін дос тұтсам, Әбу Бәкірді өзіме дос тұтар едім. Бірақ Ислам бауырмалдығы одан да үстем».

(Бұхари, Саләт 80)

Осыған орай, тәлімгер рухани дайындық жасай жүріп, қаншалықты тақуа иесі болғанын есепке тартуы керек. Жүрегін күнә тікендерінен құтқара алмаған тәлімгер кімге нені үйретер дейсіз?

ҚҰЛШЫЛЫҚТАРҒА МҰҚИЯТ БОЛУ

Тақуаның үш дәрежесі бар. Бұлардың алғашқы екеуіне барлық адамдар жауапты, үшіншісіне хас/шынайы құлдар деңгейіндегі ғалымдар жауапты болып табылады.

1) Тыйымдардан аулақ тұру;

2) Бұйрықтарға бас ию;

3) Үнемі Аллаһпен бірге болу сезімімен күн кешу.

Аллаһ Тағала біздің тақуа киіміне оранып, Жәннатқа кіруімізді қалайды. Сондықтан бізге қаратып айтқан әмірлері мен тыйымдары бар. Құран Кәрімде **«Ей, иман келтіргендер!»** үндеуімен басталатын тоқсанға жуық аят бар. Бұлардың айтарлықтай көп бөлігінде тақуа әмірі келген.

Адамның жаратылу мақсаты – Аллаһқа құлшылық ету, құлдықтың ең өзекті мағынасы – тыйымдардан аулақ болу және әмірлерге бойсұну. Құлшылық өмірін Аллаһпен бірге болу сезімімен өткізе алу болса, бұл ерекше мәртебе.

Күллі мұсылман баласы жауапты болған бұл мәселеде адамдар мен шәкірттеріне Аллаһ пен шындықды үйрететін тәлімгер мен мұғалімнің өте мұқият болуы керек. Өйткені муминдердің жеңісі

Дін бауырластығы «менікі дұрыс, сенікі дұрыс» деген бос тартыстарды шетке тастап, өткенді ұмытуды және қажет болғанда тіпті, өзінен пида етіп, мумин бауырын кешірудің мәрттігін көрсетуді талап ететін іс. Өйткені өкпешіл болу Аллаһтың әміріне бағынбау болады.

– құлшылық, құлшылықтардың мырзасы – намаз, кемелі – хұшуғ (шынайы ықылас).

Муминун сүресі:

قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ

«Мүминдер жеңіске жетті/құтылды» (Муминун сүресі, 1-аят) деген сүйіншімен басталады. Соңынан келген аяттарда мүминдерді жеңіске жетелейтін істер бөлек баян етілген.

Аллаһтың кәрінен құтылып, разылығына бөленуге жетелейтін істердің алғашқысы мүминнің құлшылық өмірін білдіреді:

الَّذِينَ هُمْ فِي صَلَاتِهِمْ خَاشِعُونَ

«Олар намаздарын ықыласпен өтейді» (Муминун сүресі, 2-аят).

Аллаһ дене қозғалысынан ғана тұратын намазды қаламайды. Хұшуғқа (ықыласқа) толы намазды қалайды. Ал хұшуғ – жүрек пен дене үйлесімі... Жүректе үрей мен үміт арқылы пайда болған сезім тұңғиығы...

Тек намазда ғана емес, әр нәрседе хұшуғ сезімі болуы керек... Барша құлшылықтарда хұшуғ... Қарым-қатынастарда хұшуғ... Тәлім-тәрбиеде хұшуғ... Яғни, барлық өмірімізде хұшуғ болуы керек.

Әбу Һұрайра ﵁ былай дейді:

«Мұмин бауырының айнасы. Ол айнадан өз айыбын көріп, оны түзетеді».

(Бұхари, әл-әдәбұл-муфрад, 238)

Сондықтан құлшылық өміріне мұқиятты тәлімгер сол хұшуғ (ықылас) күйін тәлім ісіне де шағылыстырып, сыныбына құлшылық орнына кіргендей, көңіл тыныштығымен, жайдары да ықыласты түрде кіруі керек.

ХАРАМДАРДАН АУЛАҚ БОЛУ

Тақуа – Аллаһ тыйым салған нәрселерден аулақ болу. Мүмин құл өзінің екі дүние бақытына кенелуіне себеп болатын іс-әрекеттердің құлшылықтарға жатпайтындарының барлығын харамнан аулақ болу деген сезіммен бағалауы керек.

«Расында, мүминдер жеңіске жетті/құтылды. Олар – намаздарында иеніп тұратындар. Олар – бос нәрселерден аулақ жүретіндер. Олар – зекет беретіндер. Олар – ұятын (әуретін) **сақтайтындар. Өз әйелдерімен, меншікті күңдерімен болса, оларға сөгіс жоқ. Кім бұлардан басқа** (жыныс жақындығына) **берілсе, міне, солар шектен шығушылар. Олар** (мүминдер) **– өз аманаттарына, уәделеріне берік болатындар»** (Мүминун сүресі, 1-8-аят).



– Бос, пайдасыз нәрселерден аулақ болу,

– Ар-намысқа мұқиятты болу, яғни кез келген харамнан аулақ болу,

Расулуллаһ ﷺ былай деді:

«Адамдардың бірін дос тұтсам, Әбу Бәкірді өзіме дос тұтар едім. Бірақ Ислам бауырмалдығы одан да үстем».

(Бұхари, Саләт 80)

– Аманат пен уәделерге, яғни құл ақысына мән беру сияқты...

Аллаһ Тағала нәпсіге тән қалауларға тартымдылық пен тартылыс заңын берген. Негізінде, оларда тартымды күй болмаса, ешкім оларға бет бұрмайды. Мысалы, ешкім лас нәрсе жемейді, бірақ ішімдік ішеді, арсыздық жасайды. Өйткені сол харамдарда нәпсіге жағатын тартымдылық бар. Олай болса, мүмин нәпсінің қалауларын әлсіретіп, ақыры жоюы керек. Әйтпесе арылмаған жандүние кез-келген мезетте бұзыла алады. Өйткені тәрбие алмаған адам үнемі нәпсіге тән қалауларға иіліп тұрады.

Бахауддин Нақшыбенд:

«Менің қабірімді зиярат еткісі келген адам, алдымен анамның қабірін зиярат етсін!», дей отырып, алған рухани тәрбиесінің алғашқы сәулетшісінің анасы екенін мойындаған екен.

Бұл туралы бір мысал келтірейік:

Мысықтың алдына дәмді ет қойса, жей бастайды. Бірақ осы кезде алдынан тышқан өтсе, ол сол дәмді таза етті тастай салып, тышқанның соңына түседі. Харам нәрселер нәпсіқұмар адамдар үшін де солай көрінеді. Халал, таза және әсем заттарды тастап, нәпсісіне жақсы көрінген лас нәрселердің соңына ереді.

Күнәлар мен харамдардан аулақ болу – әр мүмин үшін шарт. Ал тәлімгерлер мен мұғалімдер, тәрбие ісінің шеберлері үшін міндет, үлкен қажеттілік болып табылады. Өйткені

харамдар мен күмәнді нәрселердің, харам азықтардың, құл ақыларының теріс әсері бүкіл тәлім-тәрбие іс-шарасын пайдасыз етеді, құрдымға кетіреді.

Ахмед Хауари:

«Шіріген азық жесең, аузыңнан шіріген сөз шығады» деген (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, I, 341).

Азық әр кезеңде адамның рухани жағдайы мен күйіне әсер етеді. Сондықтан мүмин тұлғасын қалыптастыратын ең маңызды факторлардан бірі – азықты жүйелі, халал пайдалану.

Дененің материалдық кінәраты бар болса, соған сай азық қолданамыз. Қан қысымы, холестерині болса, бұл кінәраттарды арттырмайтын, денеге зиянын тигізбейтін азықтарды қолданамыз. Бірақ, жан дүниеміз үшін бұдан да асқан мұқияттылықпен рухани өмірімізге зиян келтірмейтін азықтарды қолдануымыз керек. Әсіресе, бүгінгі күні пайызға, парақорлыққа, құл ақысына деген мұқияттылық азайған, азықтарға әркім біле бермейтін түрлі қосындылар қосылған дәуірдеміз...

Харам нәрсе толықтай ізгі істерге жұмсалса да, иесіне пайда бермейтін апат болғаны соншалық, жұмсалған қызметке де пайдасын тигізбейді. Өйткені Аллаһ таза нәрселерді қалайды. Жүрегімізде де, дүние-мүлкімізде де...

Өмірінің соңғы кезеңінде Пайғамбарымыз ﷺ құл ақысын жемеу тұрғысында үмметіне ескерту жасап, өзінен мысал бере отырып былай деді:

«Асхабым! Егер біреудің бір затын (қателікпен) алған болсам, міне, мал-мүлкім келіп алсын. Кімнің арқасына ұрған болсам, міне, арқам келіп ұрсын» (Ахмет III, 400)

Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді:

«Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар, дүниеде қор болу ахіретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады».

(Қрңз: Ибн Сағд, II, 255; Табари, тарих III, 191)

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Құдіреті де, даңқы да аса ұлы Аллаһ пұттарға табынуды, ішімдік ішуді, (адамдарды) ататегі жағынан айыптауды сендерге харам етті. Сақ болыңдар, күмәнсіз, ішімдік ішкен де, өндірген де, құйып ішушілерге таратқан да, ақшасын қолданған да қарғысқа ұшыраған» деді.

Осы кезде бір бәдәуи тұрып, Хазіреті Пайғамбарымыздың алдына келіп:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Мен бұрын ішімдік саудасын жүргізіп, ішімдіктен біршама дүние де жинаған едім. Енді мен бұл дүниені Аллаһқа бағыну жолында жұмсасам, маған пайдасы тие ме?» деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«Сен ол дүниені қажылық пен жиһад немесе садақа деп жұмсасаң да, Аллаһ алдында шыбынның қанатындай құны болмайды. Өйткені Аллаһ тек таза болғанды ғана қабыл етеді» деді.

Бұл оқиғадан кейін Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбарымыздың сөзін растау үшін мына аят кәрименi түсірді:

«(Ей, Расулым!) **“Жаман нәрселердің көптігі сені таң қалдырып** (қызықтырса да)**, лас/харам мен таза/халал** (ешқашан) **бірдей емес. Сондықтан, ей, ақыл иелері!** (Лас нәрселерге қызығу

мәселесінде) **Аллаһтан қорқыңдар, мүмкін, сонда ғана мәңгілік бақытқа жетерсіңдер»** (Мәидә, 100; Уәқиди, Әсбәбү Нүзул, 212-213).

ҚҰЛ АҚЫСЫ

Құл ақысына қол сұғудан әр мүмин сияқты тәлім-тәрбие ісімен айналысқан азаматтар да ерекше алыс тұруы керек. Хазіреті Пайғамбарымыз r халал мен харамға қаншалықты мұқиятты болса, күмәнді нәрселерден де соншалықты сақтанатын. Тіпті, бірде немересі Хазіреті Хасан әлі кішкентай бала кезінде мешітте атасының құшағында отырып, зекет құрмаларының таратылғанына қарап отырған. Алдындағы құрмалардың бірін аузына салғанда, Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Таста, таста! Таста ол құрманы! Біздің садақа жемейтінімізді білмеймісің?» деп, ескертті де, сөйтіп, немересінің аузындағы құрманы жерге тастатты (Мүслим, Зекет, 161).

Хазіреті Пайғамбарымыздың танытқан бұл мұқияттылығы баласының

Абдұррахман Жәми құддисә сирруһ айтады:

«Мен анамды қалай сүймейін. Ол мені бір мерзім құрсағында, содан соң ұзақ уақыт құшағында, одан кейін өлгенге дейін жүрегінің төрінде көтеріп өткен. Оған құрметсіздік жасаудан асқан жамандық бар ма екен?!..»

тамағынан харамның өтуіне кедергі болу һәм қатаң ескертумен балаға да, сол жердегілерге де харамнан аулақ тұру тәлімін беруге негізделген болатын.

«Раббың былай үкім шығарды: "Өзінен басқаға құлшылық етпеңдер. Ата-анаға жақсылық істеңдер! Егер олардың біреуі немесе екеуі де өз қасыңда қартайса, оларға «түу!» деп те айтпа (кейіме)! Оларды зекіме! Оларға сыпайы да көңілдерін баурап алатындай сөйле!"»

(Исра, 23)

Тәлім-тәрбие барысында құл ақысына қол сұқпауға өте үлкен мән беру керек. Білім ордаларында ренжітетін ұстанымдарға, әділетсіздікке әсте жол берілмеуі керек, ешбір адам баласының көңілін құлатпау керек.

Бұл мәселеде Аллаһ досы Баязид Бистамидің мына жоғары құл ақысына деген мұқияттылығы бізге үлгі-өнеге болуы тиіс.

Баязид Бистами бір күні таяғын мешітте тігінен қойып қойған еді. Таяқ онда тұрған бір карияның таяғының үстіне құлап, оны да құлатты. Қария иіліп, таяқты көтеріп қойды. Мұны көрген Баязид қарияның соңына ере отырып, үйіне дейін барып:

«Ақыңды халал ет! Өйткені таяқты алу үшін иілуіңе мен себепші болдым» – деді (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 190).

Бір-біріне осынша сыпайылық пен ізет танытқан мұғалімдердің

қызмет етіп жатқан білім ордасы өте берекелі жемістер алады.

Харам мәселесінде де, құл ақысы мәселесінде де аз бен көптің тең екені ұмытылмауы керек. Аз бен көп арасында ерекшелік емес, тек мөлшер айырмашылығы ғана бар. Титтей харамның өзі барлық берекені жоя алады.

Міне, құл ақысынан аулақ болуда титтей бөлшектерден де асып кеткен сезім өлшеміне ерекше мысал:

Халифа Омар бин Абдулазиз құзырында қоғам мүлкі хош иісті сулар өлшеніп, таразыланып жатқанда, хош иіс мұрнына келмессін деп мұрнын бітеп қоятын.

«Неліктен олай етесің?» – дегендерге:

«Расында, бұны пайдалану – иісін алу арқылы болады» дейтін (Ғаззали, Ихия-ү Ұлумиддин, (Тахқиқ, Ираqи), Бейрут 1997, II, 168).

«Барлығың шопансың-дар және барлығың баққандарың-нан сұраласыңдар.. Еркек жанұясының шопаны және сол отарынан сұралады. Әйел күйеуінің үйі-нің шопаны және сол отарынан сұралады».

(Бұхари, ұасая 9; Мұслим, имара 20)

ТАҚУА ҚОҒАМЫ

Өзін рухани кемелдендіріп, тақуаны өмірлік ұстанымына айналдырған, харамдардан аулақ болып, құлшылықтарында хұшуғқа (шынайы ықыласқа) жеткен және бұл күйін тәлімгерлік іс-шараларында іске асырған мүмин осы деңгейге жеткенімен, міндетінен босаған болып табылмайды.

Аллаһ Тағала тек жеке өмірге тән деңгейдегі емес, қоғам деңгейінде іске асқан тақуа өмірін талап етеді. Фұрқан сүресінің 74-ші аят кәримәсінде мүминдерге мына дұғаны үйретеді:

رَبَّنَا هَبْ لَنَا مِنْ أَزْوَاجِنَا وَذُرِّيَّاتِنَا قُرَّةَ أَعْيُنٍ
وَاجْعَلْنَا لِلْمُتَّقِينَ إِمَاماً

«О, Раббымыз! Бізге көзімізді нұрландыратын жұбайлар мен ұрпақтар бер! Және бізді тақуа иелеріне басшы ет!» (Фұрқан сүресі, 74-аят).

Аят кәриманың бізге айтар екі негізгі үндеуі бар:

1) Көзіміздің қарашығындай балалар өсетін бақытты отбасылардан құрылған тақуа қоғамын қалыптастыру.

2) Әр мүмин өзін бұл тақуа қоғамына көсем бола алатындай деңгейде рухани дайындауы.

Бір құдси хадисінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Туыс, дос-жарандарымен қатынасын үзбегендер және Менің разылығым үшін араласқандар — Менің махаббатыма лайық жандар».

(Ахмет V, 229)

Жақсылықты әмір етіп, жамандықтан тыятын қоғам... Тақуада көсем болған әкелер, оларды салих (ізгі) амалдарымен қолдаған аяулы аналар, бақытты отбасында ерекше негіздермен өскен бақыт бұлағы – балалар... Отбасы – қоғамның ең кішкене бөлшегі... Жеке адамнан отбасыға, отбасыдан қоғамға... Үлкендері кішілеріне кез-келген аланда ең көркем үлгі болатын қоғам – қандай керемет қоғам десеңіз ше!

«Ей, иман келтірген жандар! Өздеріңді де, отбасыларыңды да отыны адамдар мен тастардан болатын оттан қорғаңдар..»
(Тахрим, 6)

Асрұ саадат/бақыт ғасыры деп аталған Пайғамбарымыз дәуірінде Хазіреті Пайғамбарымыз r бен сахабалардың үлкен пидакештіктерімен шыңға жеткен тақуа қоғамы құрылды. Ол қоғамда өскендер абзал тұлғалар мәдениетінің негізін қалады. Міне, сол бақытты кезеңнен бір үзінді.

Бір күні Хазіреті Мұауия Мәдина тұрғындарының біреуінен Хасанның қандай күйде екенін сұрайды. Ол былай түсіндіреді:

«Ей, мүминдердің әміршісі! Хасан таң намазын оқығаннан күн шыққанша мешітте болады. Мешітте қанша абыройлы, сыйлы адамдар болса да, олардың барлығы оның жанына келеді де, күн әбден көтерілгенше сұхбаттасып,

әңгімелеседі. Күн көтерілгенде екі рәкәат намаз оқиды, кейін мүминдердің аяулы аналарына (Пайғамбарымыздың әйелдеріне) барып, оларға сәлем береді, хал-жағдайларын сұрайды. Олар оған тамақ тарту етеді. Міне, Хасан бин Әлидің күндері осылай өтеді».

Хадис былай бұйырады:

«Үйленіңдер, ажыраспаңдар!.. Өйткені ажырасу себебінен Арш шайқалады..».

(Әли әл-Муттақи IX, 1161/27874)

Бұларды естіген Мұауия мұңайып:

«Біз ол сияқты бола алмадық» дейді (Ибн Манзур, Мұхтасару Тарихи Димәшқ, VII, 23).

Мұндай тақуа қоғамының құрылуындағы ең үлкен міндет ел мен отан, дін жолында қызмет еткендерге, болашақтың әкелері мен аналарын дайындаушы мұғалімдердің мойнында болады. Пайғамбарлардың жалғыз мирасы болған бұл міндет – өте маңызды әрі оның жауапкершілігі өте ауыр. Сондықтан пайғамбарлар бұл жауапкершіліктің ауырлығын сезініп күн кешкен болатын. Аят кәримәда былай делінген:



«Өздеріне (елші) **жіберілген елді, сөзсіз, жауапқа тартамыз, оларға жіберілген** (пайғамбарларды да)**, әрине, жауапқа тартамыз»** (А'раф сүресі, 6-аят).

Хазіреті Юнус u елін ұзақ жылдар бойы дінге,

иманға шақырды. Елі иманға келмеген соң сабыры таусылып, міндетін толық аяқтамай, жерінен үш күн бұрын кетіп қалады. Бірақ оны балық жұтып алады. Ол құтты пайғамбар Аллаһтан кешірім сұрап, азапқа душар болудан құтылды. Сондықтан Аллаһтың бізге тарту еткен ерекше нығметі – дінге шақыру міндетімізді шынайы да, жігерлі орындауға тырысуымыз керек. Жеке өміріміз түгілі тақуа қоғамына басшылық ету міндетіміз болғандықтан Исламмен байланысымызды сергек ұстауымыз керек. Үлгілі болуымыз керек. Көсем болуымыз керек. Бұл істі де тек міндет болғаны үшін емес, шынайылықпен іске асыруымыз керек...

Исламды тек мешіттер мен жайнамазда ғана ұстанбай, ішіп-жегенде, киген киімімізді, киім үлгісінде, адами қатынастарда Исламды жүзеге асыруымыз керек. Отбасылық өмірде, сауда-саттық өмірде, білім жолында Ислам бойынша ұстанымда болуды алға қоюмыз керек.

Сондықтан Ислам мен оның иесі Аллаһты ренжітіп алмайық. Ренжітер болсақ, дүниеде де, ахіретте де қиындықтарға ұшыраймыз. Үйреткен Исламымыздың, оқытқан Құранымыздың махшар алаңында бізге қарсы болмай, керісінше, бізді жақтап куәлік беруін қамтамасыз етуіміз керек.

Хақ Тағала «рахим» деп аталатын туыстық қатынастарға Өзінің Рахман сипатымен түбірлес сөзден атау беріп:

«..Оны сақтағандарға Мен де жақсылық жасаймын. Оны үзіп тастағанды Мен өз мейірімімнен мақрұм қалдырамын», деген.

(Әбу Дәуіт, зекет 45/1694)

ҚАСТЕРЛІ ТӘЛІМ – ТАСАВВУФ/СОПЫЛЫҚ ЖОЛЫ

«Жер бетінде бір мұсылман Аллаһтан бір нәрсе тілейтін болса, тілеген нәрсе күнә іс болмайынша немесе туысымен қатынасын үзу болмайынша, Аллаһ оның тілегін қабыл алып орындайды немесе сол тілегеніне парапар бір жамандықты басынан аулақтатады». *(Термези, дағауат 115/3573; Ахмет III, 18)*

Тасаввуф/сопылық – қастерлі, шынайы тәлім. Дүние дәрісханасына бұл тәлімдіісжүзінде орындауға келдік.

Тасаввуф/сопылық – көңіл тәлімі. Тасаввуфтың негізін білдіретін тақуа, ихсан , зуһд, ықылас, риза, тәслимият сияқты ұғымдардың барлығының ортақ мақсаты – «жүректің саф халге жетуі». Сондықтан сопылық жолы адамның сезім орталығы жүрекке негізделеді. Жүректі негізгі тақырып ретінде қолға алады.

Негізінде Құран адамның жүрегіне үндеген. Өйткені иман келтіру тілмен бекітуге қоса ақылмен емес, жүрекпен растаумен іске асады. Яғни жүрек – иман тұрақтаған жері мен орны. Сондықтан жүректің саф халге жетіп, таза, нұрлы болуы Аллаһ қалаған құлдық күйінің бірден-бір шарты болып табылады.

Мысалы, намаз құлшылығының сырт пішіні мен рәкәаттарын, рүкіндерін жеңіл түсіне аламыз. Бірақ, Аллаһтың Құранда шегелей айтқаны – бұл құлшылықтың жүрекке тән жағы. Аят кәрималарда:

قَدْ أَفْلَحَ الْمُؤْمِنُونَ ﴿١﴾ الَّذِينَ هُمْ فِي صَلَاتِهِمْ خَاشِعُونَ ﴿٢﴾

«Мүминдер жеңіске жетті/құтылды, олар намазды ықыласпен оқиды» (Муминун сүресі, 1-2-аят).

فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ ﴿٤﴾
الَّذِينَ هُمْ عَن صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ﴿٥﴾

«Нендей өкініш сол намаз оқығандарға, олар намаздарына мән бермейді (бейқамдықпен өтейді)**»** (Мағун сүресі, 4-5-аят) – делінген.

Жүрек толық тазарып, сафтанбаса, қалбү сәлим деп аталатын сәлеметке жеткен жүрек кейпі іске аспай, бейқамдыққа бой алдыратын болса, құлшылықтар мәнсіз, қатынастар кем, құлдық руханияттан алыс қалады...

Аллаһ Тағала жүрек пен дене үйлесімділігі қамтамасыз етілген ықылас күйіндегі құлшылық өмірін талап етеді. Жүрекке тән тереңдік пен сезімталдық ішіндегі қатынасты қалайды. Өстіп, құлының өзіне жақын болуын қалайды.

Тасаввуфты/сопылықты бір сөзбен айтқанда:

«Тасаввуф – тақуаға жете білу өнері» – деп түсіндіре аламыз.

«Аллаһқа шақыратын, өзі де ізгі амал істейтін және "Мен мұсылманмын" деп жар салатын адамның сөзінен артық көркем сөзді жан бар ма?» (Фұссиләт, 33).

Адамның өз өмірінде орындамаған амалдарды басқаларға түсіндіріп, қайырлы нәтиже алуы да мүмкін емес.

Сонда, тақуа дегеніміз не?

Ең өзекті анықтамасы – тақуа нәпсіге тән қалауларын тізгіндеп, рухани қабілеттерді ашу.

Тасаввуф/сопылық – иманды ихсан көкжиегінде, яғни Аллаһты көріп тұрғандай сүйіспеншілікпен іске асыру. Үнемі иләһи бейне таспалардың бақылауында екенін жүрекпен біліп, сезу күйіне келуі.

Тасаввуф/сопылық – өмірдің дауылдарына, алдауы мен арбауларына берілмеу өнері.

Яғни, молшылықта даңдайсымай, таршылықта жабырқамай, екеуінде де жақсылық бар деп, екі жағдайды да мәңгі өмір үшін ең саналы түрде саралай білу деген сөз. Дүние-мүлікті қолдануды қалай білсек, жоқтықты да солай қолдана білу шеберлігі. Ризалық пен берілу (тәсілімият) арқылы екі жағдайда да ұтып шыға білу өнері болып табылады.

Хадис шәрифте былай делінген:

«Мүминнің жағдайы шынымен-ақ, құштарлық пен таңырқауға тұрарлық. Өйткені әр жағдайы өзі үшін жақсылық себепшісі. Мұндай ерекшелік тек мүминде ғана бар.

Мүмин қуанса, шүкірлік етеді. Бұл ол үшін жақсылық. Басына тауқымет келсе, сабыр сақтайды. Бұл да ол үшін жақсылық» (Мүслим, Зуһд, 64).

Яғни, тасаввуф/сопылық өзгеріп тұратын шарттарда Аллаһтың тағдырына разы бола білу, рухқа тән тепе-теңдікті сақтай алу және шағымдануға берілмеу өнері болып табылады.

Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«Ей, жай тапқан жан!» (Фәжр сүресі, 27-аят) деп үндеу салады. Нәпсі немен жай табады? Кейінгі аятта:

«...Сен Оған, Ол саған разы болып...» (Фәжр сүресі, 28-аят) деніледі. Яғни, басқа келген жақсы-жаман – барлық жағдайда Аллаһқа разы болу Аллаһтың ризалығына бөлейді әрі көңіл тыныштығына жеткізеді... Ал бұндай тыныш көңіл-күй жәннатқа кіру жолы деген сөз.

Тасаввуф/сопылық – Аллаһ Елшісі Хазіреті Пайғамбарымыздың r көркем мінезін өз бойымызға дарыта білу өнері. Өз жағдайымызды Хазіреті Пайғамбарымыздың жағдайымен таразылау тәлімі.

Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірінде өте нәзік тұстарының көптігі сонша, бізге *«Кімнің арқасынан ұрған болсам, міне, арқам! Келсін, ұрсын! Кімнің дүние-мүлкін қателікпен алған болсам, міне, дүние-мүлкім! Ол да келсін, алсын!»* – дейді (Ахмет, III, 400).

Адамдардың бұл дүниелерін де, мәңгілік әлемдерін де көркейте түсетін тәблиғ қызметі — иман нығметі үшін Аллаһқа шүкіршілік етудің ең жақсы жолы. Қандай да бір мүмин үшін Жаратқан Иенің мына бір мақтауына лайық болудан асқан бақыт барма ма?:

Бір таңқаларлығы қоштасу қажылығына 120 000 сахаба қатысқан болатын. Соншама сахабаның тек 20 000-дайы Мекке мен Мәдина маңайында жерленген екен. Ал қалғандары Исламды тәблиғ ету және Аллаһтың сөзін ұлықтау үшін бүкіл дүниеге жайылып, ең соңғы аяқ баса алған жерлері қабірлері болған екен.

Бізді үнемі өзара разылыққа, құл ақысынан сақ болуға шақырады.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Мен әр мүминге оның жанынан да жақынмын. (Сондықтан) біреу қайтыс болып, артында дүние-мүлік қалдырған болса, ол дүние-мүлік жақындарына тиесілі. Бірақ, қарыз немесе жетім қалдырса, ол қарыз маған тиісті. Жетімдерге көз қырын салу да менің міндетім» – дейді (Муслим, Жұма, 43; Тағы да қараңыз: Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 7).

Бізді басқалардың қамын жеуге шақырады. Адамның жеке басының тыныш, рахат болуы өзгелердің қамын жеп, олардың да тыныш, рахат болуы үшін еңбектеніп, күш салудан өтетінін есімізге салады. Сондықтан мүмин өзін рухани кемелдендірген соң бүкіл жаратылыс иелеріне көңіл аударып, мақрұмдардың кемшіліктерін толықтыруға ынталы рухани күйге ие болуы керек. Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«(Садақалар) **өзін Аллаһ жолына атаған,** (ғылым-білім үйреніп-үйретумен, дін жолында қызметпен шұғылданғандықтан) **жер бетін** (тіршілік ету үшін) **аралауға шамасы жетпеген,** (олардың) **жағдайын білмейтіндер ар-намысы мен көңіл тоқтығынан** (тіленшілік етпейтініне қарап)**, оларды бай деп ойлаған. Сен болсаң, оларды келбеттерінен танисың. Бетсіздік жасап**

адамдардан (бір нәрсе) сұрай алмаған – пақырлардыкі. Хайыр деп не берсеңдер, Аллаһ оны толық біледі» деген (Бақара сүресі, 273-аят).

Міне, тасаввуф/сопылық – жүректің рентген секілді мұқтаждарды жүзінен тани алатын ерекшелікке жетуі, жұмсаруы, нәзіктей түсуі, тереңдеуі... Осыған орай тәлімгер шәкіртінің мұқтаждығын сезетін парасат, көрегендік сияқты қасиеттерге ие болуы қажет.

«Қиямет күні Аллаһ Тағала былай дейді: Ұлылығыма ант, Маған бас ию мақсатымен бір-бірлерін сүйгендер қайда? Еш көлең-ке болмайтын күні оларды (Аршымның) астында саялатып, қорғаштаймын» (Мүслим, Бирр 37).

НӘПСІНІ ТӘРБИЕЛЕУ

Аллаһ разы болатындай құл бола білу жандүниедегі кедергілерді жоюға байланысты. Бұл жолдағы ең үлкен кедергі – менмендік. Шайтанды иләһи құзырдан қудырған менмендік әр жерде ең үлкен сынақ болып, алдымыздан шығып тұрады. Бұл қатерлі қауіп бізді құлшылығымызда да, Аллаһқа мойынсұнуымызда да, қайырымдылық пен жақсылық істерімізде де мазалап тұрады.

Иләһи құзырға ашылған ұлы есіктен менмендік киімін шешпей өту мүмкін емес. Бұл үшін нәпсінің тазартылуы шарт.

Аят кәримәда айтылады:

«Таза болған (арынған)**, расында, құтылды»** (А’лә сүресі, 14-аят).

«Нәпсісін жамандықтардан тазартқан құтылды, оны жамандықтарға көмген (итерген) **өзіне зиян келтірді»** (Шәмс сүресі, 9-10-аят).

«Мүмин өз бауырынан бөлек тұра алмайды. Олар дәл екі қол секілді, бірінсіз-бірі болмайды» *(Дәйләми, Фирдәус III, 409/5251).*

Баязид Бистами Хазірет былай дейді:

«Нәпсіме “Қане, Аллаһқа барайық!” – дедім, “Жарайды” демеді. Сосын оны тастап, Жаратушыма жалғыз бардым» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, I, 207).

Аллаһқа жақын болуға үш нәрсе кедергі жасайды:

Біріншісі – менмендік, яғни тәкәппарлық.

Екіншісі – сараңдық, яғни дүниеқоңыздық.

Үшіншісі – ақымақтық, яғни жарыместік. Ақымақтықтың ең қауіптісі – ахірет пен дүние қатар келіп қалғанда, дүниені таңдау...

Имам Ғаззали былай дейді:

«Сенің нәпсің асау ат сияқты, оны үйретсең, сені ең қауіпті жерлерден оңай алып өтеді. Егер оны үйрете алмасаң, уақыты келіп,

құздың ернеуінде бір қырсықтығы ұстап қалады да, сені құздан төмен домалатып жібереді».

Қысқасы, нәпсіні тыйып, жүректі саф халге жеткізу – мәңгілік сапарда жолыңнан адастырғысы келген нәпсі мен шайтанның зиянын жоя білу үшін қажетті рухани тәлім.

ТАМЫРЫ ШІРІК БОЛСА...

Марқұм әкем әрі ұстазым Мұса Әпенді:

«Ағаштың тамыры шірік болса, жапырағы мен жемістерінен белгілі болады» – деп, жиі айтып отыратын.

Расында, кей ағаштарға қараймыз – жемісі езіліп, бүрісіп қалған, жапырақтарының жартысы жасыл, жартысы сарғайған. Бұл оның негізіндегі бір кінәраттың белгісі. Осы сияқты жүректе бейқамдық, көзбояушылық, күндеу, әуесқойлық сияқты рухани аурулар болса, бұл – адамның күйі мен ұстанымында, иілім мен іс-қимылдарында өзін көрсетеді.

Қисық сызғыштан тура сызық шықпайтыны сияқты, жан-дүниесі нәпсіге тән кінәраттарға толы адамның да сырт дүниесі түзу болмайды.

Тәлімгердің оқушылары – оның жемістері мен жапырақтары. Олардағы кемелдік пен рухани

«Әй, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Аллаһты еске алудан тосып қалмасын. Әлдекім бұны істесе, міне, солар зиян тартушылар.

(Мүнәфиқун, 9)

байлық, тірлік пен береке қоректенген ошағының кемелдігінің көрінісі болып табылады. Сондықтан тәлімгер алдымен өз жан-дүниесін түзеп, көркем үлгі болуы керек. Ұстанатын салмақты мінезімен, тұлғалылықпен өзгелерді таңқалдыратындай болуы керек.

Екіншіден, денеге қажетті азық берілмеген жағдайда адам денсаулығында кемшіліктер мен кінәраттар пайда болса, рухтың да азығы кем болған жағдайда рухани кінәраттар шығады. Бейқам жүрек, ауру жүрек, тас жүрек және өлі жүрек деген күйлер бой көтереді. Бұл мәселе тәлімгер үшін өте маңызды. Бос ыдыспен тарту жасалмайтыны сияқты тәлімгер де өз жүрегіне тән азығын кемітпеуі керек. Сонда ғана басқаларға пайдасы тиеді.

АЛЛАҺ ҚАЛАҒАН ЖҮРЕК ТҮРІ

Сәри Сақати былай деген:

«Жүректің үш түрі бар:

1) Тау сияқты тұрақты жүрек бар. Еш нәрсе оны орнынан қозғалта алмайды.

2) Ағаш сияқты жүрек бар. Негізі мықты, бірақ кейде күшті дауыл оны ары-бері иіп, қинайды.

3) Түк сияқты жүрек бар. Жел соқса, әр жаққа ұша береді» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, I, 330).

«Және *(ей, иман келтіргендер!)* ***сондай фитнәдан*** *(күнәлардан)* ***сақтаныңдар*** *(және өзгелерді сақсындырыңдар. Өйткені)* ***Оның жазасы тек зұлымдық істегендерге ғана тиіп қалмайды*** *(бүкіл қоғамды пушайман етеді).* ***Һәм*** *(тағы да)* ***біліп қойыңдар: Аллаһтың аза-бы тым қатты»***

(Әнфәл 25).

«Сенің нәпсің ат сияқты, оны үйретсең, сені ең қауіпті жерлерден оңай алып өтеді. Егер оны үйрете алмасаң, уақыты келіп, құздың ернеуінде бір қырсықтығы ұстап қалады да, сені құздан төмен домалатып жібереді».

Аллаһ мүминдерден өмірдің ащы-тұщы түрлі тосын сыйлары мен құлау-өрлеуінде еш иілмейтін, ешқандай мүдде мен дүниеге, нәпсіге тән пайда үшін иманынан бас тартпайтын мықты, тау сияқты жүректі талап етеді.

Жаратушы Иеміз Кәлимә Тәухидті толық мағынасымен өмірге енгізіп, **«Лә Иләһә»** дегенде, ең алдымен жүректегі нәпсі мен қалау деген **«тәңірлерден»**, сонан соң Аллаһтан бейқам ететін барлық нәрселерден тазартылуын әмір етеді. Өмір мектебінен алынатын рухани тәлім мен дүние сынақтарының ахиреттік құжаты ретінде біздерден **қалбү сәлим (таза, саф жүрек)** күтеді. Өйткені қиямет күнінде керек жалғыз құнды ақша – осы құжат.

Қалбү сәлим (таза, саф жүрек) дегеніміз Аллаһ Тағаланың құлына таза жаратылысымен

Дарға асылғалы тұрған бір сахаба өзіне үш минут берген мүшрікке рахметін айтып, былай қуанған еді:

«Демек, тәблиғ айту үшін үш минут уақытым бар екен! Бәлкім үгіт аларсың».

бірге тарту еткен және оны қорғауын талап еткен жүрек. Жүректің бұл таза күйіне тасаввуфқа/сопылыққа сай тәрбие әдістерімен ғана қол жеткізіледі.

Жүрегінің тазаруы арқылы құл өз күнәлар қаңқасынан құтылады. Руханияттың ашылуы нәтижесінде барлық нәпсіге тән қалаулардың тартымдылығы жойылады. Бұл күй – қалбү сәлимге жету деген сөз. Аллаһ құзырында әсем түрде қабыл етілетіні де осы жүрек.

«Әли, інім! Аллаһтың сенің қолыңмен бір адамды һидаятқа жеткізуі сен үшін күн шуағы түсіп жатқан барлық нәрседен қайырлы».

(Хаким, Мүстәдрак III, 690)

Аят кәримәда былай айтылған:

«Ол күні дүние-мүлік те, ұрпақ та пайдасын тигізбейді. Тек Аллаһқа қалбү сәлиммен (таза, саф жүрекпен) **келгендер** (ол күні пайда көреді)**»** (Шұара сүресі, 89-аят).

Міне, Раббымыз ешбір сәт, ешқашан Өзін ұмытпай, иман ұшқынымен, шынайы ғашықтықпен өмір сүруімізді қалайды. Әрқашан Аллаһ ризалығын іздеген, үнемі Аллаһты ойлаған жүрек, яғни қалбү мүниб иесі болуымызды қалайды.

Бұндай жүрек деңгейіне тек рухани тәрбие арқылы жетіледі. Оған жеткендер фәни қатынастардың тұтқыны болудан

құтылып, ғашықтықпен, ынтықтықпен рухани әлемнен ләззат алатын күйге кенеледі. Сонда жүрегі иләһи құдірет ағыстарынан үрейленіп, махаббат һәм қорқыныш күйінде лүпілдей бастайды. Аят кәримәда былай делінген:

«Міне, сендерге уәде етілген Жәннат! Ол Аллаһқа жөнелген, әмірлеріне мойынсұнған, көрмеген жағдайда Рахманнан қорыққан және мүниб жүрекпен (Аллаһқа жөнелген жүрек) **келгендер ерекше»** (Қаф сүресі, 32-33-аят).

Құран мен Сүннеттің бұлжымас та өзгермес елегінен өтіп тазарған, саф және мүниб (Аллаһқа бет алған) жүректерде сезімдер артады, ерекше пікір көкжиегі пайда болады. Әлем оған иләһи сырлар мен хикметтерді баяндайтын кітап сияқты ашылады.

Қысқасы, Аллаһ әр мүмкіндікте бізді «Дарұс-Сәләм»-ға, яғни Жәннатқа шақырады. Маңыздысы – біздің бұл шақыруға жауап бере алатындай жүрекке қаншалықты ие бола алғанымыз...

ЗІКІР

Жүректі бейқамдықтан қорғау үшін зікірдің руханиятында күн кешу аса зәрулік жағдай. Өйткені Аллаһты зікір еткен адам Ол разы болмаған күй мен кейіпте бола алмайды. Өйткені зікірдің берекесі

*«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді. Енді** (бұдан кейін де) **оларға кешірімді бол, және оларға** (Аллаһтан) **кешірім тіле, олармен әр іс туралы кеңес құр. Ал,** (кеңескеннен кейін) **бір іске бел бусаң, онда Аллаһқа сүйен. Аллаһ өзіне сүйенгендерді, сөзсіз, сүйеді»** (Әлү Имран 159)*

Адамдарға ізгілікті үйретіп, жамандықтан тию арқылы Хақ пен ақиқатқа шақыру — оларға жасалатын ең ізгі және өмірлік маңызы бар қызмет.

мен руханияты нәпсі мен шайтанның адастыруына қарсы тұра алатын нағыз қалқан болып табылады.

Хадис шәрифте былай делінген:

«...Яхия u *адамдарды Бәйтүл-Мақдиске жинады. Мешіт аузына дейін толып кетті. Сыртта отырғандар да болды. Ол сонда былай деді:*

...Аллаһ сендерге Өзін көптеп зікір етуді әмір етті. Мысалы, бір адамды дұшпандары келіп, оны ұстап алғылары келеді деп ойлап көрелік. Ол кісі тек мықты қамалды паналағанда ғана өзін қорғай алады. Құл да сол сияқты. Өзін шайтаннан тек Аллаһты зікір етіп қана қорғай алады» (Термези, Әдеп, 78/ 2863; Ахмет, IV, 130, 202).

Ахмед ибн Ханбәлдің риуаятында хадистің соңғы сөйлемі мынадай:

«Құл Аллаһты зікір етуін жалғастырса, шайтанға қарсы адамнан да жақсы қорғанғаны, мықты жерді паналағаны» (Ахмет, IV, 130, 202).

Бір күні Аллаһ Елшісі r зікір салушылардың абзалдығын баяндап:

«– Мүфәрридтер озды!» – деді. Сахабалар:

«– Мүфәрридтер дегеніңіз кім, ей, Аллаһ Расулы?» деп сұрайды. Аллаһ Расулы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһты көп зікір еткен ерлер мен әйелдер» – деді (Мүслим, Зікір, 4; Бұған қоса қараңыз: Термези, Дәауат, 128/ 3596).

Басқа бір риуаятта мынадай сөздер айтылған:

«Мүфәрридтер – Аллаһты зікір етуге құштар болған адамдар. Зікір олардың иықтарындағы күнә жүктерін түсіргені үшін қиямет күні жеңілденіп келеді» (Термези, Даауат, 128/ 3596).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімдегі көптеген аяттарымен бізді зікірге шақырады. Олардың бірінде былай деген:

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһты көбірек зікір етіңдер. Және Оны ертелі-кеш дәріптеп жүріңдер!» (Ахзаб сүресі, 40-41-аят).

Зікір рухани өмірден осынша құнды орын алғанымен, оны әдептеріне сай іске асыру қажет. Яғни, тілмен зікір салғанда жүрек те Аллаһпен бірге болуы керек.

Баязид Бистами былай деген:

«Зікірді сан мәрте сала берсең де, негізінде ол шынайы да, көп те зікір емес. Зікір – бейқамсыз, жан тыныштығымен жасалған зікір» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратүл-Әулия, I, 203).

«Харамдар от секілді. Оған тек (жүрегі) өлілер ғана қол созады. Егер қол созғандар тірі болғанында ол оттың ыстығын сезінген болар еді».

(Омар бин Абдулазиз)



Ең абзал зікір – жүрекпен сезіне отырып, үнемі зікір күйінде болу. Яғни, әр сәт жүректің Аллаһпен білге болуы. Және де зікірдің ең абзал уақыты – таң сәрі.

Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Кімде-кім дін бауырына бір жыл араз болып, жоламай қойса, оның қанын төккендей болып, күнәға кіреді»

(Әбу Дәуіт, әдеп 47/4915).

ТАҢ СӘРІ УАҚЫТЫ

Көктемде топырақ жауынға қаншалықты мұқтаж болса, жүрек те ашылып, шынайы бақытқа жету үшін таң сәрі уақытының фәйзі мен берекетіне соншалықты мұқтаж...

Сондықтан таң сәрі уақытына ерекше көңіл бөлу керек. Аллаһ Тағала аят кәримәда:

«...Таң сәрі уақытында Аллаһтан кешірім тілегендер» (Әлу Имран сүресі, 17-аят).

«Таң сәрі уақытында кешірім тілейді» (Зәрият сүресі, 18-аят) деп, мүмин құлдарын осы ерекше уақытты истиғфармен (кешірім сұрау), зікірмен өткізуге шақырады. Фәни сүйіктімізден шақыру келсе, қандай қиыншылық болса да, бәріне төзіп, сол шақыруға барамыз. Ал Аллаһтың таң сәріге шақыруы – нағыз құлдар әсте бейқам қарай алмайтын иләһи шақыру.

Сапарымыз түнде, мысалы, ұшақпен ұшатын уақытымыз сағат үш-төртте болса, оған уақытында дайындалып, сол сағатта міндетті түрде дайын боламыз. Ал Жаратушы Иеміз Аллаһ бізбен әр түні бірге болуды қалайды.

Сүйгенімізден сыйлық келсе, біз де оған сыймен жауап беруге, бұған күшіміз жетпесе, ең аз дегенде алғыс айтуды борыш деп білеміз. Еш нәрсе жасай алмасақ, хабарласып, алғысымызды жеткіземіз.

Аллаһ бізді жоқтан бар етті. Жаратылыстың ішіндегі ең абзал мәртебеге көтеріп, адам етті. Һәди (тура жолға салушы) деген киелі есімінің көрінісі ретінде иманмен ардақты етті. Сан жетпес нығметтерге кенелтті. Оның мұнша сыйы мен тартуына шүкірлік борышымызды өтеу үшін не істесек те аз болады. Бірақ, бұл жолда істей алатын ең әсем шүкірлік сөздерінің бірі – таң сәрі шақыруын **«Ләббәйкә, иә, Рабби/Құп, о, Раббым!»** деп, қабыл алуға тырысу.

Бұл шақыруды қабыл алу жүрегіміздің ең үлкен рухани қуаты мен берекет бұлақтарының бірі, руханиятымыз өрлеу үшін ең көркем нығметтердің бірі болып табылады

Мәсрук рахматұллаһи алейһи:

«Адамның жалғыз қалып күнәларын ойлайтын,

«Кімде-кім егер дін бауырының мұқтаждығын тауып беруге тырысып, сол істі соңына апарса, бұл оған он жыл иғтикафта отырудан артық болады. Ал Аллаһ разылығы үшін бір күн иғтикафта отырса, Аллаһ Тағала ол адам мен тозақтың арасына үш күз жаратады, әр күздың қашық-тығы шығыс пен батыстың арасындай» *(Бәйхаки, Шуаб III, 424-425; Һәйсәми VIII, 192).*

кешірім тілеп, оңаша қала алатын уақыттары болуы керек» деген (Дәріми, Мұқаддимә, 30).

Сондықтан таң сәрі уақыты біз үшін ең көркем кешірім тілейтін уақыт.

Хазіреті Яғқубқа ұлдары:

«Біз үшін Аллаһтын кешірім тіле!» деген кезде, «Кейін тілеймін» деді.

Тәфсір ғалымдары Яқуб пайғамбар бұл сөзімен «Таң сәрі уақытында кешірім сұраймын» деген дейді.

Хазіреті Пайғамбар r былай деген:

«Аллаһ Тағала күндіз күнә істегеннің тәубесін қабыл ету үшін түнде қолын ашады. Түнде күнә істегеннің тәубесін қабыл ету үшін күндіз қолын ашады. Күн батқан жерінен шыққанша, яғни қияметке дейін бұл осылай жалғасып кете береді» (Мүслим, Тәубе, 31).

Басқа бір хадисте былай делінген:

«Түнде бір мезгілдің бары сонша, құл Аллаһтан дүниеге немесе ахіретке байланысты жақсы тілегі болса және ол сол сәтке тура келсе, Аллаһ оған қалағанын міндетті түрде береді. Бұл мәзгіл әр түнде бар» (Мүслим, Мүсәфирин, 166).

Міне, таң сәрі уақыты – шынайы ниет пен

Бір күні Расулұллаһ r:

«Жалған антпен бір мұсылманның ақысын алып кеткен адамға Аллаһ Тағала Пейішті харам етеді және Жәһаннамды (оған түсуді) парыз қылады», деді.

«Ұлым! Бүгін өлдім деп ойла. Өміріңде өткізген бейқамдық сәттеріңе қаншалықты өкінесің. Ах, әттең! дейсің. Бірақ, өткен өтті! (Кері оралу мүмкін емес)».

тәубелер қабыл болатын, рухани қуат пен берекеге толы кездер.

Әбу Хатим былай дейді:

«Бауырым төрт нәрсені төрт жерге кешіктірер болсаң, Жәннатқа кіресің:

1) Ұйқыны қабірге,

2) Жайлылықты Сырат көпіріне,

3) Мақтануды Мизанға,

4) Нәпсінің қалауларын Жәннатқа» (Әбу Нұайм, Хилия, X, 50).

Яхия ибн Муғаз былай деген:

«Түн ұзақ, оны ұйқыңмен қысқартпа! Ислам таза, күнәларыңмен ластама!» (Сәйид бин Хұсәйн әл-Әффәни, Түнгі жолаушылар, Ыстанбұл, 2005, 588).

Расулұллаһ ﷺ бірде былай деді:

«Әр көз** (харамға қарау арқылы) **зина жасайды. Әйел адам иіссу себініп,** (ерлердің) **отырған жерінен өткен кезде де зина жасаған болады»

(Термези, әдеп 35/2786).

ТҮН КҮНДІЗГЕ, КҮНДІЗ ТҮНГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Расулуллаһ ﷺ мұсылман баласын қандай жақсы сипаттаған:

«Шынайы мұсылман – тілі мен қолынан өзге мұсылмандар зиян көрмейтін адам...» (Бұхари, иман 4-5).

Тек ұйқыға арналған түннің берекелі таңы болады деп күту – бос іс. Күндіздің берекеге, руханият пен бақытқа толы өтуі таң сәрі уақытының құлшылықпен өткізілуіне байланысты. Осындай түнгі уақытты фәйізді де берекелі, қайырлы өткізу үшін күндізді күнәсіз, бейқамдықтан алыс өткізу керек. Сондықтан таң сәрі уақытында тұрғысы келіп, тұра алмаған адам алдымен күндіз қай күйде болғанын таразыға салуы керек. Яғни, жүрек күні бойы Аллаһтан басқа нәрселермен айналысып, зейіні Аллаһтан басқа нәрсеге алаңдап, шаршаған болса, ондай жағдайда таң сәрі уақытында тұру қиын болады.

Бір адам Ибраһим бин Әдһәмға:

«Түнгі құлшылыққа тұра алмаймын, маған бір шара тауып бер» деген. Ол:

«Күндіз Аллаһқа бас көтерме, түнде Ол сені құзырына қабылдайды. Түнде Оның құзырында болу – ең ұлы абырой. Күнәһарлар бұл абыройға лайықты емес!» – деді.

Түн мен күндіз бірінен кейін бірі келіп, бір мезет те қателеспей айналып тұрады. Күндіз түнге, түн күндізге зиянын тигізбейді.

Мүминнің жан-дүниесі де осындай үйлесімділікте болуы керек. Яғни, мүмин түнін жақсы өткізіп, таң сәрі беретін рухани қуат пен берекетті күндізіне ұластыра білуі керек. Күндізін де Аллаһтың ризалығына сай өткізіп, күндізгі уақытын түннің фәйізі мен берекесінен пайдалануға дайын күймен аяқтауы керек.

Қалай намазға дәретпен дайындалсақ, таң сәріге түннен дайындалу керек. Кештер мен түндерді пайдасыз немесе қате істермен шұғылданып, босқа өткізбей, көз бен құлақты, тіл мен жүректі таң сәрінің руханиятына дайындау керек.

СҰХБАТ

Сұхбат – Хазіреті Пайғамбарымыздың ең маңызды тәрбие әдістерінің бірі. Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларын сұхбатпен тәрбиелеген. Сондықтан сұхбат – муәккәд сүннет.

Құлшылық ынтасында өткен барлық сұхбаттар Хазіреті Пайғамбарымыздың r сұхбаттарының бір шағылысы. Өйткені ол – рухани өнеге алу орталығы. Рухқа тән талпыныстарға толы сұхбаттар үнемі сол орталықтан тізбек арқылы жеткен жарық шуақтары болып табылады.

Пайғамбарымыз ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар дүниеде қор болу ахіретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады».

(Қрңз: Ибн Саъд, II, 255; Табари, тарих III, 191)

Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларын сұхбатпен тәрбиелеген. Сондықтан сұхбат – муәккәд суннет.

Мынаны ұмытпаған жөн, адам ата-анасына қандай мәміле жасайтын болса, балаларынан да дәл сондай мәміле көреді. Пайғамбарымыз:

«...Балаларың да сендерге игілік жасасын десеңдер, әкелеріңе игілік жасаңдар!», деп бұйырған (Хаким IV, 170/7258).

Өте маңызды рухани тәлім әдісі болған сұхбаттар барлық тариқаттарда, әсіресе, Нақшибәнди тариқатында жүректен жүрекке ұшқын шашып, нұр алмасудың ең құнды себепшісі болып табылады.

Үлкен әулие Шах Нақшибәнд құддисә сирруһ айтқан:

«Біздің тәрбие жолымыз сұхбатқа негізделген. Жақсылық Аллаһ үшін салих адамдармен бірге болғанда ғана. Олармен сұхбатты жалғастырсақ, шынайы иманға қол жеткіземіз».

Кей кездері кей адамдар «сұхбатқа барамыз, ұйықтаймыз» деп шағымданады. Алайда, діни сұхбатты ұйқы дәрісіне айналдырмау керек. Керісінше, сұхбат ұйықтап жатқанды оятатындай болуы керек. Әлбетте, бұл сұхбат жүргізушінің әрі тыңдаушылардың көңіл өзегіне байланысты. Сұхбат жүргізуші адамдарды ұйықтататындай сұхбат жүргізсе, әрине, ол жауапты болады.

Сұхбат жүргізушілер, әсіресе, таң сәрі уақытын көркем түрде өткізулері, рухани міндеттері мен зікір дәрістеріне өте мұқият болулары керек. Өйткені олардың жүрек деңгейлері сұхбаттарында көрініс табады. Сондықтан сұхбат жүргізушіде болуға тиіс

талаптарға сай бола білу шарт. Сұхбат жүргізуші түсіндіргендерін алдымен өзі жақсы ұғынып, бойына дарытуы керек. Қадірменді сахабалар Хазіреті Пайғамбарымыздың айтқандарын алдымен Оның үлгілі тұлғасынан, бойынан көретін.

Сондықтан сұхбатты діни тұрғыда лайықты адамдар жүргізуі тиіс. Бұған сай адамдар осы бағытта тәрбиеленуі керек. Тіпті, жиында сұхбат жүргізіп жатқан адамнан лайықтырақ басқа біреу болса, сұхбат жүргізуші Ықылас сүресін үш рет, Фатиха сүресін бір рет оқытқаннан кейін сұхбатты сол адамға жүргіздіргені дұрыс болады.

Сұхбаттар рухани жолдың жоғары оқу ордасы іспеттес. Бұл оқу ордасының үлгілі шәкірті болу үшін сұхбаттарды салмақты, тиісті дайындықтар жасап, жоғары деңгейде өткізіп, алынған сабақ пен даналықтарды мүмкіндігінше орындауға тырысу керек. Сұхбатты тек оқу мен тыңдау ісіне айналдырмау керек.

«Аллаһ Тағаланың разылығы ата-ананың разылығында. Аллаһ Тағаланың қаһары да ата-ананы қаһарында» *(Термези, Бирр, 3/1899).*

Кітап жолдары сана-сезімнен гөрі зейінге қонады. Ал сұхбаттарда сана-сезімдерге үндеу жасалып, сол сұхбат жиынындағылардың сезім тереңдігіне шолулары қамтамасыз етіледі. Кітап оқу ойлауды, ал оны тыңдау түсіну қабілетін іске қосады.

Мұсылман аяғымен басқан әр қадамын, тіпті, алып-шығарған әр тынысы мен көкейінен жалт етіп өткен әр ойын Исламға сай түрде ретке келтіруі керек.

«Туыстарымен қатынасын үзген адам Жәннатқа кіре алмайды» *(Бұхари, әдеп 11; Мұслим, Бирр 18, 19).*

Сұхбаттар ынталы көңілдерде нәзіктік пен сыпайылық, тереңдік тудырады. Сондықтан рухани жетілу үшін сұхбат – ең көркем мүмкіндік. Және кітапты тұрпайы оқумен орны толмайтын қажеттілік.

Екіншіден, сұхбатты жүргізуші мен сұхбатты тыңдауға келгендер сұхбаттан бұрын өздерін дайындап, сұхбат жиынына құлшылық талпынысымен кіруі керек. Өйткені рухани сұхбаттарға қатысу Хазіреті Пайғамбарымыздың сүннетіне жармасу іспеттес болғандықтан, ол жиындарда құлшылық талпыныста болу керек. Сахабалар Хазіреті Пайғамбарымыздың r сұхбаттарындағы тыныштық пен сақтық, әдеп күйлерін «Басымызға құс қонып, қимылдасақ, ол ұшып кетер деп ойлағандай, сақтық жасайтынбыз» деп түсіндірген (Қараңыз: Әбу Дәуіт, Сүннет, 23-24).

СҰХБАТТАН РУХАНИ ДӘРІГЕРЛІК ЖОЛДАМА АЛУ

Салих және садық адамдардың сұхбаттарында болуды ғанибет деп білу керек. Өйткені сұхбаттың негізгі мақсаты – рухани дәрігерлік жолдама алу. Шынайы көңілмен келіп, терең ой мен сезім тұңғиығындағы сұхбатқа қатысқан адам қателері мен кемшіліктерін, сондай-ақ өз әлсіздігін ұғады. Істеп жатқан салих амалдары мен мінез-құлқын одан ары көркемдеу мүмкіндігіне ие болады. Сұхбаттан мұндай жолдама ала алмайтын болса, ол сұхбат толыққанды сұхбат емес.

Адам жан дүниесіне тән мұқтаждықтары бойынша діни-рухани сұхбаттардан пайдаланатындықтан сұхбат жиынында бос отырудан сақ болуымыз керек. Қалай желкенін ашпаған кеме соққан желді пайдалана алмай, қашықтық ала алмаса, терең ой мен сезім тұңғиығына кірмеген, жүрегін сұхбаттың береке мен руханиятына ашпаған адам рухани пайдадан мақрұм қалады. Олай болса, сұхбаттарда өткізген әрбір сәтті өмірлік рухани пайда іспеттес паш еттіретін көңіл сергектігімен саралай білуге күш жұмсауымыз керек.

Мысырда қатты қуаңшылық билеп алған жылдары Юсуфтан (ғ.с.) былай сұрайды:

«Сен мемлекеттің қазыналарына үкімін жүргізетін билеушісің. Неге өзіңді аш қалдырдың?». Ол кісі былай жауап берді:

«Қарным тоқ болса, ашыққандардың халін түсіне алмаймын-ау деп қорқамын!».

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Көршісі аш болып, өзі тоқ жатқан Адам мұмин емес»,- деп бұйырған.

(Хаким, II, 15/2166а)

АХІРЕТТІК КӨЗҚАРАС

Аллаһ Елшісі ﷺ айтқан:

«Аллаһым! Шынайы өмір – тек ахірет өмірі» (Бұхари, Риқақ, 1).

Санаулы күн мен санаулы деммен шектелген қысқа ғана дүние өмірін еш бітпейді деп, ахіреттен артық деп ойлау – ақылдың ісі емес. Осыған байланысты Хазіреті Пайғамбарымыз мысалдар арқылы жақсы түсінетін адамдар үшін мынадай мысал келтірген:

«Ахіретке қарағанда дүние – теңізге саусағын батырған адам сияқты. Ол адам саусағының (теңізден) қанша су алып шыға алатынына қарасын» (Мүслим, Жәннат, 55).

Яғни, саусақтағы кішкене тамшы бұл дүниені сипаттап тұрғанда, шексіз дария шегі жоқ ахіретті білдіріп тұр. Бұл ақиқатты ұққан мұмин шектеулі дүние өмірінде шексіз ахірет өмірі үшін пидакештік жасаудан тайынбайды. Осы көзқа-расқа ие мұмин насихат жауапкершілігі мен бала-шағасын һәм болашақ ұрпақты ең әсем түрде өсіру жауапкершілігін орындау мәселесінде кез-келген машақатқа жеңіл кеуде кереді, кез-келген пидакештіктігін ойланбай жасайды. Өйткені Аллаһ Тағала адамға Өзі сыйлаған өмір, дүние-мүлік пен бала-шаға деген қаржымен сауда-саттық жасауды ұсынады.

«Ей, бүгін мұсылман болып жүрген адам! Егер Хазіреті Ахметтің ﷺ күш-қайраты мен пұттарды қирату жолындағы күресі болмағанда, сен де аталарың секілді пұттарға табынып жүрген болар едің».

Адамнан өткінші дүниені талап етіп, орнына бақилық өмір береді. Нәпсінің азғындығынан, соқырлығынан құтылған әр жүрек, еш күмәнсіз, мәңгілікті таңдайды. Осы тұрғыда дүниеқор адамдардың дүниеден қанша пайдаланғаны көзіне көрінбейді. Өйткені мүмин дүниеге емес, ахіретті қалайды.

«Ахіретте алатын жазасынан бөлек, дүниеде дер кезінде Аллаһ Тағаланың жазасына ұшырататын күнәлар — зұлымдық пен туыстық қатынастарды үзу» *(Әбу Дәуіт, әдеп 43).*

Мекке кезеңінде мұсылмандар өте ауыр зұлымдықтарға ұшырап жатты. Өздеріне жасалған қыспақтардан аштық шырқау шегіне жеткен болатын. Тұрғылықты мекендерінен кетулеріне мүмкіндік болмағандай, ішіне кіруге де мүмкіндік болмады. Жылаған балалардың дауыстары көрші мекен-жайларда естілетін. Мүминдердің кейбіреулерінің көкейінде:

«Біз Аллаһқа құл болу үшін барлық тауқыметке шыдап келеміз. Мүшріктер емін-еркін жүр» деген сияқты пікірлер қалыптаса бастағанда, Аллаһ Тағала былай деді:

«(Аллаһты және Пайғамбарын танымаған) **кәпірлердің** (молшылық ішінде) **өлкелер**

мен аймақтарды кезіп жүруі сені (əсте) **алдаусыратпасын. Бұл** (имансыздардың рахаты) **кір арзымас пайда. Олардың ең соңында баратын жері – Жəһəннам. Ол неткен жаман төсек!»** (Əлу Имран сүресі, 196-197-аят).

Шах əл-Кирмани былай дейді:

«Кім көзін харамнан сақтап, нəпсісін шəһуаттан аулақ ұстаса, сүннет ізіне еріп, адал аспен қоректенетін болса, оның парасаты ешуақытта қателеспейді!».

Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларын əртүрлі себептермен, түрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ахіретке бағыттайтын. Бірде Абдұллаһ бин Омардың екі иығын ұстап, былай деген:

«Дүниеде ғаріп немесе жолаушы сияқты бол...» (Бұхари, Риқақ, 3).

Ұтбə бин Ғазуан t хұтпа оқып, Аллаһқа шүкір мен мадақ айтқаннан кейін былай деген:

«Бұдан кейін мынаны айтайын – күмəнсіз, дүние өткінші жəне лезде өтіп кетеді. Одан кейін қалатын торсықтың түбінде қалған су сияқты, иесі де оны бір-ақ жұтымда ішіп қояды. Күмəнсіз, сендер мына дүниеден кейін шегі жоқ мекенге барасыңдар. Сондықтан ол жаққа қолдарыңда барларыңның ең қайырлысымен барыңдар. Бізге хабар берілгеніне сүйенсек, тозаққа лақтырылған тас жетпіс жыл бойы төмен қарай түскенімен, əлі де

«Ей, құлым! Мен сенімен бірге едім. Саған күре тамырыңнан да жақын едім. Ал сен кіммен бірге болдың?!».

түбіне жете алмапты. Аллаһқа ант етейін, мұншалықты кең тозақ міндетті түрде толтырылады. Бұған таң қалып тұрсыңдар ма? Тағы бізге айтылғанына қарағанда, Жәннаттағы есіктердің біреуінің екі жағының арасы қырық жылдық. Осындай кең Жәннаттың әбден толатын күні міндетті түрде келеді.

Расулұллаһпен r бірге болған жеті адамның бірі едім. Сонда ағаш жапырақтарынан басқа жейтін азығымыз жоқ болатын. Оларды жеп, ауыздарымыз жара болып кеткен. Бір киім тауып алған едім, оны екіге бөліп, Сағд бин Әби Уаққаспен бөлістім. Жартысын мен, жартысын ол қолдандық. Бүгін әрқайсымыз бір қалаға басшы болып отырмыз. Сондықтан мен өз назарымда үлкен, Аллаһ құзырында кіші болудан Аллаһқа сыйынамын» (Мүслим, Зүһд, 14).

Жетінші Үмайя халифасы Сүлеймен ибн Әбдүлмәлікпен Хазіреті Пайғамбарымыздың сахабаларын көрген Әбу Хазим арасында мынадай әңгіме өткен:

«Әбу Хазим! Бізге не болды, өлімді жақтырмаймыз?» Әбу Хазим:

Хазіреті Әли ﷺ Мысыр билеушісіне жіберген қарарнамасында былай деп жазған:

«Адамдарға малдың үйіріне қарағанындай қарама! Жүрегіңде оларға мейірім, сүйіспеншілік және жақсылық жасау ниеті болсын. Өйткені барлық адамдар я сенің дін бауырың, я болмаса жаратылысы бір туысың...».

«Алайда, Сен олардың арасында тұрғанда (ей, Расулым!), Аллаh оларды азаптамайды. Олар кешірім тілеп тұрғанда да Аллаh оларды азапқа салмайды»
(Әнфәл сүресі, 33-аят).

«Нәпсіқұмарлықтарыңызға алдандыңыздар. Дүниені абат қылып, ахіретті қираттыңдар. Сондықтан гүлденген жерден қираған жерге көшуді жақтырмайсыздар».

Бұл үшін парасат иесі әр адамның сынақ өмірінде екенін сезіне ғұмыр кешіп, бар күшін негізгі отанына жұмсауы керек.

ЗАЛУМӘН ЖӘҺУЛӘ

(өзіне зұлымдық етуші әрі надан)

Иләһи даналықтар мектебі болған мына сынақ әлемде Раббымыз бізді, құлдарын ақиқатқа жеткізетін көп дәнекерлер мен мүмкіндіктер сыйлаған. Тура жолға бастаушы болған иләһи кітаптар, пайғамбарлар мен Аллаһтың әулие құлдары адамзатты үнемі хақ пен ақиқатқа бағыттап, Аллаһтың **«Жәннат шақыруына»** елшілік жасайды. Өйткені, Раббымыз:

«Аллаһ (құлдарын) **сәлемет жұртына** (Жәннатқа) **шақырады және Ол қалаған адамын** (шынайы ниеті үшін) **тура жолға салады»** (Юнус сүресі, 25-аят) деген.

«Мұсылман Аллаһтан бір нәрсе тілейтін болса, тілеген нәрсе күнә іс болмайынша немесе туысымен қатынасын үзбейінше, Аллаh оның тілегін қабыл алып орындайды немесе сол тілегеніне тең бір жамандықты басынан аулақтатады»
(Термези, дағауат 115/3573; Ахмет III, 18).

Адамдардың Аллаһтың бұл Жәннатқа шақыруын қабыл алуына кедергі болып тұрған екі үлкен бәлесі бар. Олар – нәпсі мен шайтан. Адам шайтан мен нәпсіге құл болғанда, өзін Жәннат жолынан алыстататын екі сипат алдында тұрып алады. Олар **«...Адам өте залым әрі өте надан»** (Ахзаб сүресі, 72-аят).

Жыртқыш аңның адамға жасай алатын ең үлкен зұлымдығы оны өлтіру ғана. Бұдан артық ештеңе жасай алмайды. Бірақ, нәпсі мен шайтанға арбалып қалғанда, залым қасиетін жамылатын адам өз-өзіне зұлымдық жасайды да, өлімнен бетер халге душар болады. Сонда өз мәңгілігін құрдымға итермелейді. Тіпті, сол мүшкіл халден құтылып кетемін бе деген оймен өлу үшін жалбарынатын болады. Сондай бейқам адам өткінші дүние өміріне бой алдырып, мәңгілік болашағын ойламайды. Ахірет қаржысын дайындайтын күндерін нәпсіқұмарлығы мен шайтанның жолына құрбан етеді.

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Раббым маған үнсіздік күйімнің де тәфәккур болуын әмір етті (мен де сендерге соны өсиет етемін)».

Ибраһим Жанан, Хадис энциклопедиясы XVI, 252, хадис нөм: 5838

Зұлымдықтың қарсы мағынасы – әділет. Бұл – салих амал. Құлшылықпен салих амал, қарым-қатынаспен салих амал, қақ-құқықпен салих амал...

Адам нәпсісіне зұлымдық жасамай, өз-өзінің залымы болмауы керек. Салих амалдармен Жәннат жолаушысы болуға тырысуы керек.

«Уаллаһи, кірпіктерің қимылдап тұрғанда, Расулұллаһты дұшпандарынан қорғай алмай, басына бір іс түсуіне жол берсеңдер, Аллаһтың алдында айтатын еш сылтауларың болмайды!»

«Барлық ләззатты жойып, күйрететін өлімді көбірек еске алыңдар!».

(Термези, қиямет 26)

Аллаһтың бір досынан: «Нәпсі дегеніміз не?» деп сұрағанда:

«Көзіңді саусағыңмен жапқанда, бір нәрсе көре аласың ба? Міне, нәпсі осы» деп жауап берген екен.

Адам баласы өзіне бұл зұлымдықты жәһул, яғни асқан надандығынан жасайды. Негізінде, надан білімсіз, тәжірибесіз адам емес. Керісінше, көңілі ақиқатқа жабық болғандықтан жүрегі ахіретке жабық, Аллаһқа жабық, «мағрифатұллаһ»-қа жабық адам деген сөз.

Надандықтың қарсы мағынасы – ғылым. Адам алдымен зәһири (сыртқы) білімдерді үйреніп, меңгеруі, сонан соң бәтини (ішкі) ғылымда дамып, жетілуге тырысуы керек. Осылай ихсан (Аллаһтың өзін көріп тұрғанын шынайы сезіну) сезіміне қарай бет алуы керек.

Адам бұл кедергілерден аса алғанда ғана достығын дәлелдеген болады. Өйткені Аллаһ құлымен дос болуды қалайды. Ол құлына күре тамырынан да жақын.

Шынайы тәлімнің мақсаты – адамды надандықтан және өз-өзіне зұлымдық жасаудан қорғап, зұлымдығын салих амалға, надандығын ғылым мен ирфанға/парасатқа өзгерту болуы керек.

ӨЛІМДІ ОЙЛАУ

Өмір өзені өте тез ағып бара жатыр. Аллаһтың қалауымен белгіленген фәни өміріміздің күндері ыдысты толтыратын су тамшылары сияқты. Ажал уақыты бізге беймәлім болғандықтан кез-келген сәт Әзрейілмен жолығып қалуымыз мүмкін екенін есімізден шығармай, соңғы дем үшін дайын болуымыз керек. Расында, аят кәримәда былай делінген:

«Өлім мастығы, расында, келеді де “Міне, (ей, адам!) **бұл сенің қашып жүрген нәрсең” делінеді»** (Қаф сүресі, 19-аят).

Бәрә t айтқан:

«Біз Пайғамбарымызбен r бірге бір жаназада болдық. Пайғамбарымыз r қабірдің шетінде отырып жылады. Көз жасынан топырақ суланып кетті. Кейін:

“Бауырларым! Міне, (барлығыңның бастарыңа келетін) осы өлімге жақсы дайындалыңдар!” деді» (Ибн Мәжә, Зуһд, 19).

Мынаны ойлау керек: өмір атты нығметтің мәні мен хикметі неде? Бұл дүние неліктен адам баласының өміріне берілді? Екі ғана есігі бар бұл жаһанға қайдан кіріп, қайда сапар шегіп барамыз? Қияметтің қорқынышқа толы күнінде паналайтын қорғанышымыз не болмақ?..

«Бізден бір нәрсе естіп, оны дәл сол күйінде басқаларға жеткізген адамның Аллаһ Тағала жүзін жарқын етсін! Өйткені көптеген жандар бар, өзіне жеткен білімді оны тікелей естіген адамнан да артық түсініп, амалға асырады»

(Термези, ілім 7).

Күн өткен сайын шектеулі өмірімізді бітіріп бара жатқанымызды, дүниеден бір күн ұзап, қабірге бір күн жақындап бара жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Осы тұрғыда Имам Ғаззалидің мына ескертуі өте өнегелі:

«Ұлым! Бүгін өлдім деп ойла. Өміріңде өткізген бейқамдық сәттеріңе қаншалықты өкінесің. Ах, әттең! дейсің. Бірақ, өткен өтті! *(Кері оралу мүмкін емес)*»**.**

Бұл ақиқат аят кәримәда былай түсіндірілген:

«Сендердің біріңе өлім келіп: “Ей, Раббым! Мені біраз уақытқа дейін кешіктірші, садақа берсем және салихтардан болсам” демей тұрып, сендерге рызық ретінде берген нәрселерімізден жұмсаңдар!» (Мұнәфиқун сүресі, 10-аят).

Хазіреті Омар r :

«Есепке тартылмай тұрып, өздеріңді есепке тартыңдар» деп, адамның өлімді үнемі ойлауын және өзіне әсем қабір дайындаудан гөрі өзін қабірге дайындау керектігін аңғартады.

Өмірмен қош айтысқан адам негізінде, кебінмен емес, амалдарымен көміледі. Кебін шіріп кетеді. Одан кейінгі өмірі амалдарымен жалғасады. Қабір тек бұл амалдарына қарай жәннат бақшаларының бір бақшасы немесе тозақ шұңқырларының бір шұңқыры болады.

> *«Адамдардың ең жаман ұрлықшысы өз намазынан ұрлайтындар»*
>
> *(Хаким, әл-Мұстәдрак I, 353)*

Бір рет қана берілген бұл өмір нығметі екінші мәрте берілмейді. Сондықтан өзімізге жауаптымыз, бала-шағаларымызға жауаптымыз, кездесіп, сұхбаттасқан бауырларымызға жауаптымыз, қоғамға жауаптымыз...

Бір күні өлетініміз ақиқат. Бұны әркімнің білетіні де шындық. Бірақ, нәпсіміз бұл ақиқатты ұмытқан немесе қабылдамайтын кейіппен қарсы шығады. Өзімізге, бала-шағаларымызға үйреткен ахіреттік түсінікпен ләззәттарды жойып жіберетін өлімді әр күні, әсіресе, әр таңсәрі уақытында еске алуымыз керек. Бос армандармен ажалдың тұзағына бейқам ұсталып қалмауымыз керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r екі тастың біреуін алысқа, екіншісін жақынға лақтырады да:

«Мына тас пен ана тастың мысалы неге ұқсайды, білесіңдер ме?» деп сұрайды.

Ондағы сахабалар:

«Аллаһ пен Елшісі біледі» – дейді. Расулұллаһ r :

> ***«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар».***
>
> *(Әлү Имран, 105)*

«Анау (алысқа түскен тас) – арман, мынау (жақынға түскен тас) – ажал» дейді (Термези, Әдеп, 82).

Адамның келешекте жасауды армандап, қиялдаған мың бір арманы бір ажал нүктесімен ғана аяқталады. Бұл ажал нүктесінің қандай күйде орындалатыны хадисте былай баяндалған:

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай жан тапсырасыңдар. Қалай жан тапсырсаңдар, солай тірілесіңдер!...» (Мүнәуи, Фәйзул-Қадир, V, 663).

«Сол күні адам безеді, өзінің аға-бауырынан, әке-шешесінен, әйелінен, балаларынан, ол күні әр адам өз басымен қайғы» (Абәсә, 34-36).

Өмір күнтізбемізде енді неше беттің қалғаны беймәлім. Аллаһ берілетін соңғы демнің қай түрде болуы керектігін былай баян еткен:

«...Тек мұсылман болған халдеріңде ғана өліңдер» (Әлу Имран сүресі, 102-аят).

Аллаһ Тағала **«өлмеңдер»** деп бұйырған емес, бұған мән беруіміз керек. Сөзін қуаттай келе, қатаң түрде **«міндетті түрде тек мұсылман халдеріңде ғана өліңдер!»** деп бұйырған. Аяттың көпше түрде келгенін де жадымызда сақтап, өзімізді де, бала-шағаларымызды да өлім ақиқатына пайғамбар әдісімен дайындау – тәлімнің негізгі мақсаты болуы керек.

Ғаламдағы барлық жаратылыс – күн, ай, жұлдыздар, шөптер мен ағаштар және т.б. үнемі Хақ Тағаланы зікір етеді.

ҚИЯМЕТТІ ОЙЛАУ

Қиямет – үлкен жарылыс, үрейлі апат. Аят кәрімаларда қиямет тауқыметі былай баяндалған:

«(Ойланып көрші!) **сол күнде Біз аспанды шиыршықталған жазулы қағаз сияқты бүктейміз!** (Сонан соң) **мақлұқатты әуелде қалай жаратсақ, қайтадан солай жаратамыз. Бұл – Біздің уәдеміз. Оны, сөзсіз, орындаймыз»** (Әнбия сүресі, 104-аят).

«Сол күні адам безеді, өзінің аға-бауырынан, әке-шешесінен, әйелінен, балаларынан безеді. Ол күні әр адам өз басымен қайғы» (Абәсә сүресі, 34-36-аят).

«Егер қарсыласа берсеңдер, жас балалардың шашын ағартатын күннен қалай сақтанасыңдар?» (Мүззәммил сүресі, 17-аят).

«Оны көретін күндерінде (баласын) **емізіп жатқан** (аналар қорыққаннан) **емшектегі** (нәрестесін) **ұмытып кетеді, әрбір жүкті** (әйел) **жүгін** (баласын) **тастайды. Сен сонда адамдарды мас күйде көресің. Алайда олар мас емес, бірақ Аллаһтың азабы бек қатты»** (Хаж сүресі, 2-аят).

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Шайтан адамдардың қасқыры. Дәл отарынан ажыраған қойды аңдыған қасқыр секілді. Олай болса топтарға бөлінуші болмаңдар. Жамағаттан, халықтан және мешіттерден айрылмаңдар!». *(Ахмет, II, 400; Хаким I, 73/59)*

«Ей, иман келтіргендер! Сабырмен және намазбен Аллаһтан жәрдем сұраңдар!..».

(Бақара сүресі, 153-аят)

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Шайтан адамдардың қасқыры. Дәл отарынан ажыраған қойды аңдыған қасқыр секілді. Олай болса топтарға бөлінуші болмаңдар. Жамағаттан, халықтан және мешіттерден айрылмаңдар!».

(Ахмет, II, 400; Хаким I, 73/59)

«Теңіздер қайнатылғанда» (Тәкуир сүресі, 6-аят).

«Таулар түтілген жүнге айналады» (Мәариж сүресі, 9-аят).

Адам қалай дүниелік қауіпке қарсы қорғану шараларын қолданатын болса, қиямет қаупіне де жүрегімен, денесімен және іс-әрекетімен дайын болуы керек.

Бізге ертең белдеулерде немесе шөл ортасында бір жерге тасталатынымыз жайында айтылса, жанымызда бір жол көрсетуші болатынын білсек те, қобалжып қаламыз. Бар күшімізбен шұғыл дайындыққа кірісеміз. Қиямет, Сират, Мизан... – бұлар дүниедегі барлық сапарлардан да өте ауыр сапар болып табылады. Сондықтан оған дайындалу соншалықты маңызды іс болып, сол ұлы да қорқынышты сапарға дайындық ретіндегі құлшылықтарымызды Аллаһ разы болатындай арттыруға тырысуымыз керек, инфәқ/қайырымдылық істерімізбен мұңды, жабырқау көңілдерді қуантуымыз керек. Тек өз басымыздың қамын ойламай, өзгелердің де қамын жеп, пидашыл болып, ақтық демімізді көркемдеуге тырысып, қияметтің сол үрейлі күнінен:

«Біліп қойыңдар! Аллаһтың уәлилеріне (достарына) **еш қауіп-қатер жоқ, олар қайғы-қасірет шекпейді де»** (Юнус сүресі, 62-аят) деп, баян етілген Аллаһқа дос болған құлдардан болуға тырысуымыз керек. Осы тұрғыда Мәулөнә бізді былай ескертеді:

«Ей, ақиқат жолаушысы! Ол күн келмей тұрып, қиямет болмай тұрып, ақиқат патшасы (Раббыңмен) достық құр. Сөйтсең, сол тауқымет күнінде сенің қолыңнан ұстайды. Өйткені ол күні Оның рұқсатынсыз сенің қолыңнан ұстайтын ешкім жоқ. Ол күні адам бауырынан, шешесінен, әкесінен, әйелі мен бала-шағасынан қашады. Олай болса, Аллаһпен достықты жақсы ұғып, біліп қойғын. Достық – ақтық демнің дәні».

«Бәрін түсініп, бәрін ұғынатын ақылдың өзі достарынан айрылған кезінде садағы сынған мерген секілді абдырап қалады».
(Хазіреті Мәулөнә)

Аллаһ досы марқұм Сами әпенді қиямет туралы аяттарды көп оқитын. Аллаһ қиямет аяттарымен біздерге асыл болашақты есімізге салады. Мысалы, қар жауып, суықтан көшелерді мұз басып қалса, «Байқа! Айнала мұз, көлік таяды, шықпаңдар» дейді. Яғни, ең жеңіл дүние ісінде де бір ескерту бар. Бірақ мұнда Аллаһ адамдарды қияметпен ескертіп жатыр. Сондай үрейлі апат болғанда **«Адам** (сасқалақтап) **"Ей, Раббым! Бұл не нәрсе?" дейді»** (Зілзала сүресі, 3-аят).



«Шынында мұнәфиқтар** (ойларынша) **Аллаһты алдамақшы. Алайда, Аллаһ олардың айла-тәсілдерін өздеріне қайтарушы** (өз бастарына төнкереді). **Олар намазға тұрғанда көңілсіз, жалқау тұрады да, сөйте тұра адамдарға көрсету үшін ғана оқиды. Аллаһты өте аз ғана еске алады» *(Ниса сүресі, 142-аят).*

«Истихара жасаған адам қасірет көрмес, истишара жасаған өкінбес, үнемдеген алақан жайып қалмас». *(Һәйсәми, II, 280)*

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Қиямет күні пайғамбарлардың сөзі اَللّٰهُمَّ سَلِّمْ سَلِّمْ *"Аллаһым, амандық бер, амандық бер!" деу ғана болады»* (Бұхари, Азан, 129).

*«Сират көпірінде мүминдердің белгісі – "*رَبِّ سَلِّمْ سَلِّمْ *О, Раббым! Амандық бер, амандық бер!" деген дұғасы»* (Термези, Қиямет, 9/ 2432).

Қиямет – ауыр өткел. Сондықтан адам қиямет күні қайда барғысы келсе, дайындығын соған сай жасауы керек.

Әлемнің мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r адамдардың Сират көпіріндегі жағдайлары туралы былай деген:

«...Сираттан алғаш өтетіндерің найзағай жылдамдығымен өтесіңдер... Сосын жел сияқты, онан

соң құстың ұшуы және адамның тез жүгіргені сияқты өтесіңдер. Сендер осылай амалдарың арқылы өтесіңдер. Осы кезде Пайғамбарларың Сираттың басында тұрып, тоқтамай:

"О, Раббым! Амандық бер, амандық бер!" дейді. Адамдардың амалдары өздерін Сираттан өткізе алмайтын күйге келгенше бұл жағдай осылай жалғаса береді. Тіпті, бір адам келеді, жүруге күші жетпейді де сүрінеді, тағы жүруге тырысады. Сираттың екі жағында ілмектер бар. Олар өздеріне бөлініп берілген адамдарын ұстап алуға міндеттелген. Адамдардың бір бөлігі бұл ілмектерден тырналған және жараланған күйде құтылып кетеді, ал бір бөлігі тозаққа тасталады» (Мүслим, Иман, 329).

Мына төмендегі хадис қияметтегі жағдайды былай түсіндіреді:

«Адамдар жасаған жаман амалдарына қарай терге батады. Олардың бір бөлігі тобықтарына, бір бөлігі тізелеріне, кейбіреулері белдеріне дейін тер ішінде қалады. Кейбіреулердің тері ауыздарына үзеңгі ұрғандай болады» деп, Хазіреті Пайғамбар r қолымен аузын көрсетті (Мүслим, Жәннат, 62; Термези, Қиямет, 6).

Аят кәримәларда былай делінген:

«Ақыры сол күні (дүниеде пайдаланған) **нығметтерден қайткенде де сұраласыңдар»** (Тәкәсүр сүресі, 8-аят).

«Ібілістің Жаратушысының босағасынан қуылуы Оның алдында әдепсіз түрде сөйлеп, ақымақтық танытқанынан болды...

Егер Шайтанды езіп өткің келсе, көзіңді ашып әуелі қара: Шайтанды қарғысқа ұшыратқан әдепсіздігі еді. Адам баласында әдеп болмайтын болса, ол шын мәнінде адам емес. Өйткені адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық — әдептілік».

«Ақыры олар тозаққа барған кезде құлақтары, көздері мен терілері олардың не істегендеріне айғақ болады» (Фуссиләт сүресі, 20-аят).

Яғни, онда барлық денеге тіл бітеді... Жер беті сөйлейді...

يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا ﴿٤﴾
بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَى لَهَا ﴿٥﴾

«Сол күні жер Раббыңның білдіруімен өзінің (үстінде болған жақсы жаман істердің) **хабарларын баяндайды»** (Зілзала сүресі, 4-5-аят).

Кейін адамға былай деп айтылады:

«Кітабыңды оқы! Бүгін саған есеп сұраушы ретінде өз нәпсің жетеді» (Исра сүресі, 14-аят).

Әркімге өз өмірі әу басынан бастап көрсетіледі. Адам онда жан дүниесіндегі шын ниеттерін көреді. Намазын қалай оқыды, намазынан өзіне не қалды, нені жоғалтты? Біреудің көңілін қалдырған болса, көріп, мұңаяды. Бір жетім мен міскінді разы еткен болса, көріп, қуанады. Арқалаған ісінің жауапкершілігін қаншалықты орындады? Қысқасы, әр жасағанын егжей-тегжейлі түрде көретін болады.

Мүминнің көңіл дүниесі үнемі осыларды ойлаумен өтуі керек. Әр сәт **«Аллаһқа қарай**

«Бүгін таңсәріде маған илхам келуі үзіліп қалды. Дереу тәніме халадығы шүбәлі ас кіргенін түсіндім. Даналық та, парасаттылық та, ғашықтық та, мейірім де халал астан туады. Егер бір жұтым асыңды ғапылдықпен жұтатын болсаң ол жегеніңді шүбәлі ас немесе харам ас деп біл».

(Хазіреті Мәуләнә)

"Намазды кешіктіретін немесе оны жаны шығып кеткен өлікке айналдыратын адамдар бастарыңа билік құрған кезе халдерің нешік болады?"

жүгіріңдер» (Зәрият сүресі, 50-аят) аятының шеңберіне кіріп, Аллаһқа жақын болуға тырысуы керек. Әр нәрсе оның есіне ахіретті салуы керек. Ахмет бин Әбил-Хауаридің әйелі Рәбиға ханым былай дейтін:

«Әр азан естігенімде, қияметтің хабаршысын еске аламын. Әр қар тамшысын көргенімде, амал дәптерлерінің ауада ұшқанын көргендей боламын. Қай кезде бір шегіртке көрсем, махшарды еске аламын» (Ибнүл-Жәузи, Сыфатүс-Сәфуә, IV, 302).

Хазіреті Жәбірейіл u Хазіреті Пайғамбарымыз r арқылы біздерге мына даналы нұсқауларды береді. Хазіреті Пайғамбарымыз r айтқан:

«Жәбірейіл маған келді де, былай деді: "Ей, Мұхаммед! Қалағаныңша өмір сүр, не істесең де өлесің! Қалағаныңды сүй, бәрі бір айырыласың! Қалаған нәрсеңмен амал ет, оның есесін міндетті түрде көресің! Мынаны жақсы біліп қой – мүминнің абыройы түнгі уақытты құлшылықпен өткізуде, ізгілігі – адамдарға мұқтаж болмауында!"» (Хаким, IV, 360-361/ 7921).

«Харамдар от секілді. Оған тек (жүрегі) өлілер ғана қол созады. Егер қол созғандар тірі болғанында, ол оттың ыстығын сезінген болар еді».

(Омар бин Абдулазиз)

«Расулұллаһ ﷺ Аллаһ Тағала Оны өз қасына алғанға дейін намазын соңғы уақытына дейін кешіктірген емес»

(Термези, Салэт 13/174; Ахмет VI, 92).

Жастық шақты ойнап, күлу мен ойын-сауық шағы деп ойлайтындар қатты қателеседі. Жастық шақ адамға мәңгілік қажет болатын мықты сенім мен көркем тәрбиені меңгерудің ең ыңғайлы мезгілі.

Осы шындыққа орай ол айбынды күнде бала-шағамыздан, жауапты болған адамдарымыздан қашудың орнына олардың жәрия садақа/үзілмес садақа күйінде біздің жәрдемімізге ұмтылуын қамтамасыз ету өз қолымызда... Оны оларға ахіреттік дүниетаным мен көркем тәлім беру арқылы қамтамасыз ете аламыз.

ДҰҒА

Дұға – иләһи мейірімнен рахым тілеу. Дұға қайталанған сайын мұминнің рухында терең сезімдер орнығады, тұлғалығына сіңіп, оның ерекше қасиетіне айналады. Сондықтан қасиеті ұлы, жоғары рухтар үнемі дұға мен жалбарыну күйімен күн кешеді.

Аят кәримәда Хазіреті Юнустың Аллаһқа жасаған

дұға мен кешірім тілеуінен балықтың қарнынан құтылғаны айтылған:

«Егер Аллаһты пәктеушілерден болмағанда, қайта тірілетін күнге дейін оның (балықтың) **қарнында қалар еді»** (Саффат сүресі, 143-144-аят).

«Егер оған Раббыңнан бір жақсылық келмегенде, ол қорлық көріп, тазығар қу далаға тасталар еді» (Қалам сүресі, 49-аят).

Дұға – әлсіздігімізді мойындай отырып, Аллаһтың құзырында тыныш күйде бас июіміз деген сөз. Расында, Аллаһ құлдарының Өзіне дұға еткенін қалайды:

«Маған дұға етіңдер, қабыл етейін...» (Мүмин сүресі, 60-аят).

Дұға мүминнің көңіл әлемінің ажырамас бөлшегі болуы керек. Аят кәримәда:

«(О, Раббым!**) Тек Саған ғана құлшылық етеміз және тек Сенен ғана жәрдем сұраймыз!»** (Фатиха сүресі, 5-аят) дей келе, мүминнің үнемі Аллаһтан жәрдем сұрауы керектігі айтылған.

Хадисте дұғаға байланысты былай делінген:

«Кімде-кімге дұға жасау мүмкіндігі берілсе, оған рақым есіктерінің ашылғаны. Аллаһтың ең жақсы көргені – Өзінен амандық сұралуы. Дұғаның адамның басына түскен және түсетін

Хазіреті Әбу Бәкір айтқандай:

«Бұл дүние мүминдердің базары. Күндіз бен түн олардың саудаға салған қаражаттары, салиқалы амалдары сауда тауарлары, саудада көзделген табыс Жәннат, ал зияны Жәһаннам».

бәлекетке қарсы пайдасы бар. Сондықтан, ей, Аллаһтың құлдары дұғаға жармасыңдар!» (Термези, Дәуат, 101/ 3548). Өйткені:

«Аллаһтың құзырында дұғадан құнды еш нәрсе жоқ» (Термези, Дәуат, 1/ 3370). Фұрқан сүресінің соңында Аллаһ Тағала құлдарын дұғаға шақырып, былай деген:

قُلْ مَا يَعْبَأُ بِكُمْ رَبِّي لَوْلَا دُعَاؤُكُمْ

«(Ей, Пайғамбарым! Былай) **де:** (құлшылық пен) **жалбарынуларың болмаса, Раббым сендерге қалай мән берсін?...»** (Фұрқан сүресі, 77-аят).

«Ажал періштесі ғапылдықта өмір сүрген бай адам-ның жанын алу арқылы оны ұйқысынан оятады. Сонда ол адам шынында өзінікі емес болған мал үшін дүниеде қаншама азап тартқанына қайғырып ах ұрады, мың бір өкінеді. Бірақ болары болды, бояуы сіңді..».

ҚОЛ АСТЫМЫЗДАҒЫ АДАМНЫҢ ТӘРБИЕСІ ҮШІН ДҰҒА ЕТУ

Күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберіліп, барлық адамдарға тура жолды көрсеткен сүйікті Пайғамбарымыз үмметінің жамандықтардан арылып, тазалануы мен тәлім-тәрбиесі үшін барлық мүмкіндіктерін жұмсаған. Олардың тура жолға түсіп, салих адам болуы үшін күні-түні тырысып

баққан. Үмметінің соңдарынан да, беттеріне де ақ батасын беретін.

Хазіреті Пайғамбарымыз r үмметінің тура жолда болулары үшін көп дұға жасайтын. Хазіреті Әбу Бәкір t шешесі Үммүл-Хайр Сәлманың тура жолға түсуі үшін Хазіреті Пайғамбарымызға:

«О, Аллаһ Елшісі! Шешем балаларына өте мейірімді жан. Сен Аллаһ бойыңа құт-береке дарытқан жансың. Сондықтан Аллаһқа дұға етіп, оны Исламға шақыр. Бәлкім, Аллаһ Сенің құрметіңе оны тозақ отынан құтқарар» – деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз Әбу Бәкірдің шешесі үшін дұға етті, оны Исламға шақырды. Ақыры анасы мұсылман болды (Ибн Әсир, Үсдул-Ғабә, VII, 326).

Дәус руынан Тұфәйл бин Амр өз елін Исламға шақырғанымен, олар бұны қабылдамады. Сонда ол Меккеге, Хазіреті Пайғамбарымыздың жанына келіп:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Мен Дәус елінен жеңілдім. Исламнан алыс тұрып, бас көтерушілерден болды. Оларды қарға!» деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһым! Дәус руын тура жолға сал!» деп, ақ батасын берді. Онан соң Тұфәйлға:

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Ахіреттің қасында дүниенің жағдайы сендердің біреуің теңізге саусағын матырып, қайта суырғанындай-ақ. Саусағымен теңізден қанша су шығарса, *(ахіретпен салыстырғандағы)* ***дүние сондай-ақ.***

(Хаким, Мүстәдрак, 4/319)

«Еліңе қайт! Оларды Исламға шақыруды тоқтатпа әрі оларға жұмсақ мәміле жаса!» дейді.

Тұфәйл еліне қайтты. Хазіреті Пайғамбарымыз Мәдинаға қоныс аударғанша оларды Исламға шақырды (Бұхари, Мәғази, 75; Ахмет, II, 243; Ибн Сағд, IV, 239).

Хазіреті Пайғамбарымыз өзін тас боратып, сөгіп, жерлерінен қуып шыққан және һижри 9-жылға дейін мұсылмандарға қарсы шығып, оларға көп қиянат көрсеткен Тайфтықтар жайында:

«Аллаһым! Сақифке тура жолды нәсіп ет, оларды бізге жібер» деп, дұға етеді.

Ақыры, бұл дұғаның берекетімен арадан аз уақыт өткен соң Сақифтықтар мұсылман боламыз деп, Аллаһ Елшісінің алдына келеді (Ибн Хишам, IV, 134; Термези, Мәнақиб, 73/ 3942).

Бұдан басқа Йемен халқының тура жолға түсуі үшін:

«Аллаһым! Олардың жүректерін бізге қарат!» деп, дұға еткен (Термези, Мәна-қиб, 71/ 3934).

Жәбир t былай деп түсіндіреді:

Хазіреті Пайғамбарымыз мінбердің үстінде тұрып Йемен жақққа қарады да:

«Жамағатпен оқылған намаз жалғыз тұрып оқыған намаздан жиырма жеті дәреже артық» *(Бұхари, азан 30).*

«Аллаһым! Жүректерін дініңе бұр!» – деді.

Ирак жаққа қарап, сол дұғаны жасады. Шар тараптың көкжиегіне қарап тұрып, сол сөздерді қайталады. Сосын:

«Аллаһым, бізді жердің қазыналарымен рызықтандыр, «Муд»-імізге және «Сағ»-ымызға берекет бер (яғни, өлшемдерімізді берекеттендір)» – деді (Бұхари, Әдәбул-Муфрәд, № 482).

Хазіреті Пайғамбарымыз дұғаларының біразын сахабаларын рухани індеттерден айықтыруға арнаған. Хазіреті Пайғамбарымыз бір хұтпасында:

«Ей, адамдар! Нәпсісінен қорқатындарың болса, орнынан тұрсын, ол үшін дұға етейін!» – дейді. Мұны естіген бір адам тұрып:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Мен өте сараңмын, қорқақпын және маубаспын. Аллаһқа дұға етші, мені бұлардан арылтсын!» – деді. Аллаһтың Елшісі оған дұға етті. Кейін бір адам тұрды да:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Мен асқан өтірікшімін. Нашар сөзді, нашар істімін. Әрі маубаспын» – деді. Пайғамбарымыз r :

«О, Аллаһым! Оған тура сөз бен иман кемелдігін

Расулуллаһ Хазіреті Айшаның әпкесі Әсманың жұпжұқа киініп жүргенін көріп теріс қарады да:

«Әсма! Балиғатқа толған соң әйелдердің (жүзі мен қолдарын көрсетіп) мына, мына жерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс емес!», деген (Әбу Дәуіт, либәс 31/4104).

нәсіп ет. Ұйқысы келген сайын одан ұйқысын қашыр!» деп, дұға етті. Артынша мешіттегі әйелдердің біреуі тұрып:

«Менде мынадай, мынадай күйлер бар. Аллаһқа дұға ет, менен бұл күйлерді алып тастасын!» – деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«Сен Айшаның үйіне бар!» – деді. Сосын мінбеден түсті. Хазіреті Айшаның үйіне барып, әлгі әйелдің басына таяғын қойып, оған дұға етті (Ибн Сағд, II, 255).

Сондықтан біз бала-шағамыздың, оқушыларымыздың, бауырларымыздың екі дүниедегі бақыты үшін дұға етуіміз керек. Өйткені олардың тәрбиесіне жауаптымыз.

Іс-әрекетке асырмай жасалған дұға шынайы болмайтыны сияқты дұғаның қабыл болуы үшін жасалған дайындықтар, іс-әрекеттер Аллаһтың еркі мен қалауы алдында ештеңені білдірмейтінін естен шығармау керек. Өйткені нағыз қалаушы да, орындаушы да Аллаһ.



Олай болса, әрі рухани тұрғыдан, әрі материалдық тұрғыдан дайындалуымыз керек. Әрі үнемі дұға күйінде болуымыз керек.

Аллаһ Тағала біздерді бұл кейіпке жетуімізді нәсіп етсін.

Әмин!...

ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

«(О, Раббымыз!) Саған ғана құлшылық етеміз, тек Сенен ғана медет тілейміз» (Фәтиха, 5)

Адам баласы дүниеге үйрену мұқтаждығымен және оған сай ынтамен келеді. Аллаһ Тағала адамға Өз өнерін көрсетіп, сол туралы ой жүгіртсін және Өзі жіберген бұйрықтар мен үгітті ұғып, парасаттылық жолына қадам бастырып, негізгі отаны Жәннатқа қайта орала білсін деп, адамды үйрену, мәлімет жинау, үйренгендерін сақтау ерекшеліктерімен қамтамасыз еткен.

Адамдағы үйрену ынтасы өте қажет болған мәліметтерге бағытталмай, тек дүниелік пайдаға ғана арналған мәліметтерге бағытталса, адам

қаншалықты білімді болса да, ол – надан. Расында, жәһилдік кезеңінде аса дарынды да қабілетті болғаны үшін елі сөзіне құлақ салып, даналық пен үкім әкесі деген мағынадағы Әбул-Хәкәм лақабымен танылған Амр бин Хишам шынайы мәлімет мағрифатұллаһқа, кітаптардың ең ұлысы да ең маңыздысы Құранды көрмейтіндей соқыр, естімейтіндей саңырау болғанда Хазіреті Пайғамбарымыз тарапынан **Әбу Жәһил/надандықтың әкесі** деп аталған.

Ғылымның абыройы, ғылым үйренудің артықшылығы, ғалымдардың абзалдығы туралы көп аяттар мен хадистер бар. Бірақ, бұл аяттар мен хадистердегі мақтаулардың барлығы шынайы өміріміз – ахірет өмірінде бақытқа кенелтетін, адамды Сират көпірінен өткізетін, Жәннатқа жеткізетін мәліметтерге арналғанын ұмытпау керек.

Хазіреті Пайғамбарымыздың:

«Ғылым үйрену әрбір ер-әйел мұсылманға парыз» (Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 17) деп айтқан ғылымы да осы ахіретке жетелейтін ғылым.

Мұндай ғылымды үйрену, әрине, өте маңызды. Қадірменді сахабалар Аллаһ жіберген бұл соңғы діннің

Қиямет адамдардың көзі көретін ең қорқынышы мол үрейлі күн. Өйткені ол күн бүкіл ғалам басқа кейіпке енеді. Сол үрейлендірер күннің қиындығынан жеті топ адам есендікте болады. Солардың бірі сұлу және мансапты бір әйелдің зинаға шақыруына «Жоқ, мен Аллаһтан қорқамын!», деп жауап қайырған жас жігіт. (Бұхари, азан 36, зекет 16, риқақ 24)

әр кезеңінде түскен аяттар мен айтылған хадистерге, іске асқан оқиғалардың барлығына куә болған. Сөйтіп шынайы ғылымды бастауынан алған. Сондықтан шынайы ғылым үйренуге өте үлкен маңыздылықпен қараған.

Некенің бақытын жеңіл жүрістің ластығына айырбастап алудан асқан ақымақтық пен надандық бола ма?!..

Хазіреті Омар t былай дейді:

«Мәдинаның жоғары жақтарында орналасқан Үмәйя бин Зәйд ұлдарының жерінде тұратынбыз. Әнсарлық бір көршіммен ғылым үйрену үшін Пайғамбарымыздың жанына кезектесіп баратын едік. Бір күн ол, бір күн мен барамын. Мен барған кезіме сол күні уахиді немесе басқа естіген хабарды көршіме алып келетінмін. Ол да осылай істейтін» (Бұхари, Китәбул-Илм, 27).

Байқағанымыздай, бақыт ғасыры – Пайғамбарымыздың кезінде ғылым үйрену тек мектепте оқығандарға, ғылыми жұмыс жүргізіп жүргендерге қалдырылмаған. Егістігінде, бақшасында жұмыс істеп жүрген адамдар да үлкен ынтамен, жауапкершілікпен кезектесіп, ғылым үйренуге ұмтылған.

Сахаба әйелдер де арлылығы мен салмақтылықтарынан қатыса алмаған жиындарда қай

аяттардың түскенін, Хазіреті Пайғамбарымыздың қандай хадистер айтқанын әр түні ерлерінен сұрап алатын (Әбдүл-хамид Кәшк, Фи Риһәбит-Тәфсир, I, 26).

Әрине, ғылымның шексіздігі және адамдардың ғылымды жаттау, түсіну, салыстыру мен үйрету мәселесінде қабілет айырмашылықтары себебінен өмірін ғылымға, насихатқа, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю істеріне арнайтын адамдарға қажеттілік бар. Аят кәрималар бұған назар аудартады:

«(Сонымен қатар) **мүминдердің түгелдей соғысқа шығуы дұрыс емес. Олай болса** (олардың әр санатынан бір-бір топ соғысқа барып)**, кейбір топ адамдар діни ғылымдарды терең меңгеріп, қауымы** (соғыстан) **қайтып келгенде оларды Аллаһтың азабымен қорқытып, ескертулері үшін** (соғысқа бармай, артта қалуы керек)**.** (Мұсылмандар) **сонда ғана** (қателіктер мен жаман істерге ұрынудан) **сақтанады»** (Тәубе сүресі, 122-аят).

«Сендердің араларыңда (адамдарды) **жақсылыққа бастайтын, ізгілікке бұйырып, жаманшылықтан шектейтін бір топ жұртшылық болсын. Әне, солар бақытқа кенелетіндердің нақ өздері»** (Әлу Имран сүресі, 104-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз r осы аяттар аясында мешітінің жанында өзін ғылымға арнаған сұффа тұрғындарын ерекше тәрбиелеп, оларды ғылым

Адамның харамға былғанып, күнәға түсіп кететін шақтары қашан да Раббысын ұмыт-қан кезінде болады. Абайсыз немесе біле тұра істелген күнәлар рухани орталық болып табылатын жүректің тат басып, кірленуіне себеп болады. Нәтижесінде жүрек дым сев-бейтін, жақсы нәрселерге құштар болмайтын, жаман нәрселерден де жиренбейтін халге жетеді, өз ғапылдығын ақылдылық деп санайтын болады.

Абдұллаһ бин Мәсғуд былай деген екен:

«Мұмин өзінің күнәсін төбесіне төніп, басына құлап кетейін деп тұрған үлкен жартастайдай көреді. Мына тау үстіме құлап кетер ме екен деп қорқып жүреді. Ал күнәһар өз күнәсін мұрнының үстінен ұшып өткен шыбын құрлы көрмейді.

мен парасат жолында өсірді. Сұффа тұрғындары бұл ғылым пен парасат дастарханы үшін дүние нығметтеріне қарамады. Бұл жолдағы ауыр машақаттарға сабырмен, тұрақтылықпен төзді.

Фәдәлә ибн Ұбәйд t айтқан:

«Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларына намаз оқытып жатқанда, олардың кейбіреуі аштықтан әлсіреп, аяқта тұра алмай, талып құлап қалатын. Бұлар сұффа тұрғындары болатын. Шөлден келген бәдәуилер: “Бұлар жынды!” дейтін. Аллаһ Елшісі намазды бітіргенде аштықтан талып қалғандардың жанына барып, оларды жұбатып:

“Аллаһ Тағаланың өз құзырында сендер үшін нелер дайындағанын білсеңдер, бұдан да бетер кедей, мұқтаж болуды қалар едіңдер” – дейтін» (Термези, Зуһд, 39/ 2368).

Сол мақрұмдық күйде өскен нәсілден аса күшті даналар шыққаны соншалық – бүгінгі күні Ислам нығметіне, ғылым нығметіне ие болсақ, соларға борыштымыз. Сол мектептен шыққан Әбу Һұрайра, Абдұллаһ ибн Омар, Әбу Сағид әл-Хұдри y сияқты сахабалар ақылдарына түйген Хазіреті Пайғамбарымыздың берекелі хадистерін топ-топ ізбасарларына жеткізіп, хадис ғылымының қаһармандары болған.

«Мүминдер бір-бірлеріне кезіккен кез-де бір-бірін жуатын екі қол секілді болуы керек»

(Суюти, Жәмиұл-ахадис 21028; Дәйләми, фирдәус I V, 132/6411).

Ибн Мәсғуд келешектің ең үлкен құқық мектебінің негізін қалады. Ибн Аббас **"Тәржүмәнүл-Құран"** атағымен тәфсир ғылымында өзінен кейін келгендер сүйенетін ерекше тұлғаға айналды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r бен Оның көз қарашығындай сахабаларына ілескен мұсылмандар тарих бойы қарылық медреселері мен хадис мектептерін, кітапханалар мен ғарыш зертханаларын салып, ғылымның жайылуына қызмет еткен.

Олардың бар күштерімен ғылымға жармасуын қамтамасыз еткен ықпалдардың бірі қиямет таяғанда ғылымның жоқ болатын хабарын естігендері еді. Табиғун дәуірінің хадис ғылымының алдыңғы қатарлы тұлғаларының бірі Имам Зуһри былай дейді:

«Өткен ғалымдарымыз былай деген: «Сүннетке бағыну құтылуға себеп болады. Ғылым өте қысқа мерзімде жоқ болып кетеді. Сондықтан ғылымның тұрақты, жалғасымды болуы дін мен дүниенің жалғасуы болмақ. Ғылым жоқ болып

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Аллаһ Тағаладан бар жүрегімен шейіттік сұрап тілеген адам төсегінде жатып өлсе де,. Аллаһ Тағала оған шейіттік мәртебесін сыйлайды»

(Мұслим, имара 157; 36)

кеткен жағдайда бұлардың бәрі де жоқ болып кетеді» (Дәріми, Мұқаддимә, 16).

Қияметке жақындап келе жатып өмір сүріп жатқан біз, ақырзаман үмметінің ғылымына жармасып, зор мән беруіміз керек.

Хазіреті Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Кез-келген қауымның мырзасы — оларға қызмет еткендер!»

(Байхаки, Шуаб I, 334; VI, 334).

ҚҰРАН КӘРІМ

ҚҰРАН ҮЙРЕНУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Құран – адамзатқа Аллаһ тарапынан тарту етілген тамаша тура жол сілтеуші. Адамның алыстап кеткен Жәннатына қайта орала білуі үшін жалғыз жол сілтеуші...

Құран – дүниенің иірімдеріне толы қараңғы суында ахіретті, есендік жұртын көрсететін компас...

Құран – алай-дүлейлермен, үрейлермен, қателер мен қобалжуларға толы көңілге бақыт сыйлаушы...

Аят кәримәда айтылады:

أَلَا بِذِكْرِ اللّٰهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

«...Біліп қойыңдар! Жүректер тек Аллаһты еске алумен ғана жай табады» (Ра'д сүресі, 28-аят).

Құран – Аллаһты еске алу, Аллаһқа жолығу...

Құран – жүректі түрлі мұқтаждықтардың дертіне шалдықтырған індеттер мен нәпсі деген жауызға жалғыз дауа.

Құран – ең қиын сұрақтардың жауабы...

Қабіріміз қандай болсын? Қияметте қайда болайық?

Құранның құндылығын ең жақсы білетіндердің бірі Абдұллаһ ибн Мәсғуд біреуге бір аят оқытып үйреткенде, былай дейтін:

«Бұл аят жер бетінде күн шағылысқан күннен де, жер бетіндегі барлық нәрседен де қайырлы» (Һәйсәми, VII, 166).

Аллаһтың сөзін үйрету тәлім мен тәрбиенің, ғылымның бастауы болуы керек. Ұмәйр ибн Уәһб Мәдинаға келіп, мұсылман болды. Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларына:

«Бауырларыңа дінін жақсы түсіндіріңдер! Оған Құран оқуды үйретіңдер!...» деді (Ибн Хишам, II, 306-309; Уәқиди, I, 125-128; Һәйсәми, VIII, 284-286).

Құран тек діни салада жетіліп шығатын дін қызметкерлері мен мұғалімдерге емес, барша мүминдерге үйретілуі керек. Құран тек қайтыс болып, Рахманның мейіріміне қауышып, бақилық болғандарға емес, өмірде қалғандарға, Аллаһтың

Пайғамбарымыз ﷺ былай деді:

«Аллаһ ішімдікке, оны сығып шығарғанға, сығылған жеріне, ішкенге, ішкізгенге, тасығанға, сатқанға, сатып алғанға, оның табысынан ішіп-жегендерге лағынет етті!»

(Қараңыз: Ахмет I, 53; II, 351; Нәсәи, әшрибә 1-2; Хаким II, 305/3101).

сөзімен ерекше өмірге қол жеткізгісі келгендерге де оқылуы және оқытылуы керек. Өйткені Құран-ның оқылуы Аллаһ құзырында ең көп қабыл етілетін амалдардың бірі болып табылады.

Бір күні бір сахаба Хазіреті Пайғамбарымызға r :

«Ей, Аллаһ Елшісі! Аллаһ құзырында қандай амал сүйкімдірек?» – деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Хал мен мұртәһилдің амалы» – деп жауап берді. Сахаба:

«Жарайды, хал мен мұртәһил деген кім?» – деп сұрағанда, Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Құранды басынан соңына дейін оқыған және әр оқып бітірген сайын дер кезінде басына ора-лып, қайта бастаған кісі» деді (Термези, Қираат, 11/ 2948).

Құран хатым дұғаларында Ықылас, Фәләқ пен Нәс сүрелерінен кейін Фәтиха мен Бақара сүресі-нің алғашқы бес аятының оқылуы осы сүннетке негізделген. Өйткені Құран бір рет қана оқылып тасталатын кез келген кітап емес. Ол – жанға жай-лы, адам онымен көңілі тынышталатын, қол мен көңілден шет қалдырылмайтын жол сілтеуші кітап. Сондықтан үйрену-үйрету іс-шараларымыздың ең маңызды бөлімі Құран үйрету болып табылады.

Қызметжанды адам — басқаларын ойлайтын адам. Өзінің ахіретте құтылуының басқалардың құтылуы жолында қызмет пен еңбек етумен болатындығын жақсы түсінген адам. Өйткені тек өз пайдасын ойлайтын, дөрекі, менменшіл, сараң адам үлгісін Раббымыз қаламайды.

«Қиямет күні Аллаһ Тағала былай дейді: Ұлылығыма ант, Маған бас ию мақсатымен бір-бірлерін сүйгендер қайда? Еш көлеңке болмайтын күні оларды (Аршымның) астында саялатып, қорғаштаймын»

(Муслим, Бирр 37).

Алдымен әдебіне сай, абыройына жарасымды түрде оқу керек. Ең азы – намаздарда оқи алатындай, ең көбі – Құранды толық жадымызға нақыштап, рухани Құран тасушысы болатындай жаттау...

Және Құранның тілін үйрену... Оның ашық тілі – араб тілін және оның нәзік тұстарын үйреніп, хадистермен, тәфсірлермен және тақуа өмірімен Құранды терең ұғу... Құран арқылы Раббымыздың бізден талап еткендерін үйреніп, өмірімізге енгізу, мінезі Құран болған Хазіреті Пайғамбарымызға еру... Осылай жасайтын болсақ, әсіресе, бала-шағамызды осылай өсіретін болсақ, Хазіреті Пайғамбарымызды r қуантқанымыз. Дәл Зәйд сияқты...

Зәйд ибн Сәбит t былай әңгімелейді:

«Пайғамбарымыз Мәдинаға келгенде мені құзырына алып барды. Пайғамбарымыз мені сүйіп, ұнатты. Ол жердегілер:

"Ей, Аллаһ Елшісі! Бұл Нәжжәр ұлдарының жігіті. Аллаһтың саған түсірген сүрелерінің он жетісін жатқа біледі" –

Уақытыңды сондай керемет тиімді пайдалан. Тіпті, «Ертең өлесің!» деген хабар жетсе де, күнделікті іс-амалдарыңа ештеңе алып-қосу-дың қажеттілігі сезілмейтін болсын!..

дейді. Бұл жағдай Пайғамбарымызға өте ұнады» (Ахмет, V, 186; Қараңыз: Бұхари, Әхкәм, 40; Әбу Дәуіт, Ғылым, 3/ 3645; Термези, Истизән, 22/ 2715).

Аллаһ Тағала мен Хазіреті Пайғамбарымызды разы ету үшін Құран тәлімі өте маңызды...

«Бұл дүние мен ондағы нәрселердің бәрі түкке тұрғысыз. Тек Аллаһты зікір ету мен Оған жақындататын нәрселер және ілім үйрететін ғалым мен үйренгісі келетін талапкерлер бұдан тыс». *(Термези, Зуһд, 14)*

ТӘЛІМНІҢ ДӘНЕКЕРІ – ҚҰРАН

Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбарымыз r – Аллаһтың екі өнер туындысы... Бірі – Аллаһтың сөзі, екіншісі – сол сөзді мінезіне айналдырып, жанды Құран күйіне келген кәміл адам...

Демек, адамның абыройы, Раббысы құзырындағы құны Құранмен өлшенеді. Олай болса, мүминнің мақсаты – өзінің бірегей үлгісі Пайғамбарымыз сияқты жанды Құран болуға күш салуы керек.

Аллаһ Елшісі r – Құранды насихаттаушы. Ол қастерлі еріндерімен Құранның сөздерін насихаттағандай, әр іс-әрекетімен оның мағынасын паш еткен.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Исламға шақырған адамдарына және

тәрбие беруді қалаған сахабаларына Құран оқып, Құран үйрететін. Құран Оның ең маңызды тәлім әдісі болатын.

Хазіреті Пайғамбарымыздың өміріне назар салсақ, Оның түрлі себептерге байланысты Құран оқығанын көреміз. Кәпірлерді Исламға шақырғанда Құран сүрелерін оқитын, сахабаларымен сұхбаттасқанда Құран оқитын. Бір мәселені түсіндіргенде сол мәселеге қатысты аяттар оқитын. Түнгі құлшылықтарында Құран оқитын, күн сайын жүйелі түрде Құран оқу Оның ерекше әдеті болатын (Мүслим, Мүсәфирин, 142; Ахмет, IV, 9; Ибн Мәжә, Саләт, 178).

Хазіреті Пайғамбарымыз Ислам дінін таратқанда жазулы Құран мәтіндері мен Құран үйреткен шәкірттерінен пайдаланатын. Рафи ибн Мәлік Ақабә Бәй'атына қатысқанда, Хазіреті Пайғамбарымыз r оған сол уақытқа дейін уахи етілген барлық аят пен сүрелерден тұратын Құран мәтінін тапсырды. Рафи Мәдинаға оралғанда, өз ауылында салдырған және Ислам әлемінде алғаш мешіт деп аталатын мешітінде жиналған мұсылмандарға осы аят пен сүрелерді оқитын (Кәттәни, Тәрәтиб, Бейрут, жылы жоқ, I, 44; Азәми, 106; Хамидұллаһ, Құран Кәрім тарихы, 44).

Құранның теңдесі жоқ мазмұны мен тіл байлығы, шешендігі жүректерге терең әсерін тигізетін сөздері адамды жүрегінен ұстайды. Хазіреті Омардың тура жолға түскеніндегідей, көптеген сахаба өздеріне оқылған Құран аяттарымен иман абыройына қол жеткізді.

Күннің айналасын жылытпауы қалай мүмкін емес болса, рухының шоқтығы биік адамдардың да жанашыр болмауы, қызметтен қашуы, азап пен зұлымдық көргендерге аяусыз болуы және айналасына жақсылық таратып тұрмауы да солай мүмкін емес.

«Біліп қойыңдар! Аллаһтың уәлілеріне (достарына) еш қауіп-қатер жоқ, олар қайғы қасірет шекпейді де»

(Юнус сүресі, 62-аят)

Бүкіл фәни нығметтер бір адамның қолына берілсе және сол байлық пен рахат өмірмен мың жыл жасаса не пайда! Соңында барып кіретін жері біз басып жүрген мына қара топырақтың асты емес пе? Адам баласы ғибрат алмай ма, әр фәни тіршілік иесінің жастығы солып, жаңасы ескіруде.

Міне, олардың иманға келулерінен бірнеше мысал:

Руының алдыңғы қатарлы атақты ақыны Тұфәйл бин Амр айтады:

«Маған Пайғамбарымыз r Исламды түсіндірді, Құран оқыды. Аллаһқа ант етейін, мен ешқашан Құраннан әсем сөз, Исламнан әсем дін естімеген едім! Лезде мұсылман болып, Аллаһтан басқа еш тәңір болмағандығына куәлік еттім» (Ибн Хишам, I, 407-408; Ибн Сағд, IV, 237-238).

Эфиопия Нәжәшиі Мәдинаға Хазіреті Жағфармен бірге 70 адам жіберген. Олардың барлығы шіркеудегі дін адамдарының ең жақсылары, жүректері жұмсақ, көңілді адамар болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз r оларға Ясин сүресін оқыды. Олар сүрені соңына дейін тыңдады, көздерінен жас парлай отырып, ақиқатты түсінді де:

«Бұл Исаға u түскенге көп ұқсайтын сөз!» деп, барлығы иман етті, мұсылман болды (Табари, Тәфсир, VII, 4 (Мәидә, 82); Кәсталләни, Мәуәһиб, I, 292; Диярбәкри, II, 31).

Құран Кәрімді тәлім құралы ретінде пайдалана білу үшін тәлімгердің Құран мен оның мағына-

ларын дұрыс білуі керек. Соңғы мысалдағыдай, Хазіреті Пайғамбарымыздың христиан тобына Хабиб Нәжжәрдың оқиғасы баяндалған Ясин сүресін оқып беруі бұл мәселеде бізге өте даналы сабақ береді. Сондықтан насихаттаушы тыңдаушысына қандай аяттар мен сүрелер оқу керектігін жақсы білуі керек. Аллаһ Елшісі r бұл мәселеге үлкен мән беретін. Тыңдаушысының жағдайына қарай аяттарды таңдап оқитын. Ол сахабаларын да осылай тәрбиеледі. Тіпті, Хазіреті Пайғамбарымыз жан-жаққа жіберген елшілеріне барған өлке халқының діні мен сенім жағдайларына қарай оқитын сүре мен аяттарын айтып беретін. Мысалы, Химияр басшысына жіберген елшісі Ғияш бин Әби Рәбиғаға Бәййина сүресін оқуын әмір еткен (Ибн Сағд, I, 282).

«Моладағылар өкініп жатқан нәрселерге жер бетіндегілер таласып бір-бірін жеп жатыр!»

Мазар тастарының тілін түсіну — жүректің ең керемет өнері..

Әлбетте, Құран тыңдаушыларына өшпес із қалдыруы және терең сезім орнатуы, оны оқығанның рухани кейпіне, сезімтал жүрекпен оқуына байланысты. Егер дұрыс, шынайы оқылса, Құранда барлық рухани індеттің шипасы бар. Әр аят адамның немесе қоғамның маңыз-ды індетіне дауа болатындай мазмұн мен қасиетке ие. Тек Құранды тиісінше пайдамызға асыру мәсе-



лесінде Хазіреті Пайғамбарымызға r еріп, Оның сүннетіне бағынсақ, болғаны.

СҮННЕТ

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жалғыздық жаман достан қайырлы, салиқалы дос жалғыздықтан жақсы...»

(Хаким, III, 343; Байхаки, Шуаб 256/4993)

Хазіреті Пайғамбар r – Аллаһ елшісі. Ол Құранды насихаттауға, оны баяндап, харам мен халалды ажырата білуді үйретуге, үмметті тәрбиелеп, тазартуға, адамзатты қараңғылықтардан нұрға шығаруға, Ібіліс пен нәпсі отынан құтқарып, Жәннат деген есендік жұртына қауыштыруға міндетті... Оның ақысы – біздің Оған толық бағыныштылықпен еруіміз...

Аят кәрімәда айтылады:

«(Ей, Пайғамбарым!) "**Егер, Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда ғана Аллаһ сендерді сүйеді және барлық күнәларыңды кешіреді. Аллаһ – Ғафур-дүр** (асқан кешірімшіл)**, Рахим-дүр** (ерекше мейірімді)**" деп айт!»** (Әлу Имран сүресі, 31-аят).

Аллаһты сүйген, Аллаһтың өзін сүюін қалаған адам Пайғамбарлар сұлтанына тәуелді болуы керек. Өйткені Оған бағыну – Оны жіберген Аллаһқа бағыну:

«Кімде-кім пайғамбарға бойсұнса, оның анық Аллаһқа бойсұнғаны...» (Ниса сүресі, 80-аят).

Аллаһ Пайғамбарына бағынып, құрмет көрсетуді иман мен тақуаның шарты ретінде талап етеді:

«Ей, мүминдер! Дауыстарыңды Пайғамбардың даусынан асырып жібермеңдер. Бір-біріңмен даңғырласып сөйлескендей, Оған даңғырлап сөйлемеңдер. Әйтпесе, істеген (жақсы) **амалдарыңның босқа кеткенін өздерің де сезбей қаласыңдар»** (Хұжурат сүресі, 2-аят).

Өйткені Ол r – кез-келген біреу сияқты емес...

Ол – Аллаһтың сүйіктісі...

Ол – күллі жаратылыс Оның құрметіне жаратылған нұр...

Оған ергенде, құрмет көрсеткенде кемшілік жібермегендер жүректері тақуа сынағын жетістікпен өткен адамдар болып талады.

«Шынында, Расулұллаһтың алдында бәсең үнмен сөйлегендердің ділін Аллаһ тақуалық үшін сынаған. Оларға (Аллаһтың алдында) **кешірім мен үлкен сауап бар»** (Хұжурат сүресі, 3-аят).

Оған құрмет көрсету мәселесінде кемшілік жібергендер кім, қандай адам болса да, надан, ақылсыз адамдар болып табылады:

Жақсы адамдарды сүйіп, жаман адамдардан жирену адамды рухани өрлетеді. Бұған керісінше, сүюге лайықты емес адамдарды сүйіп, түзу адамдарды ұнатпау адамды бетбақтыққа апарады. Сол себепті адам кімдерге махаббат сезініп, кімдерді жек көргендігіне барынша абай болуы керек.

Бұл дүниеде көп нәрсені сатып алу немесе қайтарып алу мүмкін. Бірақ өткен уақытты емес. Өткен уақыт қайтып келмейді, сатып алына алмайды, қарызға берілмейді, қарызға алынбайды..

«Сені (әйелдерің тұратын) **бөлмелердің сыртынан дыбыстап шақыратындардың көбі топастар»** (Хұжурат сүресі, 4-аят).

Өйткені шынайы ғылым – Оны тану. Оның сүннетін ұға білу...

Сахаба мен табиғун дәуірінің адамдары **«ғылым»** дегенде, сүннет пен хадистер деп түсінетін. Табиғуннан Әбу Нәдра былай деген:

«Пайғамбарымыздың сахабалары бір жерге жиналғанда ғылым (хадистерді) қайталайтын және Құраннан бір сүре оқитын» (Хатиб әл-Бәғдади, әл-Фәқиһ уәл-Мүтәфәққиһ, Бейрут, 1395, II, 126).

Олар Аллаһ Елшісінің хадистерімен шұғылдануды құлшылық ынтасымен орындайтын. Әбу Һурайра t айтады:

«Мен түнді үшке бөлемін: бір бөлігінде ұйықтаймын, екінші бөлігін құлшылықпен өткіземін, үшінші бөлігінде Пайғамбарымыздың хадистерін қайталап, жаттаймын» (Дәрімі, Мұқаддимә, 27).

Кейінгі ғасырларда хадистерді реттеген ғалымдар сондай тақуалық өмір сүргені – Аллаһ Расулының сөздері арасына өтірік пен жала сөздің араласып кетпесін деп материалдық, рухани жағынан өте жоғары сезімге жетіп, тек соның қамын ойлап күн кешкен болатын. Мысалы, Имам

> ***«Кімде-кім дін бауырына бір жыл араз болып, жоламай қойса, оның қанын төккендей болып, күнәға кіреді»***
>
> ***(Әбу Дәуіт, әдеп 47/4915).***

Бұхари Хазіреті Пайғамбарымыздың хадистерін анықтау барысында тиянақтылық танытатыны сонша, бір адамның атына ішінде шөп бар сияқ-ты бос ыдыс көрсеткенін көргенде: «Бұл адам қулық жасауға үйреніп қалыпты» деген оймен ол адам риуаят еткен хадисті алудан бас тартады. «Сахих» атты кітабындағы әр хадисті талқыла-ғанда алдымен Қағбада екі рәкәат намаз оқып, истихара (Аллаһтан істің қайырын сұрау, Аллаһпен кеңесу) жасады, содан кейін барып кітабына ен-гізді. Бұл берекетпен сондай күйге қол жеткізді – Имам Бұхари Басраға келгенде жүз хадистің риуа-ят тізбегі мен мәтіндерін араластырып, сынамақ болып алдына қойғанда, әр ха-дисті риуаят тізбегіндегі адамдары мен мәтінін бірге жатқа тексеріп, түзетті. Бұл ақылға сиятын іс емес. Компьютердің өзі байқамай өтіп кетуі мүмкін. Бұларға тек руханият арқылы ғана қол жеткізілген.

Олар бұл пидакештік талпыныста-рымен Хазіреті Пайғамбарымыздың өмі-рінің әрбір кезеңін, әрбір сәтін адам-зат-тың пайдасына ұсынды. Дін Құран мен Сүннет негіздеріне қаланған деген, міне,

Үйленетін жас жұбайлар арасында теңдік пен үйлесімділік өте маңызды мәселе.

Хазіреті Мәуләнә айтқандай: «Аяқ киімнің біреуі тар болса, екеуі де іске жарамайды».



осы. Сондықтан тәлім-тәрбиеде Сүннетті үйретуге, Аллаһ Елшісінің өмірінен үлгі алуға тырысу өте маңызды орын алуы керек.

Тәлімгер Хазіреті Пайғамбарымыздың әрқайсысы өмір өзегі болған хадистерін көп білуге тиіс-ті. Өйткені жаңа буындарға Пайғамбарымыздың өсиеттерін жеткізіп, адамзатқа теңдесі жоқ үлгі болған Хазіреті Пайғамбарымыздың өмір өлшемдерін болашақтың кепілі ұрпақтарымызға үйретуіміз керек. Өйткені Сүннет сөздік мағынасы – «жол» деген сөз. Аллаһ Елшісінің Сүннеті, Оның жолы үйретілмесе, өмір сапарында бала-шағамыз басқа сүннеттердің, басқа жолдардың жолаушысы болмақ. Бұл қауіптен үмметін алыстату үшін Хазіреті Пайғамбарымыздың кеңесі – Сүннетке жармасу болған.

Физика бостықты қабылдамайтыны секілді көңілдер де бостықты қабылдамайды. Имам Шәфии айтқандай «Сен нәпсіңді хақпен айналыстырмасаң жалған сенімен айналысады».

Ирбәз бин Сәрия t былай әңгімелейді:

«Пайғамбарымыз бізге өте әсерлі үгіт жасады. Бұл үгітке жүректер елжіреді, көздер жас төкті. Біз:

"Ей, Аллаһ Елшісі! Бұл үгіт біреудің қоштасу үгіті сияқты, ең болмаса бізге кеңес бер" – дедік. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

"Сендерге Аллаһқа өте үлкен тағзым етулеріңді, бастарыңа Эфиопиялық құл басшы болса да, оны тыңдап, бағыныңдар деп кеңес беремін. Менен кейін аман қалып, ұзақ өмір

сүргендер көп жанжалдар көреді. Сол кезде сендерге қажет болатыны – менің сүннетім мен тура жолдағы рашид халифаларымның сүннеті. Бұл сүннеттерге мықтап жармасыңдар. Кейін шығарылған бидғаттардан мұқият аулақ болыңдар. Өйткені, әр бидғат – адасушылық” деді» (Әбу Дәуіт, Сүннет, 6; Термези, Илм, 16; Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 6.)

СҮННЕТКЕ СЕЛҚОС ҚАРАМАУ

Сүннет – Аллаһ Елшісінің бізге қалдырған аманаты... Сонымен қатар Оның көзі тірісінде Оның пайғамбарлығын мойындамаған адамдар болғандай, Ол қайтыс болғаннан кейін мұсылмандар ішінде ақиқаттан алыстаған теріс түсініктер Оның сүннетіне мән бермеу індетіне душар болды, әлі де болып келе жатыр.

Абдұллаһ бин Дәйләми былай деді:

«Мұсылмандар Сүннетті орындамай тастап кеткен кезде дін жоғала бастайды. Жіптің талшық-талшық болып ажырап, үзілетіні сияқты Сүннеттер бір-бірлеп орындалмай кетсе, ақыры дін де жоқ болады» (Дәріми, Мұқаддимә, 16).



Хақ Тағала заман тұрғысында үнемі ояу жүруіміз үшін өте құнды мезгілдердің кейбірін жасырып қойған. Мың айдан да қадірлі Қадір түні, Жұма күні және әр түнде дұғалардың қабыл болатын бір сағаты сол мақсатпен жасырылған бағалы мезгілдер.

«Жалған антпен бір мұсылманның ақысын алып кеткен адамға Аллаһ Тағала Пейішті харам етеді және Жәһаннамды (оған түсуді) парыз қылады».

Хақ Тағала адам баласын өзге жаратылыстардан әзиз қылып, артық жаратқан.

Сүннет Құранның ең лайықты да білікті адам тарапынан жасалған заңды түсініктемесі болып табылады. Өйткені, Құран Аллаһ Елшісінің жүрегіне уахи етілген. Аятта былай делінген:

«Бұл Құран – күдіксіз барша әлемнің Раббысының аян етіп түсіргені. (О, Пайғамбарым!) **Оны Рухұл-Әмин** (Жәбірейіл) **ескертушілерден болуың үшін, анық араб тілінде сенің жүрегіңе ұялатты»** (Шұара сүресі, 192-195-аят).

Сүннет өте маңызды болғаны сонша – оған қарама-қайшы істелген іс құлшылық болса да, жазаға ұшыратады.

Саид бин Мүсәйяб екінті намазынан кейін нәпіл екі рәкәат намаз оқыған адамды көргенде, бұл істің сүннетке қайшы екенін айтып ескертті. Ол адам:

«Әбу Мұхаммед! Аллаһ осы намазым үшін мені жазалай ма?» – деді.

Саид бин Мүсәйяб:

«Жоқ! Намаз оқығаның

үшін емес, бірақ Сүннетке қайшы іс жасағаның үшін жазалайды!» деді (Дәрімі, Мұқаддимә, 39/ 442).

Демек, діни тәлім-тәрбие беру мәселесінде сүннеттің қорғалуына ерекше мән беруіміз керек. Хадистерді сахабалар мен табиғун ғалымдарынан бастап, үмметтің барлық ғалымдарының асқан мұқияттылықпен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізгенін оқушыларға дұрыс үйрету керек. Хазіреті Пайғамбарымыздың сүннетін «болмаса да, болады ғой!» деп, жай, қатардағы іс сияқты бағалауға жол бермей, Пайғамбарымыздан көргендері мен естігендерін парыз, уәжіп, мәндуб, мүстәхәб деп бөлмей, толық бас иген сахабалардың ерекше сезімталдығын оқушыларға үйретуіміз керек. Бұл мәселеде зейіндерді шатастырған, жүректерді кірлеткен дін бұзушылардың арбауларынан аулақ болуымыз керек.

Өткен уақытты қайтарып әкелу мүмкін емес. Сондықтан да салиқалы амалдар жасаудың күні бүгінгі осы күнің. Бойымыздағы аманаттың бәрін Шын Иесіне табыстаудың күні бүгінгі осы күнің. Сол үшін ғой «Ертең істеймін!» дейтіндер құрыды.

ДІН БҰЗУШЫЛАР

Бүгінгі таңда дін саласында руханияттан мақрұм, ғылым мен парасаттан жұрдай, тек сөз жүзінде ғана кейбір дін мамандары пайда болды. Аллаһ Елшісінің Сүннетіне селқос қарап, Аллаһтың кітабына өз ойларымен

ғана түсініктеме беруден тайынбай, он төрт ғасыр бойы әһлүс-сүннә уәл-жәмәғә ғалымдары құрған ширақ қағидаларын бір шетке ысырып қойып, реформа жасай бастады. Аллаһ Елшісі мен Рашид халифалардың, сахабалардың жолын бір жаққа ысырып қойып, адамдарды өз пікірлеріне шақыра бастады.

Құл ақысын жеудің ең қорқыныш-ты түрі пайыз алып, беру.

Біреулер мұны атақ үшін жасайды. Біреулер пасықтар алдында абыройға бөлену үшін жасайды. Яғни нәпсіге тиісті аз ғана пайдалары үшін жасайды. Алайда, Аллаһ Тағала аяттарын аз ғана пайдаға айырбастаған сөз жүзіндегі дүмше молдалар мен дін қызметкерлерін қатаң түрде сөгеді:

«Олар Аллаһтың аяттарын арзан бағаға сатып, адамдарды Оның жолынан тосты. Расында, олардың қылықтары неткен жаман!» (Тәубе сүресі, 9-аят).

Тарихтағы Бәлғәм ибн Бағура мен Қарун сияқты дін бұзушылар төндірген ең үлкен қауіп – ақиқат кейпінде көрінулері, сондай-ақ жасаған баяндамаларымен халық арасында діннің тек қарама-қайшылықтар жиынтығы болып ұғынылуына себепші болу-

лары. Нәтижесінде аятта айтылғандай, Аллаһ жолынан тосу бетпақтығы...

Хазіреті Пайғамбарымыз бірнеше хадистерінде бұл қауіп-қатерді тілге тиек ете отырып, дін бұзушыларға назар аударуымыз керектігін былай айтып берген болатын.

«Сендердің біреуің емін-еркін өз орындығына орналасып, Аллаһтың Құрандағылардан басқа харамдарының болмағанын ойлай ма? Біліп қойыңдар, Аллаһқа ант етейін, мен насихат еттім, (Құранда болмаған кей нәрселерді) әмір еттім, біраз нәрселерге тыйым салдым. Олар Құранның мөлшеріндей, бәлкім, одан да көбірек» (Әбу Дәуіт, Хараж, 31-33/ 3050).

Басында ғылым үшін жолға шыққан бұл адамдардың неліктен мұндай бетпақтықтарға душар болғандарын Аллаһ Елшісі мынадай сипаттармен баяндаған:

«Бір күні сондай уақыт келеді – оқуға қызығушы қарилар көбейеді, фәқиһтар (ислам заңгерлері) азаяды да, ғылым жоқ болады. Одан кейін сондай уақыт келеді – адамдардың оқығандары тамақтарынан ары қарай өтпейтін болады» (Хаким, Мүстәдрак, V, 504).

Жетімханалардағы ешкімі жоқтардан, көше қаңғып кеткен балалардан және есірткіге байланып қалған жастарға жауаптымыз. Әлі буыны толық қатпаған қаншама бүлдіршін деуге болатын жастарымыз көз алдымызда қоғам қоқысындай шетке итеріліп тасталуда.

Тамақтан ары қарай өтпеген, жүрекке әсер етпейтін ғылым нәпсіге бас иеді. Міне, осындай жағдайға душар болмау, тіпті, ондай жағдайдан аулақ болу үшін үнемі өзімізді рухани жағынан кемелдендіріп отыруымыз керек.

Малымыздың зекетін берер кезде оның мөлшері белгілі. Бірақ қолымыздағы өзге нығметтерде мұның есебі белгіленбеген. Жауапкершілігімізді толық орындап, орндамағанымызды өлшей алмаймыз.

ҚҰРАНҒА ҚҰРМЕТСІЗДІК

Қазіргі таңда кейбір ғалымсымақ адамдар сүннетке селқос қарап, мынау хабарул-уахид, анау зағип (әлсіз), ал ана біреуі мәудуғ (жасанды) деп, барлық Ислам ғалымдарының бір мәмілеге келген мәселелерде сүннетке қайшы және Құранға деген құрметсіздікті білдіретін пәтуалар бере бастады. Ондай адамдар өздерін дін ғалымымын деп танытып жүргенімен, олардың дінге де, дін білімдеріне де лайықсыз, шала молдалықтары бірден біліну тұрады.

Мысалы, ер-әйел, барлық мұсылмандар Құран тәлімін алуға міндетті. Бұл міндетті өтеу барысында әйел қауымы етеккір мезгілдерінде Құран оқи алмайды, мұсхафты (Құран кітабы мен аяттар жазылған қағаз не парақтарды) ұстай алмайды. Бұларды істеулеріне тыйым салынған. Сонымен қатар бұл

кезде әйелдер намаздарын оқымайды, тура сол кезге сай келген Рамазан оразасын ұстамайды, тек тазарған күндерінде қаза етеді. Исламның он төрт ғасырдан бері қолданған үкімі, міне, осы. Төрт мәзһабтың ортақ пікірлері мен тұжырымы осындай. Төрт мәзһабта Құранды жүніп (бой дәретсіз) күйде оқу – харам. Хадис шәрифте былай келтірілеген:

«Хайызды әйел де, жүніп адам да Құраннан ешбір нәрсе оқи алмайды» (Термези, Тахарат, 98/ 131).

Хазіреті Пайғамбарымыз дәретсіз Құранды ұстауға да тыйым салған:

«Таза емес адамдар Құранды ұстамасын!» (Хаким, Мүстәдрәк, I, 553/ 1447).

Әйелдердің етеккір мезгілі туралы тек Мәліки мәзһабында зәру жағдайға негізделген бір шаз (қолдау таппаған) тұжырым бар болғанымен, бүгінгі таңда ол пәтуаны бұл мәзһабты ұстанатын адамдардың өзі де қолданбайды. Шариғат шеңберіндегі заңды зәру жағдай, расында, барша мәзһабтарда тыйым салынған нәрселерді мүбах күйге келтіреді. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі таңдағы дүмше молдалар мен

Ақтық демін тапсырарда алданып қалғанын аңғарып, дүниені кінәлау пайда бермейді. Адам дүние ныгметтерінің артынан қуып жүріп, иман мен ізгілік өміріне кірмегені үшін тек өзіне ғана зиян еткені.



ғалымсымақтар жүректің тынышын кетіріп, адамның санасын кірлеткен бұл қолдау таппаған пәтуәні ешқандай жарамды да заңды зәру жағдай болмай, жалпы халық ұстана алады деп, үгіт жүргізеді. Алайда, Құран медреселерін қатардағы мектеп, Құран мұғалімдерін қатардағы мұғалім ретінде бағалап, «олардың мамандығы мен кәсібі ғой» деп, кейбір адамдарды баршаға тән діни үкімнен босатуға тырысады. Алайда, дін мамандарының осылай жол ұстанып, Құран медреселерінің оқушылары мен ұстаздарын қиын жағдайда қалдыруы дұрыс емес.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Мүминнің парасытынан сақтаныңдар! Өйткені ол қарағанда Алланың нұрымен қарайды», деп айтқан (Термези, тәфсир 15/3127).

Құран – **«Шағайрұллаһ»**, яғни Алланы еске салатын ерекше кітап, ерекше белгі, иләһи рәміз бен нышандар, бұйрықтар арнасы. Құранға құрмет – Аллаһқа құрмет. Құран – руханият, Құран – береке, береке бұлағы.

Құранды жоғары алып жүру керек. Құран Қағбадан да қастерлі. Қағба қалай жүніп болып, тауаф етілмейтін болса, Құран да сол сияқты оқылмайды. Жүніп болғанда қалай намаз оқуға, сәжде етуге болмайтын болса, Құранды да ұстауға болмайды. Бұл үкімді жоқ етіп, жоюды қалағандар ақиқатты

айтып тұрғандай көрініп, қарилық дайындығын сылтау етеді. Иә, қарилық – өте үлкен ізгілік. Бірақ Құранды ұмытпасын деп хайызды (етеккірлі) әйелдердің Құран оқуына, тіпті, ұстауларына пәтуә беру, заңды мақсатқа заңсыз әдіспен жету деген сөз. Бұл да Аллаһ Елшісінің әміріне қайшы келу болып, харам ақшамен мешіт соққандай, пайдасыз, тіпті, зиянды іспен айналысу болып табылады.

«Шынайы мұсылман — тілі мен қолынан өзге мұсылмандар зиян көрмейтін адам...» *(Бұхари, иман 4-5).*

Расында, Құран тәлімі ғасырлар бойы Құранға құрметсіздік көрсетілмей-ақ жемісті іске асырылып жатты. Бүгін де іске асырылуда. Құранға құрмет көрсептіп, қарилығын тамамдаған жүздеген қари әйелдер бұл ақиқаттың жанды куәгері емей немене?!.

Өкінішке орай, сүннетті бұзып, дінді бұрмалау ісі бірінің артынан бірі пайда болып жалғасып келе жатыр. Ендігі кезекте қабір азабын мойындамайтындар мен қазіргі күні шарттар өзгерді деген пікірмен қыз баланың мирас үлесін ер баламен теңестіруге тырысқандар сияқты Құран үкімдерін тарихтың қоқсығына лақтыруға тырысып баққандар пайда болды.

Дінімізде заң кітаптарына енген бір қағида бар:

«Нас (аят пен хадис) **бар мәселеде ижтиһадқа** (тұжырымдама жасап, үкім шығаруға) **орын жоқ».**

Яғни, бір мәселе туралы нақты нас, яғни аят немесе хадис болғанда, Аллаһ пен Елшісі ол мәселені нақты бекіткенде, сол мәселені шешу адамдардың билігіне қалдырылмаған. Яғни, қияс (үкімі бар мәселені үкімі жоқ мәселеге салыстыру) құқығы болмайды.

Құран аяттары тәрикәдан (мирас мүлкінен) кімнің қаншалықты үлес алатынын бір-бірлеп нақты түрде санап шыққан. Аллаһ көптеген мәселеде егжей-тегжейлі мәліметті сүннетке қалдырса, бұл тақырыпта мәселені нақты түрде аяттармен бекіткен.

Хазіреті Әбу Бәкір былай дейді:

«Не айтқаныңды, қай уақытта айтқаныңды және кімге айтқаныңды жақсы ойлан!».

Бұған қарамай: «Өткен заманда жұмыс істемегендіктен әйел адамдар жарты үлес алатын. Ал, бүгін шарттар мен талаптар өзгерді» сияқты мәнсіз сылтаулармен настың нақтылығына қарсы ой жүгіртуге болмайды. Алға тартылған сылтаудың да еш мәні жоқ, жарамсыз. Өйткені өткеннен бүгінгі күнге дейін қаншама қыз балалар өмірде көптеген салада жұмыс істеген, қаншама бала, тіпті, бүлдіршіндер әкесінің қазынасы үшін ешқандай еңбек етпесе де мирасшы болып келді. Өйткені мирас қанша адамға және кімдерге бөлінетіні мәселесі мен

марқұм болып кеткен адам мал-мүлкін кіммен бірге тапқаны арасында еш байланыс жоқ. Мирас құқығында бұның еш мәні де жоқ.

Өкінішке орай, ашық әмір мен тыйымдарға қарсы ой жүгіртіп, іс-шара қолдану Аллаһтың періштелерге:

«Адамға сәжде етіңдер!» деген ашық әміріне шайтанның:

«Мен одан жоғарымын, ол топырақтан жаратылды, мен оттан жаралдым!» деп, Аллаһқа қарсы келгенін еске салады.

Бұл мәселеде ізгі ниетті екеніне сенген адамдарымызға көкірек ояулығы мен парасаттылық, ал қара ниеттілерге тура жолға түсіп, түзелуін тілейміз.

Сахабалар Аллаһ Елшісінің тәрбиесін алғанда осы сияқты Аллаһпен сөз таластыратындарға қарсы шығуға қажетті іс-шараны қандай жақсы түсінген, біздерге де қандай керемет жеткізген!

Хазіреті Омар:

«Кейбір адамдар шығып, Құранның мүтәшәбиһ (өзге түрлерде ұғынила алатын) аяттары арқылы сендермен сөз таластырады. Ол кезде оларға Сүннеттермен қарсылық беріңдер! Өйткені Сүннеттерді білгендер – Аллаһтың Кітабын жақсы білетіндер» деген (Дәрімі, Мұқаддимә, 17/ 121).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Еш ойланбайсыңдар ма? Ақыл жүгіртпей ме? Түсінбей ме? Миларына қонбай ма?» сияқты сұрақтармен мүмин құлдарын жиі ескертеді.

Аллаһ Расулы ﷺ былай деген:

«Мүмин бал арасына ұқсайды. Таза ас жейді, таза зат өндіреді, таза жерге қонады, қонған жерін сындырмайды, ренжітпейді» *(Ахмед, II, Хаким, I, 147).*

Көп сөз айтуды қажет ететін бұл мәселені мына бір орынды сөзбен доғарайық.

Бір адам Шағбиге:

«Ей, ғалым, маған пәтуә бер!» – дейді. Шағби былай деп жауап қайтарады:

«Ғалым дегенің Аллаһтан (лайықты түрде) қорыққан адам» (Дәрими, Мұқаддимә, 27).

ЗАҺИРИ (СЫТРҚЫ) МӘЛІМЕТТЕР

Ғылым екі түрлі болады:

– Заһири (сыртқы) ғылым

– Бәтини (ішкі) ғылым

Заһири ғылым – Құран мен Сүннеттің сыртқы мағынасынан, кітап жолдарынан үйренілген ғылым. Діни өмірімізді реттей алуымыз үшін осы ғылымды меңгеруіміз өте қажет.

Жанұямызда, жалпы білім ордалары мен діни тәлім-тәрбие орындарында бұл заһири/сыртқы ғылымға ат үсті қарамай, мұқият үйретілуі керек. Ақиқатқа/Аллаһтың разылығына талапкер екенін алға тартып, шариғат пен діннің сыртқы үкімдеріне мән бермей жүргендер аяғы қисалаңдаған циркуль сияқты Исламмен байланыстарын үзеді.

Сондықтан діннің сырт пішіні де, оны бізге үйреткен білімдер де маңызды. Тек тілде, кітап жолдарында қалмай, көкей мен жүрекке қонса, болғаны.

Ақайд ғылымы бізге нелерге сенуіміз, қалай сенуіміз, сенімімізді қалай қорғауымыз керектігін үйретеді.

Фиқһ ғылымы бізге құлшылыққа байланысты өміріміздің негіздері мен жеке мәселелерін үйретеді.

Сияр Нәби ғылымы – Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірі. Бізге жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірінде Раббымыздың бізден талап еткен мәселелерін кез-келген адам үлгі ала алатындай деңгейде көрсетіп, ұсынатын ғылым.

Хазіреті Адамнан Хазіреті Пайғамбарымызға дейін келген қаншама пайғамбар қауымдарын тура жолға шақырып, олардың бұл жолда көргендері бізге Құран мен Сүннет тілімен ғибрат алуымыз және даналыққа ие болуымыз үшін баяндалған. Бұл үйренуіміз керек болған ғылым және Құран мәдениеті болып табылады.

Расулуллаh ﷺ былай дейді:

«Раббым маған үнсіздік күйімнің тәфәккур болуын әмір етті (мен де сендерге соны өсиет етемін)»

Ибраhим Жанан, Хадис энциклопедиясы XVI, 252, хадис нөм: 5838.

Құранды намаздарда қабыл етілуіне лайықты пішінде оқудың және ол тура жол көрсетушіден нәсібімізді алудың жолы – Құранды үйрену.

Фиқһтың өмірге шағылысуы деген намаз, дәрет, тәйәммум сияқты құлшылықтардың шынайы үйретілуіне тәлім мекемелерінде міндетті түрде аса мән берілуі керек сабақтар болып табылады. Әлбетте, бұл барлық сабақтар кең ой өрісімен түсіндірілуі керек...

«Адамдармен дос бол! Өйткені керуен неғұрлым топырлап жүрсе, жол кесушілердің сағы соғұрлым сынады».

(Хазіреті Мәуләнә)

АҚАЙД

Ақайд ғылымы – Әмәнтү негіздері, яғни Ислам діні бойынша иман мен сенім негіздері үйретілген ғылым... Бұл ғылым тәухидті қорғауымызды, ширктен сақтануымызды қамтамасыз етеді. Иман болмай ешбір амал Мизанға/таразыға қойылмайды. Ең басты міндетіміз – мумин-мұсылман болған күйімізде соңғы демімізді бере білу. Сондықтан иманымызды қорғауды қамтамасыз ететін осы ғылымды үйренуіміз және үйретуіміз керек.



Иман – сенген нәрсесін ақылмен, зейінмен білу емес, жүрекпен растау. Мысалы, бір

«Аллаһ Тағаланың разылығы ата-ананың разылығында. Аллаһ Тағаланың қаһары да ата-ананы қаһарында»

(Термези, Бирр, 3/1899).

имансыз шығыстанушы зерттеулері нәтижесінде Құранды жаттап алып, кәсібімен күнде Исламға байланысты жиналыс өткізсе де мүмин-мұсылман бола алмайды. Өйткені айтқандарын жүрегі растамайды. Иман жүрек ісі болғандықтан, жүрекке мұқият болуымыз керек. Жүрек әсерлерден сақталмаған жағдайда ерік-жігері жоқ мүшеміздей болып қалады. Кері әсерлер нәтижесінде **“қальб/жүрек”** сөзінің негізгі мағынасына сай түрде ауысып, бұрылып тұра береді.

Сүю мен жиіркену, мейірім мен үрей және сенім сияқты сезімдер жүректің ісі болып табылады. Иманды жүрек, яғни Аллаһты жаратушы иесі ретінде мойындаған жүрек Аллаһтың дұшпанына кішкене болса да, жылы шырай танытып, жеңілдік бермеуі керек. Керісінше жағдайда жүректегі иманға дақ түскен болады.

Жүректі мұндай дақ түсуден қорғаудың жолы – **«Лайықтысына сүйіспеншілік көрсету, тиістіге жиіркенішпен қарау»** дәстүрі. Тәббәт сүресі бізге осы ақиқатты үйретеді. Бұл сүреде Аллаһ дұшпанына **«Қолдары құрғап кетсін!»** деп, қарғыс айтылады. Тіпті, Пайғамбарымыздың тірі

Мынаны ойлау керек: өмір деген нығметтің мәні мен хикметі неде? Бұл дүние неліктен адам баласының өміріне берілді? Екі ғана есігі бар бұл жаһанға қайдан кіріп, қайда сапар шегіп барамыз? Қияметтің қорқынышқа толы күнінде паналайтын қорғанышымыз не болмақ?!

кезінде Аллаһ дұшпандары көп бола тұра, бұл қарғыс Хазіреті Пайғамбарымыздың туған немере ағасына айтылған. Сонымен қатар Құпан Кәрімде Хазіреті Ибраһимнің әкесімен, Хазіреті Нухтың баласымен бір тектен болғанымен, басқа дүниенің адамдары екендіктері айтылған. Осылай тиістілерге жиіркенішпен қарау мәселесінің өте маңызды іс екеніне назар аударылған. Фәтх сүресінің соңғы аятында Аллаһ Тағала пайғамбарымен бірге болған мүминдерді былай сипаттайды:

«...Кәпірлерге қатаң да, өзара (діндестер ара) **мейірімді...»** (Фәтх сүресі, 29-аят).

Бүгінде Ақайд ғылымы тек бірнеше сипаттар мен иман шарттың жаттатылуымен шектеліп қана қалмауы керек. Шынайы да нағыз иман ұстанымы осы сабақтың құрамында талқылануы тиіс. Мұсылман адамның Аллаһтың дұшпаны бір бөгде мұсылман емес адамға әуес болуы, оған еліктеуі, оған ұқсауға тырысуы оның иманының әлсіз екенін көрсетеді. Яғни бұл толық иманға байланысты мәселе болып табылады. Өйткені жүректер Хазіреті Пайғамбарымыз айтқандай бірде ондай, бірде мұндай. Әсіресе адамдар мұсылман ретінде түнеп, өкінішке орай, кәпір адам күйінде таң атырып жатқан мына ақырзаманда жүректердің қатеге, бұзақылыққа бармауы үшін аса мұқияттылық танытылуы керек. Сол себепті Хазіреті Пайғамбарымыз:

Түрлі-түсті раушан мен қызғалдақ гүл-деріне көзіңізді бір салыңызшы, олар сол керемет реңдерін топырақтың қай жерінен алды екен? Ал қызыл қалампыр гүлі ше? Күншуақ астында күлімдеп шешек атқан өзге де көк, жасыл, күлгін түсті гүлдер мен шешектер ше?

«Ей, жүректерді құбылтушы! Жүрегімді дініңе бекем ет!» деп дұға ететін.

Хазіреті Мұсаға иман еткен сиқыршылар Перғауын өздерін өліммен қорқытқанда, жүректерінің азап пен өлім қорқынышымен өзгеріп, Аллаһ дұшпанынан мейірім тілеу жағдайына түсіп қалудан қорқып:

«...Бізді (Өз жолында) **табанды еткейсің...»** (Әлу Имран сүресі, 147-аят) деп, Аллаһқа жалбарынған. Аллаһ дұшпанына болса:

«(Сиқыршылар:) "**Бізге келген** (осынша) **айқын мұғжизаларды,** (ал, шынында) **бізді Жаратқанды тастап, әсте сені таңдайтын емеспіз. Ендеше, қандай үкім берсең де мейлің! Өйткені сен үкімбилігіңді тек осы** (өткінші) **дүние тіршілігінде ғана жүргізе аласың!"»** (Таһа сүресі, 72-аят) деп, батыл қарсылық танытқан болатын.

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар»

(Әлу Имран, 105).

Құран Кәрім мен хадис шәрифтерде Асхабүл-Ұхдудтан Хабиб Нажжарға, алғаш христиандардан Мекке мүшріктерінің қолында иман сынын тапсырған алғаш мұсылмандарға дейін көптеген иман ерлері бізге бұл үрдісті үйренуіміз үшін мысал ретінде келтірілген.

Лайықтыға сүйіспеншілік... Тиістіге жиіркеніш...

Осы ақиқаттарға байланысты Ақайд ғылымы өте маңызды. Өйткені иман – барлық нәрсенің басы. Иман жүректе күшейеді де, «Мағрифатұллаһ»-қа терезе ашылады. Сөйтіп, жүрек мәңгі болғанды өткіншіге айырбастамайды. Құлшылыққа бет бұрады. Тақуалыққа бет бұрады.

Бұл тәлім мен тәрбиені алмаған адам ахіреттегі бейшара күйін былай мойындайтын болады:

«Аллаһ тозақтықтардың азабы ең жеңіл адамнан:

“Дүние мен ондағылар сенікі болса, осы азаптан құтылу үшін оларды берер ме едің?” деп сұрайды. Ол “Иә!” деп жауап береді. Аллаһ:

“Сен Адамның белінде болғанда, Мен сенен бұдан жеңілдеу нәрсе талап еткен едім: Серік қоспағанда, Мен сені тозаққа салмас едім. Бірақ, сен серік қосудан таймадың” дейді» (Мүслим, Мүнәфиқин, 51).

«Шын мәнінде, мүминдер бір-біріне бауыр. Сондықтан екі бауырдың арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Сонда ғана игілікке бөленерсіңдер» *(Хұжұрат, 10).*

ФИҚҺ

Фиқһ ғылымы өте маңызды. Өйткені құлшылықсыз дін болмайды. Ал белгілі ережелері мен шарттары жоқ құлшылық та болмайды. Аллаһ бұл ережелер мен шарттарды Өз Кітабы мен Пайғамбарының Сүннеті арқылы мүминдерге баян еткен. Фиқһ – Хазіреті Пайғамбарымыздың жиырма үш жылдық өмірінде көрініс тапқан үкімдер жиынтығы. Сондықтан әсте Фиқһтың мән-маңызы жоқ деп бағаланбауы керек. Мұсылман өз ғылымхалын білуі – парыз. Аллаһтың өзінен не қалағанын білуі – парыз. Өмір бойы нені, қалай жасауы керектігін білуі – шарт.

Дінде әрбір іс-қимылдың арнайы үкімі бар. Діни тұрғыдан адам мүкәлләф/жауапты жасқа келгенде әр іс-қимылының алғанда бір құны болады. Фиқһтың маңыздылығын ұға алмағандарға Абдұллаһ бин Мүбәрак былай ескерту жасайды:

«Ғалымдарды елемегеннің ахіреті, басшыларды елемегеннің дүниесі, достарын елемегеннің парасаттылығы жойылады» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 224).

Фиқһ ғылымын тек үкімдер мен тармақтар жиынтығы ретінде үйретілмеуі керек. Өйткені фиқһтың жанында бәтини/ішкі фиқһ та бар. Ол заһири/сыртқы фиқһпен бірге үйретілуі керек. Бәтини фиқһ бір сөзбен айтқанда – ықылас. Жүрек пен дене үйлесімі, терең сезім деген сөз.

Пайғамбарымыз *:*

«Мүминнің мүминге деген қатынасы құрылысы бірін-бірі сүйеп, ұстап тұратын ғимарат бөлшектері секілді», деген сөзін түсінікті болуы үшін екі қолының саусақтарын бір-біріне айқастырып тұрып көрсеткен екен. *(Бұхари, Саләт, 88, мазалим 5; Мүслим, Бирр 65).*

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Шайтан адамдардың қасқыры. Дәл отарынан ажыраған қойды аңдыған қасқыр секілді. Олай болса, топтарға бөлінуші болмаңдар. Жамағаттан, халықтан және мешіттерден айрылмаңдар!».

(Ахмет, II, 400; Хаким I, 73/59)

Мүмин намаздың пішіндік үйлесімін де, жүрекке тән үйлесімділігін де іске асыруы керек. Мұғалім мен молдалар намазды осы екі жағымен үйретуі керек. Өйткені құлшылықтардың барлық хикметі мен мақсаттары тек ықыласпен орындалғанда ғана көрініс табады. Мысалы, Аллаһ ықыласпен өтелген намаз туралы **«Арсыздық пен жамандықтан қорғайды»** дейді. Ықылассыз намаз оқығандар үшін болса:

فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ

«Нендей өкініш сол намаз оқығандарға» (Мағун сүресі, 4-аят) делінген. Яғни, оқыған намазы адамға еш әсер етпесе, ол өкініште қалады.

Ораза да осылай... Аллаһ Тағала құдси хадисте ықыласпен тұтылған ораза жайында

«Ораза бөлек. Ол мен үшін, сыйын да мен беремін. Өйткені ораза тұтқан шәһуаты мен ішіп-жегенін Мен үшін доғарады» дейді (Мүслим, Сиям, 164). Нендей үлкен сый десеңіз ше!

Аллаһ Елшісі ﷺ ықылассыз күйде ұсталған ораза, яғни мүшелерге, көзге, тілге, құлаққа сақ болмай ұсталған ораза жайында былай деген:

«Қанша ораза тұтқандар бар! Олар ұстаған оразаларымен тек аш қалған болып саналады!» (Ибн Мәжә, Сиям, 21).

Садақа да осы сияқты... Ықыласпен берілген садақаға еселеген сауап уәде етілген. Ықылассыз берілген садақа жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«Ей, Иман келтіргендер! Мал-мүлкін тек басқаларға мақтан (рия) **үшін ғана жұмсайтын, Аллаһқа және ахірет күніне сенбейтін адам сияқты** (берген) **садақаларыңды міндетсіп немесе реңжітіп беру арқылы текке жібермеңдер. Оның** (және ол сияқтылардың) **мысалы бейне-бір үстін топырақ басып,** (нөсерлеп жауған) **жаңбырдан кейін топырағы шайылып кеткен қатты да жұмыр тасқа ұқсайды. Олар** (дүниеде) **істеген бірде-бір істеріне** (кәсіптері мен берген садақаларынан сауап алуға) **қол жеткізе алмайды. Аллаһ кәпірлер қауымын һидаятқа** (тура жолға) **салмайды»** (Бақара сүресі, 264-аят).

«Олай болса, "Егер, (шын) сенген болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар да, (таласқа түспей) араларыңды түзетіңдер, Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар!" — де!» *(Әнфәл, 1).*

Қысқасы, фиқһ – шарт. Онымен бірге руханият та шарт... Құлшылық – шарт... Бірақ, Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету де шарт болып табылады. Фиқһ сабағы осы екі қанатпен үйретілуі керек.

ҚҰРАН ТӘЛІМІ

Құран тәлімі өте маңызды. Құрансыз намаз болмайды. Қиям намаздың парызы болғанымен, сырқат сияқты белгілі жағдайларда намазды қиямсыз отырып оқуға болады. Алайда қандай жағдай болмасын, қираатсыз намаз оқылмайды. Құранның маңыздылығы соншалық, намазда басқа рукундарды орындағанда емес, қиям кезінде, яғни тік тұрған кезде ғана оқылады.

«Намазды толық өтеңдер, зекет беріңдер, рукуғ етуші (мұминдермен) бірге рукуғ етіңдер (жамағатқа қатысыңдар)» (Бақара, 3).

Құран оқығанда, ең біріншіде қираат пен тәжуид тақырыбына көп назар аудару керек. Әріптердің дұрыс дыбысталуы керек. Бұл мәселеде ұзақ жылдар бойы имамдық не Құран мұғалімі болған адамның кемшілігі болса, Құранды жақсы да күшті оқи-тын біреуден дәріс алып, дұрысын үйреніп, білімін жетілдіруі ке-рек. Өйткені намаздың жарамдылығы Құранды дұрыс оқуға байланысты. Мысалы, وَلَا الضالِّينَ «Уә-ләддаллин» сөзіндегі “ض/дад” әріпін “ظ/за” деп оқыса, мағына бұзылады. «Адасушылық» деген мағынаға келетін «даллин» сөзі орнына «көлеңке» мағынасына келетін «зылл» сөзі түбірінен тараған сөз оқыл-ған болады.

«خالق/халиқ» сөзі «حالق/һалиқ» деп оқылса, «жаратушы» емес, «шаштараз»

«Ата-анасына жақсылық жасаған адам неткен бақытты! Аллаһ Тағала оның өмір жасын арттырсын!»
(Һәйсәми VIII, 137).

мағынасына келеді! Сондықтан Құранды дұрыс оқып, намаздың қираат деген парызын толық орындау – шарт. Өкінішке орай, бүгінгі таңда бұған мүлде мән берілмейтін болды. Алайда, Құран фәни жаратылыстың кітабы емес, Аллаһтың кітабы, туралық кітабы. Құранның қайнар көзі – Аллаһ.

الرَّحْمَنُ عَلَّمَ الْقُرْآنَ
خَلَقَ الْإِنسَانَ عَلَّمَهُ الْبَيَانَ

«Рахман Құранды үйретті. Адамды жаратты. Оған баянды үйретті» (Рахман сүресі, 1-4-аят).

Бұл шындық бойынша Құранды мұсылмандарға үйрету – өте абыройлы іс. Құранды үйренген және үйреткендер – үмметтің ең абзал жандары...

НАМАЗДЫ ҮЙРЕТУ

Намаз тәлімінде ішкі-сыртқы ережелерге, яғни фиқһ пен ықыласқа мән берілуі керек. Тек сырт пішінінде қалып қойса, **«Нендей өкініш сол намаз оқығандарға»** (Мағун сүресі, 4-аят) деген Аллаһтың қорқытуына тап болу қаупі пайда болады.

*«(Ей, иман келтірген-дер!) **Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар! Өзара талас-тартысқа түсіп, керіспеңдер! Әйтпесе үрейде қаласыңдар да,** (айбындылық соқтырған) **желдерің** (күш-қуатта-рың мен дәулеттерің) **кетеді. Сондықтан сабырлы** (да төзімді) **болыңдар. Өйткені Аллаһ сабырлылар-мен бірге»***

(Әнфәл, 46).

Барлық істің негізі – намаз... Өйткені Аллаһ Тағала **«Сәжде ет те, жақындай түс»** (Аләқ сүресі, 19-аят) деген. Намаз – құлға берілген жүздесу сәті. Ал қыраат – намаздың өзегі.

Біреуге қиыншылығымыз туралы айтқанда ақырын, асықпай түсіндіреміз. Алайда бізді де, күллі әлемді де жаратқан Ұлы Жаратушының құзырына бару деген – намаздың ішкі-сыртқы шарттарының дұрыс орындалуына мән бермей, тек оқылған болса, болды деп, намазымызды өте тез оқимыз. Тәлім-тәрбие ісімізде балаларымызға намаздың мұндай болмайтынын үйретуіміз керек. Бұл Хазіреті Пайғамбарымыздың да қолданған тәлім әдісі болатын:

Рифа ибн Рафиғ t айтады:

Біз мешітте болғанда, бір бәдәуи адам келді. Қыблаға бет бұрып, намазды тез (яғни рүкун мен тәсбихтарын қысқартып) оқыды. Кейін намазын тәмамдап барып, Аллаһ Елшісіне сәлем берді:

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Уә, аләйкум сәләм. Бірақ бар, намазыңды қайта оқы. Оқыған намазың (нағыз) намаз болмады!» – деді.

Адам намазды қайта оқып келді. Хазіреті Пайғамбарымызға сәлем берді:

«Мұсылмандар бірін-бірі сүйіп, өзара жанашыр мен қорғаныш болу тұрғысынан бір денеге ұқсайды. Сол дененің бір ағзасы ауруға шалдыққан кезде өзге ағзалар да соның себебінен ұйқысыздыққа тап болып, ыстығы көтеріледі» *(Бұхари, әдеп 27)*

Хазіреті Пайғамбарымыз сәлемін алды да, тағы:

«Намазыңды қайта оқы. Өйткені сенің намазың (нағыз) намаз болмады!» – деді.

Адам екі-үш рет солай істеді, әр жолы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Намазыңды қайта оқы, өйткені сенің намазың (нағыз) намаз болмады!» – деді. Ақыры адам:

«Мен адаммын ғой! Дұрыс та, бұрыс та жасауым мүмкін. Маған қателігімді көрсет, турасын үйрет» – деді.

Аллаһ Елшісі r адамға намаздың рукундарына мойынсұнып, қалай оқылатынын былай түсіндірді:

«Намазға тұрғанда алдымен Аллаһтың саған әмір еткеніндей дәрет ал. Кейін Қамат айт, намазға тұр. Жаттаған Құраның болса оқы. Жоқ болса, Аллаһқа хамд-мадақ айт, тәкбир айт, тәһлил айт, сосын рукуғ жаса. Рукуғ кезінде тыныштал (ағзаларың рукуғта орташа бір күйде тұрсын). Кейін тұр да, қиям кезінде тыныштыққа кенел. Сосын сәжде ет те, бір уақыт сол күйде тұр, сосын тік тұр. Міне, осы айтқандарымды



«Раббыларының шақырғанына үн қосатындарға, намазды (баппен) оқитындарға, істерін бір-бірімен кеңесіп бекітетіндерге, өздеріне арнаған ризықтарымыздан (қайыр үшін) жұмсайтындарға тән» *(Шура 38).*

орындайтын болсаң, намазыңды толық өтеген боласың. Бұдан бір нәрсе кемітсең, намазыңда кемшілік жіберген боласың» (Термези, Салəт, 110; Əбу Дəуіт, Салəт, 143-144).

«Бəрін түсініп, бəрін ұғынатын ақылдың өзі достарынан айрылған кезінде садағы сынған мерген секілді абдырап қалады». *(Хазіреті Мəулəнə)*

Хазіреті Пайғамбарымыз бізге бала-шағамызға намаз тəлімін беру мəселесінде ескерту жасаған. Жеті жасынан бастап балаларымызды намазға үйрете бастауымызды, ал олар он жасына келгенде намаз оқулары мəселесінде табанды болуымызды бұйырады. Яғни, балаларымыздың мүкəлләфтік/діни жауапкершілік шағынан бұрын оларға беретін намаз тəлімін тəмамдауымызды бұйырған.

Сондықтан дініміздің тірегі – намазды ең көркем түрде оқып, əрі бала-шағамызға, əрі оқушыларымызға сөзімізбен де, ісімізбен де жолсілтеуші болуымыз керек.

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ӨМІР ДЕРЕКТЕРІ

Құран Кəрім өткен пайғамбарлардың басынан өткен оқиғалар туралы көп баяндағаны сонша, бұл үштен бір бөлігінен көп орын алады. Неге Аллаһ бізге сол оқиғаларды сонша көп баян етеді? Əрине, ол

оқиғалардан, пайғамбарлардың басынан өткен оқиғалардан сабақ, үлгі алуымыз үшін... Өйткені бүгінгі таңда дүниеде өткен кезеңдердің шектен шығып, Аллаһтың кәріне ұшыраған қауымдардың азғындығы мен адасушылықтары етек жайып кетті. Лут қауымының хайуаннан да төмен деңгейдегі қылықтары кең қолдау таба бастады. Тәкаппарлығы мен мақтанышына сеніп, «бізден қуатты кім бар?» деп, иләһи қаһарға душар болған Ад пен Сәмуд қауымдарының ізбасарлары да бар. Шұғайб қауымының атақты айлакерлері де бар. Тәңірлік дәмесіне ынталы Перғауын мен Нәмруд сияқтылар да бар. Олармен жамандықта сайысқа түскен нөкерлерінен де бар, сол сияқты қаншама құрдымға кеткен қауымдардың бетпақ адамдары да бар.

Аллаһ Тағала Құрандағы пайғамбарлар мен қауымдарының қиссаларын сол жағымсыз қылықтардың адамзатты қандай жаман ахуалға түсіретінін біліп, қалай қоғамды сондай шектен шығушылықтан қорғай алатынымызды үйрету үшін баяндаған. Сондықтан біз тәрбиелеп жатқан бала-шағамыз бен оқушыларымызға бұл тарихи үлгілерді түсіндіріп, қияметтің белгісі ретінде қайталанып жатқан бұл жағдайға қарсы оларды ескертуіміз керек.

Пайғамбарлар қоғамның түрлі сатысы мен деңгейіндегі адамдар үшін үлгі-өнеге болып табылады. Хазіреті Пайғамбар r былай деген:

Расулұллаһ ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«Истихара жасаған адам қасірет көрмес, истишара жасаған өкінбес, үнемдеген алақан жайып қалмас».

(Һәйсәми, II, 280)

«Аллаһ қиямет күнінде төрт адамды төрт топ адамға қарсы дәлел ретінде көрсетеді.

1) Бай, бақуатты адамдарға Хазіреті Сүлейменді,

2) Науқас адамдарға Хазіреті Әйюбты,

3) Құл адамдарға Хазіреті Юсуфты,

4) Кедей адамдарға Хазіреті Исаны»

Ал Хазіреті Пайғамбарымыз әр деңгейдегі барлық адамзат үшін ерекше көркем үлгі болып табылады.

«Жастардың айнадан көргендерінен артығын қариялар кірпіш сынығынан ақ көре алады».

(Хазіреті Мәуләна)

СИЯР НӘБИ
(ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ӨМІРІ)

Хазіреті Пайғамбарымыздың киелі өмірін үйренуіміз және үйретуіміз керек. Ол – мүлде бас тарта алмайтын міндетіміз. Өйткені қандай да бір іс-әрекетте өлшем мен үлгіге мұқтажбыз. Өлшемдерімізді неге сүйене отырып қалыптастырамыз? Аллаһ бұл қажеттілігіміз үшін адамда көрініс тапқан Өз өнер туындысын сыйға тартқан. Ол – Хазіреті Пайғамбарымыз r ... Ең төменгі деңгейден ең жоғарғы деңгейге дейін, қияметке дейін, кез-келген кәрі мен жас, кедей-бай, әлсіз-әлді... Әрбір адам үшін іс-әрекеттегі өлшем... Ең көркем үлгі ретінде Пайғамбарымызды ұсынған.

Сияр ғылымы Хазіреті Пайғамбарымыздың r жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірін баяндайды. Бұл өмір Құранның іс-жүзінде орындалуы деген сөз. Мінез-құлықтық ерекшеліктер мен ізгіліктерді Онан үйренеміз. Мысалы, сабырлылықты осы ғылым аясынан үйренеміз. Өмірдің ащысы мен тұщысында, байлық пен кедейлікте, ауру-сырқауда, жеңіс пен жеңілісте сабырлық көрсетуді Сияр Нәбиден үйренеміз.

Басқа ғылымдардағыдай бұл сабақтан да заһири/сыртқы мен бәтыни/ішкі оқиғалардың тұңғиығын үйренеміз. Тек кесте бойынша емес, жүрекпен оқуымыз керек. Оқығынамызды зейінімізге түйіп, жүрегімізге құюымыз керек.

«Жастардың айнадан көргендерінен артығын қариялар кірпіш сынығынан ақ көре алады».

(Хазіреті Мәулəна)

ЗАҺИРИ/СЫРТҚЫ ҒЫЛЫММЕН ШЕКТЕЛІП ҚАЛМАУ

Өзіміз бен бала-шағамыздың және оқушыларымыздың кейбір сыртқы мәліметтермен ғана шектеліп қалғанымыз дұрыс емес. Хазіреті Мәуләнә бұл шындықты баяндау үшін *«Ешкінің көлеңкесін құрбандыққа шалма»* деген.

Аллаһ Тағала құлының Өз алдына мүтмәиннә, яғни құлшылықпен тыныштанып, жай тапқан нәпсімен, сәлим, яғни рухани сәлеметке жеткен жүрекпен, мүниб, яғни Раббысына бет алған жүрекпен келуін қалайды. Сондықтан біреулер «маған дінімді үйрет!» деп бізге жүгінгенде, оған істің тек сырт пішінін түсіндірумен ғана шектелсек, әлгі адам бұған разы болмай, қанағаттанбаса, оның обалына қаламыз.

Ибн Аббас ﷺ былай дейді:

«Бүкіл әдептердің басы кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мұқият болып, тыйым салғандарынан сақтануда».

ШЫНАЙЫ БІЛУШІЛЕР

Аллаһ Тағала аят кәримәда:

هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ

«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» (Зүмәр сүресі, 9-аят) дейді. Бұл сұрақ аяттың бір бөлігі ғана. Өкінішке орай, бүгінгі таңда нағыз білушілердің қасиеттеріне назар аудармай, аяттың бір бөлігіне ғана қарап, тек заһири/сыртқы мәліметтерді білушілер деп бағалаймыз да, сөйтіп, аяттың негізгі мағынасын басқа жаққа бұрамыз. Алайда аят кәриманы толық оқып көрелікші:

«Анаңның сүт ақысын абайла! Оны алақаныңа алып көтеріп жүр. Өйткені аналардың босану толғағы болмағанда, балалар бұл дүниеге келетін жолды таба алмас еді».

أَمَّنْ هُوَ قَانِتٌ آنَاء اللَّيْلِ سَاجِداً وَقَائِماً يَحْذَرُ الْآخِرَةَ وَيَرْجُو رَحْمَةَ رَبِّهِ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُوْلُوا الْأَلْبَابِ

«Я болмаса, ахірет азабынан қорқып, Аллаһтың рахметінен үміттеніп, түн ішінде сәжде қылып, тікесінен тік тұрып, бойсұнған адам сондай болмақ па? Оларға: "Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?" де! Шын мәнінде, ақыл иелері ғана ғибрат ала алады» (Зүмәр сүресі, 9-аят).

Аятта нағыз білушілерден бола білу үшін үш шарт қойылған:

سَاجِداً وَقَائِماً

1) **«Түн ішінде сәжде қылып, тікесінен тік тұрып, бойсұнған адам...».** Жүрек таң сәрідегі құлшылықпен ерекше сана-сезімге кенеледі. Ал бұлай болмаса, нағыз білушілерден болу мүмкін емес.

يَحْذَرُ الْآخِرَةَ

2) **«Ахірет азабынан қорқып...».** Өмірдің әр

«Адамның әдебі алтыннан да қымбат»

(Хазіреті Әли)

«Ібілістің Жаратушысының босағасынан қуылуы Оның алдында әдепсіз түрде сөйлеп, ақымақтық танытқанынан болды...

Егер Шайтанды езіп өткің келсе, көзіңді ашып әуелі қара: Шайтанды қарғысқа ұшыратқан әдепсіздігі еді. Адам баласында әдеп болмайтын болса, ол шын мәнінде адам емес. (Хазіреті Мәуләнә).

сәті мен сатысында ахірет туралы ойлау... Үнемі ахіреттің есебін ойлау... Ахірет туралы қобалжу деген не? Аллаһ «وَالْفَجْرِ **Шапаққа серт етемін»** (Фәжр сүресі, 1-аят) дейді. Аллаһ Тағала бізге әр таң атқан сайын өмір күнтізбемізден бір парақ ашып береді. Ахірет туралы қобалжыған жүрек дірілдейді: Бұл күнді қалай өткіземін? Кирамән-Кәтибин деген періштелер мен туралы бүгін не жазады екен? Қаншалықты өзім үшін, қаншалықты Аллаһ ризалығы үшін іс-әрекет жасап жүрмін? Міне, осындай сұрақтармен өзін жөнге келтірмей, ахиреттік көзқарасқа ие болмаған адам нағыз білушілерден бола алмайды.

وَيَرْجُو رَحْمَةَ رَبِّهِ

3) «Аллаһтың рахметінен үміттеніп...». Бұл ұлы, құдіреті шексіз, ешкім төтеп бере алмайтын күш Иесін паналау деген сөз. Сөйтіп, үнемі дұғамен өмір сүру.

Бұл аят кәримә білетіндер мен білмейтіндер арасындағы үлкен айырмашылықты көрсетіп тұр. Сондай-ақ білмейтіндерге білушілерден болудың жолын, кемелдік жолын көрсетіп тұр.

Демек, Аллаһ рухани кемелдік үшін алдымен құлшылыққа шақырады. Қараңғы түнгі уақытты

құлшылықпен жарқыратып, жандандыруға шақырады. Таңсәрі уақытында тәубе есігін ашып, кешірім сұрауға шақырады. Еш күнәміз болмаса да, Аллаһ берген иман нығметінің құнын өтей алмаймыз. Бұл мүмкін емес. Сондықтан бар күшімізбен құлшылықта болуымыз керек. Хазіреті Пайғамбарымыз бейкүнә бола тұра түнгі уақытын ұзақ құлшылықпен өткізетіні сонша, аяғы ісіп кететін. Бұл мәселеде Оны үлгі тұтуымыз керек.

Екіншіден, Аллаһ адамды рухани кемелдікке жетуі үшін фәнилігін түсінуге шақырады. Адам фәнилігін шынайы ұқса, өмірдің мәнін, дүниенің не екенін жақсы түсінеді. Негізінде нәпсі деген құбылыс фәнилікті, өткінші нәрсені ұнатпайды. Иелігіндегі нәрсесі әрқашан өз қолында болсын дей береді. Сондықтан адам фәни екенін түсінген сайын ықыласы артады, дүниеқұмарлығы жойылады да, ахірет туралы ойлана береді. Бұл түсінік пен сезім нәтижесінде туралыққа қол жеткізеді, тіпті, аяқ астындағы құмырсқаның езілмеуіне шейін мән беретін күйде күн кешетін болады. Ақыры:

فَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْراً
يَرَهُ وَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ
شَرّاً يَرَهُ

Хазіреті Әбу Бәкірдің айтқанындай:

«Бұл дүние мүминдердің базары. Күндіз бен түн — олардың саудаға салған қаражаттары, салиқалы амалдары — сауда тауарлары, саудада көзделген табыс — Жәннат, ал зияны — Жәһаннам».

«Кімде-кім түйірдей жақсылық істеген болса, оның сыйын көреді. Түйірдей жамандық істеген болса, оның жазасын көреді» (Зілзала сүресі, 7-8-аят) аятының мағынасын толық түсінеді. Ақыры әлсіздігін ұғып, Раббысының мейірімін паналайды. Сөзімен, іс-әрекетімен үнемі дұға жасағандай күйде өмір сүреді. Шынайы ғылым құлдың Аллаһ қорқынышын арттырады. Хикметтің басы – Аллаһ қорқынышы.

إِنَّمَا يَخْشَى اللّٰهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاء

«Аллаһтан пенделерінің тек білетіндері ғана қорқады» (Фатыр сүресі, 28-аят).

Хазіреті Муса:

«О, Раббым! Құлдарыңның қайсысы сенен ең қатты қорқатыны?» – деді. Аллаһ Тағала:

«Мені ең жақсы білгендері» – дейді (Дәріми, Мұқаддимә, 34).

Жастық шақты ойнап, күлу мен ойын сауық шағы деп ойлайтындар қатты қателеседі. Жастық шақ адамға мәңгілік қажет болатын мықты сенім мен көркем тәрбиені меңгерудің ең ыңғайлы мезгілі.

ТӘФӘККУР (ТЕРЕҢ, ЖАН-ЖАҚТЫ ОЙЛАУ)

ҚҰРАН ТУРАЛЫ ОЙЛАУ

Құран – Аллаһтың жамалдық сипаттарының сөз жүзіндегі көрінісі. Бастауы – Аллаһ. Қияметке дейін жалғасатын мұғжиза. Сондай-ақ аятта былай делінген:

«Еш күмән жоқ, Құранды біз түсірдік. Оны қорғайтын да, әрине, бізбіз» (Хижр сүресі, 9-аят).

Құран – жер мен көктің тілі. Сондықтан тәлім алаңындағы әр адамның бұл тілге жақын болуы керек. Хазіреті Мәуләнә мұндай көңілдің қандай негізде болуы керектігін былай деп тілге тиек еткен:

«Құранның мағынасын тек өркөкіректік пен қалауларын отқа жағып, күл еткен, яғни нәпсісі мен менмендігін жойған, осылай Құран алдында еріп, құрбан болған және жаны Құранға айналған адамдар ғана ұға алады...»

Расында, адам Құран арқылы кемелдікке қол жеткізеді. Құран арқылы жоғарылайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жүрегінде Құранның бір бөлігі жоқ адам қирап қалған үй сияқты» деген (Термези, Фәдаилүл-Құран, 18; Дәрими, Фәдаилүл-Құран, 1).

«Байқаңдар, жастық шақтарыңа алданып қалып жүрмеңдер! Өйткені ол жылдам өте шығады екен».

«Біліп қой, ақыл ойың барлығын бірдей сыйдыра алмайды. Олай болса, ең маңыздыларын таңдап ал. Барлық адамға көңіл бөле алмайсың, өзіңнің ілтипатыңмен мен көңіліңді ақиқат жолындағы адамдарға арна! Әрі жомарттығың да бәріне жетпейді. Оны да рухы таза адамдарға сақта!

Құранға тән ақиқаттардан аулақ көңілдің ұшырайтын қайғылы соңы аятта былай баяндалады:

«Қашан *(мүнәфиқтардың айыптарын білдіретін)* **бір сүре түсірілсе, олар біріне-бірі қарап: “Сендерге** *(мүминдерден)* **қарап тұрған біреу бар ма?»** *(деп қобалжиды да)*, **сонан соң** *(қараған ешкім болмаса, масқара болмау үшін)* **тасалана береді. Аллаһ олардың жүректерін теріске айналдырды. Өйткені олар түсінбейтін қауым»** (Тәубе сүресі, 127-аят).

Қысқасы, әлем – үнсіз Құран. Құран – дауысты әлем. Ал, адам өз болмысында иләһи сыр көрініс тапқан өнер туындысы ретінде бұлардың өзегі мен қаймағы іспеттес.

Аллаһ адамның Құранмен сырлас болуын қалайды:

«Олар Құранға ой жүгіртпей ме? Әлде олардың жүректері құлыптаулы ма?» (Мұхаммед сүресі, 24-аят).

Адам Құранға ой жүгіртіп, оның киелі сыр дариясына сүңгіген сайын хикмет толқындарымен берекелене түседі. Бұл Құранды жақсы ұғып, хикметіне қанық болғандар, сондай-ақ сүннеттің руханиятын көп сезінген адамдар Аллаһ пен Пайғамбарына ең жақын құлдар болып табылады. Сондықтан Құран тәлімін беретін молдаларымыз бен мұғалімдеріміз Құран әріптері мен тәжуид

қағидаларын үйреткен кезде тек әріптер мен ережелерді ғана үйретпей, Құран туралы ойлай дариясына сүңгуді де үйретуге тырысулары керек.

ӘЛЕМ ТУРАЛЫ ОЙЛАУ

Әлем – Құдайдың құдіретінің іс-жүзіндегі көрінісі. Аллаһ біраз аяттарында адамдарды әлемді ойлауға шақырып, былай дейді:

«...Соқыр мен көзі бар адам тең бе? Ойлап көрмейсіңдер ме?» (Әнʼам сүресі, 50-аят).

«...Мұны қалайша түсінбейсіңдер (әлі де саналарың оянбай ма)**!?»** (Бақара сүресі, 44-аят).

«...(Мұны) **дұрыс ақыл иелерінен басқасы түсіне алмайды»** (Бақара сүресі, 269-аят).

«...Міне, бұларда да ой жүгіртетін қауымға, әлбетте, (көп) **аяттар** (дәлелдер мен ғибраттар) **бар»** (Раʼд сүресі, 4-аят).

Қайда және кімге қарасақ, бейне-бір әр нәрсенің адамға ескерту сияқты екенін байқаймыз. Адамның қарағаны ғибратпен, әлемдегі сансыз хикметтерді көру мақсатымен іске асқанда ғана өзіндік пайдасын береді.



«Табысты адамдар қашан да жолы болмаған адамдар ұнатпайтын амалдарды әдетке айналдырған адамдар болған. Өмірде табысқа жету көбіне уақыттың ұтымды жоспарланып, тиімді қолданылуына байланысты»

«Ей, адам баласы! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық қылуға сені алдаған нәрсе не? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатыңды түзеді. Өзі қалаған бітімде құрастырды?» (*Инфитар, 6-8*).

Аллаһ Тағала:

«Ол Аллаһ жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратты. Қайырымды Аллаһтың жаратқандарынан қылдай да селкеу таба алмайсың. Қайта (аспан әлеміне) **бір көз жіберші, әлдеқандай ақау өзіңе шалығар ма екен? Сонан соң екі рет көз жіберші** (сырына жете алмай) **күдер үзіп, бұлдырап талған көзің өзіңе қайтады»** (Мүлік сүресі, 3-4-аят) деп, адамның әлем жаратылысындағы кемелдікті ойлауын қалайды.

Қазіргі таңда ғылым қатты дамыды. Электрондық телескоптар ғарыш тұңғиығын зерттеп жатқанда, микроскоптар да көзге көрінбейтін кіші әлемдерді паш етіп жатыр. Бірақ бұл ғылымдар «Бұл әлем неліктен пайда болды? Кім үшін жаратылды? Кім тарапынан жаратылды?» деген сұрақтарды қоймай, мәселені тек материалдық тұрғыда қолға алып, істің ішкі сырын адамдарға үйретпесе, бұл ғылымдарды үйрену энциклопедияларға мәлімет жинаудан басқа нәрсеге жеткізбейді.



Өкінішке орай, қазіргі таңда жастарды бұл сұрақтардың жауаптары аясында ойландыру деген қасиетті міндетімізді артымызға ысырып

тастадық. Оларға хикмет пен даналықты мүлде үйретпейтін болдық. Позитивтік ғылымдарды тек кәсіп пен атақ үшін меңгеріп жатырмыз. Яғни, қарын тойдыру мен пайда көру ғана... Бұдан ары аспайды. Алайда, көңілдердің иләһи ақиқаттарды оқуға деген мұқтаждығы бар.

Қысқасы, Аллаһ құлынан сергек жүрек талап етеді. Көкірек көзі ашық, Раббысына бет алумен тірілген жүрек талап етеді. Сондықтан нағыз ғылым – мағрифат. Яғни, Аллаһты тану. Біз бұл дүниеге Аллаһты тану тәлімін алуға келдік.

Барлық ғылымдар Аллаһ белгілеп қойған қағидаларды табудан құралады. Медицина адамның денесіне қойған қағидаларды табудан, ботаника жерге қойған қағидаларды табудан, астрофизика аспанға қойған қағидаларды табудан, психология адам рухына қойған қағидаларды табудан құралған. Бұл қағидалар арқылы әлемнің Иесін тану керек. Әйтпесе адам әлемді де, өзін де ұға алмайды.

«Дүниенің бір күні ахіреттің мың жылынан да артық. Өйткені табу мен жоғалту ісі тек бұл дүниеде ғана бар. Ал Ахіретте құтылудың ешқандай мүмкіншілігі бол-май қалады».

АДАМ ТУРАЛЫ ОЙЛАНУ

Аллаһ Тағала адамның алғашқы жаратылысын тілге тиек етіп, былай деген:

«Ант етемін, Біз (алғашқы) **адамды балшықтың маңызынан жараттық. Сонан соң оны**

«Ата-анасының немесе олардың бірі-нің қартайған шағына жетіп, (соларға қызмет арқылы) Жәннатқа кіре алмаған адам әдрәм қалсын, әдрәм қалсын, әдрәм қалсын!» *(Муслим, Бирр, 9, 10).*

Расулұллаһ ﷺ былай деген:

«Аллаһ Тағала жағымсыз қылық жасайтын, жаман сөз сөйлеуге әуес адамды жек көреді» *(Термези, Бирр 62/2002).*

(балшықтан жаралған адамның нәсілін) **нұтфә** (сперма) **күйінде берік** (және қауіпсіз) **орын** (болған ана жатырына) **орналастырдық. Одан соң сол тамшыны аләкаға, аләқаны мұдғаға айналдырдық. Мұдғаны сүйектерге айналдырып, сүйектерге ет қаптадық. Ақыры оны басқаша бір жаратылыспен бар етіп, өмір бердік.** (Қарашы!) **Жаратушылардың ең шебері – Аллаһ қандай ұлық!»** (Муминун сүресі, 12-14-аяттар)**.**

Мұндай жаратылыс сатыларынан өткен адамның ішкі жан дүниесі рухани тәлім алса, жақсылыққа, шикі нәпсінің әміріне берілсе, жамандыққа икем болады. Сондықтан адам үнемі үрей мен үміт арасында болуы керек және еркі мен жігерін әрқашан жақсылыққа бағыттап отыруы керек. Аллаһ бізден адам баласы туралы ойлауымызды қалап, былай деген:

«Ей, адам баласы! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық қылуға сені алдаған нәрсе не? Ол сені жаратты, кемелдендірді. Сымбатыңды түзеді. Өзі қалаған бітімде құрастырды» (Инфитар сүресі, 6-8-аяттар).

Адамның ойлануы ықыласын арттырады, жүрекке жұмсақтық сыйлайды. Құлшылықтарды

жеңілдетеді. Құранның түсіндірмесі – адам, адамның түсіндірмесі – әлем. Адамдағы барлық жамалдық (әсем) немесе жалалдық (ұлылық) сипаттардың барлығы әлемде жасырын күйде. Сондықтан адамның қажеттілігі тек Құранмен шешіледі. Адам Құранмен тұлғалылығын кемелдендірген кезде адамдық ерекшелігіне жетеді. Әйтпесе әсфәлу сәфилин/жаманның жаманы, төменнің төмен жолында жоқ болып кетеді.

Өмірдің ағысы бар, әр нәрсе фәни, сондықтан мына өміріміз де, әлем де жоқ болады. Жыл өткен сайын қартаямыз. Әр нәрсе ескіреді. Үнемі осыны ойлап жүруіміз керек. Аят кәримәде былай делінген:

وَمَنْ نُعَمِّرْهُ نُنَكِّسْهُ فِي الْخَلْقِ أَفَلَا يَعْقِلُونَ

«Біз кімге ұзақ өмір берсек, сонда оның денесін әлсірETEміз (балалық, жастық, жігіттіктен кетіп, қартайып, нашарлайды)**. Олар мұны** (сапарларының қай жаққа екенін) **түсінбей ме?»** (Ясин сүресі, 68-аят).

Кітап (Құран) пен әлемді және өз жаратылысын білдірмейтін ғылым ғылым емес, бекерге әуре-сарсаңға түсу деген

Расулұллаһ ﷺ былай деген:

«Аллаһ Тағала жағымсыз қылық жасайтын, жаман сөз сөйлеуге әуес адамды жек көреді» *(Термези, Бирр 62/2002).*



сөз. Бұл жағдайды Аллаһ досы Юнус Әмре былай деген:

Ғылым – білім білуің,
Ол – өзіңді тануың,
Сен өзіңді білмесең,
Оқу сенің не теңің.

«Дүниенің бір күні ахиреттің мың жылынан да артық. Өйткені табу мен жоғалту ісі тек бұл дүниеде ғана бар. Ал Ахиретте құтылудың ешқандай мүмкіншілігі болмай қалады».

ТІЛ ҮЙРЕНУ

ҚҰРАН ТІЛІН ҮЙРЕНУ

Сөйлеу қабілеті – Аллаһтың адам баласына берген үлкен сыйы. Ұлттар өз негіздерінен, мәдениеттерінен алып келген мәліметтерден құралған тілмен сөйлеседі.

Тіліміз иләһи сөзді түсіндіруге жарамды болатындай байлық пен кемелдікте болуы керек. Өйткені адамдар сөздермен ойлайды, тілмен ойлау өрістерін кеңейтеді. Бұл тұрғыдан алғанда өмірде ең маңызды үйренуге мұқтаж тіліміз – Құран тілі. Өйткені Құран тілін үйрену – біздің адамгершілігіміздің, сыпайылығымыз бен нәзіктігіміздің бейнесі.

Сондықтан сөздік қорымыздан Құран сөздерінің жоғалып кетуіне жол

бермеуіміз керек. Керісінше, оларды арттыруымыз керек. Расында, рухани өміріміз Құран мен Хазіреті Пайғамбарымыздан келгендігімізден рухани сөздерді ысырып тастасақ, рухани өмірімізді баяндап, бейнелеуде қиындыққа тап боламыз. Шектеліп қаламыз. Сондықтан, әсіресе, Құран мәдениетінен келген сөздерді үйренуге тырысуымыз және тәлім істерінде барлық әңгімелерімізде сол сөздерді таңдауымыз керек. Сонымен қатар оларды таңдау – біздің Аллаһ пен Оның Пайғамбарына деген сүйіспеншілігіміздің көрсеткіші болып табылады.

Бүгінгі күні мұхиттан бір тамшыға тән дүние өмірі үшін шет тілдерді үйреніп, бала-шағамызға да үйрету мұқтаждығын сезінеміз. Бұл үшін жағдай жасап береміз. Бірақ, Құран тілі үшін ата-бабаларымыздың Құранмен, Сүннетпен оюлап байытқан тілімізді ең көркем түрде үйренуе тырыспаймыз.

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Ахіреттің қасында дүниенің жағдайы сендердің біреуің теңізге саусағын матырып, қайта суырғанындай-ақ. Саусағымен теңізден қанша су шығарса, (ахіретпен салыстырғандағы) дүние сондай-ақ.

(Хаким, Мұстәдрак, 4/319)

Бала-шағамызды өз дүниесі, өз иманы мен өз ожданы, өз құндылықтарына сай тәрбиелеудің ең басты негізі – өз тілі. Бала-шағамыз өз тілін ұмытып Абайды, Шәкәрімді, Мәшһүр Жүсіпті т.с.с. ұлы даналарды, өз ұлтын, өз ата-



анасын ұға алмайтын күйге келсе, шет тілдерді қанша ұқса да, бұдан не пайда?! Жат мәдениет адамы болудан басқа не болуы мүмкін?!.

Шет тілдерді үйрену дінді насихаттау мен еларалық байланыстардағы мұқтаждық үшін қажет болуы мүмкін. Алайда, алдымен өз тілімізді, Раббымыздың бізден талап еткен тілін үйренуге тырысуымыз керек. Хазіреті Пайғамбарымыз Құран маманы болған Зәйд бин Сәбитке былай деген:

«Зәйд, мен үшін Яһудилердің тілімен жазуды үйреніп алшы. Аллаһқа ант етейін, мен жазу мәселесінде Яһудилерге сенбеймін» (Ахмет, V, 186. Қараңыз: Бұхари, Әхкәм, 40; Әбу Дәуіт, Илм, 3/ 3645; Термези, Истизән, 22/ 2715). Сонда Зәйд 20 күнде Ибрани тілін үйреніп алады.

Тіл, әдебиет және ой жүгірту (логика) сияқты ғылымдар ғалымдарымыздың жасаған реттеуі бойынша «құрал ғылымдары» санатына жатады. Қазіргі таңда терең, тұңғиық рухани өмірді түсіндіре алу үшін тілге, Құранның теңдесі жоқ тілдік мұғжиза жағын ұғу және әсерлі түрде насихаттай алу үшін шешендік әдебиетке, шайтанның сыбырлауы мен нәпсінің қыспағында қалған адамдарды имандылыққа тарту үшін де логика/ой жүгірту ғылымына өте қажеттілік бар.

Барлық ғылымдар адамға ой салып, сана-сезімін дамытып, ахиреттік көзқарасқа жетелейтін болса, сонда ғана білім-ғылым болмақ. Сонда ғана әсемдіктерге жеткізетін құрал болмақ.

Хадисте былай делінеді:

«Мүмин адам соңында баратын жері Жәннат болғанға дейін қандай да қайырымдылық істі істеуден жалықпайды».

(Термези, ілім, 19/2686)

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ЖАЗУҒА КӨШІРУ

Аллаһ Тағала аят кәримеде былай деген:

الرَّحْمَنُ عَلَّمَ الْقُرْآنَ

خَلَقَ الْإِنسَانَ عَلَّمَهُ الْبَيَانَ

«Рахман Құранды үйретті. Адамды жаратты. Оған баян етуді үйретті» (Рахман сүресі, 1-4-аяттар).

Хазіреті Пайғамбарымыз оқу-жазу кең тарамаған қоғам ішінен шыққан үмми (оқу-жазу танымайтын) адам болатын. Ол Құранның сөзімен айт-қанда бұрын ешбір кітап оқымаған, қандай да бір жазу жазбаған (Әнкәбут сүресі, 48-аят). Бірақ пайғамбарлық міндеті бас-талып:

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ

«Раббыңның атымен оқы» (Алақ, 1).

الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ

«Ол (Аллаһ) **қаламмен үйреткен»** (Алақ, 4).

ن وَالْقَلَمِ وَمَا يَسْطُرُونَ

«Нун. Қаламға және онымен жазылғандарға ант етемін» (Қалам, 1) деген

«Ажал періштесі ғапыл күйде өмір сүрген бай адамның жанын алу арқылы оны ұйқысынан оятады. Сонда ол адам шынында өзінікі болмаған мал үшін дүниеде қаншама азап тартқанына қайғырып ах ұрады, мың бір өкінеді. Бірақ болары болды, бояуы сіңді...» (Хазіреті Мәуләнә).

аяттармен ғылымның маңыздылығы мен оны жазумен бекітілуіне назар аударылғаннан кейін Ислам үмметінде бейне-бір мобилизация жариялағандай оқу-жазу сапары басталды.

Мумин — өзінің соңғы тұрағы Жәннат болғанға дейін ешбір қайырымды ісіне тоймайтын адам.

Көнегөйлер: **«Ғылым – аң, жазу – оны ұстау үшін қолданылатын жіп»** деген. Зейінге қондыру, жаттау өте маңызды болуымен қатар сол ғылымды жазу да соншалықты маңызды болып табылады. Сондықтан мұғалімдердің де, оқушылардың да мәліметті жазуға көшірулері тәлім-тәрбиеден күтілген пайданы нақтылай түсетін жайт болып табылады. Сабағына, сөйлейтін сөзіне жазуға көшірілген құралдармен дайындалған мұғалімнің, баяндаушының еңбегі, әлбетте, жемісті болады.

Хазіреті Пайғамбарымыз уахи жазушыларына Құранды жүйелі түрде жаздырып отырды. Сонымен қатар қабілетті сахабаларын да хадистерді жазып отыруға ынталандыратын.

Абдұллаһ бин Амр бин әл-Ас t айтады:

Хазіреті Пайғамбарымыздан естіген әрбір нәрсені жаттап алу үшін жазып жүрдім. Бірақ Құрайш маған:

«Аллаһ Елшісі ашулы әрі үнсіз күйде сөйлегенінде де сен сол естіген барлық нәрсеңді жазасың ба?» деп, олай істемейтініме наразылық білдірді.

Сосын мен жазбайтын болдым. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымызға жағдайды айтқанымда, қолымен мүбәрак аузын меңзеп:

«Жаз! Нәпсім құдіретті қолында тұрған Аллаһқа ант етейін, аузымнан ақиқаттан басқа еш нәрсе шықпайды» деді (Әбу Дәуіт, Ілім, 3).

Мына төмендегі риуаят жазудың зейінге жәрдемші құрал екенін дәлелдейтін пайғамбарлық кеңес болып табылады.

Ансардың бір адамы Хазіреті Пайғамбарымыздың жанына отырып, хадис тыңдайтын. Бұл оған ұнайтын, бірақ жаттай алмайтын. Бұнысын Хазіреті Пайғамбарымызға айтады. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған қолын көрсетіп:

«Оң қолыңнан жәрдем сұра!» деді (Термези, Ілім, 12).

Жазудың басқа бір түрі – шығарма жазу. Әдебиетке пікір мен сезімдерін баян етуге мән беретін адамдар керек адамдарды тауып, кітап жазудың қыр-сырын үйренуі қажет және кейінгі ұрпақтың пайдалануы үшін жазба еңбектер тастап кетуге тырысқаны абзал іс болып табылады.

Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде былай делінген:

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер, қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер!..» (Мүнәуи, фәйзүл-қадир V, 663).

Хазіреті Пайғамбарымыздың r тұлғалығындағы

СҮЙІКТІ ТӘЛІМГЕРДІҢ СИПАТТАРЫ

Тәлімгерлік – адам тәрбиелеу өнері. Бұл өнерді іске асыратындар – ең үлкен өнер майталмандары. Әрбір өнер адамының шеберлігі істеген еңбегімен көрініс табады. Бұл шындық бойынша Хазіреті Пайғамбарымызды қараңғы жаһилия қоғамынан «сахаба» деп аталған ерекше нәсілді тәрбиелеп, адамзатқа үлгілі нәсіл ретінде ұсынғаны үшін адамзат көрген ең кемел, ең шебер тәлімгер деп атай аламыз.

Ислам құқығы әдістемесінің ең маңызды тұлғаларының бірі Қарафи (өл. 684):

«Аллаһ Елшісінің басқа еш мұғжизасы болмаған жағдайдың өзінде тәрбиелеген сахабалары Аллаһ Елшісінің пайғамбарлығын дәлелдеуге жеткілікті болатын еді» деген.

Хазіреті Пайғамбарымыз бүкіл әлемдік тәлім-тәрбие жүиесін әкеліп, барлық жүректерді, рұхтарды, ақылдар мен нәпсілерді ең көркем көкжиекке көтеретін хабар ұсынған. Оның алып келген жүйесі рұх пен ақылды, нәпсіні көтеріле алатын ең үлкен шыңына жеткізген.

Күнделікті жұмысында, жанұя ішінде, пенделік қарым-қатынастарында, құлдық міндеттерінде Құран мен Сүннет етегінен ұстап тәухид кәлимәсінің төңірегінде болып қыбыласын тапқан жандар — көбіне соңғы демінде де қыбыласына бет қаратып барып кетеді.

АДАМЗАТ КӨРГЕН ЕҢ КЕМЕЛ МҰҒАЛІМ

Аллаһ сынақ мақсатына сай адамға нәпсі мен шайтан сиякты екі үлкен кедергі берген. Ал бұған қарсы адам баласына ақиқат пен туралықты үйрететін ұлы мұғалімдер, яғни пайғамбарлар жіберген. Аллаһ бізді ақы ретінде ештеңе төлемесек те, ең үлкен пайғамбардың үмметі ретінде жаратты. Сондықтан біздің ең ұлы мұғалімізіміз – Хазіреті Пайғамбарымыз r болып табылады. Аллаһ Тағала бізге көптеген аяттарда пайғамбарымызды таныткан. Оның өз алдындағы ұлық орнын білдіріп:

«(Ей, Расулым!) **Біз сені күллі әлемге рахмет ретінде ғана жібердік»** (Әнбия сүресі, 107-аят) деген.

Біз **«күллі әлемге рахмет ретінде ғана»** деп баяндалған рахметтің шегін толық түсінуіміз мүмкін емес. Аллаһ Тағала Оны біз білген-білмеген, жанды-жансыз деп сипатталған жаратылыстың барлығына мейірім шуағы ретінде келген. Аллаһ Тағала Оны ең төменгі деңгейден ең жоғары деңгейге дейін барша адам атаулыға көркем үлгі, теңдесі жоқ өнеге тұлға еткен. Сондықтан Оны жетім балалықтан мемлекет басшылығына дейін адамзатқа тән өмір сатыларының барлығынан өткізген. Яғни Ол қой жайып жүрген шопанға да үлгі, мемлекет басқарып жүрген басшыларға да үлгі... Ешкім «Менің мынадай мүшкілім бар, бірақ Хазіреті Пайғамбарымыздың басынан бұған ұқсас нәрсе өтпеген шығар» деп айта алмайды.

«Өлуге тұратын мақсаты болмаған адамның өмір сүруге тұратындай мақсаты да болмас».

Хазіреті Пайғамбарымыздың мұғалімі – Аллаһ. Ол бір адамнан сабақ алмаған. Бірақ бүгінгі психология саласы болсын, педагогика саласы болсын, әлеуметтік-антропология саласы болсын – адамға үндеу салған, адам рухын зерттейтін қанша ғылым болса, солардың барлығында да шыңға жеткен. Сондықтан адамзат басынан өткізген барлық күйзелістерінің

рецепті Онда, адам тәлімінде қарастырылатын сипаттардың ең көркем үлгілері Оның теңдесі жоқ үлгілі тұлғалығында...

ӘРКІМ ОНЫҢ ТҰЛҒАСЫНА ҚАЙРАН

Американдық ғалым Мишел Харт 1979 жылы дүниеге келіп-кеткен ең әсерлі 100 ұлы адамын таңдау ісін жасады. Ұлы адамдардың қабілеттерін, күрестерін, істері мен жетістіктерін компьютерге салды. Бірнеше ай жалғасқан зерттеуінен кейін компьютер берілген мәліметтер аясында дүниенің ең ұлы адамын таңдады. Бұл адам – Хазіреті Мұхаммед r болып шықты.

Зерттеуден кейін Франциялық журнал **«Le Point» Хазіреті Мұхаммед**ті r 1979 жылдың **«жыл адамы»** деп таңдады. 1979 жылғы 29 желтоқсанындағы газеттердегі осы хабарламалар былай түсіндірілді.

«Хазіреті Мұхаммед 571-632 жылдар арасында өмір сүргеніне қарамай, дүниедегі ықпалы толқындай ұлғаюда және миллиондаған адам әлі де Оның көрсеткен жолымен жүріп келеді» (Зафер журналы, 97/3-8).

Сенген-сенбеген, ынсабы мен ожданы бар әр адам Хазіреті Пайғамбарымыздың r ұлы мінезі мен ізгілігіне қайран қалған. Бұған тарих куә.

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу, оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс...

«Уаллаһи, кірпіктерің қимылдап тұрғанда, Расулуллаһты ﷺ дұшпандарынан қорғай алмай, басына бір іс түсуіне жол берсеңдер, Аллаһтың алдында айтатын ешр сылтауларың болмайды!»

Ең азулы мушріктердің бірі ретінде **«Біз сенің сенімді, адал да шыншыл екеніңді білеміз. Бірақ, алып келгеніңді қаламаймыз»** деген Әбу Жәһилден бастап, бүгінгі күндегі кәпірлер арасынан көп зиялы адамдар Хазіреті Пайғамбарымыздың ұлы тұлғалығын мойындайды. Тарих Оның ізгілігін ғасырлар бойы ең биік деңгейде бекітіп отырған, әлі де бекіте бермек.

Нағыз абзал тұлғалық, міне, осы. Дұшпаны да Оны растап, мойындауға мәжбүр болған. Хазіреті Пайғамбарымыздың абзалдығы мен керемет салмақтылығы, ұстанымы өзіне сенбегендермен де мойындалған...

ОНЫ ТЕК ТҮЙСІГІМІЗ МӨЛШЕРІНДЕ ҒАНА ТАНИ АЛАМЫЗ

Біз Оның негізгі жаратылысы мен ерекше қасиеттерін толық ұға алмаймыз. Біз Оны тек өз қабілетіміз бен сана-сезіміміздің күштілігі мөлшерінде ғана біле аламыз.

Дәруіш адам бір Аллаһ досынан:

«Жүнәйд Бағдади жоғары ма, әлде Баязид Бистами ма?» – деп сұрайды. Ол кісі:

«Бұл екі әулиенің қайсысының абзал екенін пайымдай білу үшін олардан да жоғары әулие болу керек...» деп жауап береді (Ахмет Әфләки, Мәнәқибүл-Арифин, III, 225).

Яғни, Аллаһ достарының абзалдық кеңістігін толық аңғара білу ақылы шала адамдардың үлесіне тимеген. Сонда айтыңызшы, адами түсінік Аллаһтың әулие құлдарының абзалдығын пайымдау мәселесінде әлсіз болса, Аллаһтың ең сүйікті құлының қадірі мен құнын қаншалықты пайымдай алады?!

Әлемдердің мақтанышы Пайғамбарымыздың ұлылығын ұғуға ешбір адамның күші жетпейді. Біз Оны өзіміздің шектеулі түйсігімізбен өлшей алмаймыз. Адам түйсігі бұл мәселеде әлсіз болғандықтан, Оны тікелей Аллаһ Тағаланың өзі ілтипат көрсете отырып, танытады және Оның даңқын былай тілге тиек етеді:

«Аллаһ, расында, Пайғамбарға рахмет етеді (абыройын жоғарлатып, дәрежесін өсіреді)**, періштелер де** (оны) **шексіз тілек тілейді. Ей, мұсылмандар! Сендер де Расулұллаһқа салауат айтыңдар және толық беріле отырып, сәлем беріңдер!»** (Ахзаб сүресі, 56-аят).

Міне, Аллаһ Тағаланың өзі Хазіреті Пайғамбарымыздың теңдесі жоқ жаратылыс пен илаһи өнер туындысы екенін жариялап отыр.

Ең үлкен табыстар мен жеңістер қашан да үлкен әрі оңды қиялдар құра білген адамдардың қолынан келген.

ӨЛШЕМІМІЗ: САХАБА НӘСІЛІ

Аллаһтың жолында тер төгу әркімнің мүмкіншілігі мен қабілетіне қарай түрлі болуы мүмкін. Барлық адамның жауапкершілігі де бірдей емес.

Тәлім-тәрбие қызметінде өзімізді қоғамдық деңгеймен емес, сахабалармен таразылауымыз керек. Яғни, өзімізге Аллаһ Елшісінің рухани тәрбиесімен өскен сахаба нәсілін өлшем етуіміз керек.

Қадірменді сахабалар мұғалімдері Аллаһ Елшісін қалай тыңдады, ізімен қалай жүрді, сезім бірлігі ішінде қалай өмір кешті, Оның көңіл күйін қалай сезінді, мінезімен қалай мінезденді?

Тасаввуф деп аталған сопылық тәрбие жолы да пайғамбарлық тәлім әдісін қолданады. Құлдың Аллаһқа жету сапарында қандай жол ұстануы керектігін Аллаһ достарының үлгі тұлғалылығымен паш етеді.

Адамның тұлғалық қалыптасуындағы ең үлкен қажеттілігі – көркем үлгі тұлғалық. Сондықтан ең маңызды қызмет – көркем үлгі бола алу. Жақсылыққа шақыру мен жамандықтан безу қызметін алдымен өз рухына сіңіріп, іс-әрекетімен басқаларға жеткізе білу. Бұл пайғамбар кәсібі, сондай-ақ ең қайырлы қызмет болып табылады...

СҮЙІСПЕНШІЛІК

Тәлімде жемісті болу үшін сүйіспеншілік қорын жақсы қолдана білу – шарт. Бұл сүю мен сүйдірту арқылы болады. Оқушы мұғалімін сүйсе, оларға әсерлі тәлім-тәрбие береді. Тәлімгер ісін сүйсе, оның ісі тез дамиды. Өйткені сүйіспеншілік байланыс пен бауыр басушылықты бірге алып келеді. Адам неге бауыр басып қалса, соны үйренеді, соны түсіндіреді, сонымен болады. Олай болса, сүйіспеншіліктің негізі неде?

Сүйіспеншілік – екі жүрек арасындағы бір пішіндегі ағыс тетігі. Бір-біріне ағысты қамтамасыз ететін бұл тетік тәлім жайында болса, мұғалім мен оқушы арасында болады. Бұл тетік қаншалықты мықты болса, бір-біріне күй мен мінез алмасуының әсері де соншалықты арта түседі.

Бұл әлемнің жаратылу себебі – сүйіспеншілік. Сондықтан әлемдегі жаратылысқа қарасақ, олардан әзәли/ежелгі мен әбәди/мәңгілік сүйіспеншіліктің іздерін көреміз.

Гүл неге бүршік атады? Сүйіспеншілік көрінісі үшін.

Ара неге бал өндіреді? Раббымыздың біздерге деген сүйіспеншілігінің нышаны ретінде бал жасайды.

Аллаһ түрлі тағамдарды, дәмді жемістерді неліктен берген? Адамдардың жүрегі ұлы Раззақ –

Қызмет мейірімнің көрініс тапқан түрі. Ал иманның ең үлкен жемісі саналатын мейірім қолда барды мақрұмдармен бөлісуді және олардың жоқ-жітігін түгелдеуге тырысуды талап етеді.

Аллаһ сүйіспеншілігімен толып, шүкір мен зікірге, хамд пен құлшылыққа бет алсын деген мақсатпен берілген.

Аллаһ неліктен құлдарына ұрпақ, жанұя береді? Әлбетте, олар арқылы көңілдердегі сүйіспеншілік корының дамып, иләһи сүйіспеншілік жолында алға қарай ілгерілеуі үшін берген. Бұлардың барлығы – сүйіспеншілік себепшісі. Сондықтан сүйіспеншілік пен сүюді, мейірім мен жанашырлықты білмеген адамның көңілі шикі болып қала береді.

Біз бұл жолдағы жетістіктерімізді тек тасаввуф кітаптарын оқумен емес, оқығандарымызды мүмкіндік жеткенше амалға асырып, халыққа қызмет етумен жеттік. Әркімді Аллаһтың разылығына әртүрлі жолдан апарады. Бізге қызмет жолымен баруды нәсіп етті».

(Ұбайдуллаһ Ахрар Хазіреті)

СҮЙІКТІ ТӘЛІМГЕР БОЛУ

Тәлімде жемісті болудың бірінші шарты – сүйікті тәлімгер болу. Сүйікті тәлімгер сүйіспеншілікті қолдана біледі.

Темірді қалай пішінге келтіру үшін оны отқа салып, жұмсатып, кейін балғамен соғатын болса, көңіл де сүйіспеншілік алауымен жұмсатылмай жеңіл қабылдайтын халге келмейді. Сүйіспеншілікке толы көңілден шықпаған сөздер көңілге еш әсер етпейді.

Хазіреті Пайғамбарымыздың ерекше сипаты – сүйікті тәлімгер болып табылады. Сахабалары Оны өте қатты сүйетін. Оған:

«Әке-шешем, жаным саған пида болсын, ей,

Аллаһ Елшісі!» деп айтатын. Оған жануар, өсімдік пен жансыз заттар да ғашық болатын. Құрма шөркесі Оны қатты сүйгені сонша, айрылғанына шыдай алмай жылаған еді. Қожайынынан зардап шеккен түйе келіп, Оның мейірімі мен жұмсақтығын паналаған болатын.

Аллаһ Тағала Оған сондай үлкен сүйіспеншілік берді, оның арқасында бүкіл әлем Оны сүйді!

Сондықтан тәлімгерлік қызметін атқарғандар магнит секілді өзгелерді тарта алатындай құштарлықтың орталығына айналаулары керек. Сахабаны Хазіреті Пайғамбарымыздың берік ғашықтары еткен сүйіспеншілік сырын ұғынулары керек. Мына иләһи хабардың тәфәккурі мен мазмұны ішінде болулары керек:

«Расында, иман келтіріп, салих/ізгі іс істегендер (бар ғой!) **Рахман** (Аллаһ) **олар үшін** (жер мен көктегілерге, жүректерге) **сүйіспеншілік дарытады»** (Мәриям сүресі, 96-аят).

БІР КЕЙІПКЕ ЕНУ

Сүйіспеншіліктен кейінгі саты – достық.

Достық қалай пайда болады?

Достық сүйген адамның сүйгенінде өз ерекшеліктерін көруінен туындайды.

Бір шешенің төрт-бес баласы болса, бәрін де сүйеді. Бірақ, өз ерекшеліктерін қай баласында көбірек екенін көрсе, оған көбірек жақын болып, сүйіспеншілік көрсетеді. Хазіреті Яқубтың 12 баласы болған. Ол өз ерекшеліктерін Хазіреті Юсуфтан көрді. Хазіреті Юсуфпен дос болды, оған ерекше назармен ден қойды. Тіпті, бауырлары да бұл жағдайды сезіп, Хазіреті Юсуфты қызғанатын.

Өз уақытында сахабалардың өз жандары бағасына Аллаһтың Елшісіне кеуделерін қалқан қылып тосқан-дары бүгін біздер үшін Пайғамбары-мыз-дың киелі мұрасына ие болу тұрғысында мұқияттылыққа шақыруда. Бұл біздің Мұхаммед үмметінің ортақ борышы.

Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларымен осындай сүйіспеншілік пен достық байланысын құрған болатын. Бұның нәтижесінде сахаба нәсілі пайғамбарлық мінезді өз бойларына дарытты, Аллаһ Елшісінің күйімен кейіптенді, адамзат аспанының жұлдыз тұлғалары ретінде алпауыт ізгілік мәдениетін құрды.

Сүйіспеншілік аясындағы тәлімгер-оқушы қарымқатынасы физикадағы тұтас ыдыстар сияқты болып табылады. Бірақ, тәлімде тек сүйіспеншілікке сүйену жемісті болу үшін жеткілікті емес. Тәлімгердің түсіндіре білу, шәкірттің де түсіне білу қабілеті болуы керек. Сүйіспеншілікпен

бірге түсіну мен түсіндіру жағдайы біріксе, оқушы қабілетіне қарай ұстазының сана-сезімі мен көзқарасын өз бойына дарыта алады. Ақыры, онымен бір кейіпке енеді.

Хазіреті Пайғамбарымыздың сахабалары ішінде Онымен бір кейіпке ену жолында ең алдағы шәкірті Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық t болатын. Хазіреті Пайғамбарымыздың жүрек ауқымы біздің түйсігіміз жете алмайтындай биік. Хазіреті Әбу Бәкір t өз жүрегінің күш-қуаты мөлшерінде болса да, Хазіреті Пайғамбарымыздың сезімдерін жан-тәнімен сезініп, бір кейіпке енгені үшін аятта оны Аллаһ Тағала **«Екеудің екіншісі»** деп мадақтады.

Пайғамбарлардың сұлтаны Расулұллаһқа ﷺ көтерілген қолдар басқа кейіптер мен түрлерге еніп, күпірдің кірлі қолы мен у құсқан тілімен бүгінде де ара-тұра бой көрсетіп тұрады.

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ БЕН САХАБАЛАР АРАСЫНДАҒЫ МАХАББАТ

Хазіреті Пайғамбарымыз шәкірттері мүһәжірлер мен ансарлардан құрылған Ислам мектебінің бас мұғалімі болатын. Бұл мектептің оқушыларын Аллаһ Тағала былай қошеметтейді.

«(Исламға қызмет етуде барлығын) **озып кеткен мүһәжірлер мен ансарлар және оларға көркем ілескендер** (бар ғой!)**. Аллаһ оларға разы болды. Олар да Аллаһқа разы болды.** (Аллаһ) **оларға ішінде мәңгі тұратын, іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатқан Жәннаттарды әзірледі. Міне, бұл – ең зор бақыт»** (Тәубе сүресі, 100-аят).

Аллаһ Тағала қызметтің ішіне үлкен сыр жасырып қойған. Аллаһқа ғибадат ету мақсатымен жаратылған адамның қызметі де Аллаһқа ғибадат есебіне жатады.

Хазіреті Пайғамбарымыздың Мәдинадағы рухани мектебі мүмкіндіктері шектеулі болса да, тәлім-тәрбие ісін жалғастырып жатты. Расында, мұһәжірлер тек жандарын ғана құтқарып қалып, үй-жайлары мен дүние-мүліктерін Меккеде тастап, Аллаһ пен Елшісіне һижрат еткен болатын.

Сахабалардың да, Хазіреті Пайғамбарымыздың да қарындарын тойдыратын бірнеше үзім нан таба алмаған күндері болатын. Бірақ олар қарындарына тас байлап, ахиреттік тәлімдерінен бас тартпады. Ол мектепті ұстап тұрған күш – ұстаз-шәкірт арасындағы аңызға айналған сүйіспеншілік болатын.

Мәдиналық мүминдер елдерін тастап, өздеріне қонақ болып келген мұһәжірлерді асқан махаббатпен бауырларына басты. Бірақ мүмкіндіктері аз болатын. Қандай Ислам бауырластығы десеңізші! Мәдиналық мүминдер құрмалар жиналып, бөлісілетін кезде, құрманың көбі мұһәжір бауырларымызға тисін деп, өз құрма себеттерінің астына шөп қойып, оны көп етіп көрсететін. Ал мұһәжірлер ансар бауырларымызға көп тисін деп, аз болып көрінген құрма себетін алатын. Осылай құрманың көбі мұһәжірлерге тиетін.

Мұндай көңіл тәрбиесі қандай тәлім жүйесінің туындысы? Бұл тәрбиені бүгін қай ұстаз, қай психолог бере алады?

САХАБАЛАРДЫҢ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗҒА ЖАҚЫН БОЛУ ЖАРЫСЫ

Хазіреті Пайғамбарымыздың шынайы ғашықтары қадірменді сахабалар әр мүмкіндікте Пайғамбарымызбен бірге болуға тырысатын. Тіпті, Әбу Һұрайра, Әнәс бин Мәлік, Биләл Хабәши, Абдұллаһ бин Омар сияқты сахабалар тек Аллаһ Елшісіне ілесетін көлеңкеге айналған-ды. Зәру жағдай болмайынша Онан алыс кетпей, Оның сөзі мен іс-қимылын, көңіл-күйлерін толық аңғаруға тырысатын.

Аллаһ Елшісінің мүбәрак сөзін, іс-қимылы мен күйлерін кейінгі ұрпаққа жеткізу абыройына ие болған сахабалардың бірі Әбу Һұрайра Хазіреті Пайғамбарымыздың өзінен және басқа да үлкен сахабалардан естіген 5374 хадис риуаят еткен.

Мүминге ар-тылар міндет — жасаған қызметтеріне ешуақытта қанағаттанбай, тағы не істей аламын деген оймен жаңа қызмет ізденумен болуы керек.

Әнәс t былай деген екен:

«Исламға кіру нығметінен кейін ешбір нәрсе бізді Аллаһ Елшісінің: *"Расында, сен сүйгеніңмен біргесің"* деген сүйіншісіндей қуантпаған шығар. Міне, мен де Аллаһты,

Оның Елшісін, Әбу Бәкір мен Омарды сүйемін (олардың жасаған амалдарын жасай алмасам да) солармен бірге болармын деп үміттенемін» (Мүслим, Бирр, 163).

Уәсилә бин Әсқа t Хазіреті Пайғамбарымыздан алыс қалмайын деген ойына байланысты бір естелігін былай жеткізген:

Тәбук сапарына шығатын күндерде сапарға қатысу үшін қаржым да, көлігім де жоқ болатын. Бұл сапардан қалып қоймайын деген оймен Мәдинада былай деп жар салдым:

«Кім мені көлігіне мінгізеді? Олжадан түсетін үлесімді соған беремін!»

Ансардың бір қария адамы кезектесе мініп, шайқасқа алып бара алатынын айтты. Мен:

«Келістік» – дедім. Ол:

«Олай болса, Аллаһтың берекетімен бірге жүр!» – деді.

Сол ізгі доспен жолға шықтым. Аллаһ олжа нәсіп етті де, біраз түйе үлесіме түсті. Бұларды айдап, сол қария ансарлық адамға алып келдім. Ол маған:

«Адамдарға не болған, алтын мен дүниелік малдың құлы болып барады. Хақ жолында жұмсалмаған деген не ол? Нені білдіреді?»

(Хазіреті Мәуләнә)

«Түйелеріңді алып кет » – деді.

«Алдында келіскеніміздей, бұлар сенікі» десем де, ансарлық:

«Ей, бауырым! Олжаңды ал, мен сенің үлесіңді қалаған жоқ едім. Мен сауабына, яғни рухани табысыңа ортақ болуды көздеген едім» – деді (Әбу Дәуіт, Жиһад, 113/ 2676).

Сахаба әйелдер ұлдары Аллаһ Елшісімен ұзақ уақыт жолықпаған кездерінде оларға қатты сөздер айтатын. Хұзайфа t бірнеше күн Хазіреті Пайғамбарымызды көрмегеніне шешесі оған реніжіп, сөккен екен. Өзі оны былай түсіндіреді:

«Шешем менен "Пайғамбарымызға соңғы рет қашан жолықтың?"– деп сұрады. Мен:

"Бірнеше күннен бері Оған жолықпадым" – дедім. Маған қатты ренжіді де, ауыр сөздер айтып тастады. Мен:

«Тоқтай тұрыңызшы, ашуланбаңыз! Дереу Пайғамбарымыздың жанына барайын, онымен бірге ақшам намазын оқиын және Онан өзіме һәм сіз үшін Аллаһтан кешірім сұрауын өтінейін» дедім (Термези, Мәнәқиб, 30/ 3781; Ахмет, V, 391-392).

Аллаһ Елшісіне ғашық болып, Оған тезірек жетуді ойлап та, армандап та жатқан науқастарға сахабалардың кейбіреуі Аллаһ пен Оның Елшісіне

Ұмытпайық, Пайғамбарлар дүниелік мұра тастамаған. Расулуллаһтың да ﷺ үмметіне қалдырған асыл мұрасы — Оның ұлық тұлғасы мен өнегелі тақуасы. Ал Оның ең үлкен аманаты — Құран Кәрім мен Сүннеті.

қауышулары таяп қалды деп, оларға қызыға қарап, олармен көңілдер сұлтаны Хазіреті Пайғамбарымызға сүйіспеншілікке толы сәлем жіберетін.

«Тек мұминмен жолдас бол! Тамағыңды да тек салиқалы тақуа кісілер жесін!»
(Әбу Дәуіт, әдеп 16; Термезі, Зуһд 56/2395).

СҮЙДІРЕ ОТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

Қадірменді сахабалар Хазіреті Пайғамбарымызға қайран қалатын. Сондықтан Оның әр іс-әрекетін ұнататын. Олардағы бұл махаббат пен ұнату сезімі Аллаһ Елшісінің Құран мен Сүннетке сай құлшылық өмірін де сүйдірді.

Хазіреті Омардың ұлы Абдұллаһ V балалық шағынан бастап, бар өмірін Хазіреті Пайғамбарымыздың әр ісіне ілесуге атаған, ондағы даналықты білсе де, білмесе де беріле отырып, Пайғамбарымыздың сүннетін орындайтын. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыздың бір жерден су ішкенін көріп, ол да анда-санда сол жерге барып су ішетін. Хазіреті Пайғамбарымыздың бір ағаш астында тыныққанын көріп, ол да анда-санда сол ағаштың астында тынығатын. Хазіреті Пайғамбарымыздың мүбәрак арқасын бір жартасқа сүйеп, біраз отырғанын көріп, ол да анда-санда сол жартасқа соғып, арқасын сүйеп, бір мезет отыратын. Ол

бір қажылық кезінде Рахма тауының шетіндегі бір жартастың үстінде біраз уақыт отырған болатын. Өзінен мұның себебін сұрағандарға:

«– Пайғамбарымыз қоштасу қажылығынан кейін осы жартастың үстінде бір мезет отырған еді» – деп жауап берген.

Бірде керуенмен сапар шегіп, келе жатқанда бір жерде керуенді тоқтатып, біраз ілгеріде орналасқан бір төбенің үстіндегі ағаштың жанына барып келген. Бұл ісінің себебін сұрағандарға:

«– Пайғамбарымыз бір күні осы жерден өтіп бара жатқанда осы ағаштың астына барып келіп еді...» деген.

Міне, Хазіреті Пайғамбарымыздың сахабалар көңілінде қалдырған сүйіспеншілік ізі соншалықты орасан болған. Сүйіспеншілігі соншалықты қуатты болған сахабалар Хазіреті Пайғамбарымыздың жасаған ісіндегі даналықты білмесе де, Оған еліктеп, Онымен бірге болу құштарлығымен Оның жасаған істерін қайталап орындап отырған.

Сондықтан тәлімгер жылы шырайымен, тәтті тілімен

«Құран көп оқып, мағынасына ой жүгірт. Оқып отырғанда ондағы Алланың сүйікті құлдарына берген сипаттарына мұқият мән бер және оларды өз бойыңнан ізде! Құранда жамандалған, Аллаһтың азабына ұшырағандардың бойындағы сол жаман сипаттар мен мінездерді де үйрен, олардан жирен.

бақыт шашуы керек. Тәлім-тәрбиеге сүйдіре отырып бастауы керек. Әр адамның әсемдікке бой алдыруы тәтті тілге, жылы шырайға байланысты екенін ұмытпауы керек.

«Аллаһ Тағаланың назарында жолдастың ең қайырлысы — жолдасына пайдалы болатын кісі..» (Термези, Бирр 28).

Кейде оқушысына «Жаза ретінде мына сүрені мұнша рет оқисың!» дегендерді естіп, мұңаямыз. Негізінде бұл үлкен қателік. Әсте Құран оқу сияқты салих амалдарды және қайырлы істерді жаза ретінде берілетін үкімдерге айналдырмауымыз керек. Бұл Құраннан алыстатып, жиеркендіретін жағдай болып табылады. Өйткені бір сүрені жаза ретінде оқыған оқушы енді сол сүрені беріле оқи алмайды, оны оқу оған ауыр келеді. Яғни Құраннан алыстаған болады. Міндетті түрде оқушыға жаза берілетін болса, бұл үшін алдымен көркем насихат етілуі керек. Жасаған ісінің қателігі дұрыс түсіндірілуі керек. Жаза сияқты жиіркендіретін істі қайырлы амалдармен байланыстырудан сақтануымыз керек.

СҮЙЕ ОТЫРЫП БАҒЫНУДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Абдұллһ бин Сәһл t пен бауыры Рафиғ t Ұхудта Хазіреті Пайғамбарымызбен бірге мүшріктерге қарсы болған шайқаста жараланып, Мәдинаға оралған болатын. Біраз уақыт өткеннен кейін Аллаһ Елшісінің мұсылмандарды дұшпанның

ізіне түсу үшін шақырғанын естіді. Бірақ бұл іс үшін көліктері де, жағдайлары да жоқ болатын. Өйткені бірі жаралы, екіншісі ауыр жаралы болатын. Аллаһ Елшісі олардың жағдайларын көрсе, оларды сапардан босатар еді. Бірақ екі бауыр:

«Аллаһ Елшісі қатысқан сапардан қалып қоюды қаламаймыз» деп, дереу жолға шықты. Жеңіл жараланған бауыр ауыр жарақаттанған баруырын арқалап алды. Олар осы ауыр халдерінде де Пайғамбарымыздан қалмады (Ибн Хишам, III, 53).

Міне, адамға осы пидакештікті жасатын қуат – сүйіспеншілік.

Бәдір шайқасында мұсылмандар сан жағынан мүшрік әскерінің үштен біріндей ғана, әрі материалдық жағынан да әлсіз болатын. Мүшріктер барша күш-қуаттарымен келген болатын. Жағдай өте қауіпті еді. Тұла бойларын Аллаһ пен Елшісінің сүйіспеншілігі билеген сахабалар осы жауапты кезде Хазіреті Пайғамбарымызға:

«О, Аллаһ Елшісі! Сен қалауыңша әрекет ет, бізге бұйрық бер, біз сенімен біргеміз. Сені жіберген Аллаһқа ант етеміз! Сен теңізге түссең, біз де сенімен бірге түсеміз, еш

«Раббың былай үкім шығарды: "Өзінен басқаға құлшылық етпеңдер. Ата-анаға жақсылық істеңдер! Егер олардың біреуі немесе екеуі де өз қасыңда қартайса, оларға «түу!» деп те айтпа (кейіме)! Оларды зекіме! Оларға сыпайы да көңілдерін баурап алатындай сөйле!"» (Исра, 23).

біріміз артта қалмаймыз» деп, сөз берді (Ибн Хишам, II, 253-254).

Сахаба Жәрир бин Абдиллаһ әл-Бәжәли базардан бір ат сатып алғысы келді. Ұнатқан аты үшін саудагер 500 дирһәм сұрады. Жәрир бұл атқа 600 дирһәм бере алатынын, тіпті, 800 дирһәмға дейін бере алатынын айтады. Өйткені аттың құны жоғары екенін саудагер білмей тұрған болатын. Адамдар Жәрирден:

«Атты 500 дирһамға алуың мүмкін бола тұра, неліктен құнын 800 дирһамға дейін көтердің » деп сұрады. Ол:

«Біз сауда-саттықта айла жасамауға Аллаһ Елшісіне сөз бердік» деп жауап берді (Ибн Хазм, Мұхалла, Мысыр, 1389, IX, 454).

Расулуллаһ ﷺ былай дейді: «Жалғыздық жаман достан қайырлы, салиқалы дос жалғыздықтан жақсы...» (Хаким, III, 343; Байхаки, Шуаб 256/4993)

Юнус Әмре ұстазы Таптық Әмренің медресесіне үнемі түзу отындар алып барады екен. Себебін сұрағанда: «Бұл есіктен отынның да қисығы кіре алмайды» дейді. Міне, сүйіспеншілікке толы көңілмен қызмет етудің артықшылығы... Юнус Әмрәні тәрбиелеген Таптық Әмрә де үлгі тұтар тәлімгер...

Орта Азияда Қожа Ахмет Яссауи тәрбиелеген шәкірттерін сонау Анадолыға, Балкан түбегіне дейін жіберді. Сол аймақтардың Исламмен танысып, адамдардың мұсылман болуына маңызды үлес қосты. Оның бұл дінге қызмет деген ынтасы неден туындады? Әрне, Хазіреті Пайғамбарымызға деген сүйіспеншіліктен... Өйткені ол Хазіреті Пайғамбарға деген сүіспеншіліктің ерекше мысалы болып табылады. Ол 63 жасқа аяқ басқан шағында:

«Аллаһ Елшісі 63 жасында дүние салды. Енді менің де бұл дүниеде көретін нәрсем жоқ» дейді де, қайтыс болғанша 10 жыл бойы жер астындағы қылует деп аталатын бөлмеде тәлім-тәрбиесін жалғастырады.

Қысқасы, тәлім сүйіспеншілік арнасында іске асырылса, ерекше берекет пен рахмет көріністері пайда болады.

ШАПҚАТ

Адам тәрбиесі – шапқатты да мейірімді көңілдердің ісі. Мейрімнен мақрұм көңілмен адамзатқа тыныштық пен бақыт сыйлайтын тәрбие беру мүмкін емес. Бұл үшін әлемдерге мейірім үлгісі болған Хазіреті Пайғамбарымыздың тұлғасындағы шапқат пен мейірімділік ұстанымдарынан қажетті сабақ алуымыз керек.

«Жақсы дос пен жаман достың мысалы иіссу сатушысы мен шоқты қыздыратын темір ұстасы секілді. Иіссу сатушысы саған я сыйға хош иіс береді, яки одан сатып аласың. Шоқ қыздырушыға келер болсақ, я ол сенің киіміңді от ұшқынымен теседі, я болмаса, оның жаман иісі киіміңе сіңіп қалады» (Бұхари, зәбәих, 38).

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Сондай бір заман туады, ол кезде мына үш нәрседен бағалы ештеңе қалмайды: Адал ақша, шын көңілден жолдас болатын бауыр және амал ететін Сүннет»

(Һәйсәми, I, 172).

Омар бин Хаттаб t былай деп түсіндіреді:

Бірде Аллаһ Елшісіне бір топ тұтқын алып келді. Сол топтың ішінде көз жазып қалған баласына деген сағыныштан кездестірген кез-келген баланы құшақтап, баланы кеудесіне басқан бір әйел болды. Хазіреті Пайғамбарымыз r жанындағылардан:

«Бұл әйелдің баласын отқа тастауы мүмкін бе?» деп сұрады.

«Әсте тастамайды» дедік. Бұған мейірім Пайғамбары r :

«Міне, Аллаһ құлдарына бұл әйелдің баласына деген мейірімінен де мейірімді» деді (Бұхари, Әдеп, 18; Мүслим, Тәубе,22).

МАҚЛҰҚАТҚА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Тәлімгер Жаратушы Иенің жаратқаны деп, бүкіл мақлұқатқа жұмсақ, мейіріммен қарап, басқа жаратылыс иелерін де мейірім назарынан тыс қалдырмауы керек. Мейірім Пайғамбары шөлден шаршап, өлгелі жатқан итке су берген күнәһар әйелдің тек мейірім мен шапқаты үшін мыңдаған күнәсі кешіріліп, қошеметтеліп, Жәннатқа қол жеткізгенін, ал мысығына мейірімсіз мәміле жасап, оның аштығына мән бермеген екінші әйелдің тозаққа душар болғанын ғибрат сабағы ретінде баяндаған.

Абдұллаһ ибн Аббас V былай дейді.

«Біреу бауыздау үшін қойды жатқызып, жануардың көз алдында пышағын қайрап жатты. Аллаһ Елшісі r бұл адамға:

«Оны бірнеше рет өлтірмексің бе?! Пышағыңды оны жатқызбай тұрып, қайрамайсың ба!» – дейді» (Хаким, IV, 257).

Мұсылмандар сапардан қайтып келе жатқан еді. Бір-екі сахаба бір құстың балапандарын ұясынан алып сүйіп жатты. Осы кезде ана құс келеді. Балапандарын ұясынан көрмей, жаны күйзеліп, тырпына бастады. Аллаһ Елшісі r жағдайдан хабардар болып, дереу балапандардың орнына қойылуына және ана құсқа жапа шектірілмеуіне әмір берді (Қараңыз: Әбу Дәуіт, Жиһад, 112).

Хазіреті Пайғамбарымыз r жасыл ағашты да кесуге тыйым салған. Меккені алуға шыққанда күшігін емізіп жатқан бір итті үркітпейін деп, әскерін жолдың арғы бетімен өткізген. Тағы бірде Пайғамбарымыз өртеніп кеткен құмырсқа илеуін көріп, үрейге бөленіп:

«Кім бұл құмырсқа илеуін жақты екен!» деп, кейісін білдірді.

«Уа, Раббымыз! Бізге көзіміздің нұры болатындай жұбайлар мен ұрпақ сыйла және бізді тақуалы жандарға жолбасшы қыла гөр!» (Фұрқан, 74).

Ал, торда құс асырау немесе оның саудасымен айналысу мақұлұқатты мейірім назарынан тыс қалдырмау туралы дұрыс деп, жасалған қателіктердің бірі болып табылады.

«Әйел төрт ерекшелігіне, яғни материалдық жағдайы, сұлулығы, тегі мен діндарлығына қарай некеленеді. Сендер діндарларын таңдаңдар, қолдарың қайырға толсын!..» *(Бұхари, неке, VI, 123; Мүслим, радаъ, 53).*

Аллаһ торға қамалған құстарды орман ішінде жүрсін деп жаратқан. Үні мен әсемдігі үшін жануарды қамау ождандықтың түсініктемесі бола алмайды. Тіпті, осындай ождансыздықты жануар сүюшілік деп түсіндіру – ақылға сыйымсыз іс. Өйткені ешкім бір қарғаны ұстап алып, торда ұстамайды. Көбіне дауысы мен түрі көркем жануарларды ұстап, торға қамайды. Біреу біздің бауыр етіміз – перзентімізді алып, мен оны сүйемін деп қамап қойса, не дейміз? Әрине, қандай залым, ұжданы жоқ адам дейміз.

Аллаһ бұл жануарларды ормандар үшін жаратты. Олардың мекені – орман. Егер осылай асыл мекенінен алынып, торға қамалған құс болса, лезде босатылуы керек. Өйткені қиямет күні жануарлар да ұшыраған қиянаттары үшін шағымданатын болады.

ШЫНАЙЫ МЕЙІРІМ

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Нәпсімді құдірет қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, бір-біріңе мейірім етпейінше, Жәннатқа кіре алмайсыңдар» дейді.

Сахабалар:

«О, Аллаһ Елшісі! Барлығымыз мейірімдіміз» дейді.

Аллаһ Елшісі r :

«(Менің меңзеген) мейірімім сендер түсінгендей, тек бір-біріңе деген мейірім емес. Керісінше, барша мақлұқатқа деген мейірім. (Иә), барша мақлұқатқа деген мейірім!...» (Хаким,IV, 185/73 10).

Міне, мейірім – көңіл рухани емхана күйіне келіп, Аллаһтың барша мақлұқатын құшағына баса алу. Шынайы мейірімге ие көңіл орынсыз құмырсқаны өлтірмейді, гүлді де жұла алмайды, өйткені барлығы да Аллаһтың мақлұғы, барлығы да өз күй-тілімен Аллаһты зікір етеді.

Адам тәрбиесінде де мейірім аса қажет... Иләһи

Ардақты сахабалар бір күні: «Біздер бірге отырып, бірге тұруға ең қайырлы адамдар кім?», деп сұрағанда Расулұллаһ ﷺ:

«Оны көрген кездеріңде өз күйімен сендерге Аллаһты естеріңе салатын, сөйлеген кезінде ілімдеріңді арттыратын және жасаған амалдарымен сендерді ахіретке бағыттайтын адам», деді.

(Һәйсәми X, 226)

Демалыс уақыттарын пайдалы кітаптар оқумен тиімді өткізетін жастардың өмірімен компьютер алдында интернеттің нәпсі қоздыратын сайттарында алтын уақыттарын жоғалтатын жастардың өмірі бірдей сапада болмайтыны анық.

мейірімге жете алу үшін көңілдерге мейірім дауысын енгізу, тәрбиесіндегі шәкірттеріне мейірім назарымен қарай білу, көңілдерге әсер ететін мейірім тамырын таба білу – шарт.

Рахмет Пайғамбары Мырзамыздың r тәлімде қандай мейірім әдісін қолданғанының ең көркем мысалы ретінде Әнәс бин Мәлік арасындағы достықты айтуға болады.

Әнәсті шешесі һижрат етіп Мәдинаға қоныс аударған Пайғамбарымызға алып келеді.

«Ей, Аллаһ Елшісі! Өмірде сізге бере алатын еш нәрсем жоқ. Тек он жасар Әнәсім бар. Әнәсті сізге берейін, қызмет етсін. Мен де қуанып қалайын» –дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r қабыл алады. Хазіреті Пайғамбарымыз ол кезде елуден асқан шағында, ал Әнәс он жаста. Он жасар бала пайғамбарға қалай қызмет ете алады? Бірақ Хазіреті Пайғамбарымыз бізге ол жерде баланың қалай тәрбиеленетінін үйретеді.

Әнәс t былай дейді:

«Пайғамбарымыз r бір күні мені бір жерге жұмсамақ болды. Мен: “Аллаһқа ант етейін, бармаймын” – дедім. Алайда, ішімнен барамын деп шешіп қойған едім. Өйткені бұйрықты берген Аллаһтың Елшісі болатын. Жолға шықтым. Жолда

ойнап жатқан балалардың жанына бардым, олардың жанында тұрып қалдым. Осы кезде Аллаһ Елшісі арқамнан келіп, желкемнен ұстады. Бұрылып қарасам, күлімсіреп тұр екен.

«Құлыным, Әнәс! Айтқан жеріме бардың ба?» деп сұрады.

«Қазір барамын, ей, Аллаһ Елшісі!» – дедім (Мүслим, Фәдәил, 54).

Мұнда Әнәстің Пайғамбар бұйрығын іштей қабыл етіп, сырттай істемеймін дегені қалай? Демек, Әнәс Аллаһ Елшісінен тағы да көңіл бөлуін күтіп тұрғандай... Аллаһ Елшісі келсін, қайта ден қоюын жалғастырсын, сөйтіп, көңілі тыныштал-сын. Бар қалағаны осы. Тағы күтеді, Аллаһ Елшісі келеді, басын сипап, оған «Әнәсім-ау!» дейді. Жылы шыраймен тәтті тілге қарық болады. Хазіреті Пайғамбарымыз r асқан мейіріммен: *«Құлыным Әнәсім-ау! Қане, бара ғой!»* – дейді. Кішкентай Әнәс бұл көркем мәміленің берген ынтасымен, құштарлықпен барып, міндетін орындайды.

Міне, тәлім өнері деген осы. Он жастағы Әнәстің балалық күйін түсініп, оның көңіліне баратын тамыр таба білу...

Үйленетін жас жұбайлар арасында теңдік пен үйлесімділік өте маңызды мәселе.

Хазіреті Мәуләнәның айтқанындай:

«Аяқта аяқ киімнің біреуі тар болса егер, екеуі де іске жарамайды».

Расулуллаһ ﷺ мұсылмандарды оқ ату, ат пен түйе бәйгесі секілді хоббилермен айналысуға шақыратын. Әйелдерге де өз табиғаттарына сай тоқыма, тігін, нақыш және үй шаруалары секілді ермектер өсиет ететін.

Сол кішкентай Әнәс жүз жасқа дейін өмір сүрген. Ол:

«Түс көрсем, Аллаһ Елшісін көрмей қалған ешбір түнім жоқ» деген.

Міне, бұл екі жүрек арасындағы сүйіспеншілік ағысы. Сондықтан мейрім әдісімен мәміле жасау өте маңызды болып табылады.

Хазіреті Пайғамбарымыздың үмметіне деген назарын Раббымыз бізге былай баян етеді:

لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِّنْ أَنفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ
حَرِيصٌ عَلَيْكُم بِالْمُؤْمِنِينَ رَؤُوفٌ رَّحِيمٌ

«(Ей, адам баласы!) **Ант етемін, сендерге өз іштеріңнен бір Пайғамбар келді. Сендердің қиналғандарың Оған қатты батады. Ол сендерге ынтық, мүминдерге аса еміреңгіш, мейірімді»** (Тәубе сүресі, 128-аят).

КЕШІРУ

Рухани тәрбиеде кешіру ізгілігінің ерекше орны бар. Тәлімгер кең рухты, сыпайы, ешкімді ренжітпейтін, ешкімге ренжімейтін, бәрін кешіре отырып, ақыры өзі иләһи кешірімге лайықты күйге келуге тырысқан көңіл ері болуы керек.

Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірінде кешірім ізгілігінің һидаяттарға себепші болғанын байқаймыз.

Әбу Һурайра t былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыз Нәжд жағына атты жасақ жіберді. Жасақ Ханифа ұрпақтарының бірі Ямама халқының Сүмама ибн Үсал атты басшысын ұстап алып келеді. Тұтқынды мешіттің тіректерінің біріне байлап қояды. Хазіреті Пайғамбарымыз оның жанына барды да:

«Ей, Сүмама! Саған не істеймін деп ойлайсың?» – дейді. Ол:

«Жақсылық жасайсың деп ойлаймын. Егер мені өлтіретін болсаң, қан дауы бар адамды өлтіргенің. Жақсылық жасасаң, бұның қадірін ұғып, өтемін беретін біреуге жақсылық жасағаның. Егер мүлік қаласаң, сұра! Қалаған нәрсеңді аласың» – дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз Сүмаманың жанынан кетіп қалады. Ертесіне келіп:

«Ей, Сумама! Саған не істеймін деп ойлайсың?» – дейді. Ол:

Неке – пайғамбарлардың жолы, Расулуллаһтың сүннеті, ұрпақтың көктемі, ер мен әйелдің абыройы мен ары, намыс пен іӡеттің берік қамалы және адамның өзге жаратылыстардан көркем айырмашылығы.

«Саған кеше айтқандарымды ойлаймын» деп, бұрын айтқан сөздерін қайталады.

Хазіреті Пайғамбарымыз r ертесіне қайта келіп:

«Ей, Сумама! Саған не істейді деп ойлайсың?» деп сұрағын қайта қойды. Ол да өз сөзін тағы қайталады. Бұл сөздерден кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сумаманы босатыңдар!» деп бұйырды. Сумама дереу мешіттің жанындағы құрма бағына барып, онда сумен ғұсыл алды, кейін мешітке кірді де:

«Әшһаду ән лә иләһә иллаллаһу уә әшһаду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһу» деп, иман кәлимәсін айтты. Сонан соң:

«О, Мұхаммед! Аллаһқа ант етемін, жер бетінде сенің жүзіңнен аса жек көрген бір жүз жоқ болатын. Бірақ енді сенің жүзің маған жүздердің барлығынан да сүйікті болды. Аллаһқа ант етемін, сенің өлкеңнен аса жек көрген ел жоқ болатын. Бірақ енді сенің елің маған елдердің барлығынан да сүйікті болды. Мен Ұмраға ниет

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Ілім үйрену әр мұсылманның мойнындағы парызы!».

(Ибн Мәжә, муқаддима 17)

еткенде, сенің атты жасағың мені ұстап алды, енді не әмір етесің?» – деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r оны сүйіншіледі, Ұмра жасауын әмір етті. Сумама Меккеге келгенде, біреу оған:

«Дініңнен бездің бе?» – деп сұрады. Ол: «Жоқ, бірақ Пайғамбармен бірге мұсылман болдым. Аллаһқа ант етемін, Пайғамбарымыз рұқсат етпейінше, енді Ямамадан сендерге бір бидай дәні де келмейді!» – дейді (Мүслим, Жиһад, 59).

Мекке алынғанда Меккеліктерге жасалған жалпы кешірім мен паш етілген өзге ізгіліктер жылдар бойы мұсылмандарға бітпес зұлымдықтарды көрсеткен қауымның тура жолға түсуіне себеп болған.

Жас мұсылманның Хақ қызырында адалға жатпайтын хоббимен айналысуы әрине ақылға сыймайды. Сонымен қатар мұбах болғанымен адамға пайдасы да зияны да жоқ хоббиге уақыт кетіру де бір жағынан уақыт ысырабы болады.

БІРДЕН ЖАЗА БЕРУ ОРНЫНА ТУРАСЫН ҮЙРЕТУ

Аббад бин Шұрахбил t түсіндіреді:

Бір кездері кедей болғанбыз. Сонда Мәдина бақшаларының біріне кірдім. Масақты үгітіп жедім, дорбама да салып алдым. Осы кезде бақшаның иесі келіп,

мені ұстап алды. Ұрды, дорбамды тартып алды да, Хазіреті Пайғамбарымызға барып, шағымданды.

Аллаһ Елшісі r бақшаның иесіне:

«Надан кезінде үйретпедің, аш кезінде қарнын тойдырмадың» – деді.

Кейін бақшаның иесіне дорбамды кері қайтарып беруін әмір етті. Сосын Пайғамбарымыз маған бір сағ мөлшерінде азық берді (Әбу Дәуіт, Жиһад, 85/2620-2621; Нәсәи, Құдәт, 21).

Хазіреті Пайғамбар ﷺ құлды ақиқат пен тақуалыққа жетелемейтін, нәпсіқұмарлықтан құтқармайтын пайдасыз ілімнен Аллаһқа сиынып қашқан».

Бұдан ұққанымыз:

Қателік істеген адам оны надандығынан жасаған болса, оны жазалаудан бұрын оған дұрысын үйрету керек. Тәлімгерлік қателікті көргенде, іле-шала ұрсып, зекіп, сөгуге болмайды. Нағыз тәлімгер – қате мен кемшілікке қарсы болып, ал оны жасағанға мейіріммен қарай білуі керек. Қателік істеген адамға оның ісінің қате екенін жағымды, сыпайы тілмен түсіндіруі керек. Хазіреті Пайғамбарымыздың осындай тәрбие әдістерінің мысалдарының бірі мынау:

Муғауия бин Хакам t айтқан:

Хазіреті Пайғамбарымызбен намаз оқып жатқанда

жамағаттан бір адам түшкірді. Мен дереу «Ярхамукаллаһу» дедім. Жамағат маған теріс қарай бастады. Мен:

«Әй, сорлы басым-ай! Ей, маған неге олай қарап тұрсыңдар?» дегенде, олар қолдарын сандарына ұра бастады. Олардың мені үнімді өшіруге тырысып жатқандарын біліп, ашуландым, бірақ үндемедім. Әке-шешем Пайғамбарымызға пида болсын. Одан бұрын да, Онан кейін де Одан артық мұғалім көрмедім. Аллаһқа ант етемін, мені айыптамады. Намазды оқытып бітірген соң:

«Бұл құлшылық – намаз. Намаз оқылып жатқанда дүние сөзі сөйленбейді. Өйткені намаз – тәсбих бен тәкбірден, Құран оқудан тұрады» – деді (Муслим, Мәсәжид, 33).

Рағиф бин Амр t былай деп түсіндіреді:

Мен бала кезімде Ансардың құрма ағаштарына тас ататынмын. Оның үшін мені ұстап алып, Хазіреті Пайғамбарымызға алып барды. Аллаһ Елшісі r маған:

«Құлыным! Құрма ағаштарын неге таспен атып жүрсің?» – деп сұрады. Мен:

«О, Аллаһ Елшісі! Аш едім, жейін деп таспен аттым» – дедім. Әлемнің мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

Шынымен пайдалы білім материялдық білімдер мен рухани білімдерді бірлестіре отырып, меңгеріледі. Ілімнің бұл екі жақтылығы қос қанат сияқты. Сіз өмірде бір қанатпен ұшқан құс көрдіңіз бе?..

«Енді тас лақтырма! Жерге түскендерін алып же!» – деп, басымнан сипады. Бұдан кейін:

«Аллаһым! Оның қарнын тойғыз» – деп, мен үшін дұға етті (Әбу Дәуіт, Жиһад, 85/26 22; Ибн Мәжә, Тижәрәт, 67).

«Қанша жерден оқысаң оқы, білгеніңе сай қылық көрсетпесең надан болғаның!».

(Шейх Сағди Ширази)

ҰЯЛТПАУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r бір тобыр ішінде айыпты адамды біле тұра, оны мұңайтпау үшін әлдебір белгісіз күйге келтіріп, ол айыптан барлық адамдарды сақтандыратын. Кейде алдындағы адамдардың қатесін оларға тура айта алмайтынын сездіру мақсатында:

«Маған сонша не болғаны, сендерді мынадай күйде көріп тұрмын» (Бұхари, Мәнәқиб,25; Муслим, Саләт, 119) деп, олардың қателіктерін бетіне басып айтпай, астарлы түрде, қате көріп тұрғандай етіп, адамдардың жасаған істерінің қате екеніне назар аудартатын.

Аллаһ Елшісіне r бір адамнан жағымсыз бір сөз жеткенде:

«Пәленше неге былай деген» демей, *«Адамдарға не болған. Олар былай деп жатыр екен»* – дейтін (Әбу Дәуіт, Әдеп, 5/4788).

Бірде Аллаһ Елшісі сахабаларымен бірге отырғанында жамағат ішінен біреуі жел шығарып қойды. Бірақ кім екені белгісіз еді. Түйе етінен пісірілген тағамдарды жеп болғаннан кейін намаз уақыты келді. Аллаһ Елшісі r дәреті бұзылған сахабаның дәрет алуға тұрғанда біліну қалмасын деген оймен жанындағыларға:

«Түйе етін жеген барлық адам дәрет алсын» – деді. Осылай дауыстап жел шығарған адамның беймәлім болып қалуын қамтамасыз етіп, оны ұяттан құтқарды.

Амал етілмеген хикметті сөз қарызға алынған сәнді киім сияқты. Мұны осылай білгейсің!..»

(Хазіреті Мәуләнә)

ШЫНАЙЫЛЫҚ

Ата былай деді:

«Мұса u "О, Раббым! Құлдарыңның қайсысы ең жақсы үкім береді?" – деп сұрайды.

Аллаһ Тағала былай деп жауап береді:

«Адамдар жайында үкім бергенде өзі жайында үкім бергендей әрекет еткен адам».

ЖАҚЫНДЫҚТА ОРТА ЖОЛ ҰСТАНУ

Тәлімгердің мінез-құлқында ифрат пен тәфрит (шектен шығу мен істің белгілі нормасына жете алмаушылық) сияқты тасқындықтарға орын болмауы керек. Мысалы, достық пен шынайылықта

Пайғамбарымыз мұндай ілімнен құтқаруы үшін Аллаһқа жүгінетін:

«Уа, Аллаһ! Пайда бермейтін ілімнен, хұшуғ сезінбейтін жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл көрмейтін дұғадан Сенің қорғауыңа жүгінемін!» (Мұслим, зікір 73; 13, 65).

белгілі шекке мән берілмесе, сол достық пен шынайылыққа күдік түсіп, әлсіретіп, тіпті, араздыққа жол ашатын істер істеледі. Сондықтан жақсы тәлімгер бұл екеуін бір-бірінен ажырата білуі керек. Шынайы болуы керек, дос болуы керек, бірақ есерсоқ болудан сақ болуы керек.

Сол сияқты кішіпейілділік пен қорлық ұғымдарын да бір-бірімен араластырып, шатастырмау керек. Тәлімгер кішіпейіл болуы керек, бірақ кішіпейіл боламын деп, қорлыққа түспеуі керек. Ислам тұлғалығының ерекше сипаттарының бірі – айбындылықты жоғалтпау. Бірақ айбынды боламын деп, тәкәппарлыққа бой алдырмау керек.

Ибн Мәсғуд хадис ғылымының абзалдығын, абыройы мен айбындылығын сақтау үшін жол бойында, көшеде хадис риуаят етілуін ұнатпайтын (Дәрими, Мұқаддимә, 37/416).

Сонымен қатар мумин адам жылы шырайлы болуы керек. Бірақ бұны асыра орындап, жеңілтектікке жол бермеуі тиіс. Хадисте:

«Көп күлме! Өйткені көп күлген жүректі өлтіреді» делінген (Термези, Зуһд, 2/2305; Ибн Мажә, Зуһд, 24).

КІШІПЕЙІЛДІЛІК

Тәлімгер өзін жоғары көрсетіп, масаттанбауы керек. Керісінше, жеміс ағашының жемістері піскен сайын бұтақтарын жерге иетіні сияқты болып, кішіпейіл болуы керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Сендерге Жәннаттықтардың кіме екенін айтып берейін бе? Олар – әлсіздер. Әрі адамдар тарапынан әлсіз деп танылғандары үшін ешкім мән бермеген, бірақ бұлай болады деп ант етсе, қалағандарын Аллаһ іске асыратын адамдар.

Сендерге тозақтықтардың кімдер екенін айтып берейін бе? Қатал жүректі, дөрекі, сараң және кердеңдеп жүретін тәкаппар адамдар» (Бұхари, Әймән, 9; Әдеп, 61).

Аллаһқа құл болу барысындағы ең маңызды әдептілік – ешқашан амалына сенбеу шынайы кішіпейілдіктің шарты болып табылады.

Жағфар Садық былай деген:

«Басы үрей, соңы кешірімді болған күнә құлды Аллаһқа жеткізеді. Басы сенімділік, соңы тәкаппарлық болған әр құлшылық құлды Хақ Тағаладан алыстатады. Өзін-өзі ұнатқан мойынсұнғыш құл, негізінде, бас көтеруші құл. Кешірім сұраған бас көтеруші, негізінде, бас июші» (Фәридуддин, Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 55).

«Ілім ғалымның жаттаған нәрсесі емес, пайдасын көргендері».

(Имам Шәфий рахматуллаһи aлəйһ)

ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЗ ДЕП БАҒАЛАУ

«Балам! Саған өсиетім мынау: бүкіл жан күйің ілім мен әдепке, тақуалыққа негізделсін. Өткен халықтардың қалдырған мұраларын зертте, әһлүс-сүннет уәл- жамағат жолымен жүр. Фиқһ пен хадис ілімдерін үйрен, надандардан аулақ бол!».

(Абдулхалиқ Гуждувани Хазіреті)

Мүмин құл Аллаһтың өзіне берген сый-сияпатына қарағанда өзі жасаған жақсылықтарын теңізге құйылған бір шелек су сияқты ғана түкке тұрғысыз екенін білуі керек. Қолынан келген жақсылықты жасауға тырысуымен қатар ахіретте Аллаһтың қаһарына ұшыраудан құтылуы үшін Аллаһтың кешірімі мен мейіріміне мұқтаж екенін ұмытпауы керек. Өйткені құлшылықтарымыз, дұғаларымыз бен жақсылықтарымызды Раббымыз қабыл алып-алмайтыны белгісіз жағдай. Сондықтан «Мен мынаны, ананы жасадым» деп, ахіреттегі қиын жағдайдан құтылу үшін өзіне, істеген құлшылықтарына сеніп қалмауы керек. Раббымыздың нығметтеріне деген шүкірлік борышымызды қаншалықты өтей алғанымызды, өтей алатынымызды біле алмаймыз. Бұған мүмкіндігіміз жоқ. Зекеттің нисабы/төлеу мөлшері белгілі. Бірақ, өз бойымыздағы материалдық-рухани нығметтерден туындаған шүкірлік борышынан қаншалықты құтыла алатынымызды біле алмаймыз. Сондықтан соңғы демге дейін Аллаһқа құл болуға ынталы болып, әрі Раббымыздың кешіріміnсіз, тозақтан құтыла алмайтынымызды жақсы түсінуіміз керек.

Бір жолы Аллаһ Елшісі r :

«Ешкім амалдары мен құлшылығы арқылы Жәннатқа кіре алмайды» – дейді. Сахабалар таңданып:

«Сен де ме, о, Аллаһ Елшісі?» – деп сұрады:

«Иә, мен де!.. Раббымның сыйы жетсе болғаны!... Өйткені Оның ізгілігі, мейрімі мен кешірімі мені баурамайынша, мен де Жәннатқа кіре алмаймын! Жасаған амалым мені де құтқара алмайды!...» – деді (Бұхари, Риқақ, 18; Мүслим, Мунәфиқун, 71-72; Ибн Мәжә, Зуһд, 20; Дәрими, Риқақ, 24).

Осы құлдық әдебімен әлемнің мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«О, Раббым! Біз Сені Өзіңе лайықты мағрифатпен тани алмадық...» (Мүнәуи, Фәйзул-қадир, II, 520) деп, Аллаһқа мінажат етіп, кешірім тілейтін.

Сыртқы ғылымда да, ішкі ғылым мен көңіл әлемінде де биік тұлға болған Халид Бағдади шәкіртіне жазған хатында былай дейді:

«Ұлым! Құлшылықтарым бар деп өз-өзіме сенім артпаймын. Бірақ, Аллаһтың мейрімінен үміттеніп кетіп барамын. Мен үшін көркем нәтиже болсын деп дұға ет!»



Хадистердің бірі былай дейді:

«Аллаһ Тағала құлының халал ризық қуалап, шаршап жүргенін көргенді ұнатады».

(Суюти, Жәмиғус-сағир I, 65)

Тәлім-тәрбие қызметіндегі мүмкіндіктерімізді бұл шеңбердің аясында қолданып, ешқашан жасағанымызды жеткілікті деп түсінбеуіміз керек. Қолымыздан келгенше күш-жігерімізді жұмсап, Аллаһтың мейірімі мен жәрдемін сұрап, тек Оны ғана пана тұтыуымыз керек.

«Өмірімді жаңадан бастай алсам, Хақ пен ақиқатқа ғашық мұғалім немесе елге шипа тарататын дәрігер болар едім. Өйткені екеуінде де адамзатқа қызмет бар» (Мұса Топбаш).

КҮШ-ҚАЙРАТ

ҚИЫНДЫҚТАРҒА ДАЙЫН БОЛУ

Ең қиын тәлім-тәрбие – адам тәрбиесі. Сондықтан тәрбиеші мен тәлімгер алдарында кездесетін қиындықтарға дайын болуы керек. Бұлардан қашпау керек, шағымданбау керек, керісінше, кездескен әр қиындықта Аллаһтың өзінің қуаттылығы мен парасаттылығын, лайықтылығын сынап жатқанын ойлау керек.

Аллаһ Тағаланың ең көп жапа шектіртіп, адамдарға үлгі ретінде ұсынғаны – құлдары ішіндегі ең сүйіктілері болған пайғамбарлары болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз r үмметінің екі дүние бақытына кенелулері үшін шеккен жапаларын баяндап:

«Аллаһ жолында ешкім көрмеген жапаларға тап болдым» деген (Термези, Қиямет, 34/2472).

Шынымен-ақ, Хазіреті Пайғамбарымыз r Меккеде мүшріктердің зұлымдығына, қорлықтарына тап болды. Тайфта Оған тас лақтырылады. Өте жақсы көрген сахабалары шейіт болды. Бұл сияқты қаншама қиындықтарға кеудесін тоса білді.

Дүние өмірі – сынақ мекені ретінде мүминдер үшін азапты сапар. Хазіреті Пайғамбарымыз бір хадисінде қиындықтардың мүминдер үшін нығмет екенін былай деп түсіндіреді:

«Сақ болыңдар! Жәннатқа жетелейтін амалдар биік асулар мен құзы көп жол сияқты машақатқа толы. (Пайғамбарымыз бұл сөзін үш рет қайталады) *Тозаққа жетелейтін амалдар түзу және кедергісіз жол сияқты жеңіл»* (Ахмет, I, 327).

Шақиқ Балхи бұл туралы «Қиындықтың сыйын білген адам одан құтылуға әуес болмайды» деген.

Абдұррахман ибн Ауф былай дейді:

«Ислам нәпсіге ұнамайтын қиын әмірлер әкелді. Біз ізгіліктердің ең қайырлысын нәпсі ұнатпайтын осы әмірлерден таптық. Мысалы, Пайғамбарымызбен бірге Меккеден Мәдинаға һижрат еттік, нәпсімізге ауыр келетін бұл һижратымызбен бізге ізгілік пен жеңіс берілді (жеңіс жолдары ашылды). Және де Аллаһ Тағала Құранда:

Құран Кәрім Пайғамбарлардың рухани халі мен сипаттарының баяны. Құран Кәрімді хұшуғ сезімімен отырып оқып, амалға көшірсең, өзіңді пайғамбарлармен, әулилермен бірге болып келгендей болып есептей бер. Пайғамбарлар қиссаларын оқыған сайын тән қапасы жан құсына тар келе бастайды!».

(Хазіреті Мәулənə)

«(Кейбіреулер соғыс ғанибетін бөлу туралы қалай разылық білдірмеген болса,) **Раббың сені үйіңнен хақ іске** (соғысқа) **шығарғанда да** (жағдай осылай еді)**. Өйткені** (сол кезде) **мүминдердің бір бөлігі** (соғысуды) **жақтырмаған болатын. Хақ** (жолда соғысу шындығы) **айқындалғаннан кейін де олар бейне көпе-көрнеу өлімге айдап апара жатқандай-ақ,** (соғысқа шығу мәселесі хақында) **сенімен сөз таластырып жатты»** (Әнфәл сүресі, 5-6-аяттар) деп баян еткен күйге сай Аллаһ Елшісімен бірге Бәдірге шыққан болатынбыз. Аллаһ мұнда да біздерге ізгілік пен жеңіс сыйлады.

Қысқасы, біз ең үлкен жақсылықтарға үнемі нәпсімізге ауыр келген осындай әмірлер арқылы жеттік (һәйсәми, VII, 26-27).

Құран Кәрім бізге былай дейді:

«Рахман (мейірімі шексіз Аллаһ) Құран-ды үйретті. Адамды жаратты да оған сөйлеуді үйретті» *(Рахман, 1-4).*

Адамға тәлім беру ісінде, әсіресе оған рухани тәрбиеде көптеген қиындықтар кездеседі. Аллаһ «Оқы!» – дейді. Әлем кітабын ғибрат көзімен оқуымызды әмір етеді. Жартастың ішінен өсіп шыққан ағашты көріп, қиындықтарға ықылас пен жігермен шыдап баққанда мүмкін емес істердің мүмкін болатынын ұғуымызды қалайды. Сондықтан адам тәрбиелегенде үлкен жігер танытпай, «Не істейін,

қабілетім жоқ» деп, қолды сермеп отырмауымызды әмір етеді.

Аллаһ Тағала аятында:

فَإِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْراً إِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْراً

«Шындығында, ауырлық бар жерде жеңілдік бар. Шынымен-ақ, ауырлық бар жерде жеңілдік те бар» – дейді (Иншірах сүресі, 5-6-аяттар).

Яғни, Аллаһ әрбір қиындықты жеңетіндей жеңілдік береді. Маңыздысы – сол қиындыққа тәуекел деп, бел буу, сонымен оның ішіндегі жасырын мейірімге сабырлық пен шыдамдылық көрсетіп, көңіл аудара білу...

ШАРШАП-ШАЛДЫҚПАУ

Ешбір Пайғамбар, ешбір сахаба Аллаһ жолындағы қайрат-жігерінде шаршап-шалдықпаған, жалықпаған. Олардың басынан көп азаптар өтсе де, ешқайсысының жүрек тепе-теңдігі мен иманы шайқалмаған. Өйткені олар дүниенің өткінші сынақ мекені, асыл да мәңгі өмірдің ахірет өмірі екенін толық білген. Олар дүниені тынығу орны емес екенін өте жақсы білген. Олардың көзінде дүние құмар қандыратын, рахаттанатын жер емес. Егер рахаттану орны болған жағдайда Аллаһ барлық Пайғамбарлардың өмірін қияметке дейін ұзартып,

Ардақты сахабалар үшін уахидің түсуі көктен түскен және дәміне тойым болмайтын иләһи сыяпат дастарханындай еді. Қашан бір аят түскенін естісе, дереу сол иләһи дастарханға жүгіріп, үлкен толқыныспен «Апыр-ай Жаратқанның ризалығы қай амалда екен?», сауалының жауабын жаңа түскен бұйрықтардан үйреніп-білуге тырысатын.

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жіберілген әр пайғамбарға адамдардың иманға келуіне уәсиле болатын бір мұғжиза міндетті түрде берілген. Маған берілген мұғжиза — ол Аллаһтың жіберген кітабы Құран. Сол себепті Қиямет күні үмметім-нің басқалардікінен көбірек болатынынан үміттенемін».

(Бұхари, Иғтисам 1)

оларды сарайларда кеңшілік ішінде өмір сүргізер еді. Бірақ Пайғамбарлардың өмірлері мың бір машақатқа, азапқа толы өткен.

Әбу Хатим былай дейді:

«Бауырым, мына төрт істі төрт жерге қалдырсаң, Жәннатқа кіресің:

1) Ұйқыны қабірге,

2) Рахатты сырат (қыл) көпірге,

3) Мақтануды Мизанға (амалдар таразыланғанда),

4) Нәпсінің қалауларын Жәннатқа» (Әбу Нуайм, Хилия, Х, 50).

Иман деген ерекше сезімді ғашықтықпен, асқан құлшыныспен өмірінде ұстанған мүминнің жүрегінде Аллаһ үшін танытқан қайраты ләззатқа, төзген азап пен жапасы рахатқа айналады. Қадірменді сахаба осы ләззатпен Қытайға дейін барды, шаршамады. Тарық бин Зияд Испанияға сапар шекті, шаршамады.

Сондықтан тәлім-тәрбие қызметінде шаршапшалдығып, қиындықтардан безу тәлімгердің кемшілігі болып табылады.

ҚЫЗМЕТТІ НЫҒМЕТ ДЕП ТҮСІНУ

Хадис шәрифте былай делінген:

«Қауымның мырзасы – оларға қызмет еткені» (Дәйләми, II, 324).

Аллаһ жолындағы кез-келген қызметті Рахымды Иеміздің бізге сыйлаған нығметі деп білуіміз керек. Аллаһтың бізге сыйлап, мойнымызға артқан қызмет ету міндетін жүк деп түсініп, шаршапшалдықсақ, онан қашу кейпін танытсақ, онда қызмет ету деген нығметті қолымыздан қашырып аламыз. Аллаһ бізге Өз ризалығы жолында қызметтің қадірін білушілер арасынан болуды нәсіп етсін. Өйткені, нығмет шүкірлігі өтелсе, жалғасады. Шүкірлік азайған кезде Аллаһ аманатты алады. Бұл шындық жеке тұлға үшін де, жанұя үшін де, қоғам үшін де, тіпті, мемлекеттер үшін де бірдей.

1400 жылдан бері ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар дәлелдегендей, Құран үнемі білімнің алдында озық келеді. Пенде ғылымы оны тек растап, түсініктемесін ғана жасап артынан еріп келеді...

Османлы мемлекеті мұның үлгі тұтарлық мысалы болып табылады. Алты ғасырлық әлем мемлекетінің негізі, дерек көздерге қарағанда, 400 атты адаммен қаланған. Аллаһ жолындағы жігерліліктерде адамның немесе құралдың саны емес, ықылас маңызды. Ол кіші ру үш ғасырдан

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды құдіреті қолымен билеп тұрған Аллаһқа ант етейін, сендердің қайсыбірің мені анасынан, әкесінен, бала-шағасынан және барлық адамдардан артық сүймейінше, ақиқи мағынада иман келтірген болмайды». *(Бұхари, Иман, 8)*

кейін 24 миллион шақырым шаршы метрге жетті. Яғни, бүгінгі күндегі Түркияның шамамен 30 еселік жер көлеміне жайылды.

Қазіргі таңда бір шетінен екінші шетіне дейін ол жерлерді араламақ болсақ, бәлкім, 70 мемлекеттен виза/рұқсат алу керек болады. Әр барған жерде бес күн болсақ, бір жылда жүріп шығамыз.

Міне, сол 400 атты жасақтың ықыласы, Әдебали ұстаздың рухани қуатының берекеті, рухани мықтылық, ахіретті дүниеден артық көру, дүние-мүлік пен жанды Аллаһ жолында жұмсау құштарлығының арқасында үсті-үстіне фәтх/жеңістерге жеткізді.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«*(О, Раббымыз!)* **Тек Саған ғана құлшылық етеміз және тек Сенен ғана жәрдем тілейміз»** (Фатиха сүресі, 5-аят) аятының қаншалықты мағынасына сай өмір сүрілсе, яғни Аллаһқа қаншалықты құл болсақ, соншалықты иләһи жәрдем келеді.

Сонан соң Лале дәуірі деп аталатын кезең келді. Істердің түрі өзгерді. Руханият орнын нәпсіқұмарлық ала бастады да, соншалықты үлкен, керемет Ислам мемлекеті мен оның мәдениеті өте жылдамдықпен құлдырай бастады. Ақыры дүниеде Исламның туын желбіреткен, құрлықтарға ақиқат пен әділет әкелген, Ислам дүниесін бақыт

пен тыныштыққа кенелткен сол тамаша мемлекет тарих беттерінен өз орнын алды. Сол күннен осы күнге дейін Ислам дүниесі бақыттың жүзін көрмей келеді.

Міне, үлкен-кіші, құны білінбеген, шүкірлігі өтелмеген әртүрлі қызмет мүмкіндігі жоқ болуға мәжбүр.



МҮМКІНДІК ІЗДЕУ

Мүмин әр сәт Аллаһтың ризалығына себепші болатын жақсылықты іздеу үстінде болуы керек. Аят кәрімәде:

«Бір (жақсылық) **ісіңді бітіргенде дереу** (басқа бір іске немесе құлшылыққа) **ден қой және тек Раббыңа ғана жөнел»** (Инширах сүресі, 7-8-аяттар) делінген.

Бұдан не түсінеміз? Демек, жүрек үнемі іздеу үстінде болуы керек екен. Сонда ғана іздегеніңді Аллаһ алдыңнан шығарады.

Кейбіреулерінен былай сұрап көремін:

«Балам, қанша шәкіртің бар?»

«Тақсыр! Келіп-кеткен ешкім жоқ! Не істей аламын?!»

«Іздесең, табасың! Аллаһ Тағала ниетіңе қарай қызмет ету мүмкіндігін береді».

Хазіреті Расулұллаһ ﷺ Қоштасу қажылығында былай деген еді:

«...Сендерге аманат қалдырып барамын. Оларға жармассаңдар, жолдарыңнан ешуақытта адаспайсыңдар. Ол аманат — Аллаһтың Кітабы мен Пайғамбарының Сүннеті...».

Әбу Талха ﷺ бір күні Пайғамбарымыздың қасына барады. Расулұллаһтың ﷺ қалқиып тұрып Асхабус Суффаға Құран үйретіп жатқанын көреді. Аллаһ Расулы аштық-тан бүкірейіп қалған белін түзеу үшін қарнына тас байлаған екен.

(Әбу Нуайм, Хилия, I, 342)

Қысқасы, мүмин жан әр сәт елі үшін, діні үшін, Отаны үшін қызмет ету мүмкіндігін іздеуі керек. Іздесе, Аллаһ алдынан шығарады. Бірақ қызмет ету мүмкіншілігін іздеуді сана-сезіміне айналдырмағандардың алдынан сансыз қызмет мүмкіндігі шықса да, олардан бейқам қалады.

ТҰЛҒАЛЫҚТЫ ПАШ ЕТУ

Қоғам үнемі мұқтаж адамын іздейді. Жаман мінезді адамдардың өзі тұлғалы адамдарға тәнті болып, қайран қалады. Барша Мекке халқы Хазіреті Пайғамбарымыздың r мінез-құлқын, шыншылдығын, сенімділігін мойындаған болатын. Әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r насихатқа алғаш бастағанда адамдарды көндіру үшін басында «Үлгілі өмірін» дәлел ретінде көрсетті. Сафа жотасындағы бір жартастың үстінде тұрып, Құрайштықтардан:

«Ей, Құрайш қауымы! Мен сендерге мына таудың етегінде немесе мына өткелде дұшпан атты әскері бар, сендерге шабуыл жасайды, дүние-мүліктеріңді талан-таражға салады десем, маған сенесіңдер ме?» – деп сұрады. Олар ойланбай:

«Ия, сенеміз! Өйткені осы уақытқа дейін СеніҢ үнемі шыншыл екеніңді көрдік. Жалған айтқаныңды естімедік» – дейді. Осылай Хазіреті Пайғамбарымыз r алғаш рет тұлғалығы мен

мінез-құлқын мақұлдатты. Сол мақұлдаудан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r өзінің Аллаһ тарапынан жіберілген ескертуші Пайғамбар екенін айтты. Сөздеріне сеніп, Аллаһтың қалауы мен бұйрығына сай өмір сүргендердің ахиретте ең жақсы сыйларға ие болатындарын, мойындамағандардың ең ауыр азапқа тап болатындарын, сондықтан бұл жалғанда о дүниедегі мәңгілік өмір үшін дайындалу керек екенін түсіндірді. Бірақ адамдарды қате де теріс сенімдерінен бас тарттырту оңай емес-ті (Қараңыз: Бұхари, Тәфсир, 26/2; Ахмет, I, 159, 111).

Әдептің ең мәртебелісі — адамның өз әлін біліп, шектен шықпауы. Сол себепті бұрынғылардан: Ғалымдардың қасында тіліне, әулиенің қасында жүрегіне, дастарханда қолына, қонаққа барғанда көзіңе ие бол!», деген сөз қалған.

Әнʼәм сүресінің 30-шы аятында Аллаһ Тағала:

قَدْ نَعْلَمُ إِنَّهُ لَيَحْزُنُكَ الَّذِي يَقُولُونَ فَإِنَّهُمْ لاَ يُكَذِّبُونَكَ
وَلَكِنَّ الظَّالِمِينَ بِآيَاتِ اللهِ يَجْحَدُونَ

«(Ей, Расулым!) **Олардың** (Сені және ахирет әлемін жоққа шығару туралы) **айтып келе жатқан сөздері сені қайткенде де қамықтыратынын Біз жақсы білеміз. Шынында, олар сені өтірік деп санамайды. Бірақ, анау залымдар Аллаһтың аяттарын біле тұра жоққа шығарады»** дейді.

Яғни, Хазіреті Пайғамбарымызды ешқашан жалған айтпаған сенімді тұлға екенін ең азулы дұшпандары да мойындаған.

Тәлімгер мен тәрбиешінің ең маңызды қасиеті – сенім артылатын тұлғалыққа ие болу. Адамдар үнемі ізгілік пен тұлғалыққа қайран қалады. Тәлімгер де айналасын қайран қалдыратын тұлғалық көрсетуі керек.

«Құран Кәрімнің сыртқы бейнесін бір сиясауытпен жазып шығуға болады. Бірақ оның бойында жасырулы сырлардың бәрін айтып жеткізуге бүкіл жағасыз дариялар сия болып, жер бетіндегі бүкіл ағаштар қалам болса да жетпейді».

Ұхұд шайқасында болған абыр-тобырда бір сәтте Хазіреті Пайғамбарымыздың шейіт болғаны жайылып кетті. Бірақ мүшріктер хабардың рас екеніне нақты сенімді бола алмады. Мүшрік әскерінің басшысы Әбу Сүфиян Омарға:

«Омар, сен білесің, мен өз адамдарыма қарағанда саған сенемін. Мұхаммед өлді дейді, рас па?» деп, алыстан айқайлап сұрады. Яғни, бір мүшрік шайқасып, бетпе-бет келген мұсылманға өз адамдарынан артық сенім артады.

Ғази Осман Паша Плевнеде алты ай бір қамалда дұшпан қоршауында қалды, берілмеді. Дұшпанға шабуылдап, қоршауды жарып шығады. Бірақ тұтқынға түсіп қалады.

Ғази Осман Паша:

«Мен бізге тәуелді христиан халқын қорғау үшін олардан салық алып тұрған болатынмын. Бірақ тұтқынға түсіп қалдым. Енді оларды қорғауға менің мүмкіндігім жоқ. Сондықтан салық берген адамдар келсін, салықтарын кері қайтарып берейін» дейді.

Орыс басшысы тұтқын Ғази Осман Паша көрсеткен бұл тұлғалығына қайран қалады да, қылышын өзіне қайтарып береді.

Міне, шынайы Ислам тұлғалылығы. Дұшпанының өзі мұсылманның тұлғалылығын мойындап, алдында бас июге мәжбүр ететін сенімділік пен әділет, туралық пен қауіпсіздіктің бұлағы болуы керек...

«Аса ардақты Пайғамбар Мырзамыз үнемі мұңлы, үнемі ойға шомған күйде жүретін. Оның өмірінде рахат деген нәрсе жоқ болған. Бос сөйлемейтін. Ол көбінде үнсіздік сақтап жүретін. Сөзін бастағанда да, аяқтағанда да үнемі Аллаһтың атын айтатын...» (Ибн Са'д, I, 422-423).

ӘКМӘЛ, ӘЖМӘЛ және АХСӘН ӨЛШЕМДЕРІ

Ислам талап еткен мінез-құлықты бойына дарытқан мүмин ашылған гүл сияқты әсемдігімен, хош иісімен адамдардың рухын сергітуі керек. Әр сөзі рухқа азық болар-лық жылтыраған асыл тастардай тартымды да ұғынықты сөздерден құралуы

керек. Күлімсіреген жүзімен, тәтті тілімен мейірім шашуы керек. Тұлғалығы мен іс-қимылдары **«Ахсән, Әжмәл және Әкмәл»** пішінінде болуы керек.

احسَنَ / Ахсән, яғни әр ісі әсем болуы керек, айналасына үнемі әсемдік шашуы керек.

اجْمَلَ / Әжмәл, яғни көңілге бақыт пен рахат сыйлайтын нәзіктік пен сыпайылылықта болуы керек.

اكْمَلَ / Әкмәл, яғни салмақты, тамаша, кәміл болуы керек.

Осындай керемет тұлғалылық қалыптастырған мүминдердің әр ісі Исламның әсемдігін, тамашалығын, эстетикасын, сыйлайтын тыныштығы мен жылы шырайын көрсетеді.

«Сендерді біз жараттық. Мойындауларың керек емес пе? Жатырға тамызған мәни (шәует) суын көрдіңдер ме (ойланыңдаршы!). Сірә оны жара-тып адам еткен сендер ме, әлде Біз бе?» (Уақыа, 57-59).

Һилия шәрифәлерде (Хазіреті Пайғамбарымыздың қастерлі түр-әлпетінің баяндамасында) баяндалғанына сүйенсек, Хазіреті Пайғамбарымыздың жүзінде шуақты нұр, сөздері ашық, іс-қимылдарында сыпайылылық бар болатын. Әңгімесі тәтті, жанға жайлы, айтқан сөзі көп те емес, аз

да емес, қажетті мөлшерде ғана айтатын. Сөйлеген сөзін сол жердегілер тез ұғатын. Қысқасы, Ол адамдардың ең шешені, қысқа да нұсқа сөйлейтіні және қалауын ең тура мағынада жеткізетіні еді.

Әбу Құрсафа t былай дейді:

Мен, шешем мен нағашы әпкем Пайғамбарымызға бәйғат етіп/келісім беріп шыққан соң, шешем мен нағашы әпкем:

«Құлыным-ау! Бұл адамдай ешкімді көрмедік! Жүзі Одан әсем, киімі таза және сөзі жұмсақ басқа ешкімді білмейміз. Мүбәрак аузынан нұр төгіліп жатты ғой» – деді (һәйсәми, VIII, 279-280).

Хазіреті Пайғамбарымыздың бұл ерекше қасиетіне жүгінсек, тәлімгер мен тәрбиешінің аузынан үнемі асыл тастай сөздер шығуы керек. Алдында тұрғандарға ағын судың ағысы сияқты рахаттық сезім беруі керек. Дөрекі сөз бен іс-қимыл тәлімгер мен тәрбиеші үшін ең үлкен кемшіліктердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге қатты назар аудармаса, Аллаһ сақтасын, түзетем деп бұзып алады.

КҮЛІМСІРЕУ

Мүмин адамдарға үнемі күлімсіреп қарап, көңіліндегі иман дәмі

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды құдіреті қолымен билеп тұрған Аллаһқа ант етейін, сендердің қайсыбірің мені анасынан, әкесінен, балашағасынан және барлық адамдардан артық сүймейінше ақиқи мағынада иман келтірген болмайды».

(Бұхари, Иман, 8)

жүзінен байқалып, оның дидарына қарағандар Исламның жылы шырайын көрулері керек.

Үммү Дәрда t былай түсіндіреді:

«Әбу Дәрда сөз айтқанда, міндетті түрде күлімсірейтін. Бір күні оған:

«Адамдардың сені айыптауынан қорқамын!» – дедім. Ол:

«Аллаһ Елшісі r сөз сөйлегенде міндетті түрде күлімсірейтін» – деді (Ахмет, V, 198, 199).

Адам қабағын шытып жүрген кезінен гөрі жылы шыраймен күлімсіреп жүрген кезінде жеңіл үйренеді, жеңіл үйретеді. Үнемі салмақтылық таныту зейінді шаршатады, ой-сананы тоқтатады. Сондықтан кейде шындыққа сай әзілдескен өте пайдалы болады да, зейінді жинақы етіп, сананы сергітеді. Сондықтан тәлімгер қабағын түймей, жайдары жүзбен жүруі керек.

«Аспанда бұрыштарды (жұлдыздардың орнын) шамшырақты (күнді), сәулелі айды жаратқан Аллаһ – мол құт береке иесі» (Фұрқан, 61).

ЖОМАРТТЫҚПЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ

Адам сый-сияпатқа жеңіледі. Өзіне сый жасалынған адам дұшпан болса, дос болады, алыс жүрсе, жақын болады, жақын болса, сүйіспеншілігі артады.

Жәбир t былай дейді:

«Хазіреті Пайғамбардан бір нәрсе сұралғанда, Ол ешқашан «жоқ!» деп айтқан емес»

Сүфиян ибн Ұяйна былай деген:

«Оның жанында беретін бір нәрсе болмай қалған кезде қолына түскенде беремін деп сөз беретін» (Дәріми, Мұқаддимә, 12).

Жомарттық Аллаһ ең ұнатқан қасиеттердің бірі болғаны сонша – құлды мейірімге, кішіпейілдік пен қызмет етуге жетелейді. Ал сараңдық керісінше, мейірімсіздікке, тәкаппарлыққа, тойымсыздыққа жетелейді.

«Ол жердің қойнауына кіргенді, жерден шыққанды, көктен түскенді, көкке көтерілгенді... — барлығын біліп тұрады. Аллаһ — Рахим (төтенше мейірімді), Ғафур (аса жарылқаушы)» *(Сәбә, 2).*

АМАНАТ/СЕНІМДІЛІК

Адам иман арқылы мүмин болады. Аллаһтың 99 атының бірі – "әл-Мүмин" аты көкейде иман нұрын тудырушы, өзін паналағандарға қауіпсіздік беріп, оларды қорғаған, сенім артылған деген мағыналарға келеді. Бұл ерекше атын иман еткендерге берген Аллаһ мүмин сипатымен сипатталған құлдарынан оған сай көріністер көруді қалайды.

Әбу Һурайрадан t жеткен риуаятта Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды. Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды. Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды!» деді. Сахабалар:

«Кім иман еткен болмайды, о, Аллаһ Елшісі?» деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жамандық жасап-жасамайтынына көршісі сенімді бола алмаған адам!» деді (Бұхари, Әдеп, 29; Мүслим, Иман, 73; Термези, Қиямет, 60).

«Ғалымның өлімі ғаламның өлімімен тең».

Хазіреті Пайғамбарымыздың r өмірі Ислам тұлғалылығының қандай сенім мен қауіпсіздікті паш етуі керектігіне тән көптеген ізгілік мысалдарына толы. Сондай-ақ Мекке қаласы бір үлкен әскери даналықтың арқасында бейбітшілік жолмен алынды. Сол кезге дейін дұшпандық көрсеткен адамдарға кешірім берілді және Меккеден олжа ретінде ешбір зат алынбады (Әбу Дәуіт, Хараж, 24-25/3023). Аллаһ Елшісі r бірнеше күн бойы жол жүрген 10,000 кісілік Ислам әскерінің біраз ақшаны құрайтын зәру қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін әлі мұсылман болмаған Меккелік байлардан қарызға ақша мен сауыт алды. Кейін бұны Хауазин тайпасынан түскен олжадан толық қайтарды да:

«Қарыздың өтемі – ол үшін рахмет айтып, кері қайтару» деді (Уәқиди, II, 863; Әбу Дәуіт, Бую, 88/3562; Муатта, Неке, 44).

Хазіреті Пайғамбарымыздың орнында қандай басшы болмасын, зұлымдық жасаған адамдарды қатал жазалап, мал-мүлкін талан-таражға салар еді. Бірақ Хазіреті Пайғамбарымыз қалың әскерімен қиындықта бола тұра олай жасамады. Керісінше, жеңіп алған қаласының байларынан қарыз алды.

Меккенің ауқаттыларының бірі Сафуан бин Үмәйя Исламға кіру жайында ойлану үшін екі ай мерзім сұрағанда, Аллаһ Елшісі оған төрт ай уақыт берген болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«Сафуан, сенде қару бар ма?» – деді. Сафуан:

«Қарызға ма, әлде тартып алуға ма?» – деді. Аллаһ Елшісі r :

«Жоқ, тартып алу үшін емес, қарызға сұраймын» дейді. Сонда Сафуан 30-40 данадай сауытты қарызға береді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Хұнайын жорығына шықты.

Мүшріктер жеңіліп қалғанда Сафуанның сауыттары жиналды. Бірақ олардың кейбірі жоғалып кетті. Хазіреті Пайғамбарымыз r Сафуанға:

Сұффалықтар діннің қайнар көзіне ең жақын, Расулуллаһтың мәжілісіне ең жақын адамдар болатын. Олар құдды жоғары дәрежелі жылдамдатылған білім алған жандардай еді. Себебі олардың муғалімдері Расулуллаһ бастаған Үбей бин Кағб, Ибн Мәсғуд, Муғаз бин Жәбәл және Ұбада бин Самит секілді жас ғалым сахабалар болатын.

«...Балаларың да сендерге игілік жасасын десеңдер, әкелеріңе игілік жасаңдар!»

(Хаким IV, 170/7258).

Хазіреті Әли ﷺ былай деген:

«Заңдары мен ережелерін білмей, фиқһсыз жасаған құлшылықта, руханияты мен салмақтылығы жоқ фиқһта, тәфәккур етілмей оқылған Құранда қайыр жоқ»

(Әбу Нұайм, Һилия, I, 77).

«Сауыттарыңның бір бөлігі жоғалып кетті. Олардың құнын төлесек, бола ма?» деп сұрады. Сафуан:

«Жоқ, о, Аллаһ Елшісі! Бүгін жүрегім сол күні сезе алмаған ұлы сезімге толы!» деді.

Сафуан сауыттарды мұсылман болмай тұрған кезінде қарызға берген болатын, бірақ одан кейін мұсылман болған (Әбу Дәуіт, Бую, 88/3563).

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз дәрет алып жатқанда сахабалар оның дәрет суын алып, жүздері мен көздеріне жаға бастады. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ оларға:

«Неге бұлай етіп жатырсыңдар?» деп сұрады. Олар:

«Аллаһ пен Пайғамбарына деген сүйіспеншілігімізден» – деді. Бұдан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Аллаһ пен Елшісін сүйген немесе Аллаһ пен Елшісі өзін сүйсін деген адам сөз сөйлегенде тура сөйлесін, өзіне аманат ретінде тапсырылғанды жақсылықпен қайтарсын. Яғни, өзіне сенген адамдардың бұл сенімін ақтамай қоймасын және

жанындағы адамдарға жақсы көрші болсын» деді (Бәйхәки, Шуаб, II, 201; Тәбризи, Мишкәт, III, 81).

Әбу Рафиғ t былай деп түсіндіреді:

Құрайыштықтар мені Пайғамбарымызға елші етіп жіберді. Пайғамбарымызды көргенде Исламға кірейін деп ойладым:

«О, Аллаһ Елшісі! Аллаһқа ант етемін, енді мен Құрайштықтардың жанына қайтып бармаймын» дедім.

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деді:

«Мен келісімді бұзбаймын және маған келген елшілерді алып қалмаймын. Сен қазір Құрайштықтарға қайт! Егер қазір жүрегіңдегі Исламды қабылдау деген ойыңды ол жерде де сезінсең, бұл жерге қайтып кел!»

Бұдан кейін Меккеге бардым. Елшілік міндетімді аяқтап, Пайғамбарымызға келдім, мұсылман болдым» (Әбу Дәуіт, Жиһад, 151/2758).

Қысқасы, аманат пен сенімділік Ислам тұлғалығының айрықша белгілерінен болып табылады.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді: «Қиямет күні мүмин жанның таразысында көркем ахлақтан ауыр тартатын нәрсе болмайды. Аллаһ Тағала дөрекілік істеп, тұрпайы сөйлейтіндерді жек көреді».

(Термези, Бирр, 62/2002)

ОРТАША ҮММЕТ және КУӘГЕРЛІК СИПАТЫ

Аллаһ Елшісі r былай дейді:

«Нух пен үмметі қиямет күні келеді». Аллаһ Хазіреті Нухқа:

«– Насихат еттің бе?» деп сұрайды. Хазіреті Нух:

«– Иә, Раббым! Насихат еттім» – дейді. Кейін Аллаһ Нухтың үмметтеріне қарап:

«– Нух сендерге насихат етті ме?» деп сұрағанда, олар:

«– Жоқ, бізге ешбір пайғамбар келмеді» – дейді. Сонда Аллаһ Тағала Нухқа:

«Сенің шыншыл екеніңе кім куәлік етеді?» дегенде, Хазіреті Нух:

«– Мұхаммед пен үмметі куәлік етеді» – дейді. Сонда олар Хазіреті Нухтың насихат еткеніне куәлік етеді.

Ахлақ – Аллаһ Тағаланың біз құлдарының бойынан көргісі келетін көркем мінез-құлықтар жиынтығы.

«Ей, иман келтірген жандар! Өздеріңді де, отбасыларыңды да отыны адамдар мен тастардан болатын оттан қорғаңдар..»

(Тахрим сүресі, 6-аят).

Сондай-ақ аят кәримәда Хазіреті Мұхаммед пен үмметінің басқа Пайғамбарлар мен олардың үмметтері жайында куәлік жасайтындары былай баяндалған.

«Осылай барлық адамзатқа (ақиқаттың) **куәгерлері болуларың үшін, пайғамбар да сендерге куәгер болсын деп, Біз сендерді** (ей, Мұхаммед үмметі!) **уасат** (шегінен шықпайтын, орташа, әділетті, хайырлы) **үммет қылдық...»** (Бақара сүресі, 143-аят; Бұхари, Тәфсир, 2/13; Әнбия, 3; Термези, Тәфсир, 2/2965).

Міне, Аллаһ Тағала бізді, Мұхаммед үмметін, барша адамдарға куәгер еткенін баяндап тұр. Сондықтан біз мүмин болғандықтан Құран мен Сүннетті өміріміздің әр кезеңіне ендіріп, Аллаһтың жер бетіндегі куәгерлері болуға лайықты, Исламды ұсынушы көңіл күйімен өмір сүруіміз керек.

Қияметте Пайғамбарымыздың жақсы куәлігі мен ұлы шапағатына кенелгіміз келсе, Ислам тұлғалығын паш етуге, Аллаһтың жер бетіндегі куәгерлері деген міндетімізді лайықты атқаруға тырысуымыз керек.



Адамның ізеттілігі мен қасиеттерін құрайтын ахлағы оның адамдық ерекшелігін де сыртқа көрсетеді. Сондықтан ахлақ адам баласының ең айқын сипаты.

Адамның тек бет-бейнесімен емес, жүріс-тұрысымен де адам бола білуі тек көркем мінездермен безеніп, жаман қылықтардан тазаруы арқылы мүмкін болады.

Бұл үшін бізді көрген адам бойымыздан Исламның жылы шырайын көруі керек. Құлшылығымыз бен мәмілемізге қараған адам Ислам ізгіліктерін тамашалай білуі керек. Аллаһ бізден, міне, осындай куәгерлік талап етеді.

Қадірменді сахабалар Аллаһтың куәгерлері ретінде барған жерлерінде Исламның әсемдіктерін паш етті. Олар Исламды шартарапқа жеткізді.

Косовоға Орта Азияның мұсылман халқы барды. Таза да адал өмірлерімен Исламның әсемдіктерін паш етті. Сонда Албаниялықтардың 90 % мұсылман болды.

Османлы патшасы Фәтих Сұлтан Мехмет хан Боснияны алғанда, шынайы мұсылмандар Исламның әсемдіктерін, күйлері мен іс-әрекеттері арқылы танытып, насихат етті. Сөйтіп, барлық Босниялықтар мұсылман болды.

Хазіреті Мәуләнә қандай тамаша айтқан:

«Іс-әрекетімен насихат айтқан сөзбен насихат айтқаннан артық».

«Баланың әкесіне қатысты хақыларының бірі — жақсы есім қоюы, уақыты жеткенде үйлендіруі және оған жазуды үйретуі»

(Әли әл-Мұттақи XVI, 412).

Ахлақ — дін мен иманның бөлінбейтін бөлшегі тіпті, оның рухы мен өзегі деп айтуға болады. Аллаһтың Елшісі өз ұлы борышы жайын-да айта келе, оны:

«Мен тек көркем ахлақты кемелдендіру үшін ғана жіберілдім», хадисімен қысқаша жеткізген болатын.

(Имам Муатта, хуснул-хулқ, 8.)

ЛАЙЫҚТЫЛЫҚ

Аллаһ Тағала:

«Аманатты иесіне беріңдер!» деген (Ниса сүресі, 58-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз адамдарды лайықтылықтарына қарай таңдап, қабілеті мен ынтасына қарай қызметке тағайындайтын. Өйткені лайықтылыққа мән берілмесе, мысалы, шынар ағашы бола алатын қабілеттегі адамға керек мүмкіндіктер берілмесе, ол өспей, шөп болып қалады. Ал лайықсыз адамдардың мойнына істей алмайтын үлкен істер артылса, негізінде, ол адамдарға зұлымдық жасалған болып табылады. Сондықтан Хазіреті Пайғамбарымыздың қолбасшылары бөлек, дін насихаттаушылары бөлек, әкімдері бөлек болатын.

Әнәс t былай дейді:

«Йемен халқы Пайғамбарымызға келіп:

– Бізбен бірге біреуді жібер, бізге Сүннетің мен Исламды үйретсін! – дейді. Сонда Аллаһ Елшісі r Әбу Ұбәйдә бин Жаррахтың қолынан ұстап:

«Бұл осы үмметтің сенімді адамы» деді де, Йемендіктермен бірге жіберді (Мүслим, Фәдәилүс-Сахаба, 54; Ахмат, III, 146).

Абдұллаһ бин Зәйд пен Хазіреті Омар көрген түстерінде азанды үйреніп, Пайғамбарымызға айтып берген адамдар болатын. Бірақ Хазіреті Пайғамбарымыз r азанда ол екеуіне емес, дауысы көркем сахаба Билал Хабашиға оқытады.

Бұл шындық бойынша тәлімгер мен тәрбиеші оқушыларының ынтасын жақсы біліп, қабілет пен ерекшеліктеріне мән беруі керек. Мамандығының нағыз шебері болған тәлімгер мен тәрбиеші оқушысын жеңіл әрі жақсы өсіреді, оны қажетсіз нәрселермен шұғылдандырмай, оны шаршатпай-ақ мақсатына жетуін қамтамасыз етеді.

Кәміл иманның алғашқы жемісі – мархамат. Адам баласы иман кемелдігіне беттеген сайын көңіл әлемі бара-бара кеңейеді, соңында бүкіл мақлұқатты құшағына алатындай мархамат дариясына айналады.



Әбу Хатим былай дейді:

«Бауырым, мына төрт істі төрт жерге қалдырсаң, Жәннатқа кіресің:

1) Ұйқыны қабірге,

2) Рахатты сырат (қыл) көпірге,

3) Мақтануды Мизанға (амалдар таразылан-ғанда),

4) Нәпсінің қалауларын Жәннатқа» (Әбу Нуайм, Хилия, X, 50).

«Жәбірейіл маған Аллаһ Тағаланың былай бұйырғанын айтты:

«Бұл дін — менің Өзім үшін разы болған дінім. Бұл дінге жарасатыны да тек жомарттық пен көркем ахлақ. Мұсылман күйлерінде өмір сүрген сайын оны осы екі қасиетпен ұлықтаңдар» (Әли әл-Мұттаки, Кәнз, VI, 392).

Пайғамбарымыздың тәлім-тәрбиедегі әдістері

ОЛ ﷺ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТЕТІН?

Көркем ахлақты қолға түсірудің жолы шүбәсіз, Аллаһтың Елшісіне және Оның ізіне ерген салиқалы құлдарға достық құру арқылы өтеді.

Әлемнің мәңгі мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Мені Раббым тәрбиеледі, өте керемет тәрбиеледі» деген. Ислам ғалымдары Хазіреті Пайғамбарымызға екі түрлі уахи түскенін айтады:

1) Мәтлу уахи, яғни намаздарда тиләуәт етілетін/оқылатын уахи, Құран.

2) Ғайрұ мәтлу уахи, яғни тиләуәт етілмейтін/намазда оқылмайтын уахи. Хазіреті Пайғамбарымыздың пайғамбарлық міндеті аясында өзіне

білдірілген барлық нұсқаулар, сөздер мен әдістер уахидың бұл санатына жатады.

Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірі зерттелсе, Оның үмметін тәлім-тәрбие мен ағартуында кейбір әдістер қолданғандығын көреміз. Бұл әдістер түрлі мәселедегідей, тәлім-тәрбие жолында Хазіреті Пайғамбарымызға еруді қалаған мүминдер үшін жолсілтер әдістер болып табылады. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымызды тек түйсік деңгейімізде ғана түсіне алып, түсіндіре алатынымызды ұмытпайық. Өйткені бұл мәселеде жасалған қандай да бір зерттеу жұмысы Хазіреті Пайғамбардың мінез-құлқын толық қамти алмайды.

Хақты сүйген Оның мақлұқатын да сүйеді. Хақпен дос болған Оның жаратқандарымен де достық құра алады. Бүкіл мақлұққатқа Жаратқанның шапқаттымен, мейірімімен қарай білу — иләһи ахлақ жолындағы бір табыс баспалдағы.

1) САТЫЛЫ ЖҮРУ ӘДІСІ

Сатылы жүру – бірден емес, баспалдақтан-баспалдаққа, деңгейден-деңгейге өту деген сөз.

Құран Кәрім жәһилия қоғамының кейбір үйреншікті індеттерін адамзатты туралыққа бастар-бастамас емдеуге кіріспей, әлсін-әлсін Хазіреті Пайғамбарымыздың пайғамбарлық өмірі бойынша, 23 жылдық ұзақ уақытқа жайып, біртіндей отырып, Ислам деген **"тәңірлік емді"** қолданды.

Хақ достарының бірі Бахауддин Нақшыбенд Хазіреті қуддисә сирруһ өз кішіпейілділігін мына шумақтарымен танытады:

Әлем бидай, мен сабан!...

Әлем жақсы, мен жаман!...

Ішімдікке тыйым салынуы осылай болды. Өсімге тыйым салынуы да осылай болды.

Адам жаратылысы сатылы жүйеге сай дамиды. Адамның денесі ана құрсағында тоғыз ай он күндік мерзімде босануға дайындалады. Босанғаннан кейін сәбилік, балалық, естілік кезіне, балиғат шағына, жастық, орта буын, карттық сияқты дененің әрі оған байланысты зейін қабілеті дамыған өмір сапары іске асады.

Әлемнің өзі де, ондағы құбылыстар да сатылы жүйені көрсетеді. Ешнәрсе бірден әп-сәтте пайда болмайды, біраз уақытқа созылады. Көктем бірден келмейді, алдымен жер қыстың ызғарын өткізуі керек. Адамдағы зейінге тән қабілеттер де денемен бірге ақырын дамиды.

Барлық болмыс атаулыға өз үкімін жүргізетін бұл илаһи заңдылыққа сай тәлімде де жеңілден қиынға, кішіден үлкенге қарай сатылап жүру керек.

Ақида ғылымының негізін игермеген адамға Кәләм ғылымының қыр-сыры үйретілмейді. Балаға түсінігінен асатын ауыр тақырыпты әңгіме айтылмайды. Уақыты келмей еш нәрсе түсіндірілмейді. Сол сияқты насихатта,

тәлім-тәрбиеде тыңдаушының зейіні мен жүрек деңгейіне сай мәміле жасау керек.

Соңында айтылуы керек жайтты алдын ала айту тыңдаушыны үркітіп, жалықтырып жібереді. Алайда тәлім-тәрбие тыңдаушыны алдау емес, болашаққа дайындау ісі болып табылады.

Хазіреті Пайғамбарымыз Мұаз бин Жәбәлді Йеменге аттандырар кезде мынадай кеңестер берген:

«Расында, сен Кітап иесі халыққа бара жатырсың. Оларды Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына, Менің Аллаһтың Елшісі екеніме куәлік етуге шақыр. Егер бұған мойынсұнса, Аллаһтың өздеріне бір тәулікте бес уақыт намазды парыз еткенін айт. Бұны қабылдаса, байлардан алып, кедейлерге берілетін зекеттің өздеріне парыз етілгенін хабарла. Бұған да мойынсұнса, дүние-мүліктерінің ең бағалыларын алудан сақ бол! Зұлымдық көрген адамның қарғысына ұшыраудан сақ бол. Өйткені оның қарғысы мен Аллаһ арасында перде жоқ» (Бұхари, Зекет, 41, 63; Мүслим, Иман, 29-31).

Бұл хадистен сатылы жүру жүйесінің негіздерін белгілеуге болады.

Имам Шәфий Хазіреті былай дейді:

«Адамдардың арасындағы ең қадірлісі — өзін қадірлі деп санамайтындар!».

«Адамдарға паңсып, кердеңдеме әрі жерде кердеңдеп жүрме! Расында, Аллаһ бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді» *(Лұқман, 18).*

Алдымен таза ақида, таза сенім берілуі керек...

Жүндәб бин Абдұллаһ t былай айтады:

«Біз Пайғамбарымыздың жанында болған балиғатқа толған бір топ жастар едік. Құранды үйренбей, алдымен иманды үйрендік. Содан кейін Құранды үйрендік те, ол арқылы иманымыз артты» (Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 9).

Сатылы жүру жүйесі сабырлыққа үйретеді. Зейіндік қабілеттері жеткілікті дамымаған балаға терең ақиқатты түсінбейді деп ашулану – орынсыз іс. Тәжірибесіз тәлімгерлер асығыстық жасап, бар білгендерін тыңдаушыларына бір сәтте беруді қалайды. Алайда, Хазіреті Пайғамбарымыз бұл мәселеде бізге дұрысын үйретеді.

Әбу Абдуррахман әс-Суләми былай деп түсіндіреді:

Аллаһ Елшісінің асхабынан біздерге Құран үйреткен кісі бар болатын. Бізге мына хабарды жеткізді:

«Біз Пайғамбарымыздан он аят алып, олардағы мәліметтер мен амалдарды үйренбейінше, келесі он аятқа өтпейтінбіз. Пайғамбарымыз бізге білім мен амалды бірге үйрететін» (Ахмет, V, 410; Һәйсәми, I, 165).

2) ТЫҢДАУШЫСЫН ЖАҚСЫ ТАНУ

Тәлім-тәрбие – адам жетілдіру өнері. Адам – Аллаһтың түрлі көріністерін көрсеткен өнер туындысы. Әр адам саусақ іздері сияқты, әр алуан. Сондықтан тәлім-тәрбиеде тыңдаушының ең жақсы кейіпте танылуы керек.

ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Аят кәримәда былай делінген:

«Сен оларды жүздерінен танисың» (Бақара сүресі, 273-аят).

Мүмин адамдарды жүзінен танып, түсіне алатын түйсік деңгейінде болып, жүрегі бейне-бір рентген сияқты болуы керек... Басқаша айтқанда, парасатты болуы керек.

Ал парасаттылық дегеніміз не? Парасаттылық – жүрек пен ақылды бірге істету.

Хазіреті Пайғамбарымыз адамдардың сұрақтары мен қажеттіліктерін олардың бет-әлпеттерінен біліп қоятын. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Мүминнің парасаттылығынан сақтаныңдар! Өйткені ол Аллаһтың нұрымен қарайды» (Термези, Тәфсир, 15/ 3127) деп, мүминдердің сондай жүрек деңгейінде болуы керек екенін меңзеген болатын. Сондай-ақ қадірменді сахабалар парасатты жандар болатын.

«Жер жүзінде дандайсып асқақтап, жүрме! Өйткені сен (даңдайсып жүріп) жерді де (тесіп) жара алмайсың, таулар-дай биік те бола алмайсың» (Исра, 37).

Аллаһтың разылығын іздеген адам ешкімі жоқтардың маңайынан іздесін.

Мұса (а.с.) бірде:

«Раббым! Сені қайдан іздейін?, деп сұрағанда: Аллаһ Тағала оған: «Мені қанаты сынған жандардың қасынан ізде!», деген екен.

(Нұғайм, хилия, II, 364)

Әнәс t бір күні Хазіреті Османға t бара жатқанында жолда бір әйелді көреді. Әйелдің сұлулығына қайран болған күйі Османның жанына барады. Сонда Осман таңырқап:

«– Ей, Әнәс! Жанарыңдағы зина белгісімен келіп тұрсың ғой, а?!» дейді. Оның бұл сөзін естіген Әнәс әрі таңырқап, әрі ұялып:

«– Аллаһ Елшісінен кейін әлі де уахи келіп жатыр ма?» деп сұрайды. Осман:

«– Жоқ, бұл көрегендік пен тура парасаттылық» – дейді (Кушәйри, Рисәлә, Бейрут, 1990, 238-бет).

Хазіреті Шұғайып пайғамбардың қызы Сафура Хазіреті Мұсаның арлы да, ибалы екенін байқап, әкесіне оны жұмысшы ретінде жалдауына кеңес беруі де парасаттылықтың үлгісі болып табылады.

Хадиша анамыздың парасаттылығы да ерекше мысал болып табылады. Ол Хазіреті Пайғамбарымыздың жоғары жаратылыс иесі екенін Ол әлі пайғамбар болмай тұрғанында, одан он бес жыл бұрын байқап қояды да, Оны дүние-мүлкімен, бар жанымен қолдайды.

Қысқасы, парасаттылық тәлім-тәрбие ісінде жүргендер қатты мұқтаж болатын ерекшелік болып табылады. Сонымен қатар бұл қасиетке рухани тәрбие арқылы қол жеткізілетінін есімізде сақтағанымыз дұрыс болады.

ЖАРАТЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ МӘН БЕРУ

Оқушысын жақсы таныған тәлімгер оның қасиеттеріне сай мәміле жасауы керек. Мұғалімнің оқушылары мәдениетті отбасылардан да, мәдениетсіз отбасылардан да келгендер болуы мүмкін. Біреулері үйінің жалғыз баласы, біреулері көп балалы жанұядан болады. Біреулері қырсық мінезді болса, енді біреулері сыпайы, нәзік мінезді болады. Сондықтан тәлімгер жаратылыс ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, түрлі мәселелерді шешіп, тәлім-тәрбие үшін тиімді әдіс қолдануы керек.

Қандай жағдай болмасын, тәлімгер мына ақиқатты өзіне дәстүр етіп алуы керек: **«Мәселесін шешіп берген адам – сіздікі».**

Адамдардың мәселелерін шеше білу оларды жетік тануға байланысты.

Хазіреті Пайғамбарымызға келген әр сахаба жан дүниесіне қарай Онан рухани азық алып, өз мәселесін шешетін. Бұдан мынаны түсінеміз:

Тәлімгердің рухани байлығы қаншалықты

«Барлығың шопансыңдар және барлығың баққандарыңнан сұраласыңдар... Еркек жанұясының шопаны және сол отарынан сұралады. Әйел күйеуінің үйінің шопаны және сол отарынан сұралады»

(Бұхари, уасая 9; Мүслим, имара 20).

мол болса, одан әркім өз түсінігіне қарай пайдалана алады. Сондықтан Хазіреті Мәуләнәнің мына ескертуін ұмытпауымыз керек:

«Қаншалықты білгір болсаң да, айтатын сөздерің мен білімің сені тыңдағандар түсіне алатындай болмақ». Яғни, тәлімгер тыңдаушыларының түсінік деңгейіне қарай әдіс қолдануы керек. Түсінік деңгейі төмен адамдарға жоғары деңгейдегі ақиқаттарды түсіндіруге тырысу – бекерге шаршап-шалдығу әрі ол ақиқаттардың ысырап етілуі деген сөз. Бұл туралы «тұтынушысы болмаған зат – зиян» деген қанатты сөзді жадымыздан шығармауымыз керек. Сонымен қатар бұған қарама-қайшы жағдай болуы да мүмкін. Яғни, тәлімгердің рухани байлығы қанша мол болса да, оны жеткізу қабілеті әлсіз болса, ынталы оқушының уақытын да, күшін де босқа жұмсаған боламыз. Негізінен оқушының деңгейі берілетін мәліметті қабылдай алатын деңгейде болуы тиіс. Өйткені Аллаһ Елшісі r Абдұллаһ ибн Аббасқа V :

«Ей, Ибн Аббас! Адамдарға ақылдарына қонбайтын сөз айтпа. Олай істесең, бүлікке түсулеріне себеп боласың» деп, кеңес берген болатын (Дәйләми, V, 359).

«Көңіліңнің дертті болуын қаламасаң, дертті көңілдерді дерттерінен құтқар!».

(Шейх Сағди Ширази)

Хазіреті Омардың Мұаз бин Жәбәл, Ұбәдә бин Сәмит пен Әбуд-Дәрда үшеуін Құран мен діни үкімдерді үйрету үшін Шам қаласына жібергенде берген мына бұйрығы назар аударарлық:

«Насихат пен тәлімді Хұмыс қаласынан бастаңдар. Адамдардың түрлі қабілетті екенін көресіңдер. Кейбіреулері лезде ұғып алады. Мұндайларды кездестіріп, өз қарамақтарыңа алсаңдар, адамдардың бір бөлігін Құран үйренуге жіберіңдер. Хұмыста белгілі жетістікке қол жеткізгеннен кейін біреуің сонда қалыңдар, біреуің Шамға, біреуің Палестинаға барыңдар».

Хазіреті Пайғамбарымыз насихат жүргізу мақсатымен Құран оқығанда аят пен сүрелерді тыңдаушының жағдайына қарай таңдайтын.

Қысқасы, тәлімгер әр оқушының жанына әсер ете алатын тамыр тауып алуы керек. Оны таба алмаса, айтарлықтай нәтиже ала алмайды. Сондықтан тәлімгер тыңдаушыларының қабілеттеріне қарай түрлі әдістер қолдана білуі керек. Пайғамбарымызға түрлі рулардан, түрлі мәдениетті, түрлі деңгейдегі адамдар келетін. Аллаһ Елшісі олар түсіне алатындай деңгейде және мінездері мен қажеттіліктеріне қарай сөйлеп, сұрақтарына, жағдайларына сай жауап беретін. Мысалы, «Амалдардың ең абзалы қайсысы?» деген сұраққа, сұраушы мен заманына қарай:

«Қолыңдағы нығметтерді сау тұрғаныңда өз қолыңмен бер! Сен өлген соң бұлар қолыңнан кетеді, оларға ие болып қала алмайсың!.. Азығын о дүниеге өзі ала барған адам үлкен табыспен барған болады. Өйткені арқаңды сенің орныңа ол жақта біреу қасып бермейді, өз тырнағыңмен қасисың.

> *«Баланың әкесіне қатысты хақыларының бірі — жақсы есім қоюы, уақыты жеткенде үйлендіруі және оған жазуды үйретуі»*
> *(Әли әл-Мүттақи XVI, 412).*

Босағаңа бір ғаріп жан келсе, қолын бос қайтара көрме! Бәлкім, Аллаһ сақтасын, бір күні сен де ғаріп болып, аула кезіп қайыр сұрап кетерсің. Бүгін қайыр тіленіп біреудің есігіне баруға мәжбүр болмағанының шүкіршілігі ретінде сенің есігіңе келгендерге пейіліңді тарылтпа!».

«Аллаһқа иман ету, Аллаһ жолында күресу және қабыл болатын қажылық жасау!» (Бұхари, Хаж, 4).

«Аллаһты еске алу!» (Муатта, Құран, 24).

«Аллаһ үшін сүю!» (Әбу Дәуіт, Сүннет, 2).

«Намаз!» (Ибн Мәжә, Тахарат, 4).

«Әке-шешеге қызмет ету!» (Ибн Әсир, Үсдул-Ғабә, IV, 330).

«Һижрат!» (Нәсәи, Бәй'ат, 14) деген сияқты түрлі жауаптар беріп, әрқайсысына өзі үшін ең лайықты амалмен кеңес беріп отыратын. Өйткені Хазіреті Пайғамбарымыз r тыңдаушысының қажеттілігін, мүмкіндігі мен жағдайын анық белгілеп, істелетін іс-шараның жолын көрсетіп беретін.

«– Садақаның ең абзалы қайсысы?» деп сұраған кедей Әбу Һурайраға:

«– Кедейдің күш-қуатымен адамдарға жәрдем етуі» (Әбу Дәуіт, Зекет, 40) десе, дәл солай сұраған бір рудың басшысы Сағд ибн Ұбәдәға:

«Құдық қаздырып, су шығару» деп жауап берген болатын (Әбу Дәуіт, Зекет, 41).

Біреу Хазіреті Пайғамбарымызға r :

«Маған насихат айт» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«لَا تَغْضَبْ / *Ашуланба!*» дейді. Адам бірнеше рет насихат айт деп қайталайды. Пайғамбарымз әр жолы «Ашуланба!» дейді (Бұхари, Әдеп, 76). Демек, Аллаһ Елшісі r бұл адамның ең үлкен кемшілігінің ашушақтық екенін анықтаған.

Ұқбә бин Амр t Хазіреті Пайғамбарымызға r :

«О, Аллаһ Елшісі! Қалай құтылуға болады?» деп сұрағанда, Аллаһ Елшісі r (оның рухани күйі мен қажеттілігіне қарап):

«Тіліңе ие бол, (алауыздық айналаны қоршап алғанда) үйіңді панала, күнәларың үшін көп жыла» деген болатын (Термези, Зуһд, 61). Демек, ұстаз әр шәкіртінің кемшілігін біліп, оны жоюға тырысуы керек.

ДЕҢГЕЙДІ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ СОҒАН ҚАРАЙ МӘМІЛЕ ЖАСАУ

Тәлім-тәрбие ісінде деңгейді анықтау үшін көп жұмыстар жасалуы

***«Қолыңды мойныңа байлап алма** (сараңдық істеме)**, оны бүкілдей ашып та жіберме** (ысырап та қылма)**! Әйтсең** (таршылықта қалып)**, сөгіс пен өкініште отырып қаласың»** (Исра, 29).*



керек. Бұл анықтама нәтижесінде деңгейі төмен оқушыларға жылы шырай танытып, арнайы сабақтар өткізу керек. Деңгейі жоғары оқушыларға да арнайы сабақтар мен жұмыс істеп, көбірек жетілулері үшін тырысу керек. Өйткені барлығын бір жерге жинап берілетін тәлім-тәрбиеде орташа деңгейдегілердің жалығуы, ал төмен деңгейдегілердің түк түсінбей қалулары мүмкін. Сондықтан әрқайсысына жеке мән беріп, арнайы көңіл бөліп отыру керек.

«Күйеуі өзінен разы болып дүниеден қайтқан әйел Жәннатқа кіреді»

(Термези, радағ 10/1161; Ибн Мәжә, неке 4).

Тыңдаушыларының хал-жағдайын намазбен өлшейтін мумин парасаттылығына мысал ретінде Әбул-Алияның t былай дегенін келтірейік:

«Біз хадис естіп, үйрену үшін бір адамның жанына барып, оның намаз оқығанына қарайтынбыз. Егер намазын жақсы оқыса, «ол басқа істерін де тиянақты орындайды» деп, жанына отыра кететін едік. Намазын нашар оқыса, «ол басқа істерін де ретсіз орындайды» деп, жанынан кетіп қалатынбыз» (Дәрімі, Мұқаддимә, 38/ 429).



КӨҢІЛ-КҮЙІН ТҮСІНУ

Тәлім-тәрбиеші тыңдаушысының көңіл-күйін жүзінен танитындай ерекше қасиетке ие болуы керек.

Тыңдаушыларының күйзелісін, дерттерін білмей, үнемі оған бір нәрселер үйретуге тырысу оңды нәтиже бермейді. Өйткені адамның көңілі күйзеліс пен абыржуда болады.

Мәлік ибн Хуәйрис айтады:

Бір-бірімізге құрдас бес-он адаммен Хазіреті Пайғамбарымыздың r жанында жиырма күн болдық. Хазіреті Пайғамбарымыз r аса мейірімді және жұмсақ адам болатын. Жанұяларымызды сағынғанымызды сезгенде, артымызда кімдерді тастап кеткендерімізді сұрайтын. Біз айтатынбыз. Бұған Ол:

«Жанұяларыңның жанына оралыңдар, жанында болыңдар. Оларға қажетті мәліметтерді үйретіңдер, айтылатын нәрселерді айтыңдар» дейтін (Бұхари, Азан, 18).

Бұл мысалда келтірілгендей, тәлімгер міндетті түрде оқушының жеке басына, жанұялық жағдайына, денсаулығына байланысты мүшкілін білуі керек және оны шешуге тырысуы керек. Бұл мәміленің тәлім-тәрбиеде пайдасы мол болады. Өйткені «мәселесін шешіп берген адам – сіздікі» деген шындықты ұмытпау керек.

Хазіреті Осман былай дейді:

«Егер сен өз жаныңның қамын ойлаудан ғапыл болып, өзің үшін дайындық жасамасаң, әлбетте, сенің орныңа басқа біреу әзірлік жасамайды. Аллаһтың алдына сөзсіз баратыныңды ұмытпа және ол үшін өз жаныңның азығын дайындап ал. Бұл істі басқаға артамын деп ойлаушы болма!».

БАЛАМЕН БАЛА БОЛА БІЛУ

Әнәс бин Мәлік ﷺ былай дейді:

«Нәби ﷺ бізге үнемі былай деп айтатын:

«Аманаты (сенімділігі) жоқ адамның иманы да жоқ. Уәдесіне берік болмаған адамның діні жоқ!».

(Ахмет III, 135, 154)

Тәлімгер тыңдаушысына әсер ететін тамыр таба білуі керек. Жан дүниесіне кіретін жол таба білуі керек. Тәлімгер өз салмақтылығына нұқсан келтірмейтіндей шынайылықпен баламен бала болуды да білуі керек. Олардың ойнайтын ойындарымен, әзілдермен ішкі дүниесіне кіріп, оларды баурап алуы керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұл мәселеде тамаша мысалдар паш еткен:

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз мешіттен шығып, үйіне бара жатқанда, балалар алдынан шығып:

«Хасан мен Хұсайнға бергеніңдей, біздерге де бір нәрсе бермесең, сені жібермейміз!» дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Біләлға:

«Үйге бар, тапқаныңды алып кел, өзімді бұл балалардан сатып алайын!» дейді.

Біләл барып, сегіз шақты жаңғақ алып келеді. Хазіреті Пайғамбарымыз сол жаңғақтармен өзін балалардан сатып алады. Кейін:

«Бауырым Юсуфты (өз бауырлары) құнсыз бағаға сатқан еді. Міне, (балалар) мені сегіз жаңғаққа сатты!» деп, әсем әзілдейді.

Әнәс t былай дейді: Пайғамбарымыз r мінез-құлық жағынан адамдардың ең көркемі болатын. Менің Әбу Ұмәйр есімді бауырым бар еді. Пайғамбарымыз бізге келгенде:

«Ей, Әбу Ұмәйр! Нұғәйр не істеді!» дейтін.

«Нұғәйр» бауырымның ойнап жүрген құсы болатын (Бұхари, Әдеп, 112).

Хазіреті Пайғамбарымыз r осылай қатынас құрып, балаларға діни құндылықтарды үйрететін.

Әнәс t сөзін жалғап, былай дейді:

«Кейде Пайғамбарымыз r біздің үйде болғанда намаз уақыты кіргенде дереу астындағы төсеніштің сыпырылып, үстіне су себілуін әмір ететін. Сосын намазға тұрып, біз артында сап түзейтінбіз. Сөйтіп, бізге намаз оқытатын».

«Мүминдер арасында Аллаһқа берген сөзіне берік болған қаншама ерлер бар. Олардың кейбірі уәдесін орындап, сол жолда жанын берді, ал кейбірі уақытын күтуде. Олар өз серттерін әсте өзгерткен емес».(Ахзаб 23)

ҚАБІЛЕТТЕРДІ ТАУЫП ДАМЫТУ

Тәлім – өндіріс салу ісі сияқты іс. Сондықтан тәлімгер қаржысын жемісін көбірек алатын алаңда қолдануға күш салуы керек. Қой отарының

ішінде қошқарлар қалай белгілі болса, тәлімгер де топ ішінен қабілетілерді оңай таңдай білуі керек. Қабілеттілерге ерекше мәміле жасап, оларға дамулары үшін мүмкіндік беруі керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r ғылыми және рухани жағынан қабілетті Суффа шәкірттеріне көп көңіл бөлетін. Бұл ерекше мәміле арқылы Суффа шәкірттерінің жігерлі жастары қатты дамыды.

Абдұллаһ ибн Мәсғуд Хазіреті Пайғамбарымыздың рухани тәрбиесі арқылы жеткен рухани күйін былай жеткізген:

«Аллаһ Елшісі бізді тәрбиелеп, жеткізген деңгейі сонша жоғары, жеген тамағымыздың зікірін еститінбіз» (Бұхари, Мәнәқиб, 25).

Нендей үлкен ғашықтық, нендей үлкен ынта десеңіз ше!...

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Нағыз балуан дегенің күресте қарсыласын жеңген адам емес, нағыз балуан ашуланған кезінде ызасын жеңген адам», деген.

(Бұхари, әдеп, 76)

Хазіреті Әнастің айтқанына қарағанда Әбу Талха бір күні Хазіреті Пайғамбарымыздың жанына барған екен. Хазіреті Пайғамбарымыздың түрегеп тұрып, Суффа шәкірттеріне Құран үйретіп жатқанын көреді. Аллаһ Елшісі аш

болғандықтан екі бүктеліп қалған белін тік ұстау үшін қарнына тас байлап алған екен.

Хазіреті Пайғамбарымыз бен сахабаларының ең маңызды ісі – Аллаһтың Кітабын үйреніп-үйрету, түсініп-түсіндіру. Ең үлкен қалаулары – Құранды қайта-қайта оқып, тыңдау (Әбу Нуайм, Хилиятул-Әулия, Бейрут 1967, I, 342).

Нендей пидакештік!..

Әбу Һұрайра t көп хадис риуаят еткені үшін өзіне сын айтатындарға былай деп түсіндіретін:

«Мүһәжір бауырларымыз саудамен, Ансар бауырларымыз егістік пен құрмаларымен шұғылданып жүргенде мен кейде аш, кейде тоқ Хазіреті Пайғамбарымыздың жанында болдым. Олар көрмеген қанша нәрсеге куә болдым және олар жаттамаған нәрселерін жаттап алдым» (Бұхари, Илм, 42).

Тәлімгер шәкіртінің шынар қабілетінен сол шынарды шығаруға жауапты. Тіпті, кішкентай ағаштай қабілетке ие болса да, оны дамытуы керек. Тәлімгерлер қабілеттерді анықтауда мұқият болуы тиіс. Себептердің түрлеріне қарай әрекет жасап, негізінде қабілетті адамды қабілетсіз деп бағалап, оларды шеттетуге болмайды. Хазіреті Пайғамбарымыз бәдәуидің жұмсақ тілімен жасаған дұғасын біліп, оны жанына шақырып, сый жасауы бұл тақырыптағы маңызды мысал болып табылады (Һәйсәми, X, 157-158).

Расулұллаһ ﷺ былай дейді: «Сендерден бұрынғы үмметтердің бірінен бір кісі есепке тартылды. Оның қанжығасында ешқандай жасаған қайырлы ісі табылмады. Бірақ бұл адам адамдармен жақсы араласатын бай кісі екен. Қызметшісіне тарыққан пақырлардың қарыздарын кешіре салуын бұйырады екен. Әзиз және Жәлил Аллаһ: «Біз кешіруге одан да лайықтымыз, оның күнәларын жабыңдар!», деп бұйырды».

(Мүслим, мусақат 30)

БЕЙІМДЕРДІ ЖАҚСЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАУ

Әр адамда түрлі бейімділіктер бар. Бұлар өз басына нөл, яғни не оңды немесе оңсыз болып табылады. Бірақ дұрыс бағытталған жағдайда пайдалы немесе зиянды кейіпке айналады. Олай болса, тәлімгер тыңдаушысының бейімдерін анықтап, оларды нәпсіге бағынудан руханиятқа айналдыра білуі керек. Мысалы, үйренуге қабілетті адамды тақуалықпен ғылымға жетелеп, Аллаһтың аяттарын аз ақыға ауыстыратын бос және жарамсыз білім адамы болудан сақтандыруы керек.

«Олар ұятты жерлерін қорғайтындар. Тек жұбайлары немесе меншіктілері болса, оларға сөгіс жоқ. Сонда кім бұлардан басқаны іздесе, міне, солар шектен шығушылар» (Мұминун 5-7).

Аллаһ жолындағы жиһад үшін көрсетілген батылдық жақсылық болып табылады. Сондай-ақ тәкаппарлық мүмин бауырына жасалса, жамандық болады, Аллаһ дұшпандарына жасалса, пайдалы болып шыға келеді. Мына оқиға Хазіреті Пайғамбарымыздың бейімдерді жақсы жаққа бағыттауына тамаша үлгі болып табылады:

Ұхұдта шайқас қызу жүріп жатқан кезде Хазіреті Пайғамбарымыз r қолына қылыш алып:

«Бұны менен кім алады?» деп сұрады. Сахабалар:

«Мен, мен!» деп, оны алу үшін қолдарын созды.

Аллаһ Елшісі r :

«Бұл қылыштың ақысын кім бере алады?»

дегенде, олар оны алудан тартыншақтады. Ансарлық Әбу Дужәнә түрегеліп:

«Мен оның ақысын бере аламын, ей, Аллаһ Елшісі!» – деді (Муслим, Фазайлус-Сахаба, 128). Әбу Дужәнә қылышты алғанда:

«Бұның ақысы не, ей, Аллаһ Елшісі!» – деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Оның ақысы – иіліп-бүгіліп қалғанша дұшпанмен шайқасу...» – дейді. Әбу Дужәнә қылышты алды. Қызыл сәлдесін шешіп, басына орап алды да, Ислам әскері мен мүшрік әскері арасында кеудесін кере отырып, екпінді, ары-бері жүре бастады. Хазіреті Пайғамбарымыз оның мақтанып, тәкаппарланып жүргенін көріп:

«Бұл сондай нашар жүріс. Шайқас кезінен басқа кезде мұндай жүріске (нәпсіге тән жүріске) Аллаһ ашуланады!» деді (Ибн Хишам, III, 11-12).

«Әділет деген не? Әділдік дегенің жеміс ағаштарын суару. Зұлымдық деген не? Тікендерді суару. Әділетті білмейтін адам қасқырдың бөлтірігін емізіп жүрген ешкіге ұқсайды. (Өзі асырап өсірген залым күндердің күні өзін талап тастайды)». (Хазіреті Мәуләнә)

3) ІС-ЖҮЗІНДЕ ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП, ҮЙРЕТУ



Аллаһ Елшісі r бұйырған ісін алдымен өзі орындайтын. Бұл Оның ең маңызды, ең үлкен тәлім әдісі

әрі Оның дінде қанша адал екенінің нағыз дәлелі болып табылады. Бір нәрсеге тыйым салса, онан алдымен өзі аулақ болатын. Насихат айтып, алдымен өзі сол насихатынан үлес алған, адамдарды Аллаһтың азабымен қорқытып, ең бірінші өзі қорқатын, Аллаһтың рахымына үміттендіріп, үміттенушілердің басында өзі болатын...

Істі өзі орындап үйрету... Орындап, үлгі болу жай ғана құрғақ айтудан көп әсер етеді. Бүгінгі күнде тәлім алаңында осы пайғамбарлық әдіске өте мұқтажбыз.

«Ұят пен иман бірге болады. Біреуі кеткен жерден екіншісі де кетеді!»
(Табарани, әл-Муғжәмул-Әусат,VIII, 174)

ПІКІР МЕН КІТАП БЕТТЕРІНДЕ ҚАЛЫП ҚОЙМАУ

Іс-жүзіндегі тәлімнің ең үлкен пайдасы – үйретілген жайттардың тек пікірде, жай ғана ауызша айтылып қоймауын қамтамасыз ету. Әсіресе, діни тәлім-тәрбиеде тәлімгер міндетті түрде теориямен ғана шектеліп қалмауы керек. Исламның әсемдігін іс-әрекетпен көрсетуі керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r өз өмірінің үлгісімен Исламды керемет насихаттап, түрлі әдіс-тәсілдермен тәрбиелеген сахабаларын іс-жүзінде

«Ризығының артуы мен ұзақ ғұмыр сүруді қалаған адам туыстық қатынастарын жалғасын!»

(Бұхари, әдеп 12; Бұю 13; Мүслим, Бирр 20, 21).

алдымен өздері орындай отырып үйретулерін, сөйтіп, шынайы көңілдерімен Исламның жылы шырайын көрсетулерін қамтамасыз еткен.

Бәдір шайқасында тұтқынға алынған Құрайштық мүшріктердің Мәдиналық балаларға оқу-жазу үйретулеріне шешім шығарылған болатын. Сонда балаларды бір жерге жинап, сабақ бермей, мүшріктер сахабалардың үйлеріне жіберілді. Өстіп, мүшрік адамдар мұсылман адамдардың өмірін көрді. Сонда олардың көбісі Ислам дінін қабылдап, ерекше абыройға бөленді.

Мұсаб бин Ұмәйрдың бауыры Әбу Әзиз мына өнегелі оқиғаны жеткізген:

«Бәдір шайқасында мен де тұтқынға түсіп, Ансарлықтар тобына берілген болатынмын. Аллаһ Елшісі r:

«Тұтқындарға жақсы мәміле жасаңдар!» – деді. Мен жандарында болған Ансар тобы Пайғамбарымыздың бұл әмірін орындау үшін күнделікті үлестеріне түскен нандарын маған беріп, өздері тек құрмамен шектелетін. Мен ұялатынмын. Нанды олардың біреуіне беретінмін, ол ештеңеге тимей,

Хазіреті Пайғамбар:

«Кім маған екі жағы мен екі аяғының арасындағысын қорғайтынына уәде берсе, мен оған Жәннатты уәде етемін!», — деген болатын

(Бұхари, рикақ 23).

маған өзіме қайтарып беретін» (Һәйсәми, VI, 86; Ибн Хишам, II, 288).

Хазіреті Пайғамбарымыз r Мәдинаға келген елшілерді мұсылмандардың үйлеріне орналастырып, Ислами өмір салтын өз көздерімен көрулерін қамтамасыз ететін. Өйткені Ислам қандай тамаша әсерлі тілмен түсіндірілсе де, өмірдегі қолданысының орнын баса алмайды.

Хазіреті Әнәс t айтқан: «Пайғамбарымыз мұһәжірлер мен ансарлықтардың намаз қалай оқылатынын өзінен тікелей көріп үйренсін деп, намазға тура өзінің артында тұруларын қалайтын» (Ибн Мәжә, Саләт, 44).

Қазіргі таңда Құран курстарының мұғалімдері оқушыларымен бірге намаз оқулары керек. Дәреттің парыздарын, сүннеттерін санаумен ғана шектелмей, құманды өзі алып, түсіндіруі керек. Негізінде, зейінде қалатын да, әсерлі үйрету жолы да осы. Тек намазда ғана емес, қарым-қатынастар мен мінез-құлық та осылай үйретілуі керек.

«Кел, ұлым-қызым, мұнда бір кедей тұрады. Оған тағамды бірге апарып берейік. Кел, сенімен бірге науқастың көңілін сұрап, дұғасын алып қайтайық» деу керек. Осылай үйретілген жайттар ешқашан ақылдан да, көңілден де шықпайды.

«Ұялу — иманнан және ұяты бар адам Жәннаттық. Ал ұялмау жүректің қаттылығынан. Жүрегі қаттылар Жәһаннамда болады!..» (Бұхари, Иман, 16).

ІС ЖҮЗІНДЕГІ ҮЛГІ-ӨНЕГЕ

Адам баласының өз іс-әрекеттерінде сүйенетін өлшемдерге, үлгі тұтатын тұлғаға мұқтаждығы бар. Хазіреті Пайғамбарымыз қияметке дейін барша адам баласы үшін іс-әрекет тұрғысында нағыз үлгі болып табылады.

Сондықтан Ол r:

«Намазды менен көргендеріңдей оқыңдар!» дейтін (Бұхари, Азан, 18).

Бір бәдәуи Хазіреті Пайғамбарымызға келіп, Одан дәреттің қалай алынатынын сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз дене мүшелерін үш реттен жуып түсіндірді де, кейін былай деді:

«Дәрет, міне, осылай алынады. Кімде-кім бұнан артық әрекет жасаса, жаман іс істеген, шектен шыққан және зұлымдық жасаған болады» (Нәсәй, Тахарат, 105).

Сәһл бин Сағд t айтады:

Хазіреті Пайғамбарымыз мінбер үстінде тұрып, қыбылаға бұрылды. Тәкбір (Аллаһу Әкбәр деп) айтты,

Хазіреті Омар ❁ былай дейді:

«Жаман істің ең жасырын куәсі ар-ожданымыз».

Ар-ожданымыз адамдығымыздың дәрежесін көрсетеді.

Еркектер мен әйелдер арасында қарым-қатынастар ұят, ізеттілік, әдеп пен көркем тәрбиеге негізделуі керек. Ер мен әйел арасында шариғатқа қайшы қарым-қатынастар көбіне ұрлана қараумен басталады.

адамдар да орнынан тұрып, артында намазға тұрды... Намазды бітірген кезде адамдарға қарады да:

«Ей, адамдар! Маған бағынуларың үшін және қалай намаз оқығанымды үйреніп алуларың үшін осылай істедім» деді (Бұхари, Саләт, 18; Мүслим, Мәсәжид, 44).

Қажылық жасаған кезінде мұсылмандардың Оның жасағандарын көріп, емін-еркін үйреніп алулары үшін бірнеше рүкіндерді түйе үстінде орындаған және:

«Ей, адамдар! Қажылық шараларын қалай орындау керек екенін менен үйреніңдер. Білмеймін, бәлкім, осы жылдан кейін қажылық жасай алмаспын» деген (Ахмет, III, 318; Мүслим, Хаж, 310).

Осылай келешекте қарттар мен күші жетпегендердің арбамен тауаф етуіне болатындығын көрсеткен болды.

Өмірімізідің әр сәтін Хазіреті Пайғамбарымыздың r күйімен таразылауымыз қажет. Оның осы ерекшелігін үлгі тұтып, біз де оқушыларымыз бен балаларымыз үшін әсем үлгі болуға тырысуымыз керек.

> *«Туыстарымен қатынасын үзген адам Жәннатқа кіре алмайды»*
>
> *(Бұхари, әдеп 11; Муслим, Бирр 18, 19).*

САХАБАЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІ БӘРІН ІСКЕ АСЫРЫП ҮЙРЕТКЕН

«Мойны бардың мойнын қылыш шабады... Көлеңке жерге төселгендіктен ешбір қылыш соққысы оны жаралай алмайды».

Қадірменді сахабалар Аллаһ Елшісіне еру арқылы тәлім-тәрбиені орындай отырып, үйретуге де аса мән беретін. Мысалы, Әбу Мәлік әл-Әшғари t руын жинады да:

«Ей, Әшғарилар! Жиналыңдар, әйелдерің мен бала-шағаларыңды да жинаңдар. Бізге Мәдинада намаз оқытқан Пайғамбарымыздың намазын сендерге үйретейін» деді. Бұл сөзге руының барлығы жиналды, әйелдері мен бала-шағалары да жиналды. Әбу Мәлік дәрет алып, дәреттің қалай алынатынын оларға көрсетті. Дәретте жуылатын дене мүшелерін сумен жуды. Түс ауған соң бесін намазы үшін тұрды, азан оқыды, еркектерді алдыңғы сапқа орналастырды, олардан кейін балиғат жасына толмаған ер балаларды тұрғызды. Ер балалардан кейін әйелдерді тұрғызды. Кейін намаз үшін

«Құл сияқты кішіпейіл бол да, ат сияқты жерде жүр. Иықтарда жүрген табыт сияқты жоғарылауға тырыспа. Нәпсі өте көп мақтану себебінен Перғауындай болды. Сен тек қарапайым, көңілді бол, (қаншалықты ұлы болсаң да) ұлықтық көрсетпе!»

қамат айтып алға шықты... Шарттарына сай намаз оқытты. Намазды аяқтап, еліне бұрылды да, былай деді:

«Намаздағы мына тәкбірлерімді жаттап алыңдар. Рүкуғ пен сәждемді үйреніп алыңдар. Өйткені, бұл осы уақытта бізге намаз оқытқан Аллаһ Елшісінің күндізгі намазы...» (Ахмет, V, 343).

4) КЕЗ КЕЛГЕН МҮМКІНДІК ПЕН МҰРСАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Абдуррахман бин Әбу Бәкір былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыз r таң намазын оқығаннан кейін сахабаларына бұрылып:

«Іштеріңде бүгін ауыз бекіткендерің бар ма?» деп сұрады.

Хазіреті Омар t :

«Уа, Расулаллаһ! Түнде ораза ұстайын деп ойламадым. Сондықтан қазір аузым берік емес» – дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір t :

«Түнде мен ораза тұтуды ойладым. Таңға аузымды бекітіп шықтым» – дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Іштеріңде бүгін науқастың көңіл-күйін сұрағандарың бар ма?» деді.

Хазіреті Омар t :

«Уа, Расулаллаһ! Енді ғана таң намазын оқыдық. Әлі орнымыздан да тұрмадық. Қашан науқастың көңіл-күйін сұрайық?» – деді.

Хазіреті Әбу Бәкір t :

«Естуімше, бауырым Абдұррахман ибн Ауф науқастанып қалыпты. Мешітке қарай шыққанымда: "Жағдайы қалай екен?" деп, жолдан оған да соға кеттім» – дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Іштеріңде бүгін кедейдің қарнын тойдырғандарың бар ма?» деп сұрайды.

Хазіреті Омар t :

«Уа, Расулаллаһ! Намазды енді ғана оқыдық, орнымыздан да тұрмадық?!» – дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір t :

«Кішіпейілділігіңмен сырт көзге қор болған сияқты көрінсең де, Аллаһ сенің көзіңе тура көру парасаттылығын сыйлайды. Бұдан кейін әр нәрсенің ақиқатын ашық көретін, "Аллаһым, бізге барлық нәрсенің ақиқатын көрсет!" хадисінің сырына қанық боласың».

«Мешітке кіргенімде мұқтаж екенін айтқан біреуді көрдім. Ұлым Абдұррахманның қолында бір үзім арпа наны бар еді. Дереу оны алып, кедейге бердім» – дейді.

«...Берген уәделеріңді де орындаңдар! Өйткені (әркім) берген сөзінен (қайткенде де) сұралады» (Исра, 34).

Бұған Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сені Жәннатпен сүйіншілеймін» – дейді.

Хазіреті Омар t терең күрсінеді де:

«Әттең, Жәннат!» – дейді. Пайғамбарымыз r Омарды жұбатып:

«Аллаһ Омарға мейірімін төксін, Аллаһ Омарға мейірімін төксін! Қай кезде жақсылық етем десе, міндетті түрде оны Әбу Бәкір озып кетеді» дейді (Һәйсәми, III, 163-164. Бұған қоса қараңыз: Әбу Дәуіт, Зекет, 36/ 1670; Хаким, I, 571/ 1501).

Хазіреті Пайғамбарымыз r таң намазы кезінде-ақ жеке, қоғамдық іс-шараларды сұрап, бір жағынан мына аңдатпаны беруді қалайды. «Қаласаң, бәрі де болады...»

Егер қалау болса, Аллаһ адам баласына аз уақыт ішінде-ақ қаншама

мүмкіндіктер бере алады. Сондықтан тәлімгер мүмкіндіктердің қолына түсуін күтіп жүрмеуі керек. Ол үнемі қызмет ету үшін ізденіс үстінде болуы керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Меккеде он үш жыл бойы адамдарға насихат айтып, тер төкті. «Келсін, түсіндірейін» демеді. Тас боранына көніп, Тайфқа барды. Қайтып келе жатқанда бір құлға жолықты, оған насихат етті. Бар мүмкіндіктерін қолданбай, ешқашан бос жібермейтін.

Түрлі шарттар мен оқиғалар кейбір түйіндерді беру үшін жақсы мүмкіндік болып табылады. Аллаһ Елшісі r бұл мүмкіндіктерді жақсы қолдана білген.

Омар ибн Хаттаб t былай дейді:

Бір жолы Аллаһ Елшісіне бір топ тұтқын алып келінді. Іштерінде баласына деген сағынышынан алдынан шыққан әр баланы құшақтап, кеудесіне басып емізген бір әйел болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз айналасындағыларға сол әйелді меңзеп:

«Бұл әйел баласын отқа тастайды деп сенесіңдер ме?» деп сұрайды.

«Әсте, тастамайды» – дедік. Бұған мейірімді Пайғамбар Мырзамыз r :

Әбу Мұса ﷺ *былай дейді:*

«О, Аллаһ Расулы! Мұсылмандардың ең мәртебелісі кімдер болады?», деп сұрадым.

«Тілі мен қолынан өзге мұсылмандар жәбір көрмейтін адам», деп жауап берді.

(Бұхари, иман 4,5).

«Міне, Аллаһтың құлдарына деген мейірімі осы әйелдің баласына деген мейірімінен де артық» деді (Бұхари, Әдеп, 18; Мүслим, Тәубе, 22).

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз r Әбу Һурайраның ағаш отырғызып жатқанын көреді:

«Әбу Һурайра, не отырғызып жатырсың?» деп сұрайды. Ол:

«Өзім үшін бір көшет отырғызып жатырмын» деп жауап береді. Аллаһ Елшісі r :

«Саған бұдан да қайырлы көшетті айтып берейін бе?» деп сұрады. Әбу Һурайра:

«Иә, о, Аллаһ Елшісі!» деді де, не айтар екен деп, тамсана қарап тұрды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

سُبْحَانَ اللّٰهِ وَالْحَمْدُ لِلّٰهِ وَلَا اِلٰهَ اِلَّا اللّٰهُ وَاللّٰهُ أَكْبَرُ

«"Субхәналлаһи, уәл-Хамду лилләһи, уәлә иләһә илләллаһу уаллаһу әкбәр" де! Бұл сөздердің әрқайсысы үшін Жәннатта сен үшін бір ағаш отырғызылады» – дейді (Ибн Мәжә, Әдеп, 56).

Хазіреті Пайғамбарымыз қайтыс болар сәтінде де намаз бен құл ақысы мәселесінде насихат етіп кеткен (Бәйхәқи, Шуаб, VII, 477).

Аллаһ достары адамдарды тәрбиелеу үшін өмірде іске асып жатқан түрлі оқиғаларды жақсы сараптай біледі.

Хазіреті Омар ؓ айтады:

«Күш көрсетпей мықты, әлсіздік көрсетпестен жұмсақ бол!». Өйткені қаттылық шектен асса, кек тудырады. Тым жұмсақ, босаң болу да абыройдан жұрдай етеді. Табыс осы екеуінің арасынан тепе-теңдікті ұстай білумен мүмкін болады.

Хасан Басридің құлағына: «Пәлен адам сен жайында ғайбат сөз айтты» деген сөз жетсе, дереу бір табақ құрманы сол адамға жіберіп, ескерту жасап, һәм кешірім сұрағандай:

«Естігенімше, қол жеткізген сауаптарыңды менің амал дәптеріме аударған екенсің. Сондықтан сені сыймен марапаттағым келді. Сені лайықты түрде марапаттай алмады деп айыпқа бұйырма» деп, хабар жолдайтын (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 70-71).

Мүмкіндіктерді пайдаланудағы мән берілетін жайт – «Адамдардың қиналып тұрған кездерін өз пайдасына қолданған адам» жағдайына түспеу. Мысалы, миссионерлердің апатқа ұшыраған аймақтарға, кедейлерге ақшалай немесе басқаша жәрдем ету арқылы иман сатып алуға тырысулары пайдадан гөрі жиіркеніш тудырады. Мұсылман адам қиын жағдайға тап болған адамға шын жүректен жанашырлық пен мейірім қанатын жаяды. Қайырымдылығын парамен сатып алмайды, ондай нәрсе ұсынбайды. Ол тек адамгершілік тұрғыдан ғана жанашарылық

Хазіреті Омар ﷺ айтқан:

«Біреудің оқыған намазына, ұстаған оразасына ғана қарамаңдар. Сөйлегенде тура сөйлей ме, өзіне табысталған аманатқа берік бола ма, дүниеге араласқан кезінде халал мен харамға мұқиятты ма, соларға қараңдар!» (Бәйхаки, кубра VI, 288)

танытады. Түсінігі бар адам бұның өзі іс жүзінде мұсылмандықтың жанашырлық кеңістігін көрсетеді. Бірақ мұны саудаға салу, міндет ету – жағымсыз іс болып табылады.

5) БӘТЫЛҒА/ТЕРІС ІСТЕРГЕ ЖЕҢІЛ ҚАРАМАУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r аса кешірімді, мейірімді болған, бәріне түсінікпен қараған. Бірақ бұл жұмсақ мінезі, мейірімділігі сенім мен құлшылыққа, харамға қатысты істерде селқостыққа орын беруіне әсте рұқсат етпеген. Аллаһ сөзін әрқашан жоғары тұтатын.

Тайфта тұратын Сәқиф руының елшілері Хазіреті Пайғамбарымызбен келісім-шартқа отырып, сол кезде сол жердегі Лат пұтының үш жылдық мерзімге дейін құлатылмауын Хазіреті Пайғамбарымыздан талап еткен болатын. Хазіреті Пайғамбарымыз олардың бұл талаптарын қабылдамады. Сәқиф елшілері:

«Екі жыл кешіктір» – дейді. Аллаһ Елшісі қабылдамайды.

«Бір жыл кешіктір» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз бұған да келіспеді.

«Ұялу – иманнан және ұяты бар адам Жәннаттық. Ал ұялмау жүректің қаттылығынан. Жүрегі қаттылар Жәһан-намда болады!..»

(Бұхари, Иман, 16).

«Тайфқа барғаннан кейін бір айға дейін кешіктір» дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз пұтты жығу үшін уақыт кесіп-белгілеуге келіспейді.

Елшілердің пұтты жығып, құлату ісін кешіктірілуін талап етулері Сәқиф халқының кейбір беріліп кеткен адамдарынан сескенгендігінен еді. Олар руларын мұсылман болғанша Рабба (Лат) пұтының жығылуымен үрей мен қорқынышқа түсіруді лайықты деп есептемеген еді. Шаралары болмағандықтан пұттарын ең болмаса өз қолдарымен жығуға жауапты болмауларын сұрады. Аллаһ Елшісі ﷺ :

«Жарайды, мен оны жығуды сахабаларыма әмір етемін. Пұттарыңды өз қолдарыңмен жығуға сендерді міндеттемеймін» – деді (Ибн Хишам, IV, 197; Уәқиди, III, 967-968).

«...Құл басқалардың қателерін кешірген сайын Аллаһ да оның абыройын жоғарылата береді...»

(Мүслим, Бирр 69; Термези, Бирр 82).

БӘТЫЛ/ТЕРІС ІСТЕРГЕ ҮНСІЗ ҚАЛМАУ

Хазіреті Пайғамбарымыздың үнсіз күйі діни үкімді білдіреді. Өйткені Хазіреті Пайғамбарымыз қателік көргенде оған кедергі жасамай қалмайтын.

Иқрар – Хазіреті Пайғамбарымыздың алдында айтылған сөзді немесе

«Күллі аспан мен жерді, бұл екеуінің арасындағы нәрселерді тек хақ (бір мақсатпен, хикметпен) жараттық. Әрине, (қиямет) сағаты қалайда келеді. Міне, сондықтан сен (ей, Пайғамбарым!) әдірше оларға мұләйім мәміледе бол!» (Хижр, 85).

жасалған іс-әрекетті немесе Ол болмағанда айтылған және жасалған сөз бен әрекеттерді естігеннен кейін оларды жоққа шығармай, үнсіз қалуы. Бұл үнсіздік айтылған сөздер мен жасалған істердің мубах және жәиз екенін көрсетеді. Өйткені Пайғамбардың жаман және Ислам қабыл етпеген ісіне үнсіз қалуы ақылға қонымсыз жайт. Алайда, Хазіреті Пайғамбардың үнсіз қалып, ешнәрсе айтпаған ісін Ислам ғылымдарында "тақрири сүннет" дейді. Яғни, ол мақұлданған іс болып табылады.

Бұл мәселеде Хазіреті Пайғамбарымыздың балиғат жасына толмаған балалардың мешітте қысқа найзалармен ойнағандарына үндемеуін мысал етіп келтіре аламыз.

Сол сияқты Хазіреті Пайғамбарымыздың су болмағанда тәяммуммен намаз оқып, намазын бітіргеннен кейін су табылса да намазын қайта оқымаған адамға үндемеуін де мысал ретінде келтіре аламыз. Хазіреті Пайғамбарымыздың бұл іс-қимылдарға үндемеуі оларды мақұлдағанын білдіреді.

«Ақыры ол күні (*дүниеде пайдаланған* **) ныгметтерден әлбетте, сөзсіз, есепке тартылатын боласыңдар!»**
(Тәкәсур, 8).

Тәлім-тәрбиемен айналысатын адам тәрбиелеп жатқан адамдарының қателіктеріне тосқауыл болулары керек. Өйткені Әбу Әли əд-Дәққәқ:

«Ақиқатты айтатын күші бола тұра, үндемей қалған адам тілсіз шайтан сияқты» деген.

Бірақ, қателікті айтудың әдісін, өлшемі мен шегін жақсы білу керек. Ренжітпеуге, көңілін түсірмеуге мән берілуі керек.

«(Пайғамбарым!) **Сен** *(қиындықты емес)* **жеңілдік жолы — кешірім жолын ұстан,** *(адамдарды)* **жақсылыққа бұйыр, надандардан бет бұр** *(өз шегін білмейтіндердің сөзі мен ісіне қарсылық берме)***!»** *(А'раф, 199)*

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕ АЛЛАҺ ҮШІН ЫЗАЛАНУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r өмірде өзіне қатысты жайттарда өте кешірімшіл болған. Өзіне тән ақы тапталғанда, үнемі кешіретін.

Бірақ көпшіліктің ақысы тапталғанда, маңдайындағы тамыр көрініп, ол ақыны иелеріне тапсырмайынша, ашулы болатын.

Үмметі үшін иман еткен сияқты, харамдардан аулақ болу сияқты мәселелерде де қателік көргенде, жайттың қаншалықты жаман екенін байқату үшін ашуланып тұрып, ескерту жасайтын. Алайда,

«Өшін алуға күші жете тұра ашуын жеңе алатын адамды Аллаһ Тағала Қиямет күнінде бәрінің көз алдында шақырып алып, хор қыздары арасынан қалағанын таңдауға ерік береді» *(Әбу Дәуіт, әдеп 3/4777; Термези, Бирр 74, 48; Ибн Мәжә, Зуһд 18).*

Оның ашулануы да, ескертуі де мейірімінен туындап, үмметінің амандығы үшін болатын.

Әбу Һұрайра t айтады:

«Біз тағдыр жайында тартысып жатқанда Хазіреті Пайғамбарымыз келе қалды. Ашуланғаны сонша, жүзінде бейне бір ашудан пайда болған қызыл түсті анардың дәндері пайда болып қалғандай еді. Бізге:

"Осыған әмір етілдіңдер ме, әлде мен сендерге осы үшін жіберілдім бе? Біліп қойыңдар, сендерден бұрынғылар дін жайындағы тартыстары үшін пайғамбарларына күмәнді болғандары үшін жойылды" деп ескерту жасады» (Термези, Қадар, 1/ 2134; Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 10).

Хазіреті Пайғамбарымыздың r бұл ашуы сахабаларын үлкен қателіктен қорғап қалу мақсатында болған болатын.

Айша анамыз c айтады:

Хазіреті Пайғамбарымыз r шариғи рұқсатты пайдаланып, бір іс жасаған еді. Кейбіреулердің бұл істі істемей тұрғанын естігенде, қатты ашуланды да, адамдарға былай деп үн қатты:

«Аллаһ үшін айтыңдар! Кейбіреулер менің жасаған ісімді ұнатпай, одан аулақ тұр екен, бұл рас па? Аллаһқа ант ете айтайын! Мен

Аллаһты олардан жақсырақ танимын. Аллаһтан қорқынышым да олардың қорқынышынан көбірек» (Бұхари, Әдеп, 72; Мүслим, Фәдәил, 127, 128).

Хазіреті Омар құл ақысы мәселесінде өте сезімтал болатын.

Бір күні қазынаның қызметкері тазалық жасап жатты. Сол кезде бір дирһәм тауып алады да, Омардың ұлдарының біреуіне береді. Жағдай Халифаға айтылғанда, дереу қызметкерді шақырып, оған ренжіген кейіппен:

«Сен неге олай еттің? Сен қиямет күні мені бір дирһәм үшін Мұхаммед үмметімен дауластырып қоймақпысың?» деп ұрсады.

Негізінде, тәлімгерлер жылы шырай танытуға мән беріп, өте маңызды мәселелердің жамандығын сездірту үшін, нәпсі мен тәкаппарлықты араластырмай, әсте дөрекілік пен күш қолдануға бармай-ақ, кейде іс-әрекеттерін ашумен көрсету әдісін қолдануы керек.

«Күллі аспан мен жерді, бұл екеуінің арасындағы нәрселерді тек хақ *(бір мақсатпен, хикметпен)* **жараттық. Әрине,** *(қиямет)* **сағаты қалайда келеді. Міне, сондықтан сен** *(ей, Пайғамбарым!)* **әзірше оларға мүләйім мәміледе бол!»**

(Хижр, 85).

ҚАТЕЛІКТЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ТОСҚАУЫЛ БОЛУ

Аллаһ Елшісі r мемлекет басшысы ретінде пұттардың

жығылуына, Исламға қарсылық танытып жатқан руларға жасақтар жіберу сияқты маңызды шаралар қолданған.

Сонымен қатар сахабалар тәрбиесінде Оның тек сөзбен ғана ескерту жасаумен шектелмей, тікелей кірісу жолын ұстанғаны да байқалады. Аллаһ Елшісі r тәрбиелеп жатқан үмметі үшін әкелеріндей тырысып бағатын. Оның тәрбиесіне бағынушылықпен ерген сахабалары да жәһилия заманының бұзақылықтарынан құтылып, ізгілік мәдениетіне жету құштарлығымен Хазіреті Пайғамбарымыздың айтқандарына еш күмән келтірмей, мойынсұнатын. Хазіреті Пайғамбарымыз r тәрбиесіндегі сахабаларының теріс қылықтарына тосқауыл болатын. Мысалы, Аллаһ Елшісіне бір топ адам келді. Араларындағы бір адамды «Абдул-Хажар», яғни «Тастың құлы» деп шақырғанын естиді. Ол адамнан есімін сұрайды:

Әділет Иесі және әділеттің дәл өзі деген мағыналарға келетін «әл-Адл» – Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің бірі (Термези, дағауат 82/3507).

«Абдул-Хажар» дегенде:

«Жоқ, сен Абдұллаһсың!» – дейді (Бұхари, Әдәбул-Муфрәд, Хадис № 812).

Абдұллаһ ибн Аббастың айтуына қарағанда, Хазіреті Пайғамбарымыз бір адамның қолынан

алтын жүзік көреді. Оны дереу шешіп алып, лақтырып жібереді де:

«Біреуің оттан бір бөлік алып, қолына тағыпты!» – дейді. Пайғамбарымыз кетіп қалғанда, жанындағылар әлгі адамға:

«Жүзігіңді ал, оны басқа мақсатқа қолдан!» дейді. Ол:

«Жоқ, Аллаһқа ант етейін, әсте оны алмаймын. Өйткені оны Пайғамбар лақтырып тастады» дейді (Мүслим, Либәс, 52).

Әкенің баласының жағымысыз әрекеттеріне дереу тосқауыл болуы – табиғи нәрсе. Өйткені әке баласының тәрбиелі өсіп-өнуі мәселесінде бірінші деңгейдегі жауапкершілікке ие. Ал мұғалім-оқушы арасындағы қарым-қатынаста іс-жүзінде тосқауыл бола алатындай шынайылық пен мойынсұну, дұрыс мәміле қалыптаспаған жағдайда сөзбен ғана ескерту жасаумен шектелгені дұрыс болады.

БӘТЫЛ/ТЕРІС ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖОЮДАН БАСТАУ

Ислам иләһи үкімдерді белгілеп, заңдастыру әдісінде алдымен бәтылды/терісті жойып, сосын хақ пен ақиқатты орнатады. Тәухид кәлимәсінің мағынасы да осындай.

Хазіреті Омар былай дейді:

«Көрмеген адамдарымның ішінен маған ең жағымдысы есімі жақсы болғандар. Көргендерімнің арасынан маған ең ұнамдысы ахлағы жақсылар. Ал сынап көргендерімнің арасынан маған ең сүйікті жандар сөйлегенде тура сөйлейтіндер».

Бераа ﷺ Пайғамбарымыздың ﷺ батырлығы жайында былай дейді:

«Уаллаһи біз соғыс қызған шақта Расулуллаһтың ﷺ арқасына өтіп кетер едік. Аллаһ Расулымен бір қатарда тұруға шыдайтындар арамыздағы ең батылдар саналатын»

(Мүслим, жиһад, 79)

«Лә иләһә» сөзімен жүректен бәтыл/теріс сенімдер шығып, **«иллаллаһ»** сөзімен Аллаһтың ұлылық пен жамалдық көріністері сол жүректен орын алуы керек. Сондықтан иман мәселесінде Хазіреті Пайғамбарымыз ешқашан селқостық танытпаған. Сәқиф руының пұттарын жығуды кешіктіру ұсынысынан үзілді-кесілді бас тартқан деп айтып кетік (Ибн Хишам, IV, 197; Уәқиди, III, 967-968). Өйткені Ислам тәухидті әмір етеді. Ал тәухид ортақтастықты қабылдамайды. Өйткені ортақтастық әлсіздікті білдіреді. Аллаһ – дара... Оның «Мұхәләфәтүн лил Хауадис» сипаты білдіретіндей жаратылғандарға ұқсамайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз жәһилия қоғамының бұзақылықтарын тамырымен жоюға тырысқан. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыздың ұлы Ибраһим қайтыс болған күні күн тұтылған еді. Кейбір сахабалар:

«Пайғамбарымыздың ұлы Ибраһим қайтыс болғандықтан күн тұтылды» – деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларының бұл пікірлерін құптамай:

«Күн де, ай да біреудің өлімі немесе дүниеге келгендіктен тұтылмайды. Олар Аллаһтың бар екенін көрсететін белгілер» – дейді (Мүслим, Кусуф, 29).

Хазіреті Пайғамбарымыз r туралаған қате сенімдердің бірі көмескі жағдайлардың кей адамдар тарапынан біліне алатындығы нанымы болатын. Хазіреті Айша анамыз былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыз кейбір адамдар балгерлердің ісі туралы сұрағанда:

«Айтқандарының негізі жоқ» – деген. Олар:

«О, Аллаһ Елшісі! Бірақ олардың болашақ туралы болжаған кей хабарлары айтқандарындай болады ғой» – деді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деп жауап қайтарды:

«Олардың мұндай хабарлары (ол іске міндеттелген періштенің аян еткен) ақиқаттарынан. Жын оны періштелерден алып, балгер досының құлағына сыбырлайды. Олар ақиқатқа мың жалған қосып (халыққа ұсынады)» (Бұхари, Тиб, 46; Мүслим, Сәлем, 122, 123).

Хазіреті Ибраһим жұлдыздарға табынатын үмметінің жүрегіндегі жамандықты жою үшін:

«Мен осылай өшетін нәрсені (тәңір ретінде) **қабылдамаймын»** – дейді (Әнʼам сүресі, 76-аят).

«Пайғамбарымыздың соңғы өсиеттерінің бірі мынау болатын:

«Намазға абай болыңдар, қалай да намазға бекем болыңдар! Қол астыларыңдағы адамдардың ақысына абай болыңдар!».

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыздың алдына бір топ адам келді. Ансарлық бір адам тұрып:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Бұлар Сәғләбә ұлдары. Жәһилия заманында пәленшені өлтірген. Өшімізді осылардан алып бер!» дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r қолдарын сәл жоғары көтерді де:

«Байқаңдар! Балалар әкелерінің қылмыстары үшін өлтірілмейді!» – деді (Дәрәқутни, III, 45/ 186; Хәким, II, 668/ 4219; Ибн Хиббән, Сахих, XIV, 517/ 6562).

Сондықтан бүгінгі күнде тәлімгерлер теріс нанымдарға, қателіктерге, иманды бұзатын жүрекке тән иілімдерге қарсы нақты қадам басулары керек. Қателіктер оқушының дамуына кедергі болады. «Мен жаттай алмаймын» деп көндігіп қалған жасөспірімнің жүрегін бұл теріс сенімнен тазартпайынша, жаттай алмайды. Және де уәсуәсә/ күмәнға салынған оқушы құлшылық ләззатын тата алмайды.

«Ей, адамдар! Жер бетіндегілердің халал (алал), пәк болғандарын жеңдер. Шайтанның ізін баспаңдар. Өйткені, ол сендердің қас (белгілі) жауларың.!» *(Бақара, 168).*

$

БАСҚА ШЕШІМ ҰСЫНА ОТЫРЫП, ЖАМАНДЫҚТЫ ЖОЮ

Ислам жамандық пен қателікті, болымсыздық пен бұрыс әрекеттерді жоярда оның орнына таза, адал, дұрысын орнатады. Сондай-ақ зинаға тыйым салынған. Бірақ некелесуге ынталандырылған, тіпті, неке мен тойдың жеңіл болуы талап етілген. Өсімқорлық харам қылынған, бірақ өзара ризалықпен жасалған сауда-саттыққа рұқсат берілген.

Хазіреті Пайғамбарымыз жәһилия мейрамдарын алып тастағанда, орнына тура сондай дәрежедегі екі мейрамды құттықтауды ұйғарды. Әнәс айтады:

«Пайғамбарымыз Мәдинаға келгенде, Мәдиналықтардың екі (мейрам) күндері болатын. Сол күндері қуанып, көңіл көтеретін». Ол:

«Бұл екі күннің мән-маңызы неде?» – деп сұрады. Олар:

«Бұл күндері біз жәһилия заманында көңіл көтеретінбіз!» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһ бұл екі мейрамдарыңды олардан да қайырлы басқа екі күнмен ауыстырды: Құрбан айты мен Фитр (Рамазан) айты» – дейді (Әбу Дәуіт, Саләт, 239; Нәсәй, Идәйн, 1).

«Батылдық адамды жеңіске, ал қарарсыздық қауіпке, қорқақтық болса өлімге апарады!».

«Адамның діндарлығы жеген нанының халалдығы мөлшерінде болады».

Расулуллаһ ﷺ былай бұйырады:

«Сақ болыңдар! Көре алмаушылық жасамаңдар. Оттың отынды таусқанындай ол сендердің сауаптарың мен ізгіліктердің жеп таусады».

(Әбу Дәуіт, әдеп 44; Ибн Мәжә, Зуһд 22)

Бұл өсіп келе жатқан балалардың тәрбиесінде үлкен маңыздылыққа ие әдіс болып табылады. Олар балалық пен жастық шақтың қызығуымен, тебіренісімен тек қана «істеме!» демей, «былай жаса!» деп, басқа жолдардың да бар екені көрсетілсе, оған бас июі мүмкін болады. Алайда тек қана «істеме!» деген сөздерге құлақ салмауы, бағынбауы әбден мүмкін жағдай. Адам баласы болымсыз сөзден гөрі болымды сөзді жеңіл қабыл алатыны психологиялық шындық.

Көркем үлгілі тұлға дегенді білдіретін **«Үсуәтүн-Хасана»** сипатымен ерекшеленген Хазіреті Пайғамбарымыздың өмірінде мұның мысалдары жеткілікті.

Рафиғ бин Амр t былай деп айтқан:

Мен бала кезімде Ансарлықтардың құрма ағаштарына тас лақтыратын едім. Бір күні мені ұстап алып, Хазіреті Пайғамбарымызға алып барды.

Аллаһ Елшісі r маған:

«Құлыным! Құрма ағаштарына неге тас лақтырасың?» деп сұрады. Мен:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Аш едім, жеу үшін», – дедім мен. Әлемнің мақтанышы r :

«Енді таспен ұрма! Жерге түскендерді алып, жей ғой!» – деп, басымнан сипады. Бұдан кейін:

«Аллаһым! Оның қарның тойғыз!» – деп, маған дұға етті (Әбу Дәуіт, Жиһәд, 85/ 2622; Ибн Мәжә, Тижәрәт, 67).

«Егер жаза беретін болсаңдар, сендерге жасалған қылмыстың мөлшеріндей ғана беріңдер! Бірақ сабыр ететін болсаңдар, әлбетте, бұл сабырлылар үшін одан да қайырлы» (Нахл 126).

ТОЛЫҚТАЙ ӘМІР ЕТІП, ТОЛЫҚТАЙ ТЫЙЫМ САЛУ, ЕСІКТІ АШЫҚ ҚАЛДЫРМАУ

Ислам адамзатты бақытқа жетелейтін негіздерді белгілегенде, діни үкімдер мен нанымдармен ойнау (пайдаланым) сияқты жаман жолға қолданылатын мүмкіндік бермеген. Тыйым салғанда азын да, көбін де, оған жетелейтін жолдарды да тыйған. Мысалы, ішімдіктің азы да, көбі де харам. Негізінде, азы мас қылмайды. Бірақ азын елемеу көп қолдану ықтималын тудырады. Өсімқорлық та сол сияқты – азы да, көбі де бірдей харам. Зинақорлық та харам, ойнастық жасауға жетелейтін барша іс-қимылдар да харам. Ішімдікті өндіру, тасымалдау, сату, тіпті, сатылуы үшін біреуді өкіл ету де харам. Ислам фиқһында:

«Алынуына тыйым салынған нәрсенің берілуіне де тыйым салынған»,

«Жасалуына тыйым салынған нәрсенің қалануына да тыйым салынған» деген тармақтар бұл үзілді-кесілді ұстанымды дәлелдейді.

Бұл негізге сай Хазіреті Пайғамбарымыз r бір нәрсені әмір еткенде немесе тыйым салғанда, оны анық белгілейтін. Аллаһ Тағала:

«Пайғамбар сендерге нені әмір етсе, соны орындаңдар. Сендерге неге тыйым салса, содан аулақ болыңдар!» – деген (Хашр сүресі, 7-аят).

Саңлақ сахабалар өздеріне әмір етілген нәрсені егжей-тегжейлі орындайтын. Бір нәрсеге тыйым салынса, одан үзілді-кесілді бас тартатын. Олардың бұл әмір мен тыйымдарды «қайсысын орындауға міндеттіміз?», «қайсысын орындамасақ болады?» деген сияқты топтастырып, бөлшектеп анықтау деген ойлары да, мақсаттары да болмаған.

«Жұмсақ мінез қай жерде болса, сол жерге көрік береді. Жұмсақтық болмаған әр іс пен қылық сүйкімсіз болады» *(Муслим, Бирр 78, 79).*

Қысқасы, Хазіреті Пайғамбарымыз r үмметіне әмір еткен нәрсесін мүмкіндігінше, күшіміз жеткенше, оны бар бөліктерімен, еш нәрсесін қалдырып кетпей орындалуын қалайтын. Сондықтан мұсылмандардан бәй’ат (сөз, уәде) алғанда «Күштерің жеткенше» дейтін (Кәшири, Фәйзул-Бәри фи Шәрхи Сахихил-Бұхари, I, 280).

Тәлімгерлер, әсіресе фиқһ/Ислам заңын үйреткен кезде бұл әдісті негізге алулары керек. Ислам осы құлшылықтарды бізден талап еткен істерінің парыз, уәжіб, сүннет, мәндуб, мұстәхаб сияқты түрлі үкімдерде болуының тек әдістемелік жіктеу екенін сездіретіндей әдіспен үйрету керек. Бұдан басқа діни тұрғыда сұрақ қойылған жағдайда сұраушының мұқтаж нәрсесін нақты айтып, ақылын шатастыратын, нәпсіге жағымды шәз (анық үкімдерге қайшы және қолдау таппаған) көзқарастар мен талас-тартыста қалған үкімдерді айтпау, тіпті, ондай үкімдерді үйретпеу керек.

«Мүләйімдіктен нәсібі барларға қайырлы нәсіп берілгені. Ал мүләйімдіктен нәсібі жоқтар қайырдан мақрұм қалғаны» *(Термези, Бирр, 67/2013).*

АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ, ҚИСЫНДЫ ТҮРДЕ КӨНДІРЕ БІЛУ

Құран Кәрім адамдардың ойлау қабілетін дамыту үшін үнемі мысалдар келтіріп, ақылға салуды, баспен ойлап істеуге шақырады. Құран адам ақылына үндей-ді. Тәухид, Хашр, Пайғамбарлық сияқты иман тақырыптарында ақылға қонымды, қисынды дәлелдер келтіреді. Мүшріктер мен қарсы келушілерге тиянақты жауап береді:

«Егер жер мен көкте Аллаһтан өзге құдайлар

болса, онда, әлбетте, екеуінің де тәртібі мен басқарылуы бұзылар еді. Сондықтан Арштың Раббы Аллаһ олар (жала жауып) **сипаттаған** (жарастырған) **нәрселерінен пәк»** (Әнбия сүресі, 22-аят).

Мүшріктер:

«Ей, Мұхаммед! Сенің жаныңа бір періште жіберіліп, адамдарға сенің пайғамбар етіліп жіберілгеніңді айтып, сенімен бірге көрінсе ғой...» дейді. Бұған Аллаһ мына аятты түсіреді:

«Олар: "Оған (Пайғамбарға) (біз де көре алатындай) **періште түсірілсе болмас па еді?" десті. Егер Біз** (сондай) **періште түсірсек, әлбетте,** (олардың) **ісі** (жойылуы) **бітіп, сонан соң олардың** (тәубеге келулері үшін) **мұрсат та берілмейтін еді. Егер оны** (Мұхаммедті) **періште етіп жіберсек, оны да** (періштені) **адам жасап** (адам бейнесінде көрсетіп) **жіберер едік те, оларды** (өзгелерді итермелеген) **шүбәға одан әрі салар едік»** (Ән'ам сүресі, 8-9-аяттар; Ибн Хишам, Сиратун-Нәби, I, 423).

«Дүниеге құныққандар үшін өмір теңіздің суы секілді. Ішкен сайын шөлдейді, шөлдеген сайын ішеді».

(Мухиддин Араби)

Хазіреті Пайғамбарымыз r діни ақиқаттарды қисынды сөздермен түсіндіретін.

Әбу Рәзин әл-Ұқайли t айтқан. Бір күні:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ жан иелерін қалай қайта тірілтеді? Бұның дүниедегі мысалы не?» – деп сұрадым.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сен елің тұратын жазықтан құрғақ кезде өтпедің бе? Кейін бір рет болса да, ол жаққа жап-жасыл құлпырып тұрған көктем мезгілінде бармап па едің?» – деді. Мен:

«Әлбетте!» – дегенде, Аллаһ Елшісі r :

«Міне, бұл Аллаһтың қайта жаратуының дәлелі. Аллаһ өлілерді де осылай тірілтеді!» деді (Ахмет, IV, 11).

Хазіреті Пайғамбарымызға бір жас жігіт келіп, зина жасауына рұқсат сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз оған өз туыстарының зина жасағанын қалап-қаламайтынын сұрайды. Жігіт:

«Аллаһ мені сенің жолыңа құрбан етсін! Жоқ, Аллаһқа ант етемін, қаламаймын! Ей, Аллаһ Елшісі!» деп жауап бергенде:

«Басқа адамдар да мұндай нәрсені қаламайды» дейді.

«Бір-біріңнің сырыңды тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Қайсың өлген туысының етін жеуді жақсы көреді? Әрине оны жек көресіңдер. Расында, Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді».

(Хужурат 12)

Хазіреті Айша ﷺ *айтады:*

«Бір қызығы, адам баласы мұсылман бауырын жамандап лас сөздер айтқаннан кейін емес, адал, таза ас жегеннен кейін ауызын жуады!».(Ахмет бин Ханбәл I, 59)

Бұдан кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r мүбәрак қолын жігіттің кеудесіне қойып:

«Аллаһым! Бұның күнәларын кешір, жүрегін тазарт, арын сақта!» деп дұға етті. Жігіт бұдан кейін ешқашан мұндай нәрсеге бармады» (Ахмет, V, 256-257; Һәйсәми, I, 129).

Абдұллаһ ибн Аббас v былай дейді:

Біреу Хазіреті Пайғамбарымызға келіп:

«– Ей, Аллаһ Елшісі! Шешем қайтыс болды, мойнында бір айлық ораза борышы бар, оның атынан борышын өтей аламын ба?» деді. Пайғамбарымыз r :

«– Шешеңнің ақшалай қарызы болғанда, оның атынан өтемес пе едің?» – деп сұрады.

«Иә, өтеп берер едім!» – дегенде, Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһтың борышы өтелуге одан да лайықты!» – деді (Мүслим, Сиям, 155).

Басқа бір риуаятта Аллаһ Елшісі r :

«– Сен шешеңнің қарызын өтегенде, қары-

зы өтелген болар ма еді?» – деп сұрайды. Сұрақ сұраған адам:

«Иә!» – дегенде:

«Олай болса, шешеңнің орнына ораза тұт!» – дейді (Мүслим, Сиям, 156).

Бүгінгі тәлімгердің бұл мысалдардан алатын үлгісі діни ақиқаттарды қазіргі күндегі жаңа оқиғалардан да мысалдар келтіріп, ақыл мен түйсіктерге ұсынуға тырысу болып табылады.

Дінімізде ақыл мен түйсікке қайшы келетін ешқандай үкім жоқ. Сондықтан тәлімгер күмәнға түскен ақылдарды тек ақыл арқылы көндіру жолын білуі керек.

«Нағыз мұсылман — тілі мен қолынан өзге мұсылмандар есендікте болған адам. Нағыз мұһәжір — Алланың тыйым салғандарынан безген адам» (Бұхари, иман, 4,5; Риқақ, 26).

6) ЕРЕКШЕ МӘМІЛЕ

Бүкіл тіршілік адам үшін жаратылған. Сондықтан адам барлық мақ-лұқаттың, заттар мен өсімдіктердің, жануарлар мен адамдардың өзіне тапсырылғанын сезінуі керек. Адам өзіне тапсырылған болмыстарға мән беруі және көңіл аударуы керек. Әсіресе, тәлім-тәрбиесіне жауапты бала-шағаларына, оқушылары мен ұрпағына, барша адамзатқа...



«Жеген ас еккен тұқым іспеттес. Оның жемісі пікір мен ой, ниеттен тұрады.

Отқа түскен жанды нәрсе өртеніп, соңғы демін сонда беретіні секілді, жүрекке түскен ашу оты да ақылды сол жерде жан тапсыртады.

Хазіреті Пайғамбарымыз r заттарға да көңіл бөлетін.

«Ұхұд бізді сүйеді, біз де Ұхұдты сүйеміз» деген...

Өсімдіктерге де көңіл бөлетін. Сол үшін құрма ағашының шөркесі Одан айрылып қалғанына жылады. Жануарлар... Көп жүк артылған түйе де Оған шағымданып келген болатын.

Зұлымдыққа ұшыраған адамдар... Ешкімі жоқ адамдар... Кедей Суффа шәкірттер... Жетім-жесірлер... Хазіреті Пайғамбарымыз әлемдерге мейірім ошағы болуымен әркімге құшақ жаятын.

ТАРТЫЛЫС ЗАҢЫ



Бір ботаника ғалымының семинарын тыңдадым:

«Бір бағбан орақпен шөпті орғанда, өсімдік ішінде айналым артады» дейді. Сосын тағы бір тәжірибе жүргізді. Ботаника ғалымы үш бірдей гүл

ыдысын тең және күн сәулесі бірдей түсетін жерге қояды, бірдей мөлшерде су құяды. Бірақ бір гүлге су құйғанда еш мән бермейді, оған нашар және ашулы қарайды. Екіншісіне орташа көңіл бөледі. Үшіншісіне ықыласпен су құяды. Нәтижесінде, мән берген өсімдігі лезде өсіп, жайнап кетеді. Екіншісі орташа өсіп, үшіншісі солып тұрады.

Бұны сөздермен де сынап көреді. Біріне жақсы сөздер айтады, екіншісіне жаман сөздер айтады. Жаман сөздер айтылған өсімдік өспейді, сол күйінде тұрып қалады да, солып қалады.

Бұл сынақты Құран курсымыздың оқушысы да жасап көрді. Гүлдердің біріне үнемі Құран тыңдатады. Ыдысына жақсы сөздер, Аллаһтың есімдерін жазады. Екіншісіне поп музыкасын тыңдатады. Жағымсыз, жаман сөздер жазады.

Құран тыңдаған гүл өседі, екіншісі өспей қалады, тіпті, сола бастайды. Тура осылай күріш-ке де жасайды. Бірінші күріш жанданып, екіншісі қарайып кетеді.

Демек, мән беру және көңіл бөлу пісіреді, өсіреді, кемелдендіреді. Өсімдіктер де мән беру, көңіл аударуға, руханиятқа мұқтаж. Сондықтан тәлімгер

Расулуллаһ ﷺ айтады:

«Абай болыңдар! Ашу адам баласының жүрегінде жататын от. Ашуланған адамның көздері қызарып, кеңірдек тамырлары ісігенін көрмедіңдер ме? Кім ашулана бастағанын сезінетін болса, дереу отырсын немесе жатсын!».

(Термези, Фитән 26/2191)

бойында да, мұғалім боында да мән беру мен көңіл аудару қасиеті болып, бұл мән беру мен көңіл аудару тыңдаушыға арналғанда ғана оқушы тәлімгердің көшірмесі күйіне келеді. Әлбетте, бұл үшін шынайылық, тақуалық, ықылас пен жігерлік керек. Қиындықтарға сабыр ету керек, мүшкілдерден қашпау керек. Әке сияқты жауапкершілік сезімі болуы керек.

«Адамдарды көңілін күйрететін залымнан артық бетбақ адам жоқ. Өйткені басына бәле төнген қаралы күнінде оған ешкім жар болмайды».

ӘКЕ СИЯҚТЫ БОЛУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r бір мәртесінде сахабаларына:

«Мына бір іс ақиқат – мен сендердің әкелерің сияқтымын. Сендерді тәрбиелеймін, оқытамын, қажетті мәліметтерді үйретемін...» – деген (Әбу Дәуіт, Тахарат, 4).

Тәлімгер оқушыны тексеретін журналға қол қоятын жай ғана қызметкер немесе жұмыс істеген зауытына кірерде жабдыққа жұмыс куәлігін көрсетіп кіретін жай ғана қызметкер сияқты болса, ешкімге пайда бере алмайды. Тәлімгер мен оқушы арасында тұрпайы бірлестік емес, тығыз қатынас құрылуы керек.

ТЫҒЫЗ ҚАТЫНАС

Дін сүйіспеншілікпен іске асырылады. Сүйіспеншілікті жарқын ететін – бірлестік пен байланыс.

Бір мәртесінде Хазіреті Пайғамбарымыз r жанында Әбу Бәкір, Омар және Әлимен Ұхұд тауына шыққан болатын. Ұхұд тауы өзінің үстінде тұрған бұл рухани тұлғалардың айбындылығынан қобалжып, сілкінеді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Тыныштық сақта, ей, Ұхұд! Үстіңде бір Пайғамбар, бір сыддық және екі шейіт бар!» – дейді (Термези, 3703; Нәсәй, Әхбәс, 4/ 5, VI, 235).

Заттарға осындай мәміле көрсеткен Хазіреті Пайғамбарымыз сахабаларына да ерекше көңіл бөлетін. Кейде олардың қолын сүйіспеншілікпен өз қолымен қысып ұстап, оларды осындай ыстық ілтипатпен толқытып, шаттандыратын. Мысалы, әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз Әлиді Йеменге қазы етіп жібергенде киелі қолын міндетінің өзіне артылған жауапкершілігінен қобалжып тұрған немере інісінің кеудесіне қойып, былай дұға етті:

«Аллаһым! Мұның жүрегін тураलыққа бағытта, ақиқатта тілін бекем ет!».

«Күз келді деп, гүл ағашын жұлып тастама, көктемде оның көркем бейнесін тамашалаудан мақрұм қаларсың!».

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Нағыз сабыр — басқа бәле келген алғашқы сәтінде сабыр ету!» (Бұхари, жәнәиз, 32).

Хазіреті Әли t :

«Бұл дұғадан кейін екі адам арасында үкім беретін кезде еш күмәнға бой алдырған емеспін» – деген болатын (Ибн Мәжә, Әхкәм, 1).

Абдуллаһ ибн Мәсғуд t айтады:

«Пайғамбарымыз r қолымды алақанымен қысып алып, маған Құраннан сүре үйреткендей Тәшәһһудті (Тахият дұғасын) үйретті» (Бұхари, Истизән, 28).

Абдуллаһ ибн Омар v айтады: Пайғамбарымыз r бір күні иығымнан ұстап, маған:

«Дүниеде бір ғаріп немесе жолаушы сияқты бол. Өзіңді қабір әлемінің адамымын деп есепте!» – деді (Бұхари, Риқақ, 3).

Бұл риуаяттардан тәлімгердің оқушысымен ерекше қарым-қатынасының қаншалықты маңызды екенін және қандай оңды қуатқа себепші болатынын түсінеміз.

Әбу Һурайра t былай айтады:

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларына:

«Кім менен мына сөздерді алып, олармен амал етеді немесе олармен амал ететін адамдарды үйретеді?» – деп сұрады. Мен дереу алға ұмтылып:

Сенің ойыңда ғибадат пен тағатқа құштарлық оятып, рухыңды жігерлендірген асың халал болғаны.

«Мен, о, Аллаһ Елшісі!» – дедім. Пайғамбарымыз қолымнан ұстап тұрып, мына бес нәрсені айтты:

«1. Харамдардан сақ болсаң, Аллаһтың шынайы құлы боласың.

2. Аллаһтың саған бөліп берген үлесіне риза болсаң, адамдардың ең байы боласың.

3. Көршіңе жақсылық жаса (жақсы мәміле ет) – (кәміл) мүмин боласың.

4. Өзің үшін қалағаныңды басқалар үшін де қала – (кәміл) мұсылман боласың.

5. Көп күлме! Өйткені көп күлкі жүректі өлтіреді» (Термези, Зуһд, 2/ 2305; Ибн Мәжә, Зуһд, 24).

Сынып, екі жүз бөлшекке шашылып кеткен көңілді жөндеу Аллаһтың қасында талай қайыр мен ізгіліктен де маңызды..

Әнәс t айтады:

«Йемен халқы Пайғамбарымызға келіп:

"– Бізге біреуді жібер, бізге ізгі Сүннетің мен Исламды үйретсін!" – дейді.



Қайыр мен табыстың барлық түрі сабырдың ішінде болғандықтан ғой, бүкіл пайғамбарлар мен Хақ достары сабырды өздерінің табиғи мінезіне айналдырған.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Әбу Ұбәйдә бин Жәррахтың қолынан ұстап:

«– Бұл осы үмметтің сенімді адамы» деп, оны Йемендіктермен бірге жібереді» (Мүслим, Фәдәилус-Сахаба, 54; Ахмет, ІІІ, 146).

Абдұллаһ бин Әбу Әуфә t былай деді:

«Хазіреті Пайғамбарымыз r Аллаһты көп еске алатын, бос сөз сөйлемейтін, намазды ұзақ, хұтпаны қысқа оқитын. Алдына келген нәрсені ұнатпаған пиғыл танытпайтын, мұқтаж, кедей адамдармен қоян-қолтық араласып, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отыратын» (Дәрімі, Мұқаддимә, 13).

Аллаһ Елшісіне ілескен бүгінгі тәлімгерлер де оқушыларына, әсіресе, қабілетті оқушыларына осындай тығыз әрекет жасай отырып, оларды жетілдіруі керек.

СӨЗБЕН МАҚТАП, МАРАПАТТАУ

Тыңдаушыны мақтап, марапаттауды да ерекше мәміле ішінде қарастыруға болады.

Сахабалар Хазіреті Пайғамбарымыздың кішкентай қалауына:

«Әке-шешем саған пида болсын, ей, Аллаһ Елшісі!» – дейтін. Пайғамбарымыз жоғары деңгейде жетілген сахабаларын мақтап отыратын. Міне, осыған орай тамаша мысал.

Сағд ибн Әби Уаққас Әлем мақтанышы Пайғамбарымыздың жанында тұрып, мүшріктерге оқ жаудырып жатты. Хазіреті Пайғамбарымыз r:

«Ат, ей, Сағд! Әке-шешем саған пида болсын!» – деді. Мұны көрген Хазіреті Әли:

«Мен Пайғамбарымыздың Сағдтан басқа біреуге: "Әке-шешем саған пида болсын!" дегенін естімеппін» деген (Термези, Әдеп, 61, Мәнәқиб, 26; Ахмет, I, 92).

Тек ерекше жетілдірген сахабаларын ғана емес, қолдары күстеліп кеткен диқаншы сахабасын да мақтайтын.

Аллаһ Елшісі r Тәбуктен оралып келе жатқанда Сағд әл-Әнсәри оны қарсы алды. Аллаһ Елшісі онымен қол алысып амандасты. Қолдарының күстеліп кеткенін көріп:

«– Қолың неліктен мұндай?» – деп сұрады. Ол:

«– Бұлар күрек пен кетпен ізі. Олармен жұмыс істеп, отбасымның күнкөрісін қамтамасыз етемін» – деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«– Бұл – от тимейтін қолдар!» – деді (Ибнул-Әсир, Үсдүл-Ғабә, I, 424-425; Ибн Хәжәр, әл-Исабә, III, 86).

Сабыр – иманның жартысы, жан тыныштығының кілті. Бұл дүниеде ол бейнетті іс болғанымен, ахіреттегі зейнеті мол. Аллаһ Тағала сабырлы жандармен бірге. Сабыр Жәннат нығметіне қауыштыратын үлкен қазына.

Мақтау тыңдаушының ынтасы мен жігерін арттырады. Сондықтан тәлімгерлер ынталы оқушыларын, әке-шешелер лайықты балаларын әрқашан мақтап тұрулары керек.

«Кәпірлер мен мұнәфиқтарға бойсұнба! Олардың салған жәбір-жапасын елеме! Аллаһқа сүйен! Жар болуға Аллаһ жеткілікті»

(Ахзаб, 48).

СЫЙЛЫҚ

Сыйлық, әсіресе, жастарға жасалатын сыйлық жүректер арасындағы сүйіспеншілікті арттыратын іс-шара болып табылады. Имам Мәліктің әкесі бұл әдісті қолданып, әр хадис жаттағанда оған сыйлық беріп отырған екен. Біраз уақыт өткеннен кейін Имам Мәлік әкесі сыйлық бермесе де, қуана отырып, хадис жаттауын жалғастыра беретін болған күйге жеткен.

Хазіреті Әнәс t айтуы бойынша:

Хазіреті Пайғамбарымыз t бір бәдәуидің жанынан өтеді. Ол намазында былай деп дұға етіп жатқан екен:

«Ей, көздер көре алмаған, ой араласа алмаған, сипаттаушылар айтып жеткізе алмаған, оқиғалар өзгерте алмаған, бәле-жала мен апаттардан қорықпаған! Ей, таулардың ауырлығын, теңіздердің мөлшерін, жаңбыр тамшылары мен ағаш жапырақтарының санын білетін! Ей, түн жапқан, күндіз ашқан нәрселерді білетін! Ей, аспанның арғы жағындағы аспандарды, жердің

арғы бетіндегі жерлерді, теңіздердің түбіндегі және таулардың тамырындағы болмыстарды білетін Аллаһым! Өмірімнің ең қайырлы бөлігін – соңғы бөлігі, амалымның ең қайырлы бөлігін – оның нәтижесі, яғни жемісі ет! Ең қайырлы күнімді саған қауышатын күн ет!»

Аллаһ Елшісі r қасындағы біреуге: «Намазын бітіргенде, мына адамды маған ертіп кел!» деп табыстады. Намазын оқып болғаннан кейін әлгі адам келді. Пайғамбарымыз оған өзіне тарту етілген алтынды сыйға тартып:

«– Сен қай елденсің?» – деп сұрады.

«– Амир бин Сағсаға ұлдарынанмын, о, Аллаһ Расулы!».

«– Саған бұл алтынды неліктен бергенімді білемісің?».

«– Арамызда туыстық болғаны үшін, о, Аллаһ Елшісі!».

«– Иә, туыстықтың да бір ақысы бар. Бірақ мен мұны саған тек Аллаһқа ғана арнап, әсем мақтау жасағаның үшін беріп отырмын» – деді (Һәйсәми, X, 157-158).

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Нағыз сабыр — басқа бәле келген алғашқы сәтінде сабыр ету!» (Бұхари, жәнәиз, 32).

ҮНЕМІ ЖАҚСЫЛЫҚТЫ АЙТЫП ЖҮРУ

«Сабырлылық танытқандарға сыйлары есепсіз берілетін болады» (Зұмәр 10).

Үнемі айтып, қайталап жүру мәлімет пен тақырыпты қорытады. Зікірді белгілі санмен салу сол зікірдің жүректе нық орналасуын қамтамасыз етеді.

Фәтиха сүресінің әр рәкәатта қайталануының себептерінің бірі де осы болып табылады. Әр рәкәатта «сиратүл-мүстақим/дұрыс жолдың» еске салынып отыруы адамның өз-өзіне мына сұрақтарды қоюын қамтамасыз етеді:

– Қаншалықты қияметтің қамын ойлаймыз?

– Қаншалықты сиратүл-мүстақим/дұрыс жолдамыз?

Еске салудағы негізгі мақсат – жақсылықты тілге тиек ету. Жақсылықты еске салу, жақсылыққа бағыттау.

Бірде Бәра бин Азибтен t :

«Пайғамбарымыздың мүбәрак жүзі қылыш сияқты жарқылдар ма еді?» – деп сұралды. Бұл ұқсатуды орынды және оңды деп шешпеген Бәрә лезде сөзге араласып:

«– Жоқ, Оның мүбәрак

жүзі ай сияқты жарқылдайтын» деп, ақиқатты ең әсем түрде айтып береді (Бұхари, Мәнақиб, 23).

Хазіреті Пайғамбарымыз r әр мүмкіндікте сахабаларына садақа беруге, қайыр мен жақсылық жасауға шақыратын, үнемі осы бағытта ескерту жасап отыратын.

Жәбир t былай дейді:

«Жездем нағашы әпкемді бір ауыз сөзбен үш талақпен талақ етті . Содан кейін нағашы әпкем бақшадағы құрмаларын жинамақ болды. Алайда, бір адам (иддет мерзімі бітпегендіктен) оның үйден шығуына кедергі болды. Нағашы әпкем дереу Пайғамбарымызға барып, жағдайды айтты. Пайғамбарымыз:

«Жарайды, құрмаларыңды жина, бәлкім, оларды садақа етіп берер немесе басқа бір жақсылық жасарсың!» – деді» (Мүслим, Талақ, 55; Әбу Дәуіт, Талақ, 39/ 2297; Нәсәй, Талақ, 70; Ибн Мәжә, Талақ, 9).

Хазіреті Пайғамбарымыз өзіне келіп, түрлі сұрақтар қойған сахабаға соңында:

«Жақсылық жасағаның әрқашан сен үшін пайдалырақ болады» – деді (Әбу Дәуіт, Бую, 60/ 3476).

«Аллаһ аспанды көтеріп, өлшемді белгіледі. Олай болса, шектен шығып, өлшемді бұзбаңдар!» (Рахман, 7-8).

Аллаһ Елшісінің науқастың көңілін сұрап барған сайын айтуға кеңес берген мына дұғасы да Оның үнемі жақсылықты еске салып жүргенінің көркем мысалы болып табылады:

Пайғамбарымыз ﷺ:

«Тәәнни (ұқыптылық) — Аллаһтан, ал асығу — Шайтаннан», деп айтқан

(Термези, Бирр 66/2012).

«Аллаһым, бұл құлыңа шипа бер! Айыққанда сенің ризалығың үшін дұшпанмен соғысады, я ризалығың үшін жаназаны соңғы сапарға аттандырады, я жамағатпен намаз оқуға барады» (Әбу Дәуіт, Жәнәйз, 8/ 3107). Осылай, Хазіреті Пайғамбарымыз r дұға арқылы жанама түрде науқасқа айыққанда жиһад пен жаназаға қатысып, жамағатпен намазды жалғастыру сияқты ізгі амалдар жасауы керектігін есіне салып отыратын.

Абдұллаһ ибн Омар V айтады: «Мен бір жасаққа қатысқан едім. Әскерлердің бір бөлігі қашып, мен де солардың арасында болдым. Ол жерден алыстап кеткен соң:

«Енді не істейміз, жиһадтан қаштық, Аллаһтың қаһарымен оралып келе жатырмыз» деп өзара кеңестік.

«Содан Мәдинаға барайық, бізді ешкім көрмейді» деп ойладық. Бірақ Мәдинаға барғанда:

«Пайғамбарымызға барып, жағдайымызды айтайық. Біз үшін тәубе ету мүмкін болса, оны

орындайық. Әйтпесе кері оралайық» деп шештік. Таң намазынан бұрын мешітке барып, күтіп отырдық. Аллаһ Елшісі r мешітке келгенде, орнымыздан тұрдық та:

"Біз қашқындармыз!" – дедік. Бізге жақын келіп:

"Жоқ, сендер қашқын емессіңдер. Мемлекет басшысына жәрдем ету үшін келген және шайқасқа қайта оралу үшін айла қолданған адамсыңдар!" – деді. Оған жақындап, мүбәрак қолын сүйдік. Бізге:

"– Мен мұсылман паналайтын қорғанымын! –" деді» (Әбу Дәуіт, Жиһад, 96/ 2647; Термези, Жиһад, 36/ 1716).

Тәлімгерлер мен тәрбиешілер оқушыларына жетістікке жететіндерін, қайырлы, салих адамдар болатынын айтулары керек. Еліміздегі қаншама дана шешелердің балаларын тербетіп жатқанда айтқан осындай керемет қайырлы үндеулері бар. Бұлардың барлығын термелерден, ауыз әдебиетінен көруге болады. Бүгінгі күнде де, әсіресе, оқудан бұрынғы ата-ана беретін тәлімде айтылып отырылғаны өте әсерлі болмақ.

«Ешбір заманда адамзаттың түзетілуі Хазіреті Мұхаммедтің дәуіріндегіден қиынырақ болған емес. Бірақ ол кісі қайтыс болған кездегі артына қалдырып кеткен бақыт мұрасынан асқан кемел түзу қоғам да көрген емеспіз». (Сэр Муир)

«Ақымақтар адамның қолымен жасалған мешіттерге ғана құрмет көрсетіп, адамдардың көңілдеріне пысқырып та қарамай, көңілдерді ренжітіп, қиратады».
(Хазіреті Мәуләнә)

Қазіргі таңда еске салу жарнамалар арқылы, сән сияқты салаларда өте салмақты зерттеулер арқылы үлкен топтарға әсер ету үшін қолданылады. Мүмин қайырлы ескертумен бала-шағасын ерте жасынан бастап көркем мақсаттарға бағыттауы керек. Еске салу ісін үшінші тұлға арқылы істеуге де болады.

Абдұллаһ ибн Омар V көрген түсін әпкесі Хазіреті Хафса арқылы Хазіреті Пайғамбарымызға r жеткізеді. Хазіреті Пайғамбарымыз r былай дейді:

«Абдұллаһ нендей тамаша адам, енді түнгі намазын да оқыса ғой!..»

Мұны естіген Абдұллаһ ибн Омар сол күннен бастап түнгі намазын еш тастамайтын болды (Бұхари, Тәһәжжуд, 2).

ЖАМАН МАҒЫНАҒА КЕЛЕТІН АТТАРДЫ ЖАҚСЫЛАРЫМЕН ӨЗГЕРТУ



Хазіреті Пайғамбарымыз r жағымсыз адам мен жер есімдерін адамдарды жамандыққа үндейтіндігі үшін өзгертетін.

Бір риуаятта былай делінген:

«Пайғамбарымыз Аси, Әзиз, Аталә (қатал, қатты), Шайтан, Хакем, Ғұраб (қарға), Хаббаб, Шиһәб есімдерін өзгертті. Шиһәбты Хишәм, Харбты Силм (келісім), Муздажиғты (жатқан), Мунбайс (тұрған) етіп өзгертті. Афире (сор) аталатын бір егістікті Хадирә (жасыл) деп, Шиғбуд-Дәләләны (адасушылық өткелі) Шиғбул-Һуда деп атады. Бәнуз-Зиняны (зина ұлдары) Бәнур-Ришдә (таза неке ұлдары), Бәну Муғвияны да Бәну Ришдә деп өзгерткен» (Әбу Дәуіт, Әдеп, 62/ 4956).

КӨҢІЛ АУДАРТУ

Тәлімгер шәкіртіне мән беруі мен көңіл бөлуі қаншалықты керек болса, оқушысына берем, оны иемдендірейін деген мәселелерде де оқушысының көңіл аударуын соншалықты қамтамасыз етуі керек.

Бал арасы сияқты Хазіреті Пайғамбарымыздың хадистерінен, салихтардың бақшаларынан, салих амалдардан гүлдер жинауы керек, олар дайындаған балды ұсынуы керек.

Тәлімгер тәрбиелеген адамын асқазан мен нәпсілік қалаулардың жамандығынан құтқарып, көңіл

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды Өз құдіретінің уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, Аллаһ жолында соғысып шейіт болуды, сосын тірілтіліп, соғысып, қайта шейіт болуды, сосын қайта соғысып қайты шейіт болуды қалар едім..!». *(Мүслим, имара 103)*

адамы етіп жетілдіруі керек. Онда тек заһири/сыртқы білімдерге ғана емес, руханият пен сырларға, хикметтерге де көңілін аудартa білуі керек. Қатынас оятудың кейбір әдістері бар. Бұларды білу тәлімгерге көп жәрдемін тигізеді.

«Айдың қараңғы түннен қашпай, сабыр етуі оны нұрландырады, жарықтандырады. Гүл тікеннің жолдастығына төзіп, сабыр сақтағаны үшін хош иісті де әдемі түсі болды».

ЖАЛЫҚТЫРМАУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r адамдарды тәрбиелеп, үйреткенде оларды жалықтырмауға тырысатын. Хазіреті Пайғамбарымыз өзгелерге насихат айтып, тәлім-тәрбие беру үшін жіберген адамына:

«Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар! Сүйіншілеңдер, бездіріп жібермеңдер!..» деп әмір еткен (Бұхари, Илм, 11).

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұл үрдіске мойынсұнбаған сахабаларына ескерту жасайтын. Бір адам Хазіреті Пайғамбарымызға r келіп:

«Пәленше бізге намаз оқытқанда соншалықты ұзақ оқытады, сондықтан кейде таң намазына бара алмай қаламын» деді. Мен Хазіреті Пайғамбарымызды r ешбір әңгімесінде сол күнгідей ашулы болғанын көрмедім. Ол былай деді:

«Уа, халайық! Іштеріңде бездіріп жіберетін адамдар бар екен! Кімде-кім адамдарға имам болса, намазды қысқа оқытсын. Өйткені араларыңда қарттар бар, бала бар, шаруалары шұғыл адамдар бар!» (Бұхари, Илм, 28, Азан, 61-63, Әдеп, 75, Әхкәм, 13).

Хазіреті Пайғамбарымыз r адамдар намаздан жалығып кете ме деп көп уайымдайтын. Сондықтан намазды ұзақ оқытқан Мұазға:

«Ей, Мұаз! Сен жанжал шығарушы адамсың ба?! Шәмсті, Дұханы, Ләйлді, А'ләны оқы!» деп, оған қысқа сүрелерді ғана оқуына кеңес берді (Мүслим, Саләт, 178; Бұхари, Азан, 60, 63, 66).

Намазды ұзатып, көп сауап алғысы келгендер мұны нәпіл намазда жасауы керек.

Мұғалім де оқушысының мән беруі мен ден қоюының жалғасып-жалғаспағанын жүзінен байқауы керек. Жалықтыратын шектен тыс қайталаулар жасамауы керек. Қоңырау соғылғанда сабағына кіріп, тағы қоңырау соғылғанда сабағынан шығуы керек. Қоңырау соғылған соң сабағын жалғастырса, қабырғаларға сөйлегенмен тең болады. Зейіннің мәлімет қабылдау уақытының ең көбі – 45 минут

Бүкіл пайғамбарлар өздеріне иман етпегендер мен надандар көрсеткен жәбір-жапаға төзіп, сабыр сақтағандары үшін олар Хақтың ерекше құлдары болды. Рухани тұрғыдан жеңіске жеткен сұлтандар сияқты болды».

екенін әсте ұмытпау керек. Екіншіден, оқушы сабаққа кірер кезде өзін 45 минутқа дайындап қойған. Сол уақыт толғанда, қабылдау қабілетінің есіктерін жабады. Қатынас та бітеді.

Азан айтылғаннан кейін уағыз айтып жатқан адамдар да тура осындай жағдайға тап болады. Жамағат ішінде жалығушылыққа жол ашады. Сөгіс алмау үшін ешкім үндемейді. Ұзатуға тырысқандардың сөздері босқа кетеді. Бірақ өте ынталы, ерекше топ болса, олардың ден қоюы мен көңіл аударуы сергек болады. Міне, сабақты осы кезде жалғастырса, болады. Абдұллаһ бин Амр бин Ас былай дейді:

«Пайғамбарымыз бізге (кейде) таң атқанша Исрайл ұлдарының оқиғаларын әңгімелеп беретін. Әңгімесіне тек парыз намаз үшін тұрғанда ғана үзіліс беретін» (Әбу Дәуіт, Илм, 11/ 3663).

«Сабырлы бола білсең, ол саған қанат болады да биікке көтерілесің! Хазіреті Мұстафаға қара! Сабыр Оған Бұрақ болды, Миғраж болды, Сидрәтул Мунтәһә болды да Оны аспанның арғы жағына көтерді, Хақпен кездестірді».

ОРТА ДЕҢГЕЙ

Хазіреті Пайғамбарымыз r – біздің бірегей үлгіміз.. Өлшемнің барлығы Онда... Одан асып кетуге де, озып кетуге де болмайды... Көркем аятта былай делінген:



«Ей, мүминдер! (Істе болсын, сөзде болсын) **Аллаһтың және Оның Расулының алдына өтпеңдер. Аллаһтан қорқыңдар. Аллаһ, расында, бәрін естіп, бәрін біліп тұрады»** (Хұжурат сүресі, 1-аят).

Жігерлі тәлімгер қабілетті де ынталы оқушыларға сүннетке сай келмейтін көп нәрселерді тез уақытта үйретпек болса, ізгі амал сияқты көрінген бұл іс пайдасын бермейді. Хазіреті Пайғамбарымыз сүннетінен асып кетуге тырысқан сахабаларын орта деңгейде болуға, яғни өзінің іс-қимыл өлшеміне қарай бағыттап отырған.

Уәһб бин Абдұллаһ t былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыз r Сәлмән мен Әбуд-Дәрданы бауыр етіп жариялаған болатын. Сондықтан Сәлмән Әбуд-Дәрданың жағдайын үнемі сұрап тұратын. Бір барғанында оның әйелі Үммуд-Дәрданы ескі киім киіп жүргенін көреді. Одан:

«Бұл жағдайың не?» деп сұрағанда:

«Бауырың Әбуд-Дәрда дүние мүлкі мен әшекейлеріне мән бермейтін болды» дейді. Осы кезде Әбуд-Дәрда үйге келіп, дайындатқан тамағын Сәлмәнға ұсынып:

«Бұл көңіл деген үйдің ішінде Кімнің бар екенін білсеңдер, сол көңілдің иесінің есік алдында жасап отырған тәрбиесіздіктеріңе жол болсын! (Хазіреті Мәуләнә)

«– Қанеки, тамақтарыңды жеңдер, менің аузым берік» – дейді. Сәлмән:

«– Сен жемейінше, мен де жемеймін» деп жауап қатады. Сонда Әбуд-Дәрда дастарханға отырып, тамақтанады. Түнде Әбуд-Дәрда тәһәжжуд намазын оқуға дайындалады. Сәлмән оған:

«– Ұйықта!» – дейді. Әбуд-Дәрда ұйықтайды. Біраз уақыт өткен соң қайта тұрмақ болады. Сәлмән тағы да:

«– Ұйықта!» деп, оны тұрғызбайды. Түннің соңғы бөлігі жақындағанда Сәлмән:

«– Енді тұр!» дейді де, екеуі бірге намаз оқиды. Кейін Сәлмән Әбуд-Дәрдаға:

«– Сенде Аллаһтың ақысы бар, өз нәпсіңнің ақысы бар, жанұяңның ақысы бар. Әр ақы иесіне өз ақысын бер» – дейді. Кейін Әбуд-Дәрда Хазіреті Пайғамбарымызға барып, болған жағдайды айтып береді. Әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сәлмән рас айтқан» – дейді (Бұхари, Саум, 51, Әдеп, 86).

Қысқасы, үнсіз, тыныш күйдегі жалғасымдылық аз уақыт жалғасатын шаттықтан әлдеқайда артық әрі қайырлы болып табылады.

«Ішкі әлемін тазартқан (жаман мінезден арылғандар) жанын құтқарғаны» (Шәмс, 9).

ЖАЛҒАСЫМДЫЛЫҚ

Діни тәрбиедегі жетістік – іс-қимылдардың үйреншікті іске айналуы. Бір мәртелік жігерліктің әсерімен таңға дейін құлшылық еткенше, әр түн сайын шектеулі уақытта құлшылық ету қайырлы болып табылады.

Хадисте былай делінген:

«Парыз емес амалдарды қолдарыңнан келгенше орындаңдар. Өйткені амалдардың ең қайырлысы – аз болса да, жалғасымды болғаны» (Ибн Мәжә, Зуһд, 28).

Сондықтан тәлім-тәрбиеде оқушыларды өмірлерінің ажырамас бөлшегі болып табылатын көркем әдеттермен, салих амалдармен тәрбиелеуге тырысу керек. Жалықтыратын, орта деңгейге сай емес ұзақ, бірақ көп қайталанбайтын сабақтар орнына қысқа болса да, белгілі тәртіппен жасалынған сабақтар пайдалырақ.

ЫҢҒАЙЛЫ УАҚЫТТЫ КҮТУ

Тәлімгер парасатты болуы керек. Тыңдаушысының тыңдауға, қабылдауға дайын болған уақытын пайдалануы керек.

«Шынайы мүминде мына екі қасиет ешуақытта бір жерге келмейді: Сараңдық пен жаман мінез!..» *(Термези, Бирр 41/1962).*

Аллаһтың Елшісі ﷺ:

«Қанағат — таусылмас қазы-на», деп айтқан *(Дәйләми, муснәд III, 236/4699).*

Дін – ешқашан тоқтамайтын толқыныс. Табысты тәлім-тәрбие толқыныс пен көңіл аударылған ортаны талап етеді. Толқыныс болмаса, геометриялық пішін ғана болады. Тыңдаушы денесімен ұстазының алдында болғанымен, қызығушылығы мен назары аумаған, алаңдап тұрған, жан дүниесінің есігі жабық. Бұл күтілетін оңды нәтижені тудырмайды.

Абдұллаһ бин Мәсғуд t адамдарға бейсенбі күндері уағыз айтатын. Біреу оған:

– «Әбу Абдұррахман! Әттең, бізге күн сайын уағыз айтып отырсаң ғой!» – дейді. Ибн Мәсғуд оған былай деп жауап қатады:

– «Сендерді жалықтырмау үшін күнде уағыз айтпаймын. Пайғамбарымыз да жалығып кетпеуіміз үшін тыңдауға құштар болған күндерімізді күтетін» (Бұхари, Илм, 11-12).

ТҮСІНДІРГЕНДЕ БІРҚАЛЫПТЫ КҮЙДЕ БОЛМАУ

Адам жаратылысы бірыңғай және бірқалыпты әдіске бір мезгілден кейін ден қоюын жоғалтып алады. Сондықтан тәлім-тәрбиеде бір қалыпты әдістен аулақ болу керек.

Ибн Аббас t шәкірттерімен бірге отырғанда оларға біршама уақыт хадис айтады да, кейін:

«Тәбетімізді ашыңдар! Яғни әзілдесіңдер, өлең оқыңдар. Әлбетте, рух дене жалыққандай жалығады» деп, арабтардың мақал-мәделдері мен даналық әңгімелерінен сыр шерте бастайтын. Кейін қайта сабаққа оралады да, қажет болғанда мұны бірнеше рет қайталайтын (Кәттәни, II, 237).

Демек, орынды әңгімелер, тақпақтар мен бейнелеулер, қысқартулар мен естеліктер, тәжірибелер тәлімгердің бір қалыптылықты жеңудегі қаруы екен.

ҚЫЗЫҚТЫРУ

Аллаһ Елшісі мән берушілікті ояту үшін алдымен қысқа сөз айтып қызықтырып, кейін толық түсіндіріп беретін. Бұл әдіс тақырыптың тыңдаушы зейінінде жақсы орнығуын немесе жатталуын қамтамасыз етеді. Алдымен мән беру жинақы етіліп, тыңдаушылар егжей-тегжейлі мәліметтерге дайын болады. Бұл әдіспен тыңдаушы сұрақ қоюға шақырылады. Өстіп тыңдаушылардың көкейіне әсер етеді де, жақсы ұғынылып, орнығады.

«Және олар — Раббыларының ризалығын тілеп, (ұшыраған қиыншылыққа) сабыр қылғандар, намазын дұп-дұрыс оқығандар, өздеріне берген несібемізді көр-неу және көмес (Аллаһ жолына) жұмсап отырғандар және жамандықты жақсылықпен қайтарғандар. Әне, олар бар ғой, дүние жұрты-ның (көркем) соңы солардыкі» — делінген. (Ра'д, 22).

«Аллаһтың нығметтерін санауға кіріссеңдер, оларды санап тауыса алмайсыңдар!..» *(Нахл, 18)*

Хазіреті Пайғамбарымыздың жанынан бір жаназа өтеді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Рахатқа жеткен және онымен рахатқа жетілген» – деді.

Сахабалар қызығушылық танытып:

– «О, Аллаһ Елшісі! Бұл *"Рахатқа жеткен және онымен рахатқа жетілген"*-нің мағынасы не?» деп сұрайды.

Әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деп түсіндіреді:

«Мүмин құл дүниедегі машаққат пен азаптан құтылып, Аллаһтың мейіріміне бөленіп, рахатқа кенеледі. Ал күнәһар құлдан адамдар мен өлкелер, ағаштар мен жануарлар құтылып, рахатқа кенеледі» (Мүслим, Жәнәиз, 61).

БАЙЛАНЫСТЫ СҰРАҚТАР ҚОЙЫП, КӨҢІЛДІ СЕРГЕК ҰСТАП ТҰРУ

Мұғалім сыныпта тек сөйлеп тұра беріп, немесе жаздыра беріп, ал оқушылар тек тыңдап немесе жазып жатса, оқушының көңіл бөлуін сергек ұстап тұру өте қиынға соғады. Сондықтан оқушыны сұрақтармен, қайталату әдісімен сабаққа қатысып отыруға шақыру керек. Бұл істе де тәлімгер тек үнемі ынталы оқушылармен ғана емес, басқа

оқушыларды да қатынастырып, қайталауға, сұрақ-жауап жүргізуге үлкен мән беру керек.

Аллаһ Елшісі r сұрақтармен тыңдаушысын сергек ұстап отыру әдісін көптеп қолданатын. Хазіреті Пайғамбарымыз бір күні:

«Сендерге кімнің тозақтан, тозақтың да ол адамнан алыс болғанын айтайын ба?» деп сұрады.

Сол жердегілер бірден назар аударады. Қызыға күтеді. Олар кім?

Сөйтіп, Пайғамбарымыз r сөзін ынтық топқа жеткізеді.

– *«Олар сыпайы, жанашыр, мейірімді, жанға жақын және жұмсақ болғандар»* – дейді (Ахмет, I, 415).

Ғибадат пен тағатқа жалқаулық ояндырып, жүректі тарылтатын астар – харам ас. Сен өміріңде халал асыңды көбейт. Шүбәлі мен харамдардан қашқақта, сонда ғибадат пен тағаттың дәмін татып, хушуғдың не екенін сезінесің!».

ОЙҒА САЛУ

Мықты тәлімгердің сабағы кітаптардағы мәліметтерді жеткізумен ғана тұрмай, оқушыларын ойландыратын, ғибрат алып, толғандыратындай болуы керек. Ал сабақтан шыққаннан кейін оқушылар арасында әрі қарай өрбитін сабақ болуы тиіс.



Дүниенің өткінші, Аллаһтың құзырында құнсыз екенін айту оңай. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымыз r нақты мысал келтіре отырып, адамдарды ойға салып, оларға мойынсұндырып, дүниенің құнсыздығын ашық түсіндіреді:

«Қайда болсаң да Аллаһтан қорық! Жамандыққа қарсы жақсылық жаса да, жамандықтың түбіне балта шап. Адамдарға да көркем мінез-құлық арқылы мәміле жаса» *(И. Жанан, Кутубус-Ситтә, V)*

Хазіреті Пайғамбарымыз бір күні базарға соқты. Жанында сахабалары болатын. Аллаһ Елшісі r кішкентай құлақты бір лақ өлексесін көрді. Оның құлағынан ұстап:

– *«Кім мұны бір дирһәмге сатып алғысы келеді?»* – деп сұрады. Сахабалар:

– «Бұдан төмен ақыға болса да алмаймыз, оны не қылайық?» – деді. Кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Сендерге тегін берілуін қалайсыңдар ма?»* – деп тағы сұрады. Олар:

– «Аллаһқа ант етеміз, ол тірі болса да құлағы жоқ болғандықтан айыпты. Өлі күйін не қылайық?» – деп жауап береді. Бұған Әлемдердің Мырзасы r:

– *«Аллаһқа ант етемін, Аллаһтың назарында дүние алдарыңда тұрған мына өлі лақтан да құнсыз»* – дейді (Мүслим, Зуһд, 2).

Негізінде, аз ойланып көрсек, өткінші дүниедегі барлық нәрсенің сол өлі лақ сияқты шіріп кететінін толық түсінетін боламыз.

Аллаһ нені оқу керектігін белгілемей, жалпы «اقْرَأْ / Оқы!» деді. Сонда нені оқимыз?

Әлем беттерін оқы! Адамды оқы! Құранды оқы!

Тозаң сияқты кішкентай денелер де ерекше хикмет... Алып денелер де ерекше хикмет...

Сондықтан мұғалім оқушысын қайран қалдыратындай бұл әлемде серуендете алуы керек. Тәлім адамға ішкі мағыналарды ойлауды үйретуі керек. Аллаһ достары да сұрақтарымен бұл ішкі мағыналарды ойландыруға тырысқан.

Жағфар бин Садиқ Әбу Ханифадан мынаны сұраған:

– «Кім ақылды?»

– «Жақсы мен жаман арасын ажырата білген»

– «Жануарлар да екеуінің арасын ажырата алады, өздерін ұрған мен жем бергенді бір-бірінен айыра алады».

– «Олай болса, сенің пікіріңше, кім ақылды?»

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Досыңды жақсы көргенде шегімен жақсы көр, өйткені күндердің күнінде дұшпаның болып кетуі мүмкін. Дұшпаныңды да шегімен жек көр, өйткені күндердің күнінде досың болып кетуі мүмкін».

(Термези, Бирр 60/1997)

– «Екі жақсы мен екі жаман арасын ажыратып, екі жақсының жақсырағын, екі жаманның жеңілдеуін таңдай білген!» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, ауд: Проф. Док. Сүлеймен Ұлыдағ, Ыстанбұл, 2002, I, 54).

Хазіреті Айша ؓ айтады:

«Бір қызығы, адам баласы мұсылман бауырын жамандап лас сөздер айтқаннан кейін емес, адал, таза ас жегеннен кейін аузын жуады!» (Ахмет бин Ханбәл I, 59).

ОЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тәлімгер, ұстаз, мұғалім... – болашақтың ұлы тұлғаларын жетілдіретін адамдар...

Болашақтың ұлы тұлғалары оқушыларына көкжиек ашып беруі керек. Оларды батыл болуға шақыруы керек. Бос, жалған уәделермен емес, шынайы жігерлендіруші, қолдаушы, үміт беруші жобалар ұсынуы керек.

Болашақ жайында қозғалған әңгіме ден қоюды арттырады. Өйткені әркім болашаққа ынтық. Әсіресе, адам өзінің болашағына байланысты жорамал жасалғанда тамсана қарайды.



Хазіреті Пайғамбарымыз r Аллаһтың өзіне баян еткен мәліметтерінде болашақпен байланысты өрістер ашқан.

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Сендер (Құдайдың құдіретімен) жәрдем

Балиғатқа толған соң әйелдердің** (жүзі мен қолдарын көрсетіп) **мына, мына жерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс емес!».

(Әбу Дәуіт, либәс 31/4104).

алып, қолға олжалар түсіресіңдер, көп мемлекетті өздеріңе қаратып аласыңдар. Кімде-кім сендерден бұл жағдайға жетсе, Аллаһтан қорықсын, жақсылықты бұйырып, жамандықтан қашсын...» (Термези, Фитән, 70/ 2257).

Жәбир t былай түсіндіреді.

Хазіреті Пайғамбарымыз мінберде тұрып, Йемен жаққа қарады да:

– *«Аллаһым, жүректерін дініңе бұр!»* деді.

Ирак жаққа қарап, тура сол дұғаны оқыды. Шартарапқа қарады да, тура сол сөздерді айтты. Кейін:

– *«Аллаһым, бізді жер қазыналарымен рызықтандыр. Өлшемдерімізді берекеттендір»* – деді (Бұхари, Әл-Әдәбүл-Муфрәд, № 482).

7) НАСИХАТ ЕТУ

Аллаһ Тағала Пайғамбарына Құранда былай әмір еткен:

«Сен насихат етіп, естеріне сал. Өйткені, еске салу мүминдерге пайда береді» (Зәрият сүресі, 55-аят).

Расулұллаһ ﷺ айтады:

«Абай болыңдар! Ашу адам баласының жүрегінде жататын от. Ашуланған адамның көздері қызарып, кеңірдек тамырлары ісігенін көрмедіңдер ме? Кім ашулана бастағанын сезінетін болса, дереу отырсын немесе жатсын!».

(Термези, Фитән 26/2191; Ибн Мәжә, Фитән 18)

«Негізінде, сен тек насихат етушісің» (Ғашия сүресі, 21-аят).

«Ашу келсе көз қарауытады, ашу кеткенде бет қызартады».

Діни тәлім-тәрбиенің негізін насихат құрайды. Тыңдаушыға асыл тастай сөздермен әңгіме айтып, жүрегін оятып, пайда алу қалауын тудыру керек. Насихат сөзі түбірі жағынан тыңдаушының жақсы болуын қалау деген сөз. Егер адам қырсық, тәкаппар мінезге ие болмаса, өзінің жақсы болуын қалаған. Сондықтан да өзіне насихат айтқан адамның сөзіне құлақ салады. Бірақ насихаттың жемісті болуы айтылған сөздердің айтушының жүрегінен шығып, тыңдаушының жүрегіне қонуымен іске асады. Көңілден емес, ауыздан ғана шықса, тек құлаққа ғана жетеді.



Хазіреті Пайғамбарымыздың ең маңызды және ең басты тәлім-тәрбие әдістерінің бірі Құранның әміріне еріп, үгіт-насихат жүргізуі болатын. Адамдарға уағыз айтып, насихат еткен адам олардың жігерін арттырады, салих амалдарға жетелейді және бұл үшін ең әсем сөздерді таңдайды. Мәселені терең түсіндіріп, шектері мен оған кедергі болатын жайттарды белгілеумен айналыспайды. Бұның орнына мүмкіндігінше

әсерлі сөйлейді. Аллаһтың сыйы Жәннаты мен үрейлендірген жан түршігерлік азабын тіліне тиек етеді. Жақсы істерге шақырады, жаман істерден алыстатады, жақсылықтарды бұйырады, жамандықтардан қорғайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз тек мұғалім мен үкім қоюшы ғана емес, сонымен қатар үгіт-насихат айтатын ерекше тұлға еді. Сондықтан адамдарды салих амалдарға ең көркем түрде бағыттайтын және жалқаулықтан аулақ ұстайтын әдіспен уағыз-насихат айтатын.

Аллаһ достары шын жүректен айтқаны үшін тыңдаушыны жанынан ұстап, маржан сөздерімен насихат айтатын.

Уәйсәл Қарани былай деген:

«Жатқаныңда өлімді жастығыңның астына қой, ал тұрғаныңда көз алдыңа елестет. Күнәнің кіші екеніне қарама, кімге қарсы келіп, күнә істегеніңді ойла. Күнәға тйымы салған Жаратушының ұлылығына қара» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 62).

Аллаһтың Елшісі ﷺ:

***«Кім өзінің дін бауы-рының күнәсін ашып, жамандаса, сол күнәні өзі істемей өлмейді», дейді** (Термези, Қиямет 53/2505).*

МАҒАН НАСИХАТ ЕТ

«Қайсыбірің ашуланған кезде тік тұрған болса, басылып отырсын, ашуы тарқаса жарайды, ал тарқамаса, жатсын» (Әбу Дәуіт, әдеп 3\4782; Ахмет, V, 152).

Шақиқ әл-Бәлхи қажылық етпек болып, жолға шығады. Бағдатқа келгенінде Харун Рашид оны шақырып алып, «Маған насихат айт!» дейді. Шақиқ оған мынадай насихат айтты:

– «Шөлде екенмін деп және өлердей шөлдедім деп ойла. Сол кезде бір жұтым су таптың делік, оны қаншаға сатып алар едің?». Харун сонда:

– «Қанша талап етсе, соншаға сатып аламын» дейді.

– «Бірақ адам "Дүние-мүлкіңнің жартысын қалаймын..." десе ше?»

– «Оны да беремін». Шақиқ:

– «Бұл суды іштің делік. Бірақ ішкен суың шықпады, яғни кіші дәретке бара алмадым деп ойла. Соншалықты өліп кетем деп қорықтың. Осы кезде біреу шығып:

– «Мен сені емдей аламын. Бірақ ақысына дүние-мүлкіңнің екінші жартысын аламын...» десе не істер едің?». Харун:

– «Оны да беремін». Шақиқ:

– «Олай болса, алдымен ішіп, кейін кіші дәретпен шығаратын бір жұтым суға тұрарлық мүлкіңмен не деп мақтанбақсың?» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, ауд: Проф. Док. Сүлеймен Ұлыдағ, Ыстанбұл-2002, I, 236).

8) ТӘРҒИБ (ЫНТАЛАНДЫРУ) ЖӘНЕ ТӘРҺИБ (ҚОРҚЫТУ)

Аят кәримәда Пайғамбарымыз екі қасиетпен таныстырылған:

«Біз сені барша адам баласына тек сүйіншілеуші және қорқытушы етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді» (Сәбә сүресі, 28-аят).

1) Бәшир: сүйіншілеуші. Мүминдерді, тақуа болғандарды Жәннат пен иләһи сыйлармен сүйіншілеуші.

2) Нәзир: қорқытушы. Имансыздар мен бейқамдарды тозақпен және иләһи азаппен қорқытушы.

Адамдардың үрейлері мен қалаулары бар. Құрайш сүресінде айтылғандай, адам бойында қауіпсіздік мұқтаждығы мен құмарын қандыру

«Топырақ сияқты бол!» – дейді. Топырақ өзін аяқ асты етіп езіп жүрген барлық жан иесіне жомарттықпен сый тартады. Топырақ мақлұқаттың нәжістерін тазалап, оларды қайта барлық тіршілік иелеріне таза, дәмді және пайдалы азықтар етіп ұсынады.



әуестігі бар. Өткінші, қауіп-қатерге толы дүниеде үрейлерден қауіпсіздікте болуды және қалауларын іске асыруға тырысады. Алайда, оны бір қадам арғы жағында үрейлі қиямет таңы күтіп тұр. Тіпті, ол мәңгілік әлемнен өліп құтылу мүмкіндігі де жоқ. Сондықтан адамды тәлім-тәрбиеде де бұл дүниедегі беталысы шеңберінде мәңгі әлемде күтіп тұрған сыйлармен сүйіншілеу және азаптармен қорқыту өте маңызды жағдай болып табылады.

«Ашу шайтаннан. Ал шайтан оттан жаратылған. Отты сумен сөндіреді. Олай болса, біреу ашуланатын болса, дереу дәрет алсын!» (Әбу Дәуіт, әдеп 3\4784; Ахмет IV 226).

Бұл әдісті Аллаһ Тағаланың өзі Құранда қолданып отыр. Міне, Аллаһтың құлдарға өзін танытуы:

«(Ей, Пайғамбарым!) **Құлдарыма** (мынаны) **хабарлап қой: "Шынында Мен,** (иә) **тек Мен ғана аса жарылқаушы, асқан рахымдымын.** (Бірақ) **менің азабым да, жан түршігерлік азаптың нақ өзі"»** (Хижр сүресі, 49-50-аяттар).

Әрі ынталандыру мен қуанту әрі қорқыту мен тыю адамның рухани күйін жақсылыққа бағыттау мен жамандықтан сақтандыру мәселесінде үлкен мәнге ие. Сол себепті адамды бұл рухани күйде жаратқан Ұлы Раббымыз Құранда, Хазіреті Пайғамбарымыз хадистерінде тәрғиб (ынталандыру) мен тәрһибті (қорқытуды) жүйелі түрде қолданған.

Хазіреті Пайғамбарымыз жанындағы адамдарды кейде сүйіншілейтін, кей кездері қорқытып алатын. Өйткені тек қорқыту ғана алыстатады, жиіркенішке себеп болады. Ал адамдарды қорқытпай, тек қуанта беру олардың жалқау болуларына жол ашады.



Хазіреті Пайғамбарымыз r дін насихатын алғаш рет бастаған кезінде:

«Сендерді "Лә иләһә иллаллаһу уахдәһу лә шәрикә ләһ" деп куәлік етуге шақырамын! Ал мен Оның құлы әрі елшісімін! Мұны осылай қабыл алып, айтар болсаңдар, Жәннатқа кіретіндеріңе кепіл боламын!» (Бәләзури, I, 119-120).

«Кім маған бұл істе жәрдемші және бауырым болып, сөйтіп Жәннатқа қол жеткізуді қабылдайды?» деп, адамдарды Жәннатпен сүйіншілеген (Ибн Сағд, I, 187). Сонымен қатар, дін насихатын алғаш бастаған күндерінде Хашим ұлдарына былай деген:

«Сендер қиямет күні жақсы амалдарыңмен емес, дүниені мойындарыңа жүктеп алған күйде келсеңдер, мен сендерден бет бұрамын. Сол кезде сендер маған: "О, Мұхаммед!" дейсіңдер. Мен бұлай жасаймын».

«Күлкісі көбейген адамның айбындылығы азаяды. Көп әзілдейтін адам елдің күлкісіне, ойынның құралына айналады. Бір нәрсені көп орындаған адам сонысымен танымал болады. Көп сөйлеген көп қате жібереді. Көп қате жасаған адамның ұяты азаяды. Ұяты азайған адам күмәнді нәрселерден қашпайды. Күмәнді нәрселерден сақтанбаған адамның жүрегі өледі»

(Ихя, III, 288).

«Зинаға жоламаңдар! Өйткені ол – анық арсыздық әрі жаман жол!»

(Исра сүресі, 32-аят)

«Жәннатта тұрған адамның жылағаны қалай түсініксіз болса, барар орнын (жәннат па, тозақ па) білмейтін адамның дүниеде шектен артық күлгені де сондай таңғалатын нәрсе».

Аллаһ Елшісі r *«Бұлай жасаймын»* дегенде, жүзін олардан басқа жаққа бұрды да, мұны екі рет қайталады (Ибн Исхақ, III, 128; Яғқуби, II, 27).

Әбу Сағид әл-Худри t былай деген. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Қиямет күні өлім ала қошқар бейнесінде алып келінеді. Жәннат пен тозақ арасына қойылады. Кейін:

– «Ей, Жәннат халқы! Мұны танимысыңдар?» деп сұралады. Олар бастарын созып қарайды:

– «Иә, бұл – өлім» дейді. Сосын:

– «Ей, тозақ халқы! Мұны танимысыңдар?» деп сұралады. Олар да бастарын созып қарап:

– «Иә, бұл – өлім» дейді. Артынша әмір беріліп, қошқар сойылады. Бұдан кейін:

– "Ей, Жәннат халқы! Мәңгілікке аяқ басқалы тұрсыңдар, енді өлім жоқ. Ей, тозақ халқы! Мәңгілікке аяқ басқалы тұрсыңдар, енді өлім жоқ" делінеді» дейді. Кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«(Ей, Расулым!) **Сен оларды** (барлық) **іс бітіп,** (үкім шығарылып, кәпірлер мен күнәһарлар азап көретін) **қасірет пен пұшаймандық күнімен ескерт! Алайда олар әлі де қапыда қалған, әлі де иман келтірмеген»** аятын оқыды (Мәриям сүресі, 39-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз қапыда қалғандарды көрсету үшін қолымен дүниені меңзеді (Муслим, Жәннат, 40).

Бұл әдіс жүйелі қолданылса, адамның үрей мен үміт сезімдері іске асады. Осылай адамның жүрегіне шынайы өмірдің ахірет өмірі екенін ұялатуға мүмкіндік береді.

«Шектен асқандарға бойсұнбаңдар. Олар жер жүзінде жамандыққа жармасып, ескі салттан жазбайды» *(Шұара 151-152).*

ЖАМАН НӘРСЕЛЕРДЕН ЖИІРКЕНДІРУ

Харамдардан жиіркендіру үшін тәрһибке (қорқытуға) ұқсайтын тағы бір әдіс – харамдардан туындайтын азаптарды жиіркенішті тәсілмен түсіндіру.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Әрбір мас ететін нәрсе – харам. Аллаһ мас ететін нәрсе ішкендерге "Тинәтул-Хабал" ішкіземін деп уәде берген» дейді. Ол жердегілер:

– «О, Аллаһ Елшісі! "Тинәтул-Хабал" дегені не?» деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Тозақтықтардың тері немесе аққан қаны мен іріңдері»* – дейді (Мүслим, Әшрибә, 72; Әбу Дәуіт, Әшрибә, 5).

«Хазіреті Пайғамбардың таңдайы көрінетіндей қар-қылдап күлгенін еш көрмедім. Ол күлімсіреп қана қоятын» *(Бұхари, Әдеп, 68; Мүслим, Иистисқа, 16).*

9) ЖҮЙЕЛІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Тәлім-тәрбиенің жемісті болуы үшін белгілі бір жүйе мен жоспарға сай жасалуы керек. Әдіс пен жүйелі түрде кірісу тақырыпқа берілген маңыз-ды білдіреді. Бұл мәселеде жамағатпен оқылған намаздағы саптардың ретті болуына берілген маңызды мысал ретінде келтіре аламыз.

Хазіреті Пайғамбарымызға деген терең сүйіс-пеншілігі және беріктігімен танылған Бәрә бин Азиб t намазда саптардың тура түзілуіне аса мән беретін. Мұның қажеттілігі мен ізгілігін көп тілге тиек ететін және былай дейтін:

«Жамағатпен намаз оқуға тұрғанда Пайғам-барымыз қолымен кеу-демізге, кейде арқамыз-ға тиіп, осылай саптарды түзеп жүріп:

– *"Саптарың қисық болмасын, кейін ол қи-сықтық жүректеріңе өтеді"* дейтін» (Ахмет, IV, 304).

Қисық, ретсіз жасалған тәлім нәтижеге де әсер етеді. Мүминдер әрбір ісінде **"Әжмәл/ең шырайлы", "Әхсән/ең көркем"** және **"Әкмәл/ең кемелді"** өлшемдеріне сай әрекет етулері керек. Пайғамбарымыздан алған ғылым алауын дүниенің төрт бұрышына таратқан сахабалар да бұл әдіс пен жүйелілікке үлкен мән берген.

Хазіреті Омар t тарапынан Шамға тағайындалған Әбуд-Дәрдә t онда ұзақ өмір сүрген және әйгілі ғылым алқасын құрған. Оның бақылауындағы шәкірттерінің саны 1600-ден астам болған.

Шәкірттерін он топқа бөліп, әрқайсысына жетік білімді адамдардан жеке ұстаз белгілеп, әрқайсысының дамуын ретімен бақылап отырған. Бұл негізгі деңгейден өткендер тікелей өзінен сабақ алатын. Осылай жоғары деңгейдегі шәкірттер әрі Әбуд-Дәрдәмен жұмыс жасау әрі төменгі деңгейдегі шәкірттерге ұстаздық жасау мүмкіншілігіне ие болған (Зәһәби, Сияру Әғләмин-Нубәлә, II, 344-346).

«Туыстарға, жоқ-жітіктерге, жолда қалып қойған жолаушыға (қол ұшын беріп, тиісті) ақысын бер! Бірақ, (малыңды) ысырап қылып, шашпа! Өйткені (мал-мүлкін) шашып төккендер — шайтанның бауырлары. Шайтан босла, Раббысына қарсы тым опасыз» (Исра, 26-27).

Хазіреті Омар t Язид ибн Абдұллаһты алыс жердегі ауылдағыларға Құран үйрету үшін жібереді. Кейін сол шөл далада өмір сүретін бәдәуи руларға барып, қаншалықты үйренгендерін білу үшін Әбу Суфиянды

бақылаушы етіп тағайындайды. Және де Мәдинада балаларға Құран үйретулеріне үш сахабаны тағайындап, әрбіріне айына 15 дирһәм айлық береді. Жігіт болсын, бала болсын, оларды бөлмей, балалардың әрқайсысына жеңіл бес аят үйретілуіне бұйрық береді (А'зами, 127-бет).

Хазіреті Омардың t арнайы бақылаушы тағайындап, нәтижені бақылауы тәлім-тәрбие ісінде болуы керек ерекше жүйелілік пен көрегендікті байқатады.

НӘТИЖЕНІ БАҚЫЛАУ

Жүйелі тәлімнің шарты – тәлім-тәрбие іс-шараларының нәтижесін бақылауға мән беру.

– Оқушыға әсер етіп жатыр ма?

– Оқушының жүрегіне жетіп жатыр ма?

– Бала-шағаларымыз намазға үйренді ме?

– Жалғыз қалғандарында да оқи ма?

Қорыта айтқанда, материалдық және рухани тұрғыда тәлім-тәрбие әдіс-тәсілдерімен алға қойылған мақсатқа қол жеткіздік пе?

Хазіреті Пайғамбарымыз Әбдул-Қайс руының өкілдері келгенде Ансарлықтардан оларды қонақ етулерін және қошаметтеулерін сұрап,

«Әр жасылық – садақа. Бауырыңды күлімсіреп қар-сы алуың және өз ыдысыңдағы судан бауырыңның ыдысына су құйып беруің де жақсылық болып саналады»

(Термези, Бирр, 45) 1970; Ахмед, III, 344; Бұхари, Әдәбул-Муфрад, №304).

оларға қажетті діни мәліметтер мен намазда оқылатын сүрелерді үйретулерін ескертті. Таңертең өкіл адамдары келгенде олардың жағдайларын, Ансарлықтардың мәмілесінен разы болған-болмағанын сұрады. Олар да разы екендіктерін айтты. Кейін Хазіреті Пайғамбарымыз өкіл мүшелерін дінді жетік үйрене алуы үшін сахабалардың үйлеріне бір-екіден таратты. Бұл әдіс тиімдірек болды.

Сахабалардың жігері мен Әбул-Қайстықтардың үйрену ынталарына дән разы болған Хазіреті Пайғамбарымыз оларға жеке-жеке көңіл бөліп, жаттаған Тахийят, Фәтиха мен басқа сүрелерін және үйренген Сүннеттерінің бәрін өзі тексеріп шықты (Ахмет, III, 432).

«Дін бауырыңды күлімсіреген шырай танытып қарсы алудан тұрса да, ешбір жақсылықты қор көрме!» (Мүслим, Бирр, 144).

Хазіреті Пайғамбарымыз r әһлү бәйтінің/үй ішіндегі адамдардың түнгі құлшылығына дейін бақылауға алып, оларды мәңгі бақыт үшін үнемі ескертіп тұратын. Хазіреті Пайғамбарымыз r кей түндері Хазіреті Әли мен Фатима анамыздың есігін қағып:

– *«Намазға тұрмайсыңдар ма?»* дейтін (Бұхари, Тәһәж-жуд, 5).

Зинаның қоғамның берекесін қашыратын өте жиркенішті іс екені туралы адамдарды үгіттеп, тәрбиелеу және жастардың үйлене білуін жеңілдету — қоғамның міндеті.

«Расында, Аллаһ Тағала Кітабына (Құранға бас иіп-имеуі) себебімен кейбір халықтарды ұлық етеді, кей халықтарды қор етеді» *(Муслим, мусәфирун 269).*

10) ӘДЕПТІЛІК САҚТАП СӨЙЛЕУ

Тәлім-тәрбиенің ең үлкен қаржысы – тіл. Мумин тіл әдебін Құраннан үйренеді. Өйткені Құран муминдер үшін әр мәселедегідей, тіл әдебі мәселесінде де жол көрсетеді және Құран тілін үйретеді.

Сөздің әдебі үшін қажетті басты талап – сөздің дұрыс болуы. Тіліміз ақиқатты айтпаса, тура сөйлемесе, сөздеріміз қаншалықты сыпайы, қаншалықты тәтті немесе қаншалықты әсерлі болса да, бос деген сөз. Аллаһ былай деген:



«Олар пайдасыз істерден және бос сөздерден бет бұрады» (Муминун сүресі, 3-аят). Сондықтан Аллаһтың жалпы қасиет ретіндегі иман әмірі – тура сөз. Яғни:

قَوْلاً سَدِيداً / ҚАУЛӘН СӘДИДӘ

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және тура сөз айтыңдар!» (Ахзаб сүресі, 70-аят).

Тура сөз – дүниеде де, ахіретте де жақсылық, бақыт кілті. Туралық –

сөздің бір ғана сипаты емес, ең маңызды сипаты. Тура сөздің орны мен әдісі өте маңызды. Ең ащы ақиқаттарды, ең ауыр, қатты үрейлерді, ең ауыр ескертулерді тыңдаушының көкейіне жеткізудің жолы – бұл сөздерді ең көркем түрде, ең әсем сөздермен айту. Бұл жалпы өлшем – «көркем сөз». Яғни:

وَقُولُواْ لِلنَّاسِ حُسْناً / ҚАУЛҮН АХСӘН

«...Адамдарға көркем сөз айтыңдар» (Бақара сүресі, 83-аят).

وَقُل لِّعِبَادِي يَقُولُواْ الَّتِي هِيَ أَحْسَنُ

«(Мүмин) **пенделеріме айт: "**(Кәпірлерге һәм өзара) **қай сөз ең көркем** (сөз) **болса, соны сөйлесін!»** (Исра сүресі, 53-аят).

Басқа бір аят кәримада:

«(Елшім!) **Сен Раббыңның жолына көркем сөзбен, даналықпен шақыр...»** делінген (Нахл сүресі, 125-аят).

Мүминнің аузынан үнемі мейірім төгіледі. Ешбір Пайғамбар тыңдаушысына қарсы дөрекі әңгіме айтпаған. Олар әрқашан дінді насихаттағанда сөйлемдерін маржан сөздермен тізбектеп, көңілдерін шаттыққа бөлейтін. Олардың ізімен жүрген Аллаһтың әулие құлдары да дөрекі сөз сөйлемеген.

Мырзамыз ﷺ айтады: «Кімнің қалауы ахірет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлығын қояды және істерін жинақы етеді. Енді дүние мойнын иіп, оның арқасынан келеді. Ал, кімнің мақсаты дүние болса, Аллаһ оның екі көзінің арасына кедейлікті қояды, істерін де тиянақсыз етеді. Ақыры дүниеден қолына өзіне тағдыр етілгенінен артығы түспейді» (Термези, Қиямет, 30/2465).

Құран Кәрім әдептілікпен сөйлеудің туралық пен көркемдік сияқты екі жалпы негізінен басқа арнайы тыңдаушыларға тиісті сипаттарын да баян еткен. Бұл ерекше жағдайлардың бірі – әсіресе, қатал мінезді, қырсық, залым адамдарға қарсы олардың көңілдерін жұмсарту үшін ақиқатты жұмсақ түрде баян ету. Яғни:

«Ғайбат — дін бауырыңды жағымсыз сөзбен сыртынан жаман-дауың»

قَوْلاً لَيِّناً / ҚАУЛӘН ЛӘЙИНӘ

«Оған (Перғауынға) **жұмсақ сөз айтыңдар! Бәлкім, ол жөнге келер я қорқар»** (Тaһа сүресі, 44-аят).

Ешбір бұлақ немесе ешбір ағын су тауға жорғалай алмайды. Тауды асып өтуі үшін тек оның жанынан айналып өтуі керек. Бұлай болған жағдайда жүрілетін қашықтық ұзақ, бірақ талап етілген қалау мен мақсат іске асқан болады.

«Қаулүн Ләйин» деп баяндалған жұмсақ сөйлеу әдісі ақиқатты көңіл қалдырмай, адамдарды мойындауға жетелейтін әдіспен баян ету деген сөз.

Аллаһ Пайғамбарына қаратып, былай деген:

«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қарым-қатынаста**

болдың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді. Енді (бұдан кейін де) **оларға кешірімді бол және оларға** (Аллаһтан) **кешірім тіле, олармен әрбір іс туралы кеңес құр. Ал,** (кеңескеннен кейін) **бір іске бел бусаң, Аллаһқа сүйен. Аллаһ өзін сүйенгендерді, сөзсіз, сүйеді»** (Әлү Имран сүресі, 159-аят).

Бұл тәлімгер мен оқушы арасындағы қаталдықтың пайдасыз екенін, жұмсақтықтың үлкен берекет бұлағы екенін білдіретін өте маңызды аят болып табылады. Өйткені насихатта керектігі – жұмсақ, бірақ әсерлі сөз... Негізінде, мақсатын түсіндіре алмайтын адам ұзақ сөйлейді. Яғни:

قَوْلاً بَلِيغاً / ҚАУЛӘН БӘЛИҒӘ

«Міне, бұлар – Аллаһ жүректеріндегіні біліп тұратын (адамдар)**. Енді олардан бет бұр** (айтқандарына көнбе)**, оларға** (екі беткейлік жасамаулары туралы) **насихат айт, оларға өздері туралы күшті сөйле!»** (Ниса сүресі, 63-аят).

Құлдарынан опалы болуды талап еткен Аллаһ мүминнің әке-шешесіне әдепті болып, олармен сыпайы сөйлесуін әмір еткен. Яғни:

Ғайбат жүректерге кек пен дұшпандық уын шашатын, Ислам бауырластығына балта шабатын, бірлік пен татулықтың рухын өлтіретін үлкен қылмыс.

قَوْلاً كَرِيماً / ҚАУЛӘН КӘРИМӘ

«Раббың былай үкім шығарды: "Өзінен басқаға құлшылық етпеңдер. Ата-анаға жақсылық істеңдер! Егер олардың біреуі немесе екеуі де өз қасыңда қартайса, оларға "ту!" деп те айтпа (кейіме)**! Оларға зекіме! Оларға сыпайы да көңілдерін баурап алатындай жылы сөйле!"»** (Исра сүресі, 23-аят).

«Аллаһ Тағала Жәууәд, яғни кеңшілігі мол, жомарттық Иесі, сол себеті жомарттықты сүйеді. Сондай-ақ ол көркем мінезді жақсы көреді, ал жаман құлықты ұнатпайды». *(Суюти, әл-жәмиғус-сағир I, 60)*

Аяттың жалғасында әке-шешелердің балаларына мейіріммен тәрбие бергендігі айтылады. Яғни, әке-шешелер балаларын сүйіспеншілікпен әңгімелеп өсірулері керек. Балалар бағалай білуші, сондықтан олармен тәтті-әсем сөздермен сөйлесуі керек. Осылай жанұя негізінде сыпайылық, жұмсақтық пен нәзіктік үстем болады...

Аллаһ адамдарға сезімтал күйдегі мұқтаждарға да көңілдерін аулайтын тілмен сөйлеуді әмір етеді. Яғни:

قَوْلاً مَيْسُوراً / ҚАУЛӘН МӘЙСУРА

«Егер (туыстарға, жоқ-жітіктерге, жолда қалып қойған жолаушыға беретін нәрсең болмаса) **Раббыңнан үміт еткен мархаматты** (рызық пен жәрдем) **күткен кезіңде олардан бет бұруға мәжбүр болсаң, онда оларға сыпайы, көңілдерін баурап алатын жылы сөз сөйле!»** (Исра сүресі, 28-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз мұқтаж мұсылмандардың көңілдерін баурап алатындай сөз айтуға бұйырылған. Сонымен қатар Ол мұқтаждардың ұстазы болатын. Бұл аят тәлімгерлерге мынаны бұйырады: Тәлім қызметінде жүргендер оқушыларының материалдық-рухани дерттеріне ортақтасып, оларға жақындық көрсетуі керек. Мүмкіндігі шектеулі болса да, әсте олардан бет бұрмауы керек.

«Ғайбат кірген жерден бауырластық шығып кетеді»

Тілде әдептің тағы бір үрдісі бар. Ол орынды, ұтымды, әдетке сай, әсем сөз мағынасына келетін:

قَوْلاً مَعْرُوفاً / ҚАУЛӘН МӘҒРУФӘ

«Оларға әсем сөз айт!» делінген (Ниса сүресі, 5-аят). Сондай-ақ аят кәримәда:

«Даусыңды бәсеңдет. Дауыстардың ең жаманы есектердің даусы екенін жадыңнан шығарма» делінген (Лұқман сүресі, 19-аят).



Бұлардың барлығы мүминдер үйренуі тиіс Құран тілі болып табылады. Мүмин қай жерде, қандай сөз сөйлеуі керектігін жақсы білуі керек. Хазіреті Әбу Бәкірдің бұған байланысты мынадай насихаты бар:

«Не айтқаныңды, кімге айтқаныңды, қашан айтқаныңды ұмытпа!»

Өйткені ауыздан шыққан әр сөз иләһи бейнетаспаға түсіріледі. Қиямет күні сол таспалардан өзімізді естиміз. Расында, аятта былай делінеді:

«Адам қандай сөз айтса да, жанында міндетті түрде бақылаушы, жазуға дайын бір періште болады» (Қаф сүресі, 18-аят).

Ғалам мақтанышы Пайғамбарымыз ﷺ жастардың ілім саласында жетіліп шығуларына үлкен маңыз беретін.

Бұл ақиқатқа байланысты Хазіреті Пайғамбарымыз біздерді былай сақ болуға шақырған:

«Аллаһқа және ахірет күніне иман келтірген адам қайырлы әңгіме айтсын немесе үндемесін!» (Бұхари, Әдеп, 31, 85, Риқақ, 23).

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Кешірім сұрататын сөз айтпа»* деген.

Сөз жүректен шықса, жүрекке жетеді. Бірақ, тілден шықса, құлақтан аса алмайды, онда тұрып қалады, жүрекке қонбайды.

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз Мұаз бин Жәбәлдің сұрақтарына байланысты оған бірнеше кеңес берді. Бірақ бұлармен шектелмей, одан да ілгерілеуін қалап, онан да қайырлы нәрселерді айтты. Осылай біраз

уақыт өткен соң Хазіреті Пайғамбарымыз киелі аузын меңзеп:

«Адам үнемі қайырлы нәрселерді айтуы керек. Жақсылық айта алмаса, үндемеуі керек» дейді. Мұаз:

«Айтқандарымыз үшін есепке тартыламыз ба?» деп сұрайды. Бұған Хазіреті Пайғамбарымыз r Мұаздың тізесінен ұрды да, оған мыналарды айтты:

«Аллаһ жақсылық берсін, Мұаз! Адамдарды жер сүзіп, тозаққа сүйрелейтін тілдерінің сөйлегенінен басқа не болуы мүмкін? Кімде-кім Аллаһқа және ахірет күніне сенетін болса, пайдалы сөз айтсын немесе үндемесін. Зиянды сөз айтпасын! Сендер қайырлы сөз сөйлеп, ұтып шығыңдар. Жаман сөз сөйлемей, рахат пен бақытқа қол жеткізіңдер» (Хаким, IV, 319/ 7774).

Мына хадис шәриф сөзге қаншалықты мән берілуі керектігі жайында өте маңызды болып табылады:

«Құл Аллаһтың разы болатын сөзін сөйлейді, бірақ онымен Аллаһтың ризалығын алатыны еш ойына келмейді. Негізінде, Аллаһ сол сөзі үшін

Расулұллаһ ﷺ өзінің бір хадисінде былай дейді:

«Аллаһ Тағала жастық шағын құлшылыққа арнаған жастарды жақсы көреді» *(Суюти, әл-Жәмиғус-сағир, I, 65/1867).*

Бұл киелі дін жастардың көңіл байлығымен өркендеп, дамыды. Мұсылмандықты қабылдаған кездерінде сахабалардың көпшілігі әлі жиырма жасқа да толмаған жас жеткіншектер болатын.

Өзіне қауышатын қиямет күніне дейін ол адамға разы болады. Енді бір құл Аллаһтың қаһарын оятатын сөз сөйлейді, бірақ ол айтқан сөзінің өзін Аллаһтың қаһарына ұшыратратынын ойламайды. Негізінде, Аллаһ ол адамға сол жаман сөзі үшін Өзіне қауышатын қиямет күніне дейін ашуланады» (Термези, Зуһд, 12; Ибн Мәжә, Фитән, 12).

Қысқасы, мұғалімдеріміз Аллаһтың бізден талап еткен Құран тілі мен тілдің әдебін жетік үйреніп, сіңіруіміз керек және оны оқушыларға үйрету үшін бар күштерін жұмсаулары керек.

ӨТІРІК АЙТПАУ

Хазіреті Пайғамбарымыз көркем мінез-құлықты кемелдендіруге жіберілгендіктен сахабаларының мінез-құлықтарын кемелдендіруге өте мұқият қарайтын. Хазіреті Айша анамыз Оның бұл ерекшелігіне байланысты мысалдардың бірін былай жеткізеді:

«Пайғамбарымызға өтірік айтудан жаман және жағымсыз мінез жоқ болатын. Сахабаларынан бірінің қандай да бір мәселеде өтірік айтқанын естісе, оның тәубе еткенін білмейінше, сол сахабадан алыс тұрып, онымен көп кездесуді қаламайтын» (Ибн Сағд, I, 378).

Нуфәй ибн Харис t былай деп риуаят етеді:

«Аллаһ ішімдікке, оны сығып шығарғанға, сығылған жеріне, ішкенге, ішкізгенге, тасығанға, сатқанға, сатып алғанға, оның табысынан ішіп-жегендерге лағынет етті!»

(Ахмет I, 53; II, 351; Нәсәи, әшрибә 1-2; Хаким II, 305/3101).

Жас болғандарына қарамай, олар дін жолында қаншама ауыр сынаққа төзді. Олардың құштарлана, сүйе, жандарын пида ете отырып көрсеткен қызметтерінің арқасында қаншама өлкелер һидаяттың бал дәмін татып, Ислам ахлағының нұрына қауышты.

Хазіреті Пайғамбарымыз r бір күні:

– *«Үлкен күнәлардың ең ауырын сендерге айтып берейін бе?»* – деп үш рет сұрайды. Біз:

– «Иә, о, Аллаһ Елшісі!» – дедік. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһқа серік қосу, әке-шешеге мойынсұнбау!» дегеннен кейін сүйеніп отырған жерінен тұрып отырды да,

– *«Жақсы тыңдап алыңдар! Бұған қоса өтірік айту және жалған куәлік ету!»* – дейді. Бұл сөзді соншалықты көп қайталады, оның қатты мұңаймауын қалағандықтан: «Әттең, тыныш тұрып, шаршамаса екен» деп қаладық (Бұхари, Шәһадәт, 10, Әдеп, 6, Истизән, 35, Иститәбә, 1; Мүслим, Иман, 143).

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жалған куәлігімен мұсылман адамның ақысын тартып алған адамға Аллаһ Жәннатты харам етеді және тозақты парыз

етеді (қайткенде де оған түседі)» дейді.

«Аз нәрсе болса да ма, о, Аллаһ Елшісі?» – деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Өрік ағашының бір шыбығы болса да!» дейді де, бұл сөзін үш рет қайталайды (Мүслим, Иман, 218; Муатта, Акдия, 11).

Пайғамбарымыздың ﷺ азаттық берген құлы Зәйд бин Хариса ؓ иманға тілін келтіргенде он бес жаста болатын. Пайғамбарымызды Таиф тастарынан қорғау үшін кеудесін қалқан қылып тосқан күндерінде әлі жас жігіт еді.

Бұл хадистер мүминнің әсте өтірік айтпауы және мұсылман бауырының ақысына қол сұқпауы керектігін көрсетеді. Расында, өтірік сөз адамды күнәға, ал күнә тозаққа алып барады. Адам өтірік айта беріп, Аллаһ құзырында жалғаншылардан болып жазылады (Бұхари, Әдеб, 69; Муслим, Бирр, 103-105).

Сонымен қатар адам жеген тамағының адал не арам екеніне мән беруі керек. Өйткені ауызға кірген тағамның адалдығы мөлшерінде оңды, арамдығы мөлшерінде теріс әсер тудыратыны ақиқат. Ахмед Хауари бұл мәселе бойынша былай деген:

«Аузыңа қажетсіз тағам салдың ба, ол жерден қажетсіз сөз шығады» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 341).

Тәлім-тәрбиенің ең үлкен мақсаттарының бірі – адамға өтірік айтпауды үйрету болуы керек. Бұл үшін алдымен тәлімгер өтіріктің кез келген

түрінен алыс болуы керек. Иманмен бір жерде бола алмайтын өтірік дін тәрбиесімен бірге жүре алмайды. Ол бар жерде тәлім-тәрбие туралы сөз ету де мүмкін емес.

Хазіреті Әли ﷺ Исламды даналы оймен, түсіне отырып қабылдаған кезінде небәрі он жастағы бала еді.

ТАЛАС-ТАРТЫСҚА ТҮСПЕУ

Жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірі Құранның түсіндірмесі іспеттес болған Хазіреті Пайғамбарымыздың пәк өмірі тек насихатпен ғана өткен, өмірінде әсте ерегіс пен талас болмаған.

Көркем аятта:

«Рахманның құлдары жер бетінде кішіпейілдікпен жүреді және өз орнын білмейтіндер оларға сөз айтқанда (ренжітпей) **"Сәлем!" деп,** (өтіп кетеді)**»** (Фұрқан сүресі, 63-аят) деп, ерекше құлдардың сипаттарының бірі – ешкіммен ерегісіп, тартысқа түспеу екендігі айтылған. Негізінде, Хазіреті Мәуләнәның айтқанындай ***«надандардың алдында кітап сияқты үнсіз болу керек».***

Яхия бин Әби Кәсир Хазіреті Сүлеймен U пайғамбардың ұлына былай деп насихат еткенін баян еткен:

«Ерегісуді, тартысты доғар! Өйткені, оның пайдасы аз. Және ол

бауырлар арасында дұшпандықты оятады, соған итермелейді» (Дәріми, Мұқаддимә, 29/ 309).

Муминнің іс-әрекеті сыпайы, сөзі жағымды, үнсіздігі тәтті болуы керек. Адам ашулы кезінде дұрсы шешім қабылдай алмайды. Көбіне қате шешім қабылдайды.

Абдуллаһ бин Зубәйр ؓ 7 немесе 8 жасқа келген кезінде әкесі оны Пайғамбарымызға ﷺ байғат беруге жіберді. Расулуллаһ ﷺ Абдуллаһты көрген кезінде оған қарап күлімсіреді де, одан байғатын алды.

Муслим бин Ясәр t бұл ақиқатты былай баян етеді:

«Талас-тартыстан сақ болыңдар! Өйткені ол ғалымның надандық кезі болмақ. Шайтан мұнымен ғалымның аяғын тайдыруға тырысады» (Дәріми, Мұқаддимә, 35/ 402).

Шәһр ибн Хәушәбтан келген риуаят мынадай:

«Маған жеткеніне қарағанда, Лұқман Хәким ұлына былай насихат еткен:

– «Құлыным! Ғылымды ғалымдармен бірбіріңе мақтану, немесе надандармен ерегісу не болмаса жиындарда рия жасау үшін үйренбе!» (Дәріми, Мұқадди-мә, 34/ 383).

Әсіресе, Лұқман Хәкимнің кеңесі Шайтанның тәлім-тәрбие жолаушыларына дайындаған тұзағынан хабар береді. Мәліметті

ерегіс құралы ретінде қолдану үшін үйренгендер одан пайдалана алмайды.

Тәлімгерлер де оқушыларымен сыпайылық пен жұмсақтық өлшемдері шеңберінде әңгімелесуі керек, қажетсіз талас-тартыстарға жол бермеуі керек.

БАЛАҒАТТАМАУ

Тіл иләһи ақиқаттардың әдеби және рухани әсемдіктерін жеткізетін даналық бұлағы болуы керек. Өйткені ынтық ететін – даналық. Дөрекі сөз көңіл түсіреді және тыңдаушыны алыстатады. Аллаһ Тағала:

– **«Даусыңды бәсеңдет, ең жаман дауыс есектердің дауысы»** – дейді. Яғни «Даусың есектің дауысына ұқсамасын!» дегені. Бүкіл адамдар ең жағымды үнге ие бұлбұлды тыңдағысы келеді. Ал ешкім даусымен құлақты тырмалайтын есекті тыңдағысы келмейді. Ендеше, адам дауысы есек даусына ұқсамауы керек. Нәзік, сыпайы болуы керек. Ал тіл оның жұмсақ рухын шағылыстырып тұруы керек.

Хазіреті Омардың ұлы Абдуллаһ ﵁ Исламның шарапатына енген кезінде 10 жаста болатын. 13 жас шамасында болған кезінде Ұхуд соғысына қатысуға сұранғанымен тым жас болғандықтан Аллаһтың Елшісі ﷺ рұқсатын бермей қояды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r Үммүс-Сәйбтің көңілін сұрап барғанда, оған:

«Не болды, ей, Үммүс-Сәйб, дірілдеп тұрсың ғой?» – дейді. Ол:

«Обаға шалдықтым, Аллаһ оны берекетсіз етсін!» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз r:

«Обаны балағаттама! Расында, шоқ темірдің татын қалай жоқ қылса, адам баласының қателіктерін де ол солай жоқ қылады» – дейді (Мүслим, Бирр, 53).

Абдуллаһ бин Мәсғуд және Зубәйір бин Ауам ﵁ он алты жастарында мұсылман болған кісілер. Абдурахман бин Ауф пен Сағд бин Әби Уаккас ﵁ болса 17 жастарында иман дәмін татқан еді.

Мүмин тілін жаман сөздермен ластамайды. Өзі қалай ешкімді ренжітпесе, өзі де солай ешкімге ренжімейді. Яғни, жүрек осындай нәзік болуы керек. Сондықтан тыңдаушысынан көрген дөрекілігі үшін өзі де дөрекілік жасаған адам Хазіреті Әлидің мына сөздеріне құлақ салуы керек:

«Арсыздықпен айтылған сөзге солай жауап берейін деме. Өйткені саған жаман сөйлеген адамда онан да көп арсыз сөздер бар. Жауабыңа да солай жауап береді».

Тәлім-тәрбие маржан сөздермен іске асырылуы

> *«Адамды масайтатын барлық нәрсе харам. Көбі масайтатын нәрсенің азы да харам»*
> *(Ибн Мәжә, әшрибә10; Нәсәи, әшрибә 24, 48).*

керек. Дөрекі сөз бен істер білім ордаларының табалдырығынан аттамауы керек.

ҰЯТТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҮЙРЕТЕРДЕ СЫПАЙЫ КІРІСПЕ ЖАСАУ

Ар-ұят адам баласының әшекейі иесін әр түрлі жамандықтан қорғайтын рухани қалқан болып табылады. Тек ұят сезімі парыз ғылымдарды үйрену барысында иесіне кедергі болмауы керек. Яғни, ұятқа қарап, мүмин әдепке тән, қажетті мәліметтерді үйренуден және үйретуден бас тартпауы керек. Көркем аятта:

«Аллаһ ақиқатты айтудан тартынбайды (ұялмайды)**»** делінген (Ахзаб сүресі, 53-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз r ұятты мәселелерді түсіндіре бастағанда осы аятты оқитын. Сахабалар ғұсылды қажет ететін жағдайлар сияқты адам ұялтатын мәселелерді Хазіреті Пайғамбарымыздан сұрағанда, алдымен осы аятты оқитын. Сосын Хазіреті Пайғамбарымызға сұрақтарын қоятын.

Хазіреті Айша анамыз c Ансарлық әйелдер жайында былай деген:

Жағфар бин Әби Тәліб ؓ Мұтә соғысында шейіттік құшқан кезінде отыз үш жаста еді. Демек, Хабешістанға һижрат кезінде Нәжешидің алдына шығып мұсылмандар атынан шешендікпен, ерлікпен сөз сөйлейтін кезінде бар болғаны 17 жастағы жас жігіт болғаны.

«Ансарлықтардың әйелдері қандай тамаша әйелдер! Олардың ұяттылықтары діни мәселелерді терең үйренулеріне бөгет болмады» (Мүслим, Хайыз, 61).

Ең көп хадис риуаят еткен сахабаның бірі Жәбир бин Абдуллаһ ﷺ екінші Ақаба байғатына қатысқан кезінде он бес жаста болатын.

Тәлімгердің ұятты қажет ететін мәселелерді түсіндіргенде сахабалар жасағандай қысқа кіріспе жасауы керек. Тақырыптың маңыздылығына сүйене отырып, жақсы ұғынылуы үшін ашық сөйлейтінін баян еткеннен кейін тақырыпты бәрі жақсы ұғатындай ашық түсіндіруі керек. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Мынау бұлтартпас ақиқат: Мен сендердің әкелерің сияқтымын. Сендерді тәрбиелеп, тазартамын және зәру болған мәліметтеріңді үйретемін...» (Әбу Дәуіт, Тахарат, 4) деп, осы қысқа кіріспеден кейін сахабаларына дәретке отырудың әдептілігін егжей-тегжейлі түсіндірген болатын.

Екіншіден, ұятты мәселелерді үйреткен кезде (тақырыпты жабық күйде тастап кетпей,) ауыспалы мағынада сөйлеуге үлкен мән берген дұрыс болады. Ерлерге байланысты мәселелерді ерлердің, ал әйелдерге байланысты мәселелерді әйелдердің түсіндіргені абзал. Сондай-ақ, әйелдер кейбір ұят мәселелерін кез келген уақытта емін-еркін Хазіреті Пайғамбарымыздан сұрай алмаған. Сондықтан сахаба әйелдер кейбір жеке мәселелердің шешімінде Хазіреті Пайғамбарымыздың әйелдерін елші ретінде қолданған. Кейбір сұрақтарына Хазіреті

Пайғамбарымыз аса үлкен ұяттылығынан ашық жауап бере алмағанынан мәселенің анық-қанығын Пайғамбар жұбайларынан үйреніп алған (Бұхари, Хайыз, 13,14; Мүслим, Хайыз, 60; Әбу Дәуіт, Тахарат, 107; Дәрімі, Вуду, 75; Нәсәи, Ғусл, 21; Муатта, Тахарат, 105).

Сонымен қатар, ұятты мәселелерге қатысты сұрақ қойған адамға тура, тіке қатыстырып жауап бермеген жөн. Мысалы, «Сіздердің біреулерің... Адамдар былай жасауы керек...» деген сияқты сөйлемдер қолданған дұрыс болады.

Мәдинада Исламға және һижрат етіп келген мұсылмандарға қанат тосып көмек-тескендер де жастар болатын.

Бірде Аллаһ Елшісі сахабаларымен отырған кезінде жамағаттан бір адам жел шығарып қояды. Бірақ кім екені беймәлім. Түйе етінен әзірленген тағамдарды жегеннен кейін намаз уақыты келеді. Аллаһ Елшісі r дәреті бұзылған сахабаның дәрет алу үшін тұрғанда, кім екені біліну қалмасын деп, жанындағыларға:

«Түйе етін жегендердің барлығы дәрет алсын» – дейді. Осылай жел шығарған адамның белгісіз болып қалуын қамтамасыз етіп, оны ұяттан сақтап қалды.

Хазіреті Пайғамбарымыз бір топ адамдар ішіндегі айыпты тұлғаны білсе де, оны ренжітпеу үшін әлдебір белгісіз біреуге келтіреді де, ол

> ***«Ішімдік бар жамандықтың анасы»***
>
> *(Ахмет V, 238).*

Хазіреті Ибраһим ﷺ Аллаһқа достықтың сырын ашқан жастардың бірі болатын.

айыпты істен сол жердегі адамдардың барлығын сақтандыратын. Ал кей кездері тыңдаушыларының қателігін жақтырмағанын сездірмек болса:

«Маған не болып қалғаны, сендерді былай көремін!» (Бұхари, Мәнәқиб, 25; Мүслим, Саләт, 119) деп, өзін әлдебір қате көріп тұрғандай көрсететін.

Хазіреті Пайғамбарымызға бір адам жайында жағымсыз сөз жеткенде:

«Пәленше неге былай деген екен?» демейтін. Бірақ:

«Адамдарға не болып жатыр, олар былай дейді ғой?!» дейтін (Әбу Дәуіт, Әдеп, 5/ 4788).

11) ТҮСІНДІРУ ӘДІСТЕРІ

БҰРЫН ӨМІР СҮРГЕН АДАМДАРДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ХАБАРЛАРЫН БАЯНДАУ

Аллаһ Елшісі r Мекке кезеңінің қиын-қыстау күндерінде адамдарды Исламға шақырған кезде осы әдісті қолданған болатын. Сол күндері Аллаһ Елшісі r бір жиында отырып, ондағыларды Аллаһқа шақыратын, оларға Құран оқитын және

оларды өткен үмметтердің басына келгендерден сақтандыратын (Ибн Хишам, Сирәтун-Нәби, I, 381).

Тақырыпты қисса мен оқиғалармен негіздеп, салыстыруды, түсіндіруді жеңілдететіндей, ұғуды да жылдамдатады. Өйткені бұл мысалдар тақырыпты ашады, жанды етеді және адамдардың зейіні мен жүрегіне қондырады. Түсіндіру мен жазуға үйлесімділік беру арқылы тыңдау мен оқуды жеңілдетеді. Мәуләнә, Шейх Сағди және т.с.с. даналар еңбектерінде осы әдісті қолданған. Осылай оқырмандарына жеткізгісі келген ойларын қиссаларда орынды пайдаланып, адамдарды жалықтырмай тәрбиелеген.

Екіншіден, қисса мен хабарларда тыңдаушыларға қатысты әмір немесе тыйым болмағандықтан бұл әдіс жүректер мен құлақтарға жағымды келеді, адамдардың жігері мен қалауын оятады. Адам әсер алмадым деп ойлаған кезінде бірден өзін оқиға ішінде жүргенін көреді. Бұл тақырыпқа байланысты зерттеулер де астарлы түрде түсіндірудің кейде еріксіз үндеу күшіне ие екенін көрсеткен.

Хазіреті Пайғамбарымыз r иләһи жазаға душар болатын қоғам-

«Ғапылдар арасында болып, олардан жағымсыз әсер алғанымша, ұйықтаған артығырақ. Аллаһ Тағала Кәһф жігіттерін пасықтардың арасынан құтқарып, олардың жүректерін ғапылдықтан қорғап қалды».

дағы құлдыраудың уағыз-насихат міндетінен бас тартумен басталатынын Исрайл ұлдарын мысал келтіре отырып, былай түсіндіреді:

«Исрайл ұлдарындағы алғашқы бұзақылық былай басталған еді. Бір адам жамандық жасаған екінші біреуді көрген кезде:

"Бері қара, бауырым! Аллаһтан қорық және бұл ісіңнен бас тарт! Өйткені мұны жасау саған адал болмайды!" деп ескертетін. Ертесіне ол адамды сол күйде көргенінде онымен бірге жеп-ішіп, жанында отыру үшін екінші рет ескертпейтін. Міне, сол кезде Аллаһ олардың жүректерін бір-біріне ұқсатты».

Кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r мына аяттарды оқыды:

«Исраил әулетінен кәпір болғандар Дәуіттің де, Мәриям ұлы Исаның да тілімен қарғысқа ұшыратылды. Бұл олардың қарсыласқандығынан және шектен шыққандықтарынан болды.

Олар істеген қандай-да бір жамандықтан бірін-бірі тыймайтынды. Олардың істеп келе жатқандары неткен жаман еді!

«Ар-намысын сақтаған Имран қызы Мәриәмді еске ал. Біз оған рухымыздан үрлеген кезде, ол Раббысының сөздері мен Кітабын растады және шын көңілден бас июшілердің бірі болды»

(Тахрим, 12; Әнбия, 91).

Олардан бір сыпырасының (мүминдерге қарсы) **кәпірлермен дос болғанын көресің. Нәпсілерінің өздеріне** (ахіреттегі өмірлері үшін) **алдын-ала даярлаған істері өте жаман. Өйткені олар Аллаһтың қаһарына ұшырады,** (сондықтан да) **мәңгілік азапта қалады.**

Егер олар Аллаһқа, Пайғамбарға және оған түсірілгенге сенген болса, оларды (мүшріктер мен кәпірлерді) **уәлі** (дос, сырлас, басқарушы) **тұтпас еді. Бірақ, олардың көбі – пасық»** (Мәидә сүресі, 78-81-аяттар).

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұдан кейін сөздерін былай аяқтады:

«Осыған орай сендер бір-біріңе жақсы нәрселерді кеңес беріп, жамандықтардан қайтарып, залымның зұлымдығына кедергі болыңдар. Әйтпесе, Аллаһ жүректеріңді бір-біріңе ұқсатып, Исрайл ұлдарына лағынет еткендей, сендерге де лағынет етеді» (Әбу Дәуіт, Мәләһим, 17/ 4336; Термези, Тәфсир, 5/ 6, 7; Бәйхәқи, Әс-Сүнәнул-Кубра, Х, 93).

Тағы бірде Аллаһ Елшісі r сахабаларына Исрайл ұлдарының біреуі туралы айтып берді. Шәмғун Ғази атты

Иса ﷺ Исраилұлдарына жіберілген пайғамбарлардың соңғысы. Пайғамбарлар арасында ұлұл-азм дәрежесіндегі бес ұлы пайғамбардың біреуі.

«Иманның қызы Мәриәм өз дәуіріндегі әйелдердің ішін-дегі ең қайырлысы. Ал бұл үмметтің әйелдерінің ішіндегі ең қайырлысы Хадиша» (Мүслим, фәдаилус-сахаба, 69).

бұл адам мың ай Аллаһ жолында қарумен жиһад еткен, түндерін құлшылықпен өткізген екен. Мұсылмандар таңырқап, оның ісіне тамсанды. Осыған орай Аллаһ Тағала Мұхаммед үмметіне деген сыйы мен мейірімін баян ету үшін Қадір сүресін түсірді:

«Біз оны (Құранды) **Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін білемісің? Қадір түні мың айдан да қайырлы. Періштелер мен Рух сол түнде Раббыларының рұқсатымен әр іс үшін түседі. Сол түні таң атқанша толық амандық болады»** (Қадір сүресі, 1-5-аяттар; Қараңыз: Уәқиди, 486).

ӘЗІЛ ЖОЛЫМЕН ҮЙРЕТУ

Тақырып қаншалықты маңызды болса да, тәлімді үнемі қатал жүзбен жүргізбеу керек. Кей кездері мұғалім мен оқушы арасында күлкі, әңгіме және зейінді іскетететін әзілдесулер болуы керек.

Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларымен жүргізген тәрбиесінде кей кездері әзілдескен еді. Бірақ әзіл мен ойын тыңдаушының жанын жылытатындай болуына мән беретін. Абыройын төгетін немесе құлды

елемейтін әзіл мен сөз айтпайтын. Сонымен қатар Ол бұл әзілдерінде тура сөзден басқа айтпайтын. Мына оқиға Хазіреті Пайғамбарымыздың қаншалықты нәзік әдіспен әзілдейтінінің мысалы:

Бір ақкөңіл адам Хазіреті Пайғамбарымыздан міну үшін жануар сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Жарайды, сені бір ұрғашы түйе ботасына мінгізейік»* дейді. Ол адам:

– «Уа, Аллаһ Елшісі! Мен ұрғашы түйе ботасын не істейін, ол мені қалай көтерсін?!» деп, таңданып қалады. Хазіреті Пайғамбарымыз r:

– *«Түйенің кішісі де, үлкені де міндетті түрде ұрғашы түйеден тумайды ма?»* – деп әзілдейді (Термези, Бирр, 57).

Бұл әзілге сүйене отырып, былай дей аламыз: Өзіне сөз айтылған адам алдымен сөздің қай мағынада айтылғанын жақсы түсінуі керек. Расында, бұл оқиғадағыдай пікіріміз қате болса, дұрыс мәліметті де қате түсініп қалуымыз мүмкін.

Екіншіден, әзіл міндетті түрде шын болуы тиіс. Әсте жалған болмауы керек. Негізінде, мүминге жалған айту жараспайды.

Бірде бір кәрі әйел Хазіреті Пайғамбарымызға келіп:

«Расында мен Аллаһтың құлымын. Ол Маған кітап беріп, пайғамбар қылды», деді. Сондай-ақ мені қайда болсам да, құтты етті әрі тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бұйырды. Мені шешеме мейірімді (бала) етіп, бетбақ қиқар қылмады» (Мәриәм, 30-32).

– «О, Аллаһ Елшісі! Жәннатқа кіруім үшін Аллаһқа дұға ет!» – деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Жәннатқа кәрі әйелдер кіре алмайды!»* – дейді. Берілген жауаптағы нәзік үнді ұға алмаған әйел мұңайып, жылай бастайды. Бұған қарап Мейірім Пайғамбары жағдайды оған былайша түсіндіреді:

– *«Кәрі әйелдер Жәннатқа сол күйлерінде емес, жас және сұлу болып кіреді. Өйткені Аллаһ Құранда: «Біз (Жәннәтқа кірген әйелдерді) амал дәптерлері оңынан берілгендері үшін қайта жаратамыз. Оларды күйеуіне әуес және ер көрмеген қыздар еттік»* (Уақыа сүресі, 35-38-аяттар) дейді» (Һәйсәми, Х, 419; Термези, Шәмәйл, 91-92).

Жақсы әзілдер адамды сергітіп, күйбең тіршіліктің машақаттарынан алсытатады. Сонымен қатар адам жылы шырайлы болып, күлімсіреп жүрген кездерінде көңілі түсіп жүрген кездерінен тез үйренеді. Үнемі салмақты болып жүру зейінді шалдықтырады, пікірді тежейді. Кейде жақсы да пайдалы әзіл адамды жаңалап, ойының жинақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан тәлімгерлердің сабақ барысында шектен шықпай, босаңсуға жол ашпай, жас зейіндерді жанды тұтуы үшін әзілді көркем түрде қолдануға мән берулері керек.

«Жәннат әйелдерінің ең мәртебелілері Хуәйлидқызы Хадиша, Мұхаммедқызы Фатима, Имранқызы Мәриәм және Перғауынның жұбайы Әсия бинт Музаһим» *(Ахмет, I, 293).*

ТАРМАҚТАП ТҮСІНДІРУ

Адам зейіні мәлімет бөлшектеп берілгенде тез үйренеді. Хазіреті Пайғамбарымыз r бұл әдісті қолданып, адамдардың тез жаттап, тез үйренулерін қамтамасыз ететін. Мысалы, Хазіреті Пайғамбарымыз r адамның біріне насихат айтқанда, оған былай деген:

«Мына бес нәрсе басыңа келмей тұрып, мына бес нәрсенің қадірін біл:

1) Қартаймай тұрып, жастық шағыңның;

2) Науқастанбай тұрып, денсаулығыңның;

3) Кедей болмай тұрып, байлығыңның;

4) Қолың босамайтын кезге ұшырамай тұрып, бос уақыттардың;

5) Өлмей тұрып, өміріңнің» (Хаким, IV, 341/ 7846).

Бұл хадис қамтыған мағына аясында амал етілмесе, алдымыздан шығатын жағдай келесі хадисте былай айтылған:

«Ешбір құл қиямет күнінде

1) Өмірін қайда өткізгенінен,

«Біз көктерді, жерді және олардың арасындағының бәрін ойын-сауық, ермек үшін жаратпадық» *(Дұхан, 38)*.

2) Білімімен қандай істер жасағанынан,

3) Дүние-мүлкін қай жолмен тауып, қайда жұмсағанынан,

4) Денесін қай жерде ескірткенінен жауапқа тартылмайынша, тұрған орнынан қозғала алмайды» (Термези, Қиямет, 1).

Сондықтан тәлімгердің тәрбие жұмысында, сабақ барысында бұл тәсілді қолдануы өте берекелі әдіс болмақ.

«Сендерді босқа жараттық және сендер шын мәнінде құзырымызға қайта әкелінбейміз деп ойлайсыңдар ма?» (Мұминун, 115).

АЛДЫМЕН ҚЫСҚА ДА НҰСҚА АЙТЫП ӨТІП, СОСЫН КЕҢ МӘЛІМЕТ БЕРУ

«Жәуәмиғул-Кәлим», яғни аз сөзбен көп және терең әңгімелей білу қасиетіне ие болған Хазіреті Пайғамбарымыз r бұл қысқа баяндау әдісін де көп қолданған. Түсіндірілмей, ұғынылуы жоғары парасаттылықты қажет ететін сөздер тыңдаушыны таңдандырып, сұрақ тудырады. Осылай пайда болған таңырқауды, негізінде, жеткізілуі мақсат етілген пікірге бағыттау мүмкіндігі туады.



> *«Үмметімнің кейбірі ішімдікке басқа бір атау беріп, оны ішетін болады!»*
>
> *(Ахмет IV, 237).*

Бұл әдіс тақырыптың зейінге жақсы қонуын, жатталуын қамтамасыз етеді. Өйткені алдымен адамның көңілі мен назары белгілі бір нәрсеге аударылып, тыңдаушылар толық мәліметке дайын күйге келген болады. Мына оқиғалар бұл тақырыпқа көркем үлгі болып табылады.

Хазіреті Пайғамбарымыз r бізді, үмметін, ескертіп:

«Өлген соң өкінбейтін ешкім жоқ» – деген. Сахабалар:

«Ол қандай өкініш, о, Аллаһ Елшісі!» деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«(Өлген кісі) мұхсин (ізгі істерге ие, салих) адам болса, бұл күйін көбірек арттырмағаны үшін, ал жаман адам жамандықтан бас тартып, жағдайын түзетпегені үшін өкінеді» деп жауап береді (Термези, Зуһд, 59/ 2403).

Бірде Хазіреті Пайғамбарымыз r зікір иелерінің абзалдылығын баяндау үшін:

«Адам баласы басы бос жіберіле салады деп ойлай ма?» (Қиямет, 36).

– *«Мүфәрридтер алға озды!»* – дейді. Сахабалар:

– «Мүфәрридтер дегеніңіз кімдер, о, Аллаһ Елшісі?» деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Мүфәрридтер – Аллаһты зікір етуге әуес болған адамдар. Зікір олардың арқалаған күнә ауыртпалығын түсіретіндіктен қиямет күні жеңіл болады»* (Термези, Дәауат, 128/ 3596).

Тәлімгерлер осы әдіспен оқушылар назарын аударта алады. Оқушыны сұрақ қоюға ынталандыру сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Ал бұл – өте маңызды қадам. Бұл әдіс жастардың зейіндерін де ашады.

«Есің барда елің тап жолаушы! Кеш батып қалды, өмір күні батуға таяды... Күш-қуатың барыңда бес күндік өмірің болса да, жомарттық жаса, оларды салиқалы амалдарға арна!..»

ӘҢГІМЕЛЕСУ ЖӘНЕ СҰРАҚ-ЖАУАП ӘДІСІ



Аллаһ Елшісінің ең маңызды тәлім әдістерінің бірі – тыңдаушылардың зейіндерін жинақтап, назарын аударып, мәліметті есте сақтай алатын күйге келтіру үшін әңгімелесу және тыңдаушыға сұрақ қою әдісі. Ислам әдебиетінде **«Жәбірейіл хадисі»** деп

аталатын хадис мұның тамаша мысалы болып табылады. Хазіреті Омар t айтады:

Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыздың жанында болған кезімізде киімі аппақ, шаштары қапқара, жолаушыға ұқсамайтын және ішімізден ешкім танымайтын адам келді. Хазіреті Пайғамбарымыздың жанына келіп, алдына отырды. Тізесін Хазіреті Пайғамбарымыздың тізесіне тақады, қолдарын (өзінің) тізесінің үстіне қойды да:

«Ей, Мұхаммед! Ислам дегеніміз не?» – деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Ислам – Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына және Мұхаммедтің Аллаһтың Елшісі екеніне куәлік етуің, намазды дұрыс оқуың, зекетті (толық) беруің, Рамазан оразасын (толық) тұтуың, барып-келуіңе күшің жетсе, Қағбаны зиярат (қажылық) етуің» – деп жауап берді. Адам:

«Тура айттың» – дейді.

Оның әрі сұрап, әрі растауы бізді таңқалдырды. Адам енді:

«Жарайды, иман дегеніміз не?» – деп сұрайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ахірет күніне сенуің. Және

Қолыңда қалған өмір тұқымын жақсылап ек те, мына бес күндік фәни дүниеден соңсыз Жәннатты орып алып кет.. Баға жетпес өмір шамы сөнбей тұрғанда ақылға келіп, білтесін түзет, ізгі амалдардан майын құйып, соңғы күндеріңді салиқалы амалдар мен құлшылықтармен өткіз, жүрек шамыңды қайта жақ.

«...Кімде-кім жолдасына "Кел екеуіміз құмар ойнайық!", деп жәй ғана айтса, сол сөзіне кәффарат ретінде (құмарға тігетін мөлшерде ақшасын) **пақырларға садақа қылып таратсын!»** (Бұхари, әдеп 74).

Тез есіңді жиып, бұл істі ертеңге қалдырайын деме! Қаншама ертеңің өтті де кетті. Дереу тәубемен, истиғфармен іске кіріс, егін маусымын өткізіп алып жүрме!

тағдырға, жақсылығы мен жамандығына иман етуің» – дейді. Адам тағы да:

«Тура айттың» – деп растады да:

«Жарайды, ихсан дегеніміз не, оны да түсіндірші?» – дейді.

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Ихсан – Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық етуің. Сен Оны көрмесең де, Ол сені қалай да көріп тұр» – дейді. Адам тағы да:

«Тура айттың» – дейді. Сосын:

«Қиямет қашан болады?» – деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Өзіне сұрақ қойылған адам бұл мәселеде сұрақ сұраушыдан артық мәліметке ие емес» – деп жауап береді. Адам:

«Олай болса, белгілерін айтып бер?» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Өздерінің шешелеріне күң ретінде қарайтын балалар тууы, жалаңаяқ, жалаңбас, жалаңаш қой шопандарының зәулім және бекем ғимараттар тұрғызып, бір-бірлерімен жарысуы» – дейді.

Адам (үнсіз) шығып кетті. Мен біраз уақыт таңырқаған күйде тұрып қалдым. Кейін Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Ей, Омар! Сұрақ қойған адамның кім екенін білемісің?» деді. Мен:

«Аллаһ пен Оның Елшісі біледі» – дедім. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Ол Жәбірейіл болатын. Сендерге діндеріңді үйретуге келді» деді (Мүслим, Иман, 1, 5; Бұхари, Иман, 37; Термези, Иман, 4; Әбу Дәуіт, Сүннет, 16).

Насихатымды тыңдасаң, нәпсі тым мықты бодау салады. Бізді жақсылық-тан тосып, Хақ жолында кедергі болады. Жанарып, өзіңді қалпы-на келтіргің келсе, ескің-ді шығарып лақтыр!

«Жәбірейіл хадисі» деп танылған осы хадис тәлім-тәрбие мен тазарту іс-шараларында мән берілуі қажетті маңызды негіздерді қамтиды. Қысқаша айтқанда, бұлар мыналар:

1) Тәлімгер сұрақ қойған адамға жылы шырай танытып, оны жанына жақын тартуы керек. Сонда оқушы қорықпай, қобалжымай, сұрақтарын еркін қоя алады.

2) Адам сұрақтарын нәзік, сыпайы және әдепке сай қоюы керек.



3) Ғалымның мәжілісіне келген адам ондағы қатысушылардың мұқтаж болып, бірақ сұрай алмай отырғандарын байқаса, өзі сұрауы керек. Алынған жауап барлығына да пайдалы болады.

Дененің құмарлықтарынан баз кеш, рухани заукың мен жүрек толқынысыңды, жанның ләззатын ізде!».

4) Сұрақ қойып, оның жауабын алу арқылы мәселелер аса мұқияттылықпен тыңдалады, жақсы ұғылады. Мысалы, Әбу Һурайрадан келген риуаятта Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларына:

«Мүфлис (отырып қалған) деген кім, білемісіңдер?» – деп сұрайды. Осылай олардың зейіндерін бір жерге жинайды. Сахабалар:

«Біздің арамызда мүфлис – ақшасы мен мүлкі жоқ адам» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз олардың жауабын мұқият күтіп отырғандарын көрді де, сахабаларына толық жауабын берді:

«Күмәнсіз, үмметімнің мүфлисі – қиямет күні намаз бен ораза, зекет сауабымен келіп, бірақ біреуді балағаттау, зина жасау немесе біреуге жала жабу, біреудің мүлкін жеу, қанын төгу, ұру арқылы сауабы анаған да, мынаған да беріліп, әлі мойнындағы құл ақылары бітпей тұрып сауаптары бітіп қалғандықтан барлық ақы иелерінің күнәларын арқа-

лап, тозаққа түскен адам» – дейді (Мүслим, Бирр, 59. Қосымша қараңыз: Термези, Қиямет, 2).

Намаздың адамды күнәлардан қалай тазартатынын түсіндіру үшін Хазіреті Пайғамбарымыз r мына тәсілді қолданған:

«Не дейсіңдер? Біреулеріңнің есігінің алдынан өзен ақса, ол адам күн сайын осы өзенде бес рет жуынса, кірі қала ма?» – деп сұрайды. Сахабалар:

«Ол адамның ешқандай кірі қалмайды» – деп жауап берді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Бес уақыт намаз да осы сияқты. Аллаһ бес уақыт намазбен күнәларын өшіріп, жояды» – дейді (Бұхари, Мәуәқит, 6; Мүслим, Мәсәжид, 283).

Хазіреті Расул Әкрәм r Мырзамыз сахабаларының жан дүниесін әсем етіп, рухани кемелдендіруге тырысқан. Бірде Ол былай деп сұрақ қойған:

«Сендердің біреуің Әбу Дәмдәм сияқты бола аласыңдар ма?». Ол жердегі сахабалар:

«Әбу Дәмдәм деген кім?» – деп сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r былай дейді:

Ей, адам! Бұ дүниеден бір-біріне теріс екі түрлі дауыс келеді. Ал сенің жүрек құлағың қайсысын қабылдауға қабілетті. Ол дауыстардың бірі — Аллаһқа жақындаған-дардың, ал екіншісі — алданған-дардың халі.

«Бұрынғы өткен қауымдардың бірінде өмір сүрген. Ол "Маған дөрекілік танытып, тіл тигізіп ғайбаттаған адамның ақысын халал еттім" деген кісі» (Әбу Дәуіт, Әдеп, 36/ 4887).

«...Оларға үгіт айт және өздері жайында әсерлі сөз сөйле!» (Ниса, 63).

"Кез келген бір қауымды өзгертуді қаласаң, алдымен олардың тілін бұрмала!"

ОҚУШЫЛАРҒА СҰРАҚ ҚОЙДЫРЫП, САБАҚТЫ ҚАЙТАЛАУ және ПІКІР ТАЛАСТЫРТУ

Мұғалім сабақ түсіндіргеннен кейін сыныпты екі топқа бөліп, әр топтан үш-үштен оқушы шығарып, бір-бірлеріне сұрақ қоюларын талап етеді. Бұлар бір-біріне сұрақ қойғаннан кейін басқа үш оқушыны тұрғызып, сыныптағы барлық оқушылардың бұл пікір-таласқа қатысуын талап етеді. Осылай бір-бірлеріне сұрақ қою арқылы оқушылардың зейіндерін шынықтырып, сыныптағы сергектікті сақтайды. Сонымен қатар бұл әдіс мұғалімнің іс-тәжірибесін білдіретіндігінен ерекше мәнге ие болады. Тәлімгер оқушысын тәрбиелеуді бастаған сәттен бастап, болашақтың мұғалімдерін де өсіруді мақсат тұтуы керек.

ЫНТАЛАРДЫРУ ҮШІН СҰРАҚ ҚОЮ

Хазіреті Пайғамбарымыздың r тәлімдегі әдістері арасында адамдарды жақсылыққа шақыру үшін сұрақ қою әдісі де бар.

Абдұррахман бин Әбу Бәкір былай деп түсіндіреді:

Хазіреті Пайғамбарымыз r таң намазын оқығаннан кейін сахабаларына бұрылып:

– *«Іштеріңде бүгін аузы беріктерің бар ма?»*

– *«Іштеріңде бүгін бір науқастың көңілін сұрап қайтқандарың бар ма?»*

– *«Іштеріңде бүгін бір кедейді тамақтандырғандарың бар ма?»* дейтін.

Тәлімгерлер: «Қарайық, бұл сұрақты кім білер екен?» деген сияқты оймен ынталандыратын сұрақтармен сыныпта жарыс, оңды бәсекелестік тудыруы керек. Тәлім мекемелерінде жарыстар өткізу де осы шеңбер аясына жатады.

Кімде-кім ішіп-жейтін және барып-қайтуына қаржысы болып, Бәйтұллаһқа баруы мүмкін бола тұра қажылығын өтемесе, оның яһуди немесе христиан болып өлуіне ешқандай кедергі жоқ!».

(Термези, хажж, 3)

СЫНАҚ СҰРАҚТАРЫН ҚОЮ

Адам өз тілінің астында **«жасырын»** тұрады. Біреудің ғылымға қаншалықты ие екені оған қойылған сұрақтарға берген жауаптардың сапасынан белгілі. Хазіреті Пайғамбарымыз да Йеменге жіберген Мұаз бин Жәбәлге сұрақтар қойып, оның білімін тексерген.

«Сендердің ең қайырлыларың — Құранды үйреніп, сосын оны басқаға үйреткендерің»

(Бұхари, фәдаилул-Құран, 21).

Аллаһ Елшісі r бір күні таң намазын оқытқаннан кейін жамағатқа бұрылып:

– *«Уа, мүһәжір мен ансар! Йеменге қайсысың барасың?»* – деп сұрады. Хазіреті Әбу Бәкір t :

– «Мен барамын, о, Аллаһтың Елшісі!» – деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r үндемеді, оған жауап бермеді.

– *«Уа, мүһәжір мен ансар! Йеменге қайсың барасың?»* – деп тағы сұрады. Бұл жолы Хазіреті Омар тұрып:

– «Мен барамын, о, Аллаһтың Елшісі!» – деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r үндемей, оған да жауап бермеді. Кейін:

– *«Ей, мүһәжір мен ансар! Йеменге қайсы-*

«Ғасырға (уақытқа) серт! Негізінен, адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты және сабырды үгіттескендер ғана бұдан тыс» *(Ғасыр сүресі, 1-3-аяттар).*

сың барасың?» – деп, үшінші рет сұрағанда Мұаз ибн Жәбәл тұрып:

– «Мен барамын, о, Аллаһтың Елшісі!» – деді. Аллаһ Елшісі r :

– *«Ей, Мұаз! Бұл міндет сенікі!»* – деді. Кейін Біләлге бұрылып:

– *«Ей, Біләл! Маған сәлдемді алып кел»* – деді. Сәлдені алып келгенде, оны Мұаздың басына орап берді де:

– *«Саған шағыммен келгенде қалай және неге сүйене отырып үкім бересің?»* – деп сұрады.

– «Аллаһтың Кітабына сүйеніп үкім беремін» – деді Мұаз. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Егер Аллаһтың Кітабында іздеген үкіміңді таба алмасаң, неге сүйеніп үкім бересің?»* – деп сұрады. Мұаз:

– «Аллаһ Елшісінің ол мәселедегі Сүннетіне сүйеніп үкім беремін» – деп жауап берді. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

– *«Егер Аллаһ Расулының Сүннетінен де үкім таба алмасаң не істейсің?»* – деп сұрағанда, Мұаз:

«Тек мына екі адамға құмартуға болады: Біріншісі – Аллаһ өзіне Құран білімін беріп, сол Құранмен күні-түні бірге болып, онымен амал ететін адам. Екіншісі – Аллаһ өзіне дәулет беріп, күні-түні сол дәулетін жақсылыққа инфәқ еткен адам» *(Мүслим, мүсәфирун, 266, 267).*

«Өлген адам жақсы мұсылман болса, амалдарын тағы да арттыра түспегеніне, ал жаман адам болса, сол жамандығынан бас тартпағанына өкінеді»

– «Олай болған жағдайда мен өз ижтиһадыммен (шариғатқа сай) үкім беремін» – деді. Бұған Аллаһ Елшісі қолын Мұаз бин Жәбәлдің кеудесіне қойып:

– *«Елшісінің елшісін, Елшісінің разы болатын нәрсесіне жеткізген Аллаһқа хамд-шүкір болсын»* деді (Ахмет, V, 230; Ибн Сағд, III, 584; Диярбәкри, II, 142).

Шынайы махаббатқа лайықты әрі махаббат бұлақтарының барлығының қайнар көзі жалғыз ғана – Аллаһ Тағала.

Алғыс пен мақтау тыңдаушының әрқашан ынта мен жігерін арттырады. Тәлімгер бұл ақиқатты үнемі есінде ұстауы керек.

Үбәй бин Кағб t жеткізгендей, Хазіреті Пайғамбарымыз r бір күні менен:

«Ей, Әбул-Мүнзир! Жадыңдағы аяттардың қайсысы үлкен?» – деп сұрады. Мен:

«Аллаһ пен Елшісі жақсы біледі» – дедім. Хазіреті Пайғамбарымыз r тағы:

«Ей, Әбул-Мунзир! Жадыңдағы аяттардың қайсысы үлкен, білемісің?» – дегенде, мен:

اللهُ لاَ إِلَـهَ إِلاَّ هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لاَ تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلاَ نَوْمٌ
لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الأَرْضِ مَن ذَا الَّذِي يَشْفَعُ

عِنْدَهُ إِلاَّ بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلاَ يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلاَّ بِمَا شَاء وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالأَرْضَ وَلاَ يَؤُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ

«Аллаһ – Одан басқа тәңір жоқ, Ол (затымен, әзәли – ежелгі және әбәди – мәңгілік өмірімен) **тірі, қайюм** (күллі болмыстың меңгерушісі)**. Ол қалғымайды да, ұйықтамайды да. Барлық аспандағылар мен жердегілер түгелдей Аллаһтыкі. Оның құзырында Оның рұқсатынсыз** (біреуге) **шапағат қылатын кім екен? Ол** (жаратқандарының) **алдындағысын** (фәни дүниедегі істеген-істейтіндерін, жасырып-әшкерелегендерін)**, артындағысын** (ахіретте болатын барлық істі) **біледі.** (Адамдар болса) **Оның ілімінен** (Аллаһтың өзі) **қалап, білдіргенінен тыс еш нәрсені біле алмайды, Аллаһтың күрсісі** (салтанаты мен білімі) **көк пен жерді түгел қамтиды** (қоршайды)**. Оларды** (көк пен жерді қадағалап) **қорғау Оған қиын емес. Ол бәрінен жоғары, бәрінен ұлы»** (Бақара сүресі, 255-аят) аяты (яғни Аятүл-Күрси) екенін айттым. Сонда Аллаһ Елшісі кеудеме қолын тигізіп:

«Ғылым саған мүбәрак болсын, Ей, Әбул-Мүнзир!» – деді (Мүслим, Мүсәфирин, 258).

Себебі – барлық нәрсеге бар болуды сыйлаған, жандыларға ризықтарын үлестіретін және оларды қорғап-қоршап, сақтап жүретін – Ол.

ЗЕЙІНДЕРДІ АШУ және ҰҒУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ӨЛШЕУ ҮШІН СҰРАҚТАР ҚОЮ

Құлды Аллаһтың махаббат дариясына апаратын жалғыз мейірім мен махаббат бұлағы — Хазіреті Пайғамбар.

Хазіреті Пайғамбарымыз r зейіндерді ашып, мәлімет деңгейін өлшеу үшін сұрақтар қоятын және өстіп қаншалықты түсінгендерін анықтайтын. Мысалы, біреуді оған мақтаған кезде алдымен:

«Ақылы, сараптау қабілеті, тепе-теңдігі қалай?» – дейтін.

Абдұллаһ ибн Омар v айтады: Біз Хазіреті Пайғамбарымыздың r жанында отырғанбыз:

«Айтыңдаршы, қай ағаш мұсылман адамға ұқсайды? Ол ағаш жасыл, жапырағы еш түспейді, ол мынадай (деп, ол ағаштың әсем сипаттарын саралап берді. Кейін) "Раббының рұқсатымен әрқашан жемісін беріп тұрады" деді»

Көңіліме ол ағаштың құрма екені келді. Бірақ, Хазіреті Әбу Бәкір мен Омар сөйлемей отырып қалды. Мен де сөйлесем дұрыс болмайды деп үндемей қалдым. Адамдар жауап бере алмағанда, Пайғамбарымыз r :

«Ол құрма ағашы» – деді. Ол жерден шығып кеткенімізде, әкеме:

«Әкешім, Аллаһқа ант етемін, көңіліме ол құрма ағашы екені келді» – дедім.

«Жарайды, неге айтпадың?» – деді.

«Сіз сөйлемеген соң мен де бір нәрсе айтуды дұрыс көрмедім!» – дедім. Әкем:

«Сен оны айтқаныңда, бұл мен үшін бәрінен де сүйкімді болар еді» – деді (Бұхари, Тәфсир, 14/ 1).

Бір кездері Рәбиғәтул-Әдәуия басын орап алған біреуден:

– «Неліктен басыңды орап алғансың?» – деп сұрайды.

– «Басым ауырғандықтан»

– «Жасың нешеде?»

– «Отызда»

– «Жарайды, осы отыз жыл бойы денең көбіне саулық ішінде ме еді әлде науқас па еді?»

– «Көбіне саулық пен амандықта болатын»

– «Бұған дейін "шүкір орағышын" орадың ба? Басың ауыра салысымен неге шағым орағышын оранасың?» (Фәридуддин Аттар, Тәзкиратул-Әулия, I, 104).

Аллаһ Тағала өз махаббаты мен мағфиратын Сүйікті де ардақты Пайғамбарына бас ию жолына байланыстырып қойған.

«Ей, бүгін мұсылман болып жүрген адам! Егер Хазіреті Ахметтің күш-қайраты мен пұттарды қирату жолындағы күресі болмағанда, сен де аталарың секілді пұттарға табы-нып жүрген болар едің».

Өз уақыты мен кәсібін адам тәлім-тәрбиесіне арнаған адам оқушылардың қабілеттерін міндетті түрде есінде ұстауы керек. Өйткені, бір сыныптағы оқушылардың қабілеттері тең емес. Біреуі сабақты тыңдап отырса, екіншісі жалығып кетеді.

ЖАУАП БЕРУ ӘДІСТЕРІ

СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫН БІР ОҚУШЫҒА СІЛТЕУ

Хазіреті Пайғамбарымыз r сахабаларын жетілдіру үшін кейде өзіне қойылған сұрақтарды оларға сілтейтін. Бұны Абдұллаһ ибн Аббас V былай түсіндіреді:

«Бір адам Пайғамбарымызға келіп түсін айтты.

"Осы түні түсімде бұлтқа ұқсас бір нәрсе көрдім. Одан май мен бал жауып тұрды. Адамдар қолдарын ашып, бұл жаңбырдан аз да болса, алуға тырысып жатты. Аз алғандар да бар, көбірек ала алғандар да бар. Осы кезде жерден көкке дейін созылған бір жіп көрдім. Сіз ол жіпке жармасып, жоғары шықтыңыз. Сізден кейін оған біреу жармасты, ол да шықты. Кейін тағы біреу көтерілді. Кейін тағы біреу жіпке жармасты, бірақ жіп үзіліп кетті. Бірақ, ол үшін жіп жалғанып, ол да жоғары көтерілді».

Хазіреті Әбу Бәкір t бірден:

«О, Аллаһ Расулы! Әке-шешем саған құрбан болсын, рұқсат ет, мен түсіңді жорып берейін!» – деді. Пайғамбарымыз r :

«Жарайды, жорып бер!» – деп рұқсат берді. Хазіреті Әбу Бәкір мыналарды айтты:

«Ол бұлт іспеттес көлеңке – Ислам бұлты. Одан жауған бал мен май – Құран. Ол Құранның (бал сияқты) тәттілігі мен (май сияқты) нәзіктігі. Бұдан кей адамдардың аз, кейбіреулерінің көп алғандары – Құраннан біреулердің көп, ал біреулердің аз пайда көруі. Жерден көкке түскен жіп – Сіз алып келген ақиқаттар. Сіз оған жармасқансыз, сондықтан Аллаһ Сізді жоғары көтерді. Сізден кейін жармасқан адам да жоғарылайды. Одан кейінгі жармасқан адам да жоғарылайды. Одан кейін тағы біреу жармасады, бірақ жіп үзіліп кетеді. Бірақ ол үшін жіп жалғанады да, ол жармасып, жоғары көтеріледі. Ей, Аллаһ Елшісі! Әке-шешем саған пида болсын, тура жорыған-жорымағанымды айтып бер!»

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

"Кей жорамалыңды рас айттың, кейбір жорамалыңда қателік бар" деді» (Бұхари, Табир, 11, 47; Мүслим, Руя, 17; Термези, Руя, 10/ 2294; Әбу Дәуіт, Сүннет, 9/ 4632; Ибн Мәжә, Руя, 10).

«Үмметімнің ішіндегі мені ең қатты жақсы көретіндердің бір бөлігі менен кейін келетіндердің арасынан шығады. Олар мені көре білу үшін малдары мен жанұяларын пида етуге даяр болады» (Мүслим, Жәннат, 12; Хаким, IV, 95).

Ұқбә бин Амир t айтады:

Екі адам келіп, Хазіреті Пайғамбарымызға жүгінді. Хазіреті Пайғамбарымыз r маған:

«Тұр, ей, Ұқбә! Екеуіне үкім бер!» – деді. Мен:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Сіз өзіңіз менен гөрі лайықтысыз» – дедім.

Аллаһ Елшісі r :

«Сонда да екеуі арасындағы дауға сен үкім бер. Бар күш-жігеріңді салып, дұрыс шешім берсең, он сауап, бар күш-жігеріңді салып, қате шешім берсең, бір сауап бар» деді (Ахмет, IV, 205).

Тәлімгердің де өзіне қойылған сұраққа бірден жауап бермей, оқушылар арасында жауап бергісі келетіндердің бар-жоғын анықтап, жауап беретін оқушы болса, сол оқушыға жауап бергізгені жақсы болады. Осылай сұрақтың жауабын білген оқушыға сілтелгенде сабақ сергек жүреді және үйренуге жетелейтін ынта көбірек болады. Сонымен қатар бұл оқушылардың болашағы үшін тәлімгерлік тәрбие үлгісі болып табылады.

«Егер құлдарым Маған тиісінше бас иетін болса, Мен оларға жаңбырды түнде жаудырып, күндіз төбелерінен күнді күлдіріп қояр едім. Оларға әрі көктің күркіреген дауысын да естіртпес едім!» (Ахмет, II, 359; Хаким IV, 285/7657).



СҰРАҚҚА КЕМ НЕМЕСЕ АРТЫҚ ЕМЕС, ТОЛЫҚ және ӨЗЕКТІ ЖАУАП БЕРУ

Хазіреті Пайғамбарымыздың r өзіне қойылған сұрақтарға берген жауаптары өте қысқа әрі сөздері жеңіл болатын. Осылай Ол назардың тарқамауына тосқауыл болып, тыңдаушының сауалына ең қысқа түрде жауап беретін. Нәууәс бин Сәм'ан t былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыздың жанында Мәдинада бір жыл (қонақ) болдым... Бір күні Хазіреті Пайғамбарымыздан жақсылық пен күнәның не екенін сұрағанымда, Ол былай деді:

«Жақсылық мінез-құлық әсемдігі. Күнә – ішіңді тырмалаған және адамдардың білгенін құптамаған нәрсең» (Мүслим, Бирр, 14-15).

Қойылған сұраққа қысқа, нақты, толық, тиянақты жауап берілуі сұрақ қойған адамға әсер етеді. Қысқа сөздердің ұғымы кең болады. Берілген үлкен, көп сөзді жауап түйінді анықтап беретін қысқа сөзді жауаптың әсерін бере алмайды.

ТЫҢДАУШЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ ЖАУАП БЕРУ

Тәлімгер оқушысының рухына жететін тамырын таба білуі керек. Хазіреті Пайғамбарымыз жанына

«Кімде-кім Аллаһқа және пайғамбарға бойсұнса, міне, олар Аллаһ өз нығметіне кенелткен пайғамбарлармен, сыддиқтармен (шыншылдармен), шәһиттермен, салиқалы адамдармен бірге болады. Бұлар неткен жақсы жолдастар десеңізші!» (Ниса, 69)

келген кез-келген адамның деңгейіне қарай мәміле жасап, қажеттілігін қамтамасыз ететін. Мысалы, біреу келіп:

«О, Аллаһ Елшісі! Мен үшін ең қайырлы амал не?» десе, ол бай, бақуатты адам және байлығын қалай қолдану керек екенін білмесе, мүлкін қалай жұмсау керек екенін үйрететін. Біреу таршылықта болса, оған қалай сабырлы болу керек екеніне кеңес беретін. Біреу қатты ашушаң болса, оған «Ашуланба!» деп кеңесін беретін. Өйткені оның барлық жақсылығын сол ашу-ызасы өшіріп жібереді. Сондықтан бұл тәлімгерлік қандайда бір мамандық емес, Пайғамбарлардың ерекше мамандығы болып табылады.

Тәлімгерлер қойылған сұрақтың шынайы мақсатын сезіп-білуі және тыңдаушының сұрағына қарай жауап беруі тиіс. Әсіресе, мұғалімге белгілі жауапты айтқызуға тиісті сұрақтар қойылғанда, толық, жан-жақты жауап беруі керек.

«Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар, дүниеде қор болу ахиретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады» (Ибн Сағд, II, 255; Табари, тарих III, 191).

ТЫҢДАУШЫНЫҢ КҮТКЕН ЖАУАБЫН ЕМЕС, ҚАЖЕТ ЖАУАПТЫ БЕРУ КЕРЕК

Сахабалар кейде Хазіреті Пайғамбарымызға бір мәселе жайында сұрақ қойса, Хазіреті Пайғамбарымыз түрлі себеп-хикметтермен оны басқа жаққа аударып жіберетін. Мәселені сұрақ қойған адамға пайдасы көбірек тиетін жақтарына

бағыттайтын. Яғни, сұрақтың мақсатына қарай, пайдалы да қомақтылығына қарай тыңдаушының сұрағына күтпеген жауап беретін. Бұл шешендік әдебиетінде «Ұслуб Хаким» деп аталады. Яғни, мәселенің қыр-сырына қанық деген сөз. Мұның мысалын мына оқиғадан көре аламыз.

«Аллаһ Тағала Құранды үйрету үшін адамды жаратқан. Ал баянды яғни, сөйлеу өнерін, шешендік өнерін Құранды түсінулері үшін үйреткен».

Сахабалар:

«О, Аллаһ Елшісі! Жаңа айды көреміз, ол жіп сияқты жіңішке болып туады. Кейін өсіп, үлкейіп, домалақтана түседі. Сосын қайта кеми бастап, алғашқы қалпындай жұқа болып қалады. Неге бір қалыпта тұрмайды?» деп сұраған болатын. Сахабалардың бұл сұрағына Аллаһ Тағала Пайғамбарының мына аятпен жауап беруін қалады:

«Сенен жаңа туған айларды сұрайды. Оларға айт: "Ол (ай) **адамдарға және қажылық үшін уақыт өлшемі ғана"»** (Бақара сүресі, 189-аят; Уәқиди, 56).

Сахабалардың туған айға қатысты қойған сұрақтары туған айдың физикалық құрылымымен байланысты болса да, аят оның адам өміріндегі алатын орнына назар аударады. Осылай адамдардың өздеріне еш қатысы жоқ нәрселерге

алаңдамай, пайдалы нәрселермен айналысуы керек деп үйретеді.

Бір адам Хазіреті Пайғамбарымызға келіп:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Қиямет қашан болады?» – деп сұрады. Хазіреті Пайғамбарымыз:

«Оған не дайындадың?» – деп, сұраққа сұрақпен жауап берді. Сахаба:

«Қиямет үшін көп намаз, ораза мен садақа дайындадым. Сонымен қатар, Аллаһ пен Елшісін қатты сүйемін» – деді. Бұған Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сен сүйгендеріңмен бірге боласың!» – деді (Бұхари, Асхәбун-Нәби, 6).

Хазіреті Пайғамбарымыз бұл сахабасын Аллаһтан ешкімге баян етілмеген қияметтің қашан болатыны туралы зейіні мен жүрегін бекерге әуреге салудан құтқарып, өзіне пайдасы тиетін ахірет үшін салих амалдар жасау керектігін нақ айтып, бұл мәселеге назар аударуына зор мән берген. Сонымен қатар Аллаһ Елшісі үмметін жаман адамдармен достық құрудан сақтандырған.

Пайғамбарымыз: «Мүмин бауырының дертіне қамыспаған бізден емес», деп ескертеді *(Хаким, IV, 351; Һәйсәми I, 87).*

Демек, адам сүйгенімен бірге болса, жаман адамдарды дос тұтқан адам олармен бірге болады екен. Сондықтан ахіретте қиын жағдайға түсіп қалғысы келмеген адам жамандыққа, жамандарға әуес болмауы және олармен бірге болудан сақтануы керек.

Бір бәдәуи Хазіреті Пайғамбарымызға келіп:

«Атақ пен шенге ие болу, мақталу, олжа түсіру немесе көзбояушылық үшін шайқасқан адам жайында не дей аласыз?» – деп сұрады.

Енді біреуі:

«Ей, Аллаһ Елшісі! Аллаһ жолында шайқасу дегеніміз не? Біреу ызаланып, ал енді біреу рушылдығынан шайқасады» – деп сұрады.

Әлем мақтанышы Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Кімде-кім тек Аллаһтың сөзі жоғары болсын деп шайқасса, міне, сол адам Аллаһ жолында болады!» – деді (Бұхари, Илм, 45; Мүслим, Имәра, 149-150).

Хазіреті Пайғамбарымыздан нені инфәқ ету/қайырға жұмсау керектігі жайында сұрағандарға маңыздысы ненің емес, қай жерлерге, қайда, қалай жұмсайтындары екенін көрсеткен жауабын берген:

«(Ей, Расулым!) **Олар сенен не нәрсені нәпа-қа етіп, сарып қылатынын сұрайды.**

Уақыт қылыш секілді, сен оны бөлшектемесең, ол сені бөлшектейді.

Нәпсіңді Хаққа қарата алсаң, жарадың, әйтпесе ол сені жалғанға қаратады».

(Оларға былай деп) **айт: "Мүліктеріңнен сарып қылатын** (жақсылық) **қайыр** (алдымен) **ата-аналардың, жақын туыстардың, жетімдердің, жоқ-жітіктердің, жолда қалған** (мүсәпірдің хақы, осыларға беріңдер)**. Қандай да бір жақсылық істесеңдер, Аллаһ оны, әрине, толық білуші"»** (Бақара сүресі, 215-аят). Осылай жай ғана фиқһқа/заңға қатысты сұраққа мейірімге толы және көңілді толқытатын жауап берген. Бұл жауабында: «Осынша инфәқ етілетін жер осынша мұқтаж болғанына қарағанда, нені инфәқ ететініңді сен өзің ойла...» деген астарлы жауап та жатыр.

«Мүминнің парасытынан сақтаныңдар! Өйткені ол қарағанда Аллаһтың нұрымен қарайды» *(Термези, тәфсир 15/3127).*

Тақырып мақсатына қанық мұғалім бұл әдісті қолдана отырып, оқушысын оңай және әсем түрде жетілдіре алады. Оны бос нәрселермен айналысудан қорғап, мақсатына шаршамай жетуін қамтамасыз етеді.

ҚАЙТАЛАУ ӘДІСІ

Тәлімде қайталау – өте маңызды әдіс. Адам зейіні мәселені алғаш рет естігінде-ақ ұға алады. Бірақ жадына тұрақты сақтай алмайды. Ол үшін белгілі мерзім ішінде қайталап отыру қажет.

Құранда біраз аяттар қайталанып келеді. Мысалы, Мүрсәләт сүресінде:

«(Ақиқатты) **жоққа шығарушыларға ол күні өкінішті-ақ!»** аяты он рет қайталанып келген. Рахман сүресінде:

«Олай болса, (ей, адамдар мен жындар!) **Раббыларыңның нығметтерінің қайсы бірін жоққа шығарасыңдар?»** аяты отыз бір рет қайталанған. Ібілістің тәкаппарланып, Хазіреті Адамға сәжде етпеуі де бірнеше рет қайталанады.

Мысалы, бір оқиғаның басқа жақтарына да назар аударылып, сөздің төркініне қарай түрлі мағыналарда баяндалады. Ол оқиға біраз оқиғаларда жаңғырық сияқты болады және зейінге үнемі үндеу жасап тұрады. Сонымен қатар сөйлеу кезінде маңыздылығына аса көңіл бөле отырып, зейінді арттырып, барлығының қайта естуі үшін және де есте сақтау үшін қайталау әдісін қолдану керек.

«Аллаһ ешкімге шамасы жетпейтін істі жүктемейді...» *(Бақара, 286).*

СӨЗДІ ҮШ НЕМЕСЕ ОДАН ДА КӨБІРЕК ҚАЙТАЛАУ

Судың үнемі бір жерге ағуымен қатты тасты жаратыны сияқты еске салуды жалғастыру мәлімет пен тақырыпты зейін мен көңілде бекем орналастырады. Әнәс t былай деп түсіндіреді:

Хазіреті Пайғамбарымыз қайтыс боларында жанында болдық. Бізге:

«Шын мәнінде, мұминдер бір-біріне бауыр. Сондықтан екі бауырдың арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Сонда ғана игілікке бөленерсіңдер» (Хұжурат, 10).

«Намаз жайында Аллаһтан қорқыңдар!» – деп, үш рет қайталап, сөздерін жалғастырды:

«Қол астарыңдағы адамдар жайында Аллаһтан қорқыңдар! Екі әлсіз жайында Аллаһтан қорқыңдар. Олар – жесір әйел мен жетім бала. Намаз жайында Аллаһтан қорқыңдар! ...»

Хазіреті Пайғамбарымыз бұдан кейін *«Намаз, намаз...»* деп қайталай берді. (Мүбәрак тілі сөйлей алмағанда да) пәк рухы Рәфиқұл-А'ләға/ұлы досына жоғарылап кеткенше мұны іштей қайталып жатты (Бәйһәқи, Шуаб, VII, 477).

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деді:

«Сақ болыңдар! Жәннатқа жетелейтін амалдар қисық және шұңқырлы жол сияқты, машақатқа толы. (Пайғамбарымыз бұл сөзді үш рет қайталады) Тозаққа жетелейтін амалдар тура және ойықсыз жол сияқты жеңіл» (Ахмет, I, 327).



Жалықтырмайтын қайталау – тәлімдегі маңызды әдіс. Қайталау оқушының қажеттілігі мен тақырыптың маңыздылығына байланысты қажет болса, қайталанып отыруы керек. Әйтпесе қабілетті оқушылардың жалығып кетуіне себеп бо-

луы мүмкін. Жоспарсыз, жүйесіз жұмыс істейтін мұғалімнің басқа тақырыптарды тастап, өзі жақсы білетін тақырыбын бірнеше рет қайталай беруі қайталау әдісі емес, керісінше, жалқаулықтың көрінісі болып табылады.

МЫСАЛДАР АРҚЫЛЫ ЖАҚСЫ ТҮСІНДІРУ

Адам баласы мәселені мысалмен жақсы түсінеді. Аллаһ Тағала Құранда кей аяттарда мысалдар келтіріп, мағынаны қуаттандырған. Мысалы, мүминдердің сипаттарын түсіндіргенде **«... Көктеп-өніп, онан соң әлденіп, жетіліп, өз сабағында тік тұрған, дихандарды** (толған дәні, ерен шығымымен) **таңқалдырған егін сияқты. Бұл** (ұқсату) **кәпірлерді ызаландырады. Аллаһ олардың иман келтіріп, жақсы іс істегендеріне кешірім және ерекше сауап беруді уағда етті»** дейді (Фәтх сүресі, 29-аят).

Аллаһ Елшісі r адам санасына жақсы қонсын деген оймен тақырыпты ерекше мысалдармен жеңілдетіп түсіндіретін.

Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Мені мен сендердің жағдайларың мынаған ұқсайды. Бір адам от жағады. От айналаны нұрландырғанда, паруаналар (түнгі көбелектері) мен жарықты сүйетін жәндіктер осы отқа

Ей, адам! Бұл әлемде өздігінен пайда болған бірде-бір нәрсе көрсете аласың ба? Өзінен-өзі шымданып, гүлденіп, топырақ астынан өсіп шыққан өсімдікті топырағынан ажыратып көрші, өздігінен өсіп пе екен?!».

«Олай болса, "Егер, (шын) сенген болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар да, (таласқа түспей) араларыңды түзетіңдер, Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар!" – де!» (Әнфәл, 1).

өз қалауларымен ұшып келіп түсе бастайды. Адам оларға кедергі болуға тырысады. Алайда, жәндіктер үстем келіп, көпшілігі отқа түседі. Мен отқа түспеулерің үшін сендерді белдеріңнен ұстап тұрмын, бірақ сендер бәрібір отқа түсу үшін ұмтылып жатырсыңдар!» (Бұхари, Риқақ, 26. Қосымша қараңыз: Мүслим, Әдеп, 82; Ахмет, II, 244). Басқа бір риуаятта:

«Сендер қас қағым сәтте қолымнан шығып, отқа ұмтылудасыңдар» делінген (Суюти, әл-Жәми, № 8168; әр-Рамәһурмузи, 22; Айни, XXIII, 76).

«Мүмин бал араға ұқсайды. Тазаны жейді, таза нәрсе өндіреді, таза жерге қонады және қонған жерін бүлдірмейді» (Ахмет, II, 199; Хәким, I, 147; Суюти, Әл-Жәми, № 8147).

Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жәннат бақшаларына барғандарыңда жемістерінен мол жеңдер» – дейді. Әбу Һұрайра:

«Жәннат бақшалары дегеніңіз не, о, Аллаһ Елшісі!» – деп сұрады. Аллаһ Елшісі:

«Мешіттер...» – деп жауап берді. Әбу Һұрайра:

«Жемістерінен жеу дегеніңіз не онда, о, Аллаһ Елшісі!» – деп сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сүбханаллаһ, Әлхәмдулилләһ, Лә иләһә иллаллаһ және Аллаһу әкбәр» – деп жауап береді (Термези, Даауат, 82/ 3509).

Хазіреті Пайғамбарымыздың мына хадисі терең мағынасы бар ерекше мысал болып табылады.

«...Яхия u *адамдарды Бәйтүл-Мақдиске жинады. Мешіт аузына дейін толып кетті. Ол бы-лай деді:*

«Аллаһ Тағала маған бес сөз жіберді және олармен амал етуімді және сендерге де амал етулеріңді әмір етуімді бұйырды:

Бұлардың біріншісі – Аллаһқа құлшылық етулерің. Оған еш серік қоспауларың. Аллаһқа серік қосушының мысалы мынау – бір адам өз мүлкіне – алтын мен күміске құл сатып алады да, "Мынау менің үйім, ал мынау кәсібім. (Жұмыс істеп, тапқаныңды) маған өте!" дейді. Құл жұмыс істейді, бірақ тапқанын қожайынынан басқа біреуге өтейді. Құлдың осылай етуіне кім риза болады? Дәл осы сияқты Аллаһ та сендерге намазды әмір етті. Намаз оқыған кезде (оңға-солға) қарамаңдар. Өйткені Аллаһ өз

Пайғамбарымыз: «Мүминнің мүминге деген қатынасы құрылысы бірін-бірі сүйеп, ұстап тұратын ғима-рат бөлшектері секілді», деген. *(Бұхари, Саләт, 88, мазалим 5; Мүслим, Бирр 65).*

дидарымен намазда оңы мен солына қарамай тұрған құлының жүзіне қарайды.

Аллаһ сендерге оразаны әмір етті. Мұның мысалы мына адамның мысалына ұқсайды. Ол бір топ ішіндегі адам. Өзімен бірге қобдишасында әтір бар. Әркім оның иісінен рахат алады. Ораза тұтқанның (аузында пайда болатын) иіс Аллаһтың құзырындағы әтірдің иісінен де жақсы.

Аллаһ сендерге садақаны әмір етті. Мұның мысалы мына адамның мысалына ұқсайды. Дұшпан адамды тұтқынға алып, екі қолын мойнына байлап, басын алу үшін жендеттерге тапсырады. Адам: "Мен аз-көп бодау беріп, өзімді құтқарып алғым келеді" дейді. Жанын бодаумен өтеп, құтқарып алады.

Аллаһ сендерге өзін көп еске алуларыңды әмір етті. Мұның мысалы мынау: Бір адам бар делік. Дұшпандары соңына түсіп, тез қуып жетіп, оны қолға түсіргілері келеді. Ол адам бір мықты қамалды паналап, өзін олардан қорғап қала алады. Өзін шайтаннан тек Аллаһтың зікірімен ғана қорғап қала алады»

Хазіреті Пайғамбарымыз соңында былай деді:

***«Намазды толық өтеңдер, зекет беріңдер, рұкүғ етуші** (мүминдермен) **бірге рұкүғ етіңдер** (жамағатқа қатысыңдар)**»** (Бақара, 3).*

«Мен де сендерге бес нәрсені әмір етемін. Оларды Аллаһ маған әмір еткен. Тыңдау, мойынсұну, жиһад, һижрат және жамағат. Расында, кімде-кім жамағаттан бір қарыс ажырап кетсе, мойнындағы Ислам бауын шығарып, лақтырып жібергені. (Исламға) кері оралған бұдан тыс. Кімде-кім жаһилия үрдүсін қолдаса, ол тозақ отындарының бірі болғаны!» (Термези, Әдеп, 78/ 2863; Ахмет, IV, 130, 202).

Барлық осы мысалдар Хазіреті Пайғамбарымыздың тәлім әдісі болып, адам ақылы мысалдар арқылы жеңіл түсінгені үшін бұл әдісті көп қолданғанын көрсетеді. Қазіргі таңдағы тәлімгерлер де бұл әдісті оқушыларына еркін қолданулары керек. Өйткені мысал келтіру әдісі әзірше кемелдене қоймаған зейіннің сараптау қабілетін тез күшейтеді. Расында, Хазіреті Пайғамбарымыздан мына хадисті естіген адамның көңіл әлемінде жақсылық пен жамандық ұғымы берік орнығады.

«Жамандық жасап, кейін жақсылық жасаған адамның жағдайы мынаған ұқсайды. Бір адамның үстінде өзін қылқындыратындай тар сауыт бар болатын. Бір жақсылық жасағанда бір түйін шешіліп, тағы бір жақсылық жасағанда тағы бір түйін шешіледі. Сөйтіп, ақыры өзін қылқындырып, тұрған тар сауыттан құтылып рахатқа бөленді» (Ахмет, IV, 145).

«Раббыларының шақырғанына құн қосатындарға, намазды (баппен) оқитындарға, істерін бірбірімен кеңесіп бекітетіндерге, өздеріне арнаған ризықтарымыздан (қайыр үшін) жұмсайтындарға тән» *(Шура 38).*

АНТПЕН СӨЗІН ШЕГЕЛЕУ

«Кімде-кімге мұсылман бауыры бір мәселесімен ақыл сұрап келгенде, онымен истишара жасап, бауырына бұрыс жолды нұсқап жіберетін болса, ол бауырына қиянат жасаған болады» (Бұхари, әл-әдәбұл-мұфрад 259).

Ант ету – әсіресе, араб тілінде көптеп қолданылатын сөзді қуаттау әдісі. Аллаһ Тағала заттық һәм рухани жаратылысыққа назар аударуымызды қалап, оларға ант еткен. Сөйтіп, адам санасын анттың жауабы ретіндегі негізгі сөйлемге дайындаған.

«Інжірге, зәйтүнге, Сина тауына және осы қауіпсіз мекенге ант етемін. Біз адамды ең көркем кейіпте жараттық. Кейін оны төменгілердің төменгісіне түсірдік» (Тин сүресі, 1-5-аяттар).

Аллаһ Елшісі сөздің мағынасын күшейтіп, мәселенің маңыздылығына аса назар аудару үшін ант ететін.

Әбу Һұрайрадан риуаят етілгеніне қарағанда, Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды! Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды! Аллаһқа ант етемін, иман еткен болмайды!» деді. Сахабалар:

«Кім иман еткен болмайды, уа, Расулаллаһ!» – деп сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Жамандық жасамайтынына көршісі сенімді болмаған адам!» – деді (Бұхари, Әдеп, 29; Мүслим, Иман, 73; Термези, Қиямет, 60).

Бірақ анттың заң/фиқһ тұрғысынан кейбір нәтижелер туындайтынын ұмытпау керек. Хазіреті Пайғамбарымыз r былай деген:

«Мен сендердің көрмегендеріңді көремін және сендердің естімегендеріңді естимін. Аспан тоқылдайды. Оның тоқылдап тұруы – табиғи іс. Өйткені Аллаһқа сәжде ету үшін маңдайын жерге қойған бір періште жоқ төрт саусақ мөлшеріндегідей бос жер табылмайды. Аллаһқа ант етемін, менің білгендерімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер. Әйелдеріңмен бірге бола алмай, жолға шығып, Аллаһтан жәрдем сұрап кететін едіңдер».

Хадисті риуаят еткен Әбу Зәр былай дейді:

«(Осы ақиқатқа орай, қолымнан келсе) қопарылып, желінетін ағаш болуды қалар едім!» (Термези, Зуһд, 9/ 2312).

«Аллаһ Тағала жағымсыз қылық жасайтын, жаман сөз сөйлеуге әуес адамды жек көреді» *(Термези, Бирр 62/2002).*

БЕЙНЕЛЕЙ ОТЫРЫП ТҮСІНДІРУ

Тілмен баян етудің кейбір негіздері мен жәрдемшілері бар. Солардың бірі – құрал-сайман қолдану. Бүгіндері тақта, бейнетаспа, слайд-шоу, компьютер, интербелсенді тақта сияқты жабдықтарды

«Дәуірінің ең бағалысы болып табылатын жастығыңды тиісінше ең бағалы амалдармен өткізуің керек».

тәлім мақсатында қолдану, түсіндірілген нәрсенің тек құлаққа ғана емес, көзге де үндеуін қамтамасыз етеді. Аллаһ Елшісі r қаншама ғасыр бұрын бұл әдіске ұқсас түрін қолданған:

Абдұллаһ ибн Мәсғуд былай деген:

Хазіреті Пайғамбарымыз жерге төртбұрыш сызды. Төртбұрыштың ортасынан бір шетінен кесіп, тысқа шығып тұрған бір сызық шығарды. Ортадағы бұл сызықтың екі шетінен оған қарай бірнеше кішкене сызықтар сызды. Кейін сызықтарды меңзеп, былай деді:

«Мынау адам, ал мынау оны қоршап тұрған ажалы. Төрт бұрышты тіліп, тысқа шыққан адамның қалаулары. Ортадағы сызыққа қарай сызылған кішкене сызықтар – дерт пен ауыртпалықтар. Адам бұл дерттердің бірінен құтыл-са, басқа бірі келіп қалады. Одан құтылса, алдыңғысы келіп қалады» (Бұхари, Риқақ, 4).

Жәбир t айтады:

Хазіреті Пайғамбарымыздың жанында отырғанымызда, алдына бір сызық сызды да:

«Бұл Аллаһтың түп-тура жолы» – деді. Сосын әлгі сызықтың оңы мен солына тағы екі-екіден сызық сызды.

«Бұлар шайтанның жолдары» – деді. Одан кейін мүбәрак қолын ортадағы сызықтың үстіне қойып, мына аятты оқыды:

«Сөзсіз, бұл (бұйырғандарым, Ислам) **менің** (түп-тура) **хақ жолым. Олай болса, оған бағыныңдар** (осы жолмен жүріңдер)**,** (басқа теріс) **жолдарға түспеңдер.** (Өйткені) **басқа жолдар сендерді Оның** (Аллаһтың) **хақ жолынан адастырады. Міне,** (Аллаһтың бұйрықтарына сай өмір сүріп, жамандықтан) **сақтануларың үшін** (Аллаһ) **сендерге осыларды өсиет етеді** (бұйырады)**»** (Ән'ам сүресі, 153-аят; Ахмет, ІІІ, 397).

ЫМ мен ИШАРАТ ҚОЛДАНУ (жест, мимика)

Сөздің әсерін арттыратын, баяндаманы қуаттандыратын және көркемдейтін жәрдемші құралдардың бірі – қалыпты ым мен ишарат қолдану әдісі.

Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ адамдардың назарын тартатын, жақсы түсінулері үшін қолы мен бет әлпетін табиғи түрде қолданған.

Тәлімгер пікірін жеткізгенде тыңдаушының тек құлағына ғана үндеу салумен шектелмей, ым мен

Хақ Тағала былай бұйырады:

«Бір істі тындырсаң, дереу келесі іске жармас! Осылай Раббыңа одан әрі жақындас!» (Инширах 7-8).

«Қиямет күні адамдар қатар-қатарымен болады. Жәһаннамдық адам Жәннат-тық адамға жолығып: "Ей, пәленше! Есіңде ме, сен су сұрап едің ғой, мен сол кезде саған су берген едім!", дейді. Сонда мұмин ол адамға шапағат етеді.

ишарат, қол сермеу, басқа да қимылдар арқылы тыңдаушыларының көзі мен көкейіне де үндеу салуы керек. Ым мен қимылдар сөз сөйлеп жатқан адамның қобалжымай еркін тұрғанын байқатса, сөйлеуші мен тыңдаушы арасында тығыз қарым-қатынас қалыптасады. Хазіреті Пайғамбарымыз бұның ерекше үлгісін дін насихатына алғаш бас-таған күндерінде көрсеткен болатын.

Ол Хашим ұлдарына сөйлеп, былай деді:

«Сендер қиямет күні жақсы амалдарыңмен емес, дүниені мойындарыңа жүктеп алған күйде келесіңдер. Ал мен сендерден бетімді бұрамын. Сол кезде сендер маған: "Уа, Мұхаммед!" дейсің-дер. Сонда мен былай етемін...». Аллаһ Елшісі r :

«Былай етемін» дегенде, жүзін олардан басқа жаққа бұрып, тағы бір рет қайталады (Ибн Исхақ, III, 128; Яғқуби, II, 27).

Жәбир t Хазіреті Пайғамбарымыздың әсерлі сөйлейтінін былай баян етеді:

«Пайғамбарымыз хұтпа оқыған кезде көздері қызарып, дауысы жоғарылайтын. "Дұшпан күні-түні сендерге шабуыл жасайды, өздеріңді қорғаңдар!" деп, әскерлерін ескерткен әскербасы сияқты ашуы артады да, сұқ саусағы мен орта саусағын тиістіріп:

«Мені мен қияметтің арасы мына екі сау-сақтың арасындай жақын қалған кезінде мен

пайғамбар ретінде жіберілдім» дейтін» (Мүслим, Жұма, 43; Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 7).

Хазіреті Пайғамбарымыз r бір күні:

«Мүминдер бір-біріне бір ғимараттың айқасқан бөлшектері секілді» – деп, артынша (мұны түсіндіру үшін) саусақтарын бір-біріне айқастырған (Бұхари, Мәзалим, 5). Және де:

«Жетімді қорғап-қолпаштаған адаммен мен Жәннатта мына екеуі сияқтымыз» – деп, сұқ және орта саусақтарын көрсеткен (Бұхари, Әдеп, 24).

ЕРЕКШЕ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚОЛМЕН КӨРСЕТУІ

Бұл күмәнға жол бермейтін түрде нақты баян түрі болып табылады. Хазіреті Пайғамбарымыз өстіп бір мәселені баяндағанда оның көзбен көрінуін, әрі жүрекке жақсы орнығуын қамтамасыз ететін. Хазіреті Пайғамбарымыз r алтын қолданудың ерлерге харам болатынын айтқан кезде саусағындағы алтын жүзікті жамағатқа көрсетіп:

«Мен бұл жүзікті тағатын едім және тасын

(Жәһаннамдық тағы) біреу Жәннаттық адамның қасына барып оған: "Есіңде ме, саған бір күні дәрет алатын су берген едім!", дейді, сонда ол оған шапағат етеді.

да қолымның ішінде айналдыратын едім» деп оны шешіп, лақтырып жіберді де:

«Аллаһқа ант етемін, енді оны тақпаймын!» – деді (Бұхари, Әймән, 6).

Хазіреті Әли t былай дейді:

Хазіреті Пайғамбарымыз r сол қолына жібек, оң қолына алтын алды. Кейін қолындағы екеуін де жоғары көтеріп:

«Бұл екеуі үмметімнің ерлеріне харам, әйелдеріне адал» – деді (Ибн Мәжә, Либәс, 19; Әбу Дәуіт, Либәс, 11).

«Жетімді қорғап-қолпаштаған адаммен мен Жәннатта мына екеуі сияқтымыз» (Бұхари, Әдеп, 24).





Құран Кәріммен жақын танысуымыз қажет. Пайғамбарымыз r Құран жолымен жүрудің шыңын көрсеткен. Құран жолымен жүргіміз келсе, өміріміздің барлық кезеңін Оның күйімен салыстырып отыруымыз қажет. Өйткені Ниса сүресінің 80-аятында: **«Расулұллаһқа бойсұныңдар!»** *— деп бұйырылған. Аллаһ Расулына бойсұну Аллаһқа бойсұну болып табылады. Пайғамбарға r махаббатпен жақындай білсек қана кәміл, жетілген, Аллаһпен дос бола білген адам дәрежесіне жете аламыз.*

Барлық шаруа Құран мен Сүннеттің жолымен өмір кешуде. Ол үшін махаббат шарт. Ал махаббатымыз қаншалықты? Оның көрсеткіші — әдебімізде. Аллаһ Тағала алдындағы әдебіміз қаншалықты, Аллаһ Расулы алдындағы әдебіміз қалай, мүміндер алдындағы әдебіміз қалай?..

Тағы да Жәһаннамдық біреу Жәннаттық біреудің қасына барып: "Ей, пәленше! Мені осындай-осындай бір жұмыспен жіберген күнің есіңде ме, мен сен үшін сол істі бітірген едім", дейді. Сонда Жәннаттық адам оған шапағат етеді» (Ибн Мәжә, әдеп 8).

АНА – ӨЗ АЛДЫНА БІР МЕКТЕП

«Саған яқин (өлім) келіп жеткенге дейін Раббыңа құлшылық қыл!» (Хижр 99).

Тәлім-тәрбие жанұядан бастау алады. Адамның алғаш тәрбиешісі – анасы. Бұрынғы қоғамымызда күшті жанұя құрылымы болатын. Бұл құрылым ішінде болашақ аналар ең көркем түрде тәрбиеленетін. Уақыт өте келе жанұяларымыздағы бұл жағдай өзгерді. Енді әке-шешелердің балаларымен биологиялық байланыстары айтарлықтай емес. Сондықтан болашақ аналарды тәрбиелеу үшін шынайы мекемелерге мұқтаждық пайда болды.

Бүгінгі таңда оқу орындары мен медреселер қыз оқушыларын тәрбиелеп, болашақтың аналары ретінде дайындауға тырысулары керек. Болашақ ұрпақты жетілдіретін аналардың Құран мен Хадис аясында тәрбиеленуі – бұл мекемелердің негізгі міндеті. Құран медреселері дінді өмірге енгізу, діннің сыртқы және ішкі пішінін үйрену және тақуалық өмірге бейімделу мәселесінде немқұрайды болмауы керек. Болашақтың аналары тұлғалыққа ие болуға Құран аясында дайындалуы керек. Өйткені ана болу – өте маңызды да жауапты міндет. Аллаһ аналарды ерекше бағалап, онымен бірге зор маңызды міндеттер берген. Ұрпақтарды жетілдірудегі алғашқы міндет аналарға жүктелген.

«Дүниенің бір күні ахіреттің мың жылынан да артық. Өйткені табу мен жоғалту ісі тек бұл дүниеде ғана бар. Ал Ахіретте құтылудың ешқандай мүмкіншілігі болмай қалады».

Хазіреті Пайғамбарымыз r бұл маңызды міндеттерді лайықты түрде орындай алатын ерекшеліктермен безенген ана жайында былай деген:

«Жәннат аналардың аяғының астында» (Нәсәи, Жиһад, 6; Ахмәт, III, 429).

Бұл хадисте аналарға тән құндылық тілге тиек етілген. Бұл құндылық аналардың қоғамдағы ең маңызды тәрбиеші болу қасиетінен туындаған. Біздерді алдымен біраз уақыт құрсағында, кейін қолында және өле өлгенше жүректерінде көтеріп жүретін аналарымызға

көрсетілетін сүйіспеншілік пен құрметке ортақ бола алатын басқа ешқандай болмыс жаратылмаған. Үй тәртібі мен бала тәрбиесін мойындарына алған аналар, расында, үлкен сүйіспеншілікке, үлкен құрметке және өмірлік алғысқа лайықты.

«Мен өз жанымды Аллаһ Тағалаға саттым. Сол себепті Оны жоққа шығарушылармен күресімді өмір бақи жалғастырамын!»

Ең үлкен тұлға, ең үлкен адам, әлемдерге мейірім шуағы болған Хазіреті Пайғамбарымыз бұл ерекшеліктермен безенген Хадиша анамызға қайран қалатын. Хадиша анамыз ар-ұятымен, ибалылығымен, опагершілігімен аналарға ең кереметті үлгі. Мұндай аналарға «Шынайы салиха ана — ең көркем ұстаз» атағы берілген. Осы жағынан аналар «қоғамның бағытын белгілейтін» адамдар ретінде алдымыздан шығады.

Аналар қоғамды қай бағытқа жетелеуі керек? Аналарды қалай жетілдірсек, олар болашақ қоғамды сол негіздерге сай құрайды.

Аллаһ біздерден тақуалы қоғам құруымызды талап етеді. Олай болса, аналарды осы мақсатқа қызмет ете алатын лайықты тұлға етіп, руханиятын жетілдіруіміз керек. Өйткені, аналар – балаларымыздың алғашқы тәрбиешілері... Балаларымыз Аллаһтың бізге тапсырған аманаты. Олардың көркем үйлесімділікте жетілулері және қоғамға пайдалы тұлғалар болып,

қоғамға ұсынылуы баршамыздың міндетміз болып табылады. Бұл тек олардың көңілдерін Құран мәдениеті мен Хазіреті Пайғамбарымыздың асқақ Сүннеті шеңберінде ғана толықтырумен іске асырылады. Сол үшін тырысуымыз керек... Алдымен, алғаш және ең маңызды тәрбиешінің, яғни аналардың ең көркем түрде жетілулері үшін оларға көмекші болуымыз керек. Тақуамен безенген қоғам үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Расында, қоғам үшін күш-жігер салуымыз біздің Әлемдер Сұлтанына деген жақындығымыз бен сүйіспеншілігіміздің көрінісі болып табылады.

«Адамдарға не болған, алтын мен дүниелік малдың құлы болып барады. Хақ жолында жұмсалмаған деген не ол? Нені білдіреді?

Дүние малының құлы болып, есігіне қу жыландай бұратылып, жер сызіп сүмірейгені адамды көкке (яғни ахіретке) құры қол аттандыратын ақымақтық емей немене?!».

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ﷺ САХАБА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТӘЛІМІНЕ НЕМҚҰРАЙДЫ ҚАРАМАДЫ

Хазіреті Пайғамбарымыз r тәлім-тәрбиесімен, сұхбатымен жәһилия адамын қараңғыдан нұрға шығарды. Ол мешітте, Сұффа медресесінде, соғыста, сапарда – барлық жерде сахабаларын жетілдіруге тырысты. Бұл мәселеде әһлүл-бәйт пен туыстарын, сонымен қатар сахабалардың әйелдерін де жетілдіріп, тәрбиелеуге немқұрайды қарамады.

Сахабалар Аллаһ Елшісіне құштар болғанындай, әйелдері де Құран мен Сүннетті үйреніп, «Жаратылыс нұрының» рухани кейпінен үлес алуға

тырысқан. Олар осы құштарлықпен құзырына келіп:

«О, Аллаһ Елшісі! Сіздің сөздеріңізден үнемі ерлер ғана пайдаланады. Біз әйелдерге де бір күн бөлсеңіз, сол күні жиналсақ және Аллаһтың сізге үйреткендерінен бізге де үйретсеңіз!» деп, өтініш жасайды. Аллаһ Елшісі r :

«Жарайды, осы күні осында жиналыңдар!» деп, аптаның бір күнін әйелдер үшін сұхбат өткізеді (Бұхари, Итисам, 9; Муслим, Бирр, 152).

«Кімнің қалауы ахірет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлық салып, шаруаларын келтіріп, ретке қояды».

Хазіреті Пайғамбарымыз өзіне Құран аяттары түскен кезде оны алдымен ерлерге, сосын барып әйелдерге оқитын (Ибн Исхақ, 128).

Аллаһ Елшісі Хазіреті Пайғамбарымыз r Хазіреті Айша анамыз бен басқа да адал жарларын әйелдерге дінді үйрету үшін міндеттеген. Тіпті, «Мешіттің бір есігін әйелдерге арнап қойған» (Әбу Дәуіт, Саләт, 53/ 571).

Ансарлықтардың әйелдері де әйелдерге тән діни үкімдерді үйрену үшін Хазіреті Пайғамбарымызға өтініш жасаған, ұяттарын ғылымға тосқауыл етпеген. Айша c анамыз былай дейді:

«Ансарлықтардың әйелдері қандай тамаша әйелдер! Ұялшақтық олардың діни мәселелерді терең үйренулеріне кедергі болмады» (Мүслим, Хайыз, 61).

Әйел сахабалар бір жағынан Хазіреті Пайғамбарымыздың уағыздары мен әңгімелері арқылы Исламның үкімдерін үйренуге тырысса, екінші жағынан туындаған мәселелердің шешімі мен ойларына келген сұрақтардың жауабын алу үшін әрқашан Хазіреті Пайғамбарымызға жолығу мүмкіндігіне ие болған. Хазіреті Пайғамбарымыз да әйелдерге үлкен мән беріп, сұрақтарына жауап берген. Олардың әртүрлі мәселелерімен айналысқан (Мүслим, Фәдәйл, 76; Әбу Дәуіт, Әдеп, 12).

Хазіреті Пайғамбарымыз r бір хұтпасында:

«Уа, адамдар! Нәпсісінен қорқатындарың болса, тұрсын, оған дұға етемін!» деді. (Дұға талап еткен бірнеше ерден кейін) мешіттің әйелдер отыратын бөлігінен бір әйел тұрып:

Ал дүние мойнын салбыратып оның артынан жүреді. Бірақ кімнің қалауы осы дүние болса, Аллаһ екі көзінің ортасына пақырлықты салып, істерін үйлестірмей қояды.

«Менде мынадай күйлер бар. Аллаһқа дұға ет, менен бұл күйлерді алып тастасын!» деді. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«Сен Айшаның үйіне бар!» – деді. Сосын мінберден түсті. Хазіреті Айша-

ның үйіне барғанда, әйелдің басына таяғын қойып, оған дұға етті (Ибн Сағд, II, 255).

Сахаба әйелдердің дүние мен ахіреттерін Аллаһтың сөзі мен Хазіреті Пайғамбарының Сүннетімен реттеуі, мәселелері мен дерттерін осы қайнар бұлақтармен шешуге тырысулары үлгі аларлық мысал болып табылады.

Хазіреті Пайғамбарымыз Ғифар руының бір әйеліне:

«Бір ыдыс су ал да, ішіне тұз сал. Сосын жамылғыға тиген қанды сонымен жу!» деп, кеңес берген.

Хазіреті Пайғамбарымызға r сүйіспеншілікпен мойынсұнған ол сахаба әйел бұл кеңесті өмірі бойы үлкен тиянақтылықпен орындаған – суына тұз қоспай киімдерін жумайтын. Тіпті, қайтыс болғанда денесі жуылатын суға да тұз қосылуын өсиет етіп кеткен (Әбу Дәуіт, Тахарат, 122/ 313).

«Жақсы дос пен жаман достың мысалы иіссу сатушысы мен шоқты қыздыратын темір ұстасы секілді. Иіссу сатушысы саған я сыйға хош иіс береді, яки одан сатып аласың.

Бүгіндері де әйелдер дінді үйрену, сыртқы һәм ішкі мәліметтермен безену жолында жігерлі болулары керек, сахаба әйелдерінен үлгі алулары керек. Мұсылман әйелге,

мұсылман анаға қажетті негізгі тәлім – осы. Өйткені шынайы болашақ – ахіреттік болашақ.

САХАБА ӘЙЕЛДЕРДІҢ САУАП АЛУҒА ЫНТАЛАРЫ

Сахаба әйелдері ғылым үйренудегідей сауап алу, Аллаһ Елшісіне рухани тұрғыдан жақын болу мәселесінде де сахаба ерлермен жарысқа түскендей күн кешкен.

Сахаба Язид бин Сәкәнның қызы **Әсмә** парасатты әрі ақылды әйел болатын. Бір күні әйелдер оны Хазіреті Пайғамбарымызға жіберді. Ол Хазіреті Пайғамбарымызға үлкен құрметпен, тәтті лебізбен мыналарды айтты:

«Әке-шешем сізге пида болсын, о, Аллаһ Елшісі! Мен әйелдер атынан елші ретінде жіберілдім. Аллаһ сені барша ерлер мен әйелдерге Пайғамбар етіп жіберген. Біз, әйелдер, саған және сенің Раббыңа иман еттік. Бірақ біз үйлерімізде қамалып, қалып қоямыз. Ерлерімізге қызмет етіп, бала тәрбиелейміз. Ал сендер жұма намаздарын оқу, мешіттерге және жамағатқа бару, науқастардың

Шоқ қыздырушыға келер болсаң, я ол сенің киіміңді от ұшқынымен теседі, я болмаса, оның жаман иісі киіміңе сіңіп қалады» (Бұхари, зәбәих, 38).

көңілін сұрау, жаназа намазын оқу, қажылық үстіне қажылық жасау, ең маңыздысы – Аллаһ жолында күресумен жиһад ету сияқты ізгіліктермен бізден жоғары тұрасыздар. Алайда, сіздер қажылық пен ұмраға, кәпірлермен күресуге үйлеріңізден шыққан кездеріңізде біз сіздің дүние-мүліктеріңізді қорғаймыз, жіп иіріп, киімдеріңізді тоқимыз, балаларыңызды бағамыз. Олай болса, біздер де сол қайырлы және сауапты істердің сауаптарында сіздерге ортақтас бола аламыз ба, о, Аллаһ Елшісі?»

«Тек муминмен жолдас бол! Тамағыңды да тек салиқалы тақуа кісілер жесін!» *(Әбу Дәуіт, әдеп 16; Термези, Зуһд 56/2395).*

Хазіреті Пайғамбарымыз r **Әсмә**ның бұл сөздерін естігеннен кейін жанындағы сахабаларына бұрылып:

«Сендер бұдан бұрын дін мәселесінде сұрақ сұрап келген әйелдер арасынан бұдан артық сөздер естіп пе едіңдер?» – деді. Олар:

«О, Аллаһ Елшісі! Біз бір әйелдің мұндай көркем сөздерге ие бола алуы мүмкін екендігін болжамаппыз да!» – дейді. Хазіреті Пайғамбарымыз оған қайта бұрылып:

«Ей, әйел! Ұғып ал және сені жіберген әйелдерге де түсіндір. Әйелдер тобының ерімен жақсы

түсінісіп, ерінің разылығын алғаны – сол ізгіліктердің барлығына тең» – дейді.

Әйел қуаныштан тәһлил мен тәкбір айтып, кері оралып кете барды (Ибн Әсәкир, Тариху Димәшқ, VII, 363-364, XXIX, 65-67; Бәйхәқи, Шуаб, VI, 421; Һәйсәми, IV, 305; Ибнул-Әсир, Үсдул-Ғабә, VII, 19).

Бұл хадис сахаба әйелдердің ахірет қорын арттыру үшін қандай ынталылықта болғандарын көрсетеді. Аллаһ Елшісінің берген жауабы мұсылман әйелдің амалдары мен тіршілігі үйінің төңірегінде екенін нақты көрсетеді.

Басқа сахаба әйел **Үммү Ри'лә** С ...

Парасатты да шешен, жүрегі таза, көркем сөзді, ақылды және өте зерек бұл әйел бір күні Хазіреті Пайғамбарымыздың құзырына келіп, сәлем берді. Тағзым мен құрметін баян еткеннен кейін үлкен әдептілікпен перде арқасында үйлерінде қалғандарын, ерлеріне бағынышты болғандарын, бала бағу мен бесік түзету сияқты және басқа да үй істерімен айналысатындарын айтып:

«Біздер үшін шайқасқа барып, үлкен сауаптарға қол жеткізу, әрине, мүмкін емес. Біздерге бір нәрсе үйрет,

Жаман жылан жаман достан жақсы. Жаман жылан көп болса адамның жанын алар, бірақ жаман дос адамды мәңгілік отқа лақтырып, өртейді.

онымен Аллаһқа жақындай түсейік!» деп, қысқа болса да, жақсылықтарды қамтыған өте мәнді өтініш жасады. Хазіреті Пайғамбарымыз r оған:

«Күні-түні тоқтаусыз Аллаһты зікір етіңдер, көздеріңді бөгде адамдарға салудан және дауыстарыңды оларға естіртуден сақтаныңдар!» деп, мұның оларға жиһад сауабын беретінін және Аллаһқа жақындататынын айтты (Ибн Хажар, Исабә, VIII, 204).

Адам сөйлеспегеннің өзінде жаман жолдасынан бір мінез қабылдап алады. Көңілі жасырын түрде оның бір құлығын көшіреді, әсіресе жаман құлығын тез көшіреді.

Сахаба Абдұллаһ бин Әуфаның әйелі қайтыс болғанда адамдарға айтқан мына сөзі сахабалардың Аллаһ жолындағы қызмет ету ынтасын көрсететін көркем мысал.

«Оның табытын көтеріңдер, әрі ынталарыңмен көтеріңдер! Өйткені ол, оның қызметшілері негізі тақуалыққа құрылған Пайғамбарымыздың мешіті үшін түні бойы тас таситын. Ал, біз, ерлер, тасты күндіз екеу-екеуден таситынбыз» (һәйсәми, II, 10).

Сауап жарысында тоқтау білмейтін сахабалардың әйелдері бір күні Сәлләмә есімді бір әйелді дайындап, Хазіреті Пайғамбарымызға жіберді. Бұл әйел Хазіреті Пайғамбарымыздың баласы Ибраһимді баққан болатын. Әнәс

бин Мәліктен хадис риуаят еткен. Сәлләмә Хазіреті Пайғамбарымыздың құзырына шығып:

«О, Аллаһ Елшісі! Ерлер жайында көптеген сүйіншілер бердіңіз. Әйелдерге еш сүйінші жоқ па?» – деп сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Мұны саған жолыққан әйелдерің үйретті ме?» – деді. Сәлләмә:

«Иә, мұны маған олар әмір етті» – дейді.

Бұған "екі әлемнің шоқ жұлдызы" Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Сендердің қайсыбірің мынаған разы болмайды, айтыңдаршы! Егер сендердің біреуің ері разы болып, нәресте сыйласа, оған Аллаһ жолында (намаз оқитындардың, ораза тұтатындардың және жиһад ететіндердің) сауабы беріледі. Баласын дүниеге алып келгенде Аллаһтың ол үшін дайындаған нығметтерді жер мен аспан иелері біле алмайды. Баласының емген сүтінің әр тамшысына бір жақсылық беріледі. Егер баласы түнгі ұйқысын төрт бөлсе, Аллаһ жолында жетпіс құл азат еткендей сауап беріледі...» – деді (Һәйсәми, Мәжмауз-Зәуәйд, IV, 304-305).

Туралықтан нәсібі жоқ, қазынасы жоқ жолдас сенің қазынаңды қолыңнан алып кетер!»

Аллаһ Елшісінің ﷺ бұл сүйіншісіне бүгінгі мұсылман әйелдері де лайықты. Тек салихалы әйел сипаттарына ие болса болғаны...

«Уа, Раббымыз! Бізге көзіміздің нұры болатындай жұбайлар мен ұрпақ сыйла және бізді тақуалы жандарға жолбасшы қыла гөр!» *(Фұрқан, 74).*

САЛИХА ӘЙЕЛДІҢ СИПАТТАРЫ

Аллаһ Елшісі ﷺ айтады:

«Дүние өткінші пайдадан тұрады. Оның пайда тигізетін ең қайырлы болмысы – діндар әйел» (Мүслим, Рада, 64; Нәсәй, Неке, 15; Ибн Мәжә, Неке, 5).

Мұндай қайырлы нығметтің, салиха әйелдің төрт сипаты бар.

1) САЛИХ АМАЛДА ЖӘРДЕМШІ

Салихалы әйел ері үшін салих амалдарда-ғы жердемшісі болады. Жанұяның тақуа ұясы бола алуы үшін әйелдің діндар болғаны өте маңызды. Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ былай деген:

«Әйел төрт себептің біреуі үшін некеге алынады: Олар:

1) дүние-мүлкі,

2) тегі,

3) сымбаттылығы

***4) діндарлығы**.*

Сен (қалғандарын қоя сал) діндар болғанын таңда. (Әйтпесе) қиындыққа тап боласың» (Бұхари, Неке, 15; Мүслим, Рада, 53).

Салихалы әйел ерінің иманын және өмірін салих амалдармен безендіруіне жәрдемші болады. Мұндай әйел ері үшін ең құнды нығметтердің бірі болып табылады.

Зейнеб бинти Жахш C анамыз қолөнермен айналысатын және бұл істе өте шебер әйел болатын. Жасаған қолөнер бұйымдарын сатқан кезде пайдасын Аллаһ жолында жұмсайтын. Хазіреті Пайғамбарымыз жанұя мүшелеріне:

«Сендерден маған ең жылдам және ерте қауышатын – қолы ұзын болғандар» дейді. Хазіреті Айша C анамыз айтады:

«Біз Пайғамбарымызға деген іңкәр сезімімізден қолдарымызды өлшеп, қайсымыздың Аллаһ Елшісіне бұрын қауышатынымызды білуге тырысатынбыз. Сөйтсек, Пайғамбарымыз меңзеген мағынада қолы ең ұзын Зейнеб екен. Өйткені ол өз қолымен іс жасайтын және са-дақа беретін» (Мүслим, Фәдәйлус-Сахабә, 101).

«Адамның көркі иманында, мәрттігі мен абыройы ақылында, тектілігі мен сұлулығы алған тәрбиесінде жатады».

Салихалы еркек бақыт сарайының шайқалмас тірегі болса, салиқалы әйел бақыт бақшасының ең қымбат сәнді безеуі.

Сәубән t риуаят етеді:

«Алтын мен күмісті жиып, Аллаһ жолында сарып қылмайтындар бар ғой! Әне, соларды күйзелтуші азаппен сүйіншілеп (хабарлап) **қой!»** (Тәубе сүресі, 34-аят) аяты түскен кезде біз Аллаһ Елшісімен бірге сапарда болатынбыз. Сахабалардың кейбіреулері:

"Алтын мен күміс жайында түсетін нәрсе түсті. (Енді біз оларды жинамай, Аллаһ үшін жұмсаймыз) Әттең, қай мүліктің қайыры көбірек екенін білсек қой! Оны қолды етсек!..." дейді. Бұған Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Ие болған нәрселердің ең құндысы – зікір ететін тіл, шүкір ететін жүрек, ерінің иманына жәрдем ететін салихалы әйел...» – дейді (Термези, Тәфсир, 9/ 9).

Исламның ұмыт болмаған, әйелдің еріне және ерінің әйеліне ахіретті ес-ке салуы, бір-бірінің жүзіне су сеуіп, түнгі намазға оятатындай шынайы және сүйіспеншілікпен жүріп жатқан жанұя – дүниенің ең бақытты ұясы.

Мұндай ұяның еріне де, әйеліне де Хазіреті Пайғамбарымыздың r дұғасы бар:

«Түнде тұрып, намаз оқыған, әйелін де тұрғызған, тұрмаса, жүзіне су сеуіп оятқан адамға Аллаһ мейірімін төксін! Сонымен қатар түнде тұрып намаз оқыған, ерін тұрғызған, тұрмаса жүзіне су сеуіп оятқан әйелге де Аллаһ мейірімін төксін!» (Әбу Дәуіт, Татавву, 18; Уитр, 13).

Өмірінде осындай тақуалыққа негізделген, ахірет қамын жейтін салихалы әйел харамнан алыс, тек адалмен ғана күн кешкен болып табылады.

2) ТЕК АДАЛҒА ҒАНА МӘН БЕРУ

Абдұллаһ ибн Мәсғуд t сахаба әйелдің қаншалықты жан дүниесінің Құранмен, Сүннетпен үйлесімді, қаншалықты адал тағамға мән беретінін біздерге былай баян етеді:

«Сахабалардың біреуі үйіне кіргенде, әйелі оған дереу мына екі сұрақты қойған:

1) Бүгін Құраннан неше аят түсті?

2) Аллаһ Елшісінің хадистерінен қаншасын жаттадың?

Сахаба үйінен шығатын кезінде оған:

"Аллаһтан қорық, арам табыс таппа! Өйткені біз

Үйлену кезінде қате таңдаулар жасаған жастар қажетсіз ажырасулармен өздерін де, балаларын да жанұяларын да тағдыр тәлкегіне салуда.

Білім — білім білгенің,
Білім — өзіңді білгенің.
Сен өзіңді білмейсің,
Оқу сенің не теңің?!..

дүниеде аштыққа шыдаймыз, бірақ қиямет күнінде тозақтың азабына шыдай алмаймыз" деп насихат айтатын» (Абдулхамид Кәшк, Фи Риһәбит-Тәфсир, I, 26).

Міне, салихалы әйелдің айырмашылығы...

Ерлерін дүниелік мүлік пен рахат үшін отқа жетелейтін бүгінгі заманның кей әйелдерінің қарама-қайшы үлгісі... Еріне әр күні таңертең **«Үйге арам азық алып келме!»** деп шығарып салатын теңдесі жоқ көңіл әлемі...

Мұндай салихалы әйел үлгісі жайында Хазіреті Пайғамбарымыз r :

«Маған сендердің дүниелеріңнен үш нәрсе сүйікті етілді. Олардың бірі – салихалы әйел» деген (Нәсәй, Ишратун-Нисә, 10; Ахмет, III, 128, 199).

Алдымызда өзімізге үлгі тұта алатын Хадиша анамыз, Айша анамыз және Фәтима анамыз бар. Үнемі өзімізді есепке тартып отыруымыз керек. Біздер Ислам тұлғалылығы, ар-намысы мен байсалдылығын таныту жағынан алғанда ол үлгі тұтарлық тұлғалардың қай кезеңіндеміз?

3) АР-ҰЯТ пен БАЙСАЛДЫЛЫҚ

Оқығанның мәні не?
Кісі ақысын білуде.
Неге оқыдың білмесең,
Босқа кеткен әуре де.

Салихалы әйелдің ең айрықша мінез-құлық жағынан алғандағы қасиеті – ар-ұят пен байсалдылық...

Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбарымыздың пәк жұбайлары арқылы Мұхаммед үмметіне ар-ұят пен байсалдылық тәлімін береді:

«Ей, Пайғамбар әйелдері! Сендер басқа әйелдердің ешбіріне ұқсамайсыңдар. Егер тақуалық етсеңдер, (бөгде еркектерге) **назданып сөйлемеңдер. Онда жүрегінде дерті бар адам сендерден дәмеленеді. Орнықты сөз сөйлеңдер. Үйлеріңде отырыңдар. Бұрынғы надандық заманның әйелдері сияқты ашық-шашық жүрмеңдер. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер. Аллаһқа және Оның Пайғамбарына бойсұныңдар. Ей, Пайғамбардың үй-іші! Аллаһ сендерді ластан аулақтатып, өздеріңді таза, пәк етуді қалайды»** (Ахзаб сүресі, 32-33-аяттар).

Айша анамыз бұл аятты оқыған кезде басындағы жамылғысы әбден су болғанша жылайтын.

Сәудә С анамыздан:

«Неге басқа қыз бауырларыңның жасағанындай қажылық жасамайсың,

Ұмраға бармайсың?» – деп сұрағанда, ол былай деген:

«Мен қажылығым мен ұмрамды жасап қойғанмын. Аллаһ маған үйімде отыруымды әмір етті»

Рауи былай дейді:

«Аллаһқа ант етемін, бөлмесінің есігінен жаназасы шығарылғанша сыртқа шықпады». Аллаһ оған разы болсын.

Оқыдым, білдім деме,
Көп тағат қылдым деме.
Егер Хақты білмесең,
Құры сөзбен білгенің.

4) МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАМЫЛҒЫ

Жамылғы... Ар-намысты қорғаушы құрал, мұсылман әйел үшін сыпайылық пен әсемдік көрінісі... Әйелдік қасиеттің қорғалуы... Әйелді нәпсіқұмарлықты қоздыратын құрал болудан құтқарып, алдындағы адамына сыпайылық пен құрмет сезімін ұялататын киім үлгісі...

ЖАМЫЛҒЫ – АЛЛАҺТЫҢ БҰЙРЫҒЫ

«Мүмин әйелдерге де айт, (бөгде еркектерге) **қадалып қарамасын, тәндерін жауып жүрсін. Сыртқы бейнеттерінен** (бет, қол, аяқ сияқты көрнеу

мүшелерінен) **басқа зейнеттерін** (мүшелерін) **көрсетпесін. Бүркеншіктерімен омырауларын жапсын.** (Жабық) **зейнеттерін** (мүшелерін) **күйеулерінен, әкелерінен, қайын аталарынан, және өз ұлдарынан, өгей ұлдарынан, өз аға-бауырларынан, және аға-бауырларының ұлдарынан, әпке-сіңілілерінің ұлдарынан, мұсылман әйелдерден, қолдарындағы күңдерден, әйелге жуымас** (кәртейген белсіз) **қызметшілерден, және де әйелдердің әуретін ұқпайтын** (балиғатқа толмаған) **балалардан басқа адамдарға көрсетпесін. Жабық зейнеттерін басқаларға көрсетпек болып, аяқтарымен жерді теппесін. Ей, мүминдер! Тілекке жетеміз десеңдер, түгелдей Аллаһқа тәубе қылыңдар»** (Нұр сүресі, 31-аят).

«Уа, Аллаһ! Пайда бермейтін ілімнен, хұшуғ сезінбейтін жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл көрмейтін дұғадан Сенің қорғауыңа жүгінемін!» *(Мүслим, зікір 73; 13, 65).*

Жамылғыға аса мән бере отырып мойынсұну – Аллаһ Елшісі Хазіреті Пайғамбарымыздың бұйрығы:

Дихия t айтады:

«Пайғамбарымызға r кубтия дейтін жұқа маталар тарту етілді. Олардың біреуін маған берді де:

– *«Мұны екіге бөл. Біреуінен өзіңе көйлек тік, екіншісін әйеліңе бер, өзіне жамылғы етіп алсын!»* – деді. Мен кетіп бара жатқанымда:



– "Әйеліңе айт, бұл жұқа матаның ішінен денесін көрсетпейтін басқа бір киім кисін!" – деді» (Әбу Дәуіт, Либәс, 36/ 4116).

Жамылғы тек материалдық жағынан оранып алу емес, ол сонымен қатар рухани ар-намыс қалқаны... Алайда, барлық мәселедегідей, бұл мәселеде де Хазіреті Пайғамбарымыздың бізге берген өлшемдеріне мойынсұнуда аса мұқиятты болуымыз керек және Оған бағыныштылығымыз тек қызығу мен естеліктерде ғана қалмауы керек.

«Ешкім өз еңбегімен тапқан ризығынан асқан қайырлы ризық жеген емес. Аллаһтың Пайғамбары Дәуіт өз қолымен еңбектеніп, тапқан ризығын жейтін» (Бұхари, Бұюғ 15, әнбия 37).

Хазіреті Пайғамбарымыздың тамаша ерекшеліктеріне таңырқаудан артық бағыныштылықпен ден қоя отырып, мойынсұну шартымен жоғарыда баян етілген төрт сипатпен безенген, яғни ері үшін салих амалдарда жәрдемші болған, тек адалды талап ету, ар-намыс пен байсалдылықты, материалдық және рухани жамылғысымен Ислам сыпайылығын алып жүрген мұсылман әйел – салихалы әйел. Қыздарымызды осы өлшемдер шеңберінде жетілдіру — аналар мен мұғалімдердің міндеті.

Бұл тақырыпта мұсылман әйелдің тектілігінің көрінісі болған ұлық ерекшеліктер ең көркем насихат болады.

ТЕКТІ АНАНЫҢ ҚЫЗЫНА БЕРГЕН НАСИХАТЫ

Үмәмә бинт Харис өз қызы Үнәсты Кинде патшасы Харис ибн Амрға үйлендірер кезінде оған былай деп насихат айтқан:

«Қарағым, ботам! Біреуге насихат пен кеңес беру оның әдебіне, тәрбиесіне, тектілігіне және абыройына қаралып жасалмайды. Егер олай болғанда, менің де қазір саған кеңес беруім қажет болмас еді. Бірақ кеңес білгенге еске салу, білмегенге түсіндіру деген болғандықтан бәріне де пайдалы.

Қызым! Егер қыз бала әке-шешесінің дүние-мүлкі болғаны үшін күйеуге мұқтаж болмаса, сен мүлде күйеуге мұқтаж болмайтын жандардың біреуі болар едің. Бірақ, олай болмай, ерлер біздер үшін жаратылғандықтан, біздер де олар үшін жаратылғанбыз. Ей, қызым! Сен әке-шешеңнің үйінен, өсіп, аяқ басқан ұядан шығып, білмеген және осы кезге дейін танымаған адамның үйіне бара жатырсың. Енді ол адамның ризалығын тауып, қызметшісі сияқты оған мойынсұнар болсаң,

Хазіреті Омар пақырлық пен жалқаулықты, уақытты босқа жүріп, өткізуді жек көретін:

«Ешбіріңді не дүние ісімен, не ахірет ісімен айналыспай, бос жүргеніңді көру маған ұнамайды», деп айтатын (Әбу Ғудда, Уақыттың қадірі, 97).

ол да саған құлыңдай қызмет етеді. Сені сүйеді және разы болуың үшін барлық қажетті нәрсеңді орындайды. Саған қазір он нәрсе айтамын. Оларды жаттап ал және оларға сай амал ет. Сонда күйеуіңмен жақсы түсінісуге қол жеткізесің.

«Егер күпірлік етсеңдер, балаларды ақ шашты қарттарға айналдыратын сол күннен өздеріңді қалай құтқармақсыңдар?» (Мүззәммил, 17).

1) Саған жейтін және киетін не алып келсе де, соны шын көңілден қабыл ал!

2) Әмір еткен нәрселерін орында. Тыйым салып, жасама деген нәрселерін орындама. Сөзіне құлақ асып, оған мойынсұн!

3) Үйіңді және үсті-басыңды таза ұста!

4) Күйеуің көргенде немесе иісін алғанда жақтырмайтын нәрселерінен міндетті түрде аулақ бол! Өйткені олар сені жиркенішті етеді де, оның назарында төмен бағаланып қаласың.

5) Күйеуің ұйықтайтын, тамақ жейтін уақыттарын жақсы бақылап отыр. Яғни, бұларды қай уақытта орындауды үйреншікті халге айналдырсаң, сол уақыттарда тамағы мен жатағын дайындап қой! Өйткені аштық адамды мазасыз етеді, ұйқысыздық ашуландырады.

6) Күйеуіңнің мүлкін қорғау арқылы ысырап пен жоғалудан сақтан!

7) Күйеуің мән беретін нәрселерін бағалап, туыстық қарым-қатынастарға мойынсұн!

8) Ешбір жағдайда оған бас көтерме!

9) Сырын ешкімге ашпа! Егер әміріне бас көтерсең, өзіңе кек тауып аласың. Сырын ашар болсаң, ашу-ызасынан қауіпсіздікте бола алмайсың.

10) Қызым, ешқашан күйеуің мұңды болып тұрғанда жанында қуанып тұрма! Ол көтеріңкі көңілде, қуанышты кезде мұңайма!» (Мехмет Зиһни Әфенди, Мәшһүр Әйелдер, I, 52-53).

Сөздің қысқасы,

Ісі нақты болуы керек, әке үйдің тірегі,

Гүл ыстық болуы керек, ана үйдің жүрегі.

(Сәйри)

«Құран Кәрімнің аяттарын, Хазіреті Пайғамбардың хадис шәрифтерін оқымай тұрып, өзіңді кішкене ретке келтір! Гүл бақшасындағы хош иістерді мұрның сезбесе, кінәні бақшадан емес, өзіңнің мұрның-нан ізде! ...».

МАЗМҰНЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,

Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы, 167-үй.

Байланыс телефондары: 8 (727) 255 63 41

255 63 57